Онда $\text{PM}_{\text{Ca}(\text{OH})_2} = 74,1$ кг/кмоль $\text{PM}_{\text{H}_2\text{SO}_4} = 98,1$ - пайдаланылатын химикаттың молекулалық салмағы. Жобада ALFA LAVAL пластиналық жылу алмастырғышымен қышқыл өндірісінің 540 блогының қышқылын салқындату қарастырылған. Бұл жағдайда параллель режимде жұмыс істеу үшін ұқсас жылу алмастырғышты сатып ала отырып, салқындатудың технологиялық схемасын өзгертіп, түйінді қайта құру және кеңейту қарастырылады. Сұлбаның өзгеруі екі жылу алмастырғыштың сұйықтықтарының (қышқылдың, градирнядағы судың) кіруі мен шығуының өзара алмасуынан тұрады. Ұсыныс зауытты ұзақ уақытқа тоқтатпай химиялық тазалауға арналған жылу алмастырғыштардың тізбектерін кезек-кезек шығаруға және жөндеу кезінде сұйықтықтардың кері ағынымен қосымша механикалық тазарту үшін оларды ауыстыруға мүмкіндік береді, 3-сурет.



3-сурет. Өндірістің 540 блогындағы қышқылдарды салқындату сұлбасы.

Ұсыныс 540-блокқа температуралық жүктемені 10-15 градусқа төмендету есебінен тәулігіне қосымша 50 тонна қышқыл өндіруге, 540-блок құбырларының, А,В,С,Д сақтау қоймаларының, АПБ-ға қышқыл өткізгіштің, 540-сораптардың және АПБ-ға қышқыл айдау құбырларының коррозия қарқынын төмендетуге мүмкіндік береді. Ұсыныс тұтастай алғанда 540 түйінге температуралық жүктемені азайтуға бағытталған, өйткені технологиялық регламенттің бұзылуы 540 сорғылары мен сорғыштағы құбырлардың істен шығуына әкелді, бұл төтенше жағдай мен қышқылдың төгілуін тудырады. Сорғылардың айналым жүйесіндегі қышқылдың температурасы жазда 90 °С-ге дейін, (норма 65 °С) және өндірістік қышқыл 45 °С-қа дейін (норма 40 °С) жетеді. Яғни бұл зауытты жиі тоқтатып, құбырларды ауыстырып, зауыттың өнімділігін төмендетуге тура келді. Статистикаға сүйене келсек, жаздың ыстық кезеңіне (маусым, шілде, тамыз) жабдықтың температуралық ауытқуларға ең жоғары сезімталдығына уақыты болып табылады.

2018 жылдың жазында 92 жұмыс күнінде 114 804 тонна қышқыл өндірілді, тәулігіне орташа өнімділік 1248 тонна. 2019 жылдың жазы, 74 жұмыс күні мамыр-маусым айларында зауытты жөндеуге байланысты, 113 633 тонна қышқыл өндірілді, тәулігіне орташа өнімділік 1535 тонна. 2019 жылдың жазы, 57 жұмыс күні, зауытты шілде-тамыз айларында жөндеуге байланысты және қоймаларда авариялық деңгейлерге байланысты жөндеу алдындағы апта ескерілмейді, 87 396 тонна қышқыл өндірілді, тәулігіне орташа өнімділік 1533 тонна. Жазғы уақытта тәулігіне 286 тоннаға өнімділіктің артуы күмән тудырады. Егер жөндеуді ескере отырып, жаздың жұмыс күндерінің саны 60 болса, онда зауыт өнімділігінің $286 \times 60 = 17100$ тоннаға жалпы өсуі ықтимал. Зауыттың өнімділігіне басқа да факторлар әсер еткендіктен, күкірт жүктемесін есептеуге болады. Жобалық өнімділігі сағатына 20,5 тонна күкірт (тәулігіне 1640 тонна қышқыл) болған кезде, ыстық ауа райында біз тәулігіне өнімділікті 80-120 тонна қышқылға немесе орта есеппен 100 тоннаға төмендетілді. Түнге қарай өнімділікті арттырғандықтан, 0,5 коэффициенті қажет, яғни тәулігіне 50 тонна нақты өсім. Жаз бойы 60 күн (жазғы кезеңде жоспарлы жөндеу 30 күн) тек ұсыныс есебінен 3000 тонна қышқылға өсім береді.

Сораптардың, 540 түйіннің құбырларының және қышқыл қоймаларының қызмет ету мерзімінің ұлғаюын ескерілмейді, өйткені олар қышқыл өндірісінің тиімділігінде айтарлықтай төмен. Сондай-ақ, 2 жылу алмастырғыштың болуы зауытты тоқтаусыз жууға, оларды бір аптаға пайдалану схемасынан алып, кезекпен тазартуға мүмкіндік береді, 1-кесте.

1-кесте. Берілген параметрлердің мәндері

№	Атауы	өлшемі	мәні	норма
1	Пештегі қайнаған қабаттың температурасы	$^{\circ}\text{C}$	1100	± 10
2	Күкірт диоксидінің тотығу бөліміндегі мөлшері	%	10,5	$\pm 0,25$
3	Тотығу аппаратының I-қабатындағы газдың температурасы	$^{\circ}\text{C}$	620	$\pm 2,5$
4	Тотығу аппаратының II-қабатындағы газдың температурасы	$^{\circ}\text{C}$	520	$\pm 2,5$
5	Тотығу аппаратының III-қабатындағы газдың температурасы	$^{\circ}\text{C}$	470	± 2
6	Тотығу аппаратының IV-қабатындағы газдың температурасы	$^{\circ}\text{C}$	460	$\pm 2,5$
8	Абсорбцияның екінші баспалдығынан кейінгі газдағы күкірт триоксидінің массалық үлесі	үлесі	0,012	+0,0035
9	Абсорбцияның екінші баспалдығынан кейінгі газдағы күкірт диоксидінің массалық үлесі	үлесі	0,069	+0,0053

Қышқыл мен салқындатқыш суды беру схемасы жөндеу кезінде жылу алмастырғыштардың құйылуы оларды өзін-өзі тазартуға мүмкіндік береді, өйткені сұйықтық ағындары бағытты керісінше өзгертеді. Пайдаланудың бірінші жылындағы ұсыныстың экономикалық тиімділігі шамамен есептеледі:

3 000 x 21 000 - 25 000 000 - 1 000 000 = 37 000 000 теңге,

3000 тонна қышқылдың өзіндік құны: 7 800 x 3 000 = 23 400 000 теңге.

Экономикалық тиімділік:

бірінші жылы: 37 000 000 – 23 400 000 = 13 600 000 теңге,

екінші жылға 3 000 x 21 000 - 3000 x 7 800 = 39 600 000 теңге,

мұндағы 21000 теңге тонна қышқылдың орташа құны:

25 000 000 - ALFA LAVAL жылу алмастырғышының құны

1 000 000 – жабдықты монтаждауға арналған шығындар

1-кестені сараптай келе төмендегідей мәселерді байқауға болады:

1.Қайнау қабатындағы күкірт колчеданының қайнау температурасы $1100 \pm 10^{\circ}\text{C}$, егер осы температура 1100°C тан асып кетсе шикізаттың жанып кетіп, авариялық ситуацияға әкеліп жүйенің ұзақ уақыт тұрып қалуына әкелуі мүмкін. Егер температура 1080°C болса күкірт диоксиді бөлінуінің жылдамдығы азая бастап, қыздыру газындағы концентрациясы төмендей бастап, тотығу бөлімінің жұмысына әсерін тигізеді, 1-кесте.

2.Тотығу бөліміне кірер алдындағы күкірттің құрамы, қыздыру бөлімінің жұмысының сапасын үлкен әсер етеді.

3.Тотығу аппараты катализаторының I- V-қабатындағы температурасы біріншіден акивті заттардың деструкциясы әсерінен, катализатордың бұзылуына байланысты болса, екіншіден катализатордың жану температурасына байланысты болады.

4.Абсорбцияның екінші сатысынан кейінгі газдағы күкірттің диоксиді мен триоксидінің массалық үлесі тотығу және абсорбция бөлімдерінің жұмысының сапасына үлкен әсерін тигізеді. Шикізаттың қажетті өнімге айналуын айқындайды, яғни бүкіл жүйенің жұмысын анықтайды.

Тұжырымдар:

- компьютерлік бағдарламалар арқылы кондырғылар мен жабдықтардың сенімділік деңгейін арттыру;

- жүйелердің өнімділігінің жиі өзгеруіне байланысты жабдықтар сенімділігі мен техникалық жай-күйін диагностикалау әдістерін ескеру;
- ALFA LAVAL пластиналық жылу алмастырғышын (қышқыл өндірісінің 540 блогының қышқылын салқындату) параллель режимде жұмыс істеу үшін ұқсас жылу алмастырғышты пайдаланып, салқындатудың технологиялық схемасын өзгертіп, түйінді қайта құру және кеңейту идеясы ұсынылды;
- Катализаторды алмастыру кезіндегі конвертордың қалпақшасын ауыстырудың тиімді (материалдық шығын, уақыт) әдісі ұсынылды.
- Экономикалық тиімділік бірінші жылы 13 600 000 теңге болса, екінші жылға 39 600 000 теңге болмақ.

Әдебиеттер

1. Дюмаев К. М., Эльберг Е. И., Сушев В. С. Регенерация отработанных серноокислотных растворов. - М. - Химия.-112 с.
2. Амелин А. Г., Яшин Е. В. производство серной кислоты.- М. - Высшая школа.-1980.-346 С.
3. Технологический регламент завода ТОО "СКЗ-У", утвержденный 25 декабря 2018 г. -113 с.
4. Статистическая теория подобия: надежность технических систем /Северцев Н.А., Шопкин В.Г., Ярыгин Г.А.. М.: Наука, 1986. - 205 с.
5. Методы повышения эксплуатационной надежности нефтепромыслового оборудования. /Кучумов Р,Я., Сагитова Р.Г., Ражетдинов У.З. -Уфа: Башкирское книжное издательство,1983.-110 с.
6. Математические методы в теории надежности /Гнеденко Б.В., Беляев Ю.К., Соловьев А.Д. - М.:Наука, 1965.-524 с.
7. К вопросу о критерии устойчивости химических реакторов /КафаровВ. В. и др. //Процессы химической технологии. М.: Наука, 1965.- с. 416-417.
8. Жилинский И.Б. Основы надежности и долговечности. - М.: МИХМ, 1974. -160 с.
9. Акопов М. Г. Показатели надежности авиационного оборудования. - М.: Изд. МАИ.-1996.-88с.
10. Жилинский И.Б., Жихарев А.С., Павлов Ф.В., Терновский И.Г., Шубин В.С. Примеры решения задач по расчету надежности оборудования химических производств/ Жилинский И.Б., Жихарев А.С.,Павлов Ф.В.,Терновский И.Г., Шубин В.С. Ч.1.- М.: МИХМ, 197.-80 с.
11. Проников А. С.Надежность машин.—М.: Машиностроение, 1976.- 434 с.
12. Современные методы обеспечения безотказности сложных технических систем: Учебник. Александровская Л. Н., Афанасьев А. П., Лисов А. А. - М.: Логос, 2001. – 208с.
13. ГОСТ 27.002-89. Надежность в технике. Основные понятия. Термины и определения.
14. ГОСТ 17510. Надежность изделий машиностроения. Система сбора и обработки информации. Планирование наблюдений.
15. Капур К., Ламберсон Л.Надежность и проектирование систем. - М.: Мир, 1980.-432с.
16. Островский Г. М., Волин Ю.М. Методы оптимизации химико-технологических схем. - М.: Химия, 1971.-234с.
17. Островский Г. М., Волин Ю.М. Методы оптимизации химических реакторов. - М.: Химия, 1967.- 248с.
18. В. А. Матвеев, Д. В. Майоров, Ю. О. Веляев, В. И. Захаров. Серноокислотные способы комплексной переработки нефелинсодержащего сырья .- Апатиты: КНЦ РАН, 2017. - 155 с.

19. Тареева О.А. Разработка сернокислотной технологии извлечения редкоземельных металлов из фосфополугидрата.- Апатиты: КНЦ РАН, 2012. - 157 с.

GTAMP 52.47.25

СОРАПТАРҒА ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ МЕН ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Әбілдаев Н.Ә., техника ғылымдарының кандидаты,
Сұлтан Е.С., ТМО-21-1м тобының магистранты.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан Республикасы

Аңдатпа. Электр ортадан тепкіш сорап қондырғыларына техникалық диагностика жасаудың жалпы әдіс тәсілдеріне талдау жасалған. Техникалық қызмет көрсетудің негізгі түрлері, олардың өткізілу мерзімдері мен атқарылатын іс-шаралар тізбесі келтірілген. Жүргізілген тексеру жұмыстарының нәтижесіндегі анықталған кемшіліктері мен ақаулары көрсетілген.

Кілт сөздер: Техникалық күйі, диагностикалау, өлшенетін физикалық шамалар, істен шығу, техникалық қызмет көрсету.

Аннотация. Проведен анализ общих методов технического диагностирования электроцентробежных насосных установок. Приведены основные виды технического обслуживания, сроки их проведения и перечень выполняемых мероприятий. Указаны выявленные недостатки и дефекты в результате проведенных проверочных работ.

Ключевые слова: Техническое состояние, диагностика, измеряемые физические величины, отказы, техническое обслуживание.

Annotation. The analysis of general methods of technical diagnostics of electric-center pumping units is carried out. The main types of maintenance, the timing of their implementation and the list of activities performed are given. The identified shortcomings and defects as a result of the verification work are indicated.

Keywords: technical condition, diagnostics, measured physical quantities, failure, maintenance.

МемСТ 25866 бойынша ортадан тепкіш сораптарға техникалық қызмет көрсетумен жөндеу жұмыстары ұйымдастырылады.

Сорап тыңайтарлықтай деңгейде тоқтамастан жұмыс жасауы, уақытылы және сапалы қызмет көрсетуге байланысты болады. Техникалық қызмет көрсету жұмыстары профилактикалық болып табылады, сондықтан оларды бекітілген мерзімде міндетті түрде орындап отыру қажет. Периодтылығына, орындалатын операцияларға және еңбек ыйымдылығына байланысты техникалық қызмет көрсетулер келесідей түрлерге бөлінеді:

- 1) күнделікті техникалық қызмет көрсету (КТҚК);
- 2) периодты техникалық қызмет көрсету (ПТҚК);
- 3) ағымды жөндеу (АЖ);
- 4) мерзімдік техникалық қызмет көрсету (МТҚК);
- 5) күрделі жөндеу (КЖ).

Сорапқа күнделікті техникалық қызмет көрсету дегеніміз -жұмыс аяқталғаннан кейін және сорапты қондырғыны жұмыстың орындалатын жеріне әкелгеннен кейінгі қызмет көрсету түрі. Периодты техникалық қызмет көрсету сораптың әр 50 сағат жұмысынан кейін орындалады [1]. Ағымды жөндеуді сораптың 500 сағат жұмысынан кейін жүргізуге кеңес беріледі. Сорапқа мерзімдік техникалық қызмет көрсету жылына екі рет орындалады, яғни сорапты қондырғыны күз-қыста және көктем-жазда пайдалану шарттарына дайындау үшін қолданылады, сонымен қатар жөндеулер сәйкесінше күзде немесе көктемде жүргізіліп отырады. Сорапты қондырғының пайдалану шарттарына байланысты күрделі жөндеу 2500 жұмыс сағатынан кейін жүргізіліп отырады.

Күнделікті техникалық қызмет көрсету (КТҚК) барысында келесі талаптарды орындау қажет:

1) сораптың гидравликалық бөлігінің жағдайын және сақтандырғыш қалқанды тексеру;

2) сораптың айдаушы коллекторындағы манометр жағдайын тексеру;

3) сораптың майлау жүйесінің жағдайын тексеру.

Периодты техникалық қызмет көрсету (ПТҚК) кезінде келесі жағдайларды бақылау қажет:

1) сораптың айдаушы коллекторындағы манометр бөлгішіндегі майдың ауыстырылуын жүзеге асыру;

2) Поршень, төлке, қалқан, шток нығыздағыштарының, штоқтың және басқа да тез тозуға ұшырайтын бөлшектердің жағдайын тексеру. Қажет болған жағдайда істен шыққан бөлшектер мен нығыздағыштарды ауыстыру;

3) Жаңа сорапты пайдалануға қосқаннан кейін, 50 сағат жұмысынан кейін қартердегі майды төгіп, майлы ваннаны дизельді отынмен жуып, оны таза маймен толтыру қажет.

Келесі пайдалануларда сорап қартеріндегі майды тексеріп, майдың ластанған немесе құрамында металды заттардың пайда болған жағдайында оларды ауыстыру.

Ағымды жөндеу кезінде:

поршеньді сораптың гидравликалық бөлігінде жеке-жеке бұзуды жүргізу, бөлшектердің жағдайын тексеру және қажет болғанда ауыстыруды немесе жөндеуді жүргізу;

сораптың жетекті бөлігіндегі подшипниктер тесігін реттеу және тексеру;

сақтандырғыш қалқанның жағдайын тексеріп, қажет болғанда ауыстыру;

айдаушы коллектордағы манометрді тексеру және қажет болғанда ауыстыру;

сораптағы майөткізгішті, майлы пластиналы сорапты тексеру және қажет болғанда ауыстыру;

сораптың айдаушы және сорушы линияларының саңылаусыздығын тексеріп, қажет болған жағдайда күштік арматураны ауыстыру қажет;

сорап қартеріндегі және айдаушы коллектор бөлгішіндегі майды ауыстыруды жүргізіп отыру;

сорапты және айдаушы линияларды бірге гидравликалық сынаудан, яғни 45 МПа қысымда өткізу керек. Сораптың сорушы линиясын 1,5 МПа қысымға сынау қажет[2].

Мерзімдік техникалық қызмет көрсету (МТҚК):

1) сорап қартеріндегі майды сәйкесінше пайдалану мерзіміне байланысты ауыстыру қажет: жазда - МС-20, МемСТ21743-96 майы; қыста МС-14 МемСТ21743-96 майы; ауыстырғыш: индустриальдыИ-50А МемСТ20799-95 майы.

2) ТКП МемСТ982-90 трансформатор майын қолдана отырып, айдаушы коллектордағы манометр бөлгішіндегі майды ауыстыру. Ауыстырғыш: ССТ38-01412-96 майы.

Күрделі жөндеу (КЖ):

Күрделі жөндеу сораптың ресурстарын және жұмысқабілеттігін қалпына келтіру мақсатында қолданылады.

Күрделі жөндеу кезінде сорап толығымен бөлшектенеді, бөлшек және түйіндердің ақауы табылып, жөнделеді, сонымен қатар сорапты жүктемеге сынады және бояйды.

Күрделі жөндеуде сораптың келесі бөлшектерінің майы ауыстырылуықажет: қалқандар, цилиндрлі төлкелер, поршеньдер, штоктар, сальникті нығыздағыш элементтер, крейцкопф, сораптың жетекті бөлігінің подшипниктері.

Күрделі жөндеу, ереже бойынша, біріккен өндірістік қызмет көрсетудің орталық базасында және арнайы жөндеу-механикалық зауыттарында жүзеге асырылады. Қондырғы күрделі жөндеуге ақауы көрсетілген жөндеуді ескертетін планды графигімен жіберіледі[3].

Сорапты жөндеу және техникалық қызмет көрсетудің периодтылығы сорапты қондырығының пайдалану шарттарына байланысты болады.

Сорапты бөлшектеу, дефектациялау және жинау;

Сорапты бөлшектеу түгелдей және жеке болуы мүмкін.

Сорапты түгелдей бөлшектеу үшін оны сорапты қондырғыдан шешіп алу қажет.

Сораптың жетекті бөлігінің бөлшектенуі келесі тәртіп бойынша жүргізіледі:

1. крейцкопфтан штокты шығару;

2. станинаның бүйір терезелері арқылы крейцкопфт саусақтарын және крейцкопфты суырып алу.

3. станинаның жоғарғы қақапағын және эксцентрикті біліктің торцты қақапағын, подшипниктер мен шатундерді шешу. Шатунды шешу үшін алдымен біліктегі подшипникті және подшипниктің сыртқы сақинасын ұстап тұрған пружиналы сақинаны алып тастау қажет.

Егер глобидты червякты бөлшектеуге мүмкіндік болса, онда сорап станинасын гидравликалық бөліктен ажыратып, оны төңкеріп қою керек. Осыдан кейін червяк подшипниктермен бірге станинадан гидравликалық бөлікке қарай суырылады.

Сораптың жетекті бөлігін жинау кері тәртіпте іске асырылады. Осы кезде станинада орналасқан червяктың орнының ауысып кетпеуін қадағалауды ұмытпау қажет (алдыңғы стакандағы бөлшектер өлшемінің өзгеріп кетуіне мүлде жол берілмеуі қажет, себебі бұл глобидты берілістің дұрыс жұмыс жасамауына әкеліп соқтырады).

Эксцентрикті білікті жинау барысында торцты қақпақтың сол жағына чертежді қағаздан жасалынған прокладканы, ал оң жақ қақпаққа картоннан жасалынған прокладка жинағын төсеу қажет.

Цилиндрлі төлкенің «выноскасы» сұйықтық қысымын тағайындау көмегімен іске асырылады, яғни айдаушы жүйемен басқа агрегат арқылы беріледі. Осы кезде айдаушы қалқан станина жақ бетінен ажыратылуы керек, ал сальниктегі саңылау стерженмен бітелуі қажет. Қалқанды орнатқаннан кейін тұтқаны тартып, ал қалқан қақапағын манжеткамен бірге орнына қондырып, бекітеміз, сонымен қатар төлкені нығыздамас бұрын жүйеден ауаны кранның көмегімен шығарып тастау керек.

Гидравликалық бөлікті жинау кезінде нығыздағыш манжеттердің дұрыс орнатылуына аса көңіл бөлу қажет. Манжеттердің зақымдануына мүлде жол берілмейді.

Жалпы сорапты бөлшектеу учаскесінде бөлшектеп болғаннан кейін дефектациялау жұмыстары жүзеге асырылады. Бөлшектер жуылып тазаланғаннан кейін тексеріледі. Жарамды бөлшектерді стеллажға қойып жарамсыз бөлшектерді актпен айналымнан алынып тасталады.

Төмендегі суреттерде нормаға сай 1-8 сораптың радиалды мойынтіректері көрсетілген, төменгі текстильді шайбаға дейін дөңгелек тірегі желінген, 1-сурет. Сыртқы диаметрі бойынша желінген, бағыттағыш аппараттары – 40% желінген тіректі бұрттан төменгі текстильді шайбаға дейін, 2-сурет, ступицаның ішкі диаметрінің желінуі, 3-сурет, каналдардың желінуі, 4-сурет, өтпелі желінулер, 5, 6-сурет. Жұмыс дөңгелегі – 100 % юбка бойынша желінген, 7-сурет, ступицаның сыртқы диаметрінің желінуі, 8-сурет.

2ЭЦНИ5-25-900 сорабының негізгі ақаулары. Жоғарғы секция №11041122: Білік айналмай қалған. Біліктің тозып қажалуының өлшемдері мынадай болып отыр: ені 15 мм, тереңдігі 2,5 мм, 1-сурет, қаңқасы нормада.

Жоғарғы мойынтірек карбидті втулканың желінуі байқалады. Қызудың әсерінен жұмыс органының сырты қарайған, 2-сурет, Аралық мойынтіректерде ішкі диаметрлерінің желінуі көрініп тұр, 5 мойынтіректің карбидті втулканың сынғаны байқалады, 3-сурет.

Бағыттағыш аппараттар сорап секциясының ұзына бойы ступицаның ішкі диаметрдің желінгені байқалады, 4-сурет.

Жұмыс дөңгелегі сорап секциясының ұзына бойында отырғызылатын ершіктердің текстильді шайбаға дейін желінгені көрініп тұр, 5-сурет.

Жоғарғы дискі желініп ступица сынған, 6-сурет, радиальді күрекшелердің желінгені байқалады, 7-сурет. Қызу салдарынан резеңке техникалық заттардың барлығы қатып қалған.



1-сурет.



2-сурет.




3-сурет.



4-сурет.



5-сурет.



6-сурет.



7-сурет.



8-сурет

Әдебиеттер

1. Ахмеджанов Т. К., Қартабай А. Т., Ақашев Б. Т.. Мұнай және газ өндіру техникасы мен технологиясы: Оқулық– Алматы: ЖСШ РПБК «Дәуір», 2011. – 464 б.
2. Медведев С. Производство ремонта Центральной базы производственного обслуживания электропогружных установок. //Нефтегазовая Вертикаль, Москва, 2014г.- №7. - 87-94с,
3. Положение о системе планово-предупредительного ремонта и рациональной эксплуатации технического оборудования в нефтяной промышленности. – М.; Министерство топлива и энергетики, 2004.-197с.

МРНТИ 52.47.19

ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ КОЛЬМАТАЦИОННОГО ЭКРАНА В ПРИЗАБОЙНОЙ ЗОНЕ СКВАЖИН С ОТКРЫТЫМ ЗАБОЕМ

Сулейменов Н.С., кандидат технических наук,
Султан Е.С., магистрант учебной группы ТМО-21-1м.
Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Республика Казахстан

Аннотация. В конструкциях забоя с «открытым» стволом гидродинамическое совершенство призабойной зоны скважины (ПЗС) в значительной степени определяется зоной загрязнения, так как при притоке в скважину эта зона создаёт дополнительные гидродинамические сопротивления, на преодоление которых затрачивается значительная часть пластовой энергии.

Ключевые слова: гидродинамические сопротивления, призабойные зоны скважины (ПЗС), пластовая энергия, скважина.

Аңдатпа. "Ашық" түпті құрылымды ұңғымаларда, ұңғыманың түп аймағының (ПЗС) гидродинамикалық жетілді көбінесе ластану аймағымен анықталады, өйткені ұңғымаға сұйықтың ағу кезінде бұл аймақ қосымша гидродинамикалық қарсылықтар жасайды, оларды жеңуге қабат энергиясының едәуір бөлігі жұмсалады.

Кілт сөздер: гидродинамикалық қарсылықтар, ұңғыманың түп аймағының (ПЗС), қабат энергиясы, ұңғыма.

Annotation. In downhole designs with an "open" trunk, the hydrodynamic perfection of the bottom-hole zone of the well is largely determined by the contamination zone, since when flowing into the well, this zone creates additional hydrodynamic resistances, which a significant part of the reservoir energy is spent on overcoming.

Keywords: hydrodynamic resistances, bottom-hole zone of the well (BZW), reservoir energy, well.

Заканчивание скважины ставит цель ограничить фильтрацию технологических жидкостей в призабойную зону продуктивного пласта (ПЗП) при вскрытии бурением, но при освоении обеспечить максимальное восстановление исходной проницаемости коллектора.

В этой связи при строительстве скважин определяющее значение имеют конструкция забоя и процесс формирования ПЗП. Конструкция призабойной части скважины разобщает напорные горизонты, сохраняет устойчивость ствола и обеспечивает проведение технологических операций и ремонтно - изоляционных работ.

Конструкция забоя скважин выбирается с учётом геологических условий размещения газоводонефтенасыщенных пропластков, типа коллектора и свойств пород продуктивного горизонта. Потенциально высокий уровень гидродинамического совершенства забоя имеет конструкция с открытым стволом, так как продуктивная часть коллектора остается полностью или частично не перекрыта эксплуатационной колонной, что обеспечивает наибольшую площадь фильтрации по сравнению с остальными вариантами заканчивания скважин. Но при этом варианте заканчивания повышается требование к качеству вскрытия пласта, которое зависит от состава и свойств применяемого раствора, режимов промывки и бурения, а также от степени влияния различных этапов заканчивания скважин на гидродинамическую связь пласт - скважина. Пример влияния воздействий на различных этапах заканчивания скважины на начальный дебит скважин в процессе освоения приведены на рисунке-1.

В таблице 1 даны параметры бурового раствора использованные при вскрытии продуктивного пласта.

Таблица - 1. Параметры бурового раствора.

Свойства бурового раствора:	
Плотность	1,08 – 1,10 г/см ³
Условная вязкость	35 – 40 с
Водоотдача	4 – 6 см ³ /30 мин
СНС через 1/10мин	15/40 мгс/см ²
рН	8 - 9

Многофакторный анализ влияния этапов заканчивания скважин на добычные характеристики скважины подтверждает то, что между технологическими параметрами этапов заканчивания скважин и эксплуатационными характеристиками (удельным дебитом скважин, дебит, гидродинамическое совершенство ПЗП и др.) существуют непосредственная зависимость. К этим параметрам относятся репрессии на пласт: при бурении, цементировании, перфорации. При этом довольно часто наибольшие влияние на снижение удельного дебита скважин оказывают репрессии при цементировании эксплуатационных колонн [1], рисунок-1.

Очень часто при наличии этих ограничений прибегают к сплошному цементированию продуктивной толщи с последующей перфорацией, так как этот вариант конструкции забоя реализуется с меньшими затратами времени и средств. Но гидродинамические характеристики ПЗС в этом случае существенно ухудшаются, что сказывается на эксплуатационных качествах скважины.

На основании обширного статистического анализа А.Е. Нижник, И.О. Лебедев, А.К. Куксов установили, что цементирование является одним из источников серьезного загрязнения ПЗП, в результате которого удельная продуктивность скважины снижается на 35% [3]. Поэтому исключение этой операции из процесса формирования забоя даёт возможность сохранить фильтрационные характеристики ПЗП. С другой стороны, изоляция

пород, находящихся выше кровли продуктивной толщи, даёт возможность использовать буровые растворы для вскрытия продуктивной толщи со свойствами, обеспечивающими лучшую сохранность коллектора.




Рисунок-1. Распределение весомостей воздействия этапов заканчивания на начальную продуктивность скважин по подсоевлым отложениям месторождения Кенкиак [2].

Скважины с «открытым» забоем имеют увеличенную фильтрующую поверхность ствола в продуктивной толще (до $0,5 \text{ м}^2$ на 1 м ствола, против $0,03\text{-}0,07 \text{ м}^2$ на 1 м ствола в перфорированном стволе) и обеспечивают более высокую продуктивность. Для скважин с горизонтальными стволами эта особенность «открытого» забоя имеет особо важное значение.

Однако, «открытый» забой имеет целый ряд ограничений, которые связан: с низкой прочностью пород, находящихся в необсаженном интервале ствола; с наличием зон интенсивного притока посторонних фаз (напр., пластовых вод); с активным выносом «песка» из продуктивной зоны.

Основным ограничением для использования конструкции «открытый забой» является устойчивость пород продуктивной толщи [1 и др.], при наличии которой продуктивный пласт можно не цементировать и укрепить фильтром (смотреть рисунок 1.2, в,г), но при этом обеспечить высокий уровень гидродинамической связи пласт-скважина при вызове притока в процессе освоения.

В промысловой практике в настоящее время имеется целый арсенал технических средств и технологических приёмов, которые дают возможность обеспечить высокие эксплуатационные качества скважины, не прибегая к сплошному цементированию продуктивной толщи. Прежде всего это использование фильтров-хвостовиков, которые позволяют закрепить ствол скважины в его призабойной части, что даёт возможность повысить депрессию на пласт, а следовательно, и приток флюида к скважине [4,5].

Современные забойные фильтрующие системы не только фильтруют пластовые флюиды, но и упрочняют стенки скважины. Так «расширяющиеся» песчаные фильтры держат нагрузку до 70 МПа.




Рисунок-1. Схемы забойного заканчивания горизонтальных скважин открытым стволом. а) – открытый забой; б) фильтр-хвостовик со щелевидными отверстиями; в) фильтр-хвостовик с заколонными пакерам.

При использовании «открытого» забоя, кроме проблем с устойчивостью ствола, существенную роль имеет кольматационный экран (КЭ) на проницаемых стенках ствола скважины, который формируется при вскрытии бурением на проницаемых породах в виде фильтрационной корки (ФК), пристенной зоны пласта, закольматированной тонкодисперсной фазой бурового раствора (ЗК) и зоны проникновения фильтрата бурового раствора (УФ).

Для скважин, в которых продуктивная зона обсажена перфорированной обсадной колонной, влияние КЭ на начальный дебит менее заметно, так как в результате вторичного вскрытия КЭ частично или полностью преодолевается перфорационными каналами. При вызове притока в скважине с «открытым» стволом КЭ затрудняет приток пластовых флюидов в скважину и должен быть удалён. То есть в процессе заканчивания скважины при вскрытии продуктивного пласта бурением КЭ должен затруднять фильтрацию в пласт, но вызов притока пластовых флюидов может быть полноценным при удалении ФК и ЗК.

Удалению ФК и ЗК способствуют кислоторастворимые наполнители в буровых растворах, которые обеспечивают поверхностную кольматацию и при освоении разрушают КЭ соляной кислотой [6]. Эффективность такой технологии весьма высокая, так как взаимодействие карбонатных минералов с соляной кислотой характеризуется 98%-ным растворением. Фильтрационные свойства таких растворов обеспечиваются оптимальным фракционным составом для обеспечения поверхностной кольматации и полимерными реагентами - понизителями водоотдачи, которые однако, проникая в коллектор, создают дополнительные фильтрационные сопротивления движению флюидов. [7].

Низкопроницаемые КЭ формируют высококачественные глинистые растворы, но их структурообразующая основа трудно поддаётся химическому разрушению и плохо вымывается из порового пространства породы из-за высокой адгезионной активности. Разработка условий эффективного разрушения ФК и ЗК упростит освоение скважин и повысит их продуктивность. Для ФК это означает низкую проницаемость при фильтрации в пласт и удаление при вызове притока для свободной фильтрации пластовых флюидов.

Литературы

1. Подгорнов В.М. Заканчивание скважин. Т. 1., М, РГУ нефти и газа (НИУ) им. Губкина, 2017 г.

2. Отчет 57-87 по теме: Разработать технологические регламенты для бурения глубоких скважин на подсолёвые отложения восточного борта прикаспийской впадины и внедрить их при составлении технических проектов на строительство скважин в Актюбинской, Кенкиякской и Жанажольской НГРЭ ПГО «АКТЮБНЕФТЕГАЗГЕОЛОГИЯ». - Москва, 1990.

3. Нижник А.Е., Куксов А.К, Лебедев О.А.и др. К вопросу влияния процесса цементирования на продуктивность скважин // НТЖ. Строительство нефтяных и газовых скважин на суше и на море, 2001, №5-6.

4. Крылов В.В., Крецул В.В. Методические указания по выбору промывочной жидкости для вскрытия продуктивных пластов. - М.: РГУ нефти и газа им. И.М. Губкина, 2002.

5. Крылов В.В., Крецул В.В. Высокоэффективное заканчивание горизонтальных скважин с установкой забойного фильтра //Бурение и Нефть. - 2005. №10.

6. Крылов В.И., Крецул В.В. Выбор жидкости для заканчивания и капитального ремонта скважин. - М.: РГУ нефти и газа им. И.М. Губкина, 2009. -с.164.

7. Крылов В.И., Крецул В.В., Гимазетдинов В.М. Основные факторы, влияющие на загрязнение продуктивных пластов, и разработка рекомендаций по повышению продуктивности скважин// Строительство нефтяных и газовых скважин на суше и на море, 2015, № 12. - с. 31-36.

МРНТИ 52.47.17

ОПТИМИЗАЦИЯ ГРАНУЛОМЕТРИЧЕСКОГО СОСТАВА НАПОЛНИТЕЛЯ В БУРОВОМ РАСТВОРЕ С ЦЕЛЮ ЭФФЕКТИВНОГО РАЗРУШЕНИЯ ФИЛЬТРАЦИОННОЙ КОРКИ ПРИ ОСВОЕНИИ СКВАЖИНЫ

Сулейменов Н.С., кандидат технических наук,
Глеуберген А.Ж., магистр технических наук.

Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Республика Казахстан

Аннотация. Оптимизация содержания и фракционного состава кислоторастворимых минералов в растворе для вскрытия продуктивных пластов повышает эффективность технологии заканчивания скважин с открытым забоем, так как создаётся надёжный фильтрационный экран (ФЭ) в коллекторе при вскрытии продуктивного пласта бурением.

Ключевые слова: освоение скважин, гранулометрический состав, буровой раствор, продуктивный пласт

Андатпа. Өнімді қабаттарды ашу үшін ерітіндідегі қышқылдандыратын минералдардың құрамы мен фракциялық құрамын оңтайландыру ашық кенжары бар Ұңғымаларды аяқтау технологиясының тиімділігін арттырады, өйткені бұрғылау арқылы өнімді қабатты ашу кезінде коллекторда сенімді сүзу экраны (ФЭ) жасалады.

Кілт сөздер: ұңғымаларды игеру, гранулометриялық құрам, бұрғылау ерітіндісі, өнімді қабат

Annotation. Optimization of the content and fractional composition of acid-soluble minerals in the solution for opening productive formations increases the efficiency of the technology of completion of wells with an open face, since a reliable filtration screen (FE) is created in the reservoir when opening a productive formation by drilling.

Keywords: well development, granulometric composition, drilling mud, productive formation

Проблемой вскрытия продуктивных пластов занимались многие отечественные, так и зарубежные исследователи, которые показали, что в «открытом» стволе, чаще всего используемом в горизонтальных скважинах, приток пластовых флюидов при освоении затрудняется из-за фильтрационной корки (ФК), участка пластазакольматированной твёрдой фазой (УК) и участка пласта, заполненного фильтратом бурового раствора (УФ). Размеры и

проницаемость ФК и УК зависят от: гидродинамических условий фильтрации; состава, свойств и структуры и проницаемости породы; фракционного и вещественного состава твёрдой фазы раствора и подвижности его дисперсионной среды. При этом основа структуры ФК закладывается при «мгновенной фильтрации».

На нефтяных месторождениях Южно-Тургайской впадины, находящихся в поздней стадии разработки, горизонтальные скважины с «открытым» забоем позволяют повысить эффективность нефтедобычи за счёт существенного увеличения площади фильтрации в продуктивной зоне пласта. Однако, при освоении таких скважин фильтрационные барьеры в околоскважинной зоне (ОЗ), включающие ФК, УК, и УФ, затрудняют приток пластового флюида и его стабилизацию при освоении продуктивного пласта.

ФК глинистых растворов механически и химически трудно удаляются. Буровые растворы с кислоторастворимой твёрдой фазой, позволяют в процессе освоения скважины удалить с поверхности ствола ФК кислотой, но при вскрытии продуктивного пласта бурением такие растворы чаще всего увеличивают загрязнение ОЗ из-за высокой проницаемости ФК с грубодисперсным наполнителем.

Оптимизация содержания и фракционного состава кислотораствороимых минералов в растворе для вскрытия продуктивных пластов повышает эффективность технологии заканчивания скважин с открытым забоем, так как создаётся надёжный фильтрационный экран (ФЭ) в коллекторе при вскрытии продуктивного пласта бурением. Но при освоении необходимо обеспечить эффективность кислотного разрушения ФК и УК, так как это даст возможность удалить фильтрационные сопротивления пластовым флюидам при движении к скважине. Для скважин с горизонтальными стволами эта возможность имеет особо важное значение.

В качестве объекта промысловых исследований были взяты горизонтальные скважины с «открытым» забоем нефтяных месторождений Арыкумского прогиба Южно-Тургайской впадины.


Как видно из рисунка 1, разница между дебитом, установившимся в процессе стабилизации притока в скважину, и начальным дебитом, полученным при вызове притока, растёт с увеличением длины ствола. Причиной такой закономерности являются ФЭ, которые формируются в призабойной зоне пласта (ПЗП) в результате более продолжительного контакта призабойной зоны ствола с буровыми растворами в процессе заканчивания, а также за счёт гидродинамических особенностей промывки горизонтальных стволов.

Таким образом, удаление фильтрационного экрана со стенок горизонтальных стволов скважин нефтяных месторождений Арыкумского прогиба позволит существенно сократить сроки и повысит эффективность освоения продуктивных пластов, вскрываемых глинистыми растворами.

Литературы

1. Сулейменов Н.С., Подгорнов В.М. Удаление фильтрационных корок буровых растворов в процессе кислотной обработки с учётом фракционного состава карбонатного наполнителя НТЖ//Вестник Ассоциации буровых подрядчиков. – 2019, №4. – с. 8–11.
2. Сулейменов Н.С. Влияния фракционного состава карбонатного наполнителя в фильтрационной корке бурового раствора на эффективность кислотной обработки. Международная конференция Рассохинские чтения. Россия, Ухта, 2020. – с. 218–223.
3. Сулейменов Н.С. Удаление фильтрационных корок буровых растворов в процессе кислотной обработки, статья. IV Международная научно-практическая конференция «Булатовские чтения» Россия, Краснодар, 2020. - с. 352-357.

Зависимость начальных (◆) и установившихся (■) дебитов от длины горизонтального ствола скважин месторождений Арыскүм (горизонт М-II) и Арысское (скв. № 30 горизонт Ю-0-3)



Аппроксимация данных по методу наименьших квадратов

4

Рисунок 1. Зависимость начальных (◆) и установившихся (■) дебитов от длины горизонтального ствола скважин месторождений Арыскүм (горизонт М-II) и Арысское (скв. №30 горизонт Ю-0-3).

FTAMP 67.23.13

ҒИМАРАТТАРДЫ БАСҚАРУДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Жақапбаева Г.А., техника ғылымдарының кандидаты,
 Бауыржанова Л.Б., техника ғылымдарының магистрі,
 Құрбанов Д.Т., аға оқытушы.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан Республикасы

Андатпа. Мақалада дәстүрлі құрылыс үрдісіндегі жаңа замануи BIM-технологияларына сипат беріледі. Ғимарат құрылысының ақпараттық модельдеу технологиясын құру – әлем бойынша жобалау және құрылыс саласы мәселесіндегі жаңа құбылыс болып табылатындықтан тұрақты түрде дамып, өзінің қолдану түрін өзгертіп отырады. Осы тұрғыдан қарастырғанда, құрылыс саласына BIM-технологияларды толық көлемде енгізу өте күрделі үрдіс саналғандықтан, мақалада осы мәселені оңтайлы шешу жолдары қарастырылды.

Кілт сөздер: АЖЖ, BIM технологиялары, ақпараттық модель.

Аннотация. В статье рассматриваются BIM-технологии как современный вызов к традиционным строительным процессам. Технология информационного моделирования зданий – это новое явление в мировой проектно-строительной сфере, оно постоянно развивается и меняет формы применения. В такой ситуации внедрение BIM-технологий в полном объеме процессе более сложный, и мы рассмотрим задачи по этому вопросу.

Ключевые слова: САПР, BIM технологий, информационная модель.

Annotation. In the production conditions 2D documents can be exchanged between design organizations and contractors. This indicates the need for effective use of BIM technologies in combination with CAD programs. In Information Modeling, it is very important to understand the principle of teamwork. When designing in CAD programs, plans, elevations, etc. (the architectural part, electrification, water supply and sewerage, etc.) are stored in separate files, and in a single model created by BIM systems, specialists from other areas can work in parallel, and the model stored in the Central File is supplemented by the team.

Key words: CAD, BIM technologies, GraphiCS, Information Modeling.

Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы сәулет-құрылыс жобалауында түбегейлі жаңа құралдардың пайда болуына алып келді - Ғимаратты ақпараттық үлгілеу, Building Information Model (BIM).

BIM технологиясы – объектіні визуалдауды ғана емес, сондай-ақ ол туралы барлық деректерді: эскиздерден бастап инженерлік есептеулер мен құрылыс материалдары туралы деректерге дейін барлық деректерді бірге жинауға мүмкіндік беретін ғимараттың ақпараттық үлгісін құру.

Ақпараттық үлгі тек сараптама және құрылыс жұмыстарын жүргізу үшін ғана емес, сонымен қатар құрылыс объектілерін пайдалану және жаңғырту үшін де сенімді ақпарат көзі болып табылады, ғимараттың барлық тіршілік кезеңінің құнын есептеуге, оның барлық сатыларында тиімді шешімдер қабылдауға, объектіні басқаруға мүмкіндік береді.

Көптеген елдерде өнеркәсіптік және азаматтық объектілерді салу кезінде ақпараттық үлгілерді құру және пайдалану міндетті болып табылады және мемлекетпен нормативтік құжаттарда бекітілкен.

BIM-технологияларды қолдану объектілерді салуға жұмсалатын шығындарды 30%-ға төмендетеді.

Сәулет-құрылыс процесінде қазір жобалар бойынша қағаз құжаттамалардың саны көп және сараптама жүргізіліп пайдаланылады. Осыған сәйкес, құрылыс алаңдарындағы жұмыс көлемі соншалықты ауқымды және барлық ақпаратпен күрделі болып отыр. Жаңа технологиялар жұмысты жеңілдетуге және жеделдетуге мүмкіндік береді[1].

Осы кезең бойынша жұмыс істейтін сәулет - құрылыс корпорациялары өз тәжірибесінде көлемдерді іске асырумен бірнеше маңызды проблемаларға ие: бұл бюджеттер, мерзімдер және тәуекелдер. Бұл қоғамдық ғимараттар мен құрылыстардың құрылысын ғана емес, сондай-ақ автожолдардың, қалалық инфрақұрылымның құрылысын да қамтиды.

Корпорациялардың барлық қызметін, сондай-ақ олардың проблемаларын ескере отырып, жобалау мен құрылыстағы жаңа тәсіл-BIM ақпараттық үлгілеу анықталды [2].

Барлық ақпараттар және барлық кезеңдер, яғни оқылуы, өңделуі, басқа тасымалдағыштарға берілуі - объектінің бір моделіне кіреді. Ғимараттың ақпараттық үлгісін жобалаушылар, тапсырыс берушілер өздерінде ұстай алады. Пайдалану бөлімінде мүмкін болатын барлық катаклизмдерді болжауға, күрделі жөндеуді жоспарлауға, мерзімдерді бақылауға болады.

Ақпараттық технологияларды мемлекеттік деңгейде көптеген елдер пайдаланады. Мемлекеттік деңгей туралы айтатын болсақ, осы технология бойынша сәулет-құрылыс объектілерін құру болып табылады. Жүйені бірыңғай негіз қалаушы ретінде енгізген Ұлыбритания мысалында құрылыс құны 33 %-ға қысқарды, бұл ақшалай баламада 2 млрд. фунт стерлингке ие [4].

Autodesk ұсынатын бағдарламалық қамтамасыз ету әр түрлі жобалау бөлімдеріне жауап береді және тиісінше пішім бойынша үйлесімді әр түрлі бағдарламаларда өңделеді және жөнделінеді.

Ақпараттық модель бірнеше кезеңде жасалады. Бастапқы кезеңге жеке топтарды (блоктарды), жобалаудың бастапқы элементтерін (терезелерді, есіктерді, аражабындардың плиталарын және т.б.), жабдықтау элементтерін (жылыту және жарықтандыру аспаптары және т. б.) әзірлеу кіреді. Екінші кезеңге тікелей құрылыс алаңында құрылатын элементтер кіреді: іргетастар, қабырғалар, шатырлар және т.б. бұл ретте алдын ала жасалған элементтерді пайдаланудың үлкен мүмкіндігі бар: бекіту немесе жиектеу бөлшектері және т. б. [5]. Мұндай тәсіл жобалаушылар мен құрылысшылар үшін де, құрылыс алаңында да, пайдаланушылар үшін де ыңғайлы.

BIM технологиялары ғимараттың барлық өмірлік циклын әлдеқайда жеңіл жүргізуді қамтамасыз етеді, ал дайын нәтижелер бойынша жобаны түзету үшін қолданып, нәтижесінде неғұрлым тиімді шешім алуға болады. BIM технологиялары ғимараттар жүйенің

визуализациялау мүмкіндігін береді, берілген өлшемдер бойынша түрлі нұсқаулардың есептерін, олардың орналасуын, сондай-ақ олардың құжаттамалық нормалар мен стандарттар бойынша сәйкестігіне келуі, ғимаратты модельдеу, талдау және пайдалану бойынша сипаттамаларын орындау, сонымен қатар жылу жүктемесін, жарықтандыру, жылу энергиясын және т.б. сапалы таңдаулы шешім болып табылады. Жасалған модель бұдан әрі негіз болады және жұмыс құжаттамасын жасау кезінде кез келген маркалар мен түрлерді, сәулет және конструктивтік бөлшектерді, жинақтаушы объектілерді әзірлеу, монтаждау, тапсырыс беру, тех.жабдықтарды, кез келген есептерді, сондай-ақ пайдаланудың кейінгі мәселелерін белсенді пайдалануға мүмкіндік береді[6].

Ғимараттың немесе құрылыстың жасалған үлгісін 3D принтерде жүктеуге және басып шығаруға болады, бұл оның жұмыс макетін сәулет және конструктивтік бөлігін жасауға мүмкіндік береді. Басып шығарылған модельді тапсырыс берушіге беруге болады. Тапсырыс берушімен жұмыс істегенде, объектіні жобалау және салу барынша ашық болады, жобалаушының үлгісін жұмыстың ажырамас бөлігі болып табылатын кәсіби және презентабельді деңгейге жоғарылатады.

3D принтер негізінде алынған ғимарат моделі тікелей принтерге ғана емес, макеттер жасауға мүмкіндік береді. Қытай компаниялары ғимараттарды немесе құрылыстарды басып шығаруда өздерінің жаңа технологияларын ұсынады. 3D принтерлер мысалында құрылыстағы инновациялық тәсілдер BIM технологиясында модель жасау кезінде мүмкін, неғұрлым үнемді, технология бойынша дәл және сенімді[7].

BIM жобалауды практикаға енгізу бірыңғай ақпараттық алаңда жобалау мен құрылыстың бірыңғай ережелері мен стандарттарын жасауға мүмкіндік береді. Жіберілген қателіктің ең аз санымен құжаттама сапасы артады, ал ақпараттың шынайылығы сараптама сапасын арттыруға және қаражатты үнемдеуге мүмкіндік береді.

Дамыған елдерде BIM-технологиялары мен техникалары бұрыннан қолданылуда. Осыған орай, ең алдымен, АҚШ, Канада, Ұлыбритания, Германия және Австралия жатады. BIM-технология нарығын көрші елдер – Ресей Федерациясында игеру жолында.

Біздің елімізде заманауи BIM-технологиялық жүйесі бойынша алғашқы құрылыс нысандары, объектілері салына бастады, енді көптеген сызбалар орнына болашақ ғимараттардың көлемдік сандық және ақпараттық моделін пайдаланады. Әлемдегі көптеген сәулетшілер мен құрылысшылар BIM-технологиялық кешендері жағына қарай қадамдар жасауда. BIM-технологияларын қолдануға талап қойған құрылыс және сәулеттік мекемелері күннен күнге өсіп отыр.

Әдебиеттер

1. Исходжанова Г.Р., Горячих В.В. Методические аспекты внедрения BIM-технологий в архитектурно-строительное образование Казахстана // Вестник КазГАСА. – Алматы, 2017. – №3(65).
2. Батишев В.И. Из практики информационного моделирования // Строительство.- №2–2017. – С.243.
3. Парамонова Т.И. BIM-технологии в проектировании. Что это такое и в чем их преимущества // Техника и технологии. - №1- 2017. – С.256.
4. Карибджанов М. Развитие строительного бизнеса современном этапе. Проблемы и перспективы. – Астана: Новыетехнологии в строительстве, 2017. – С.213.

FTAMP 87.35.02

ТЕХНИКАЛЫҚ РЕТТЕУДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

Абдраимова Н. О., аға оқытушы,
Сейфуллаұлы А., СС-18-1 оқу тобының студенті,
Тұрсынбек Б., СС-18-1 оқу тобының студенті,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан Республикасы.

Аңдатпа. Техникалық реттеу – Бүкіләлемдік сауда ұйымына кіруге дайындық жағдайында отандық өнімді бәсекеге қабілеттілігін арттыру, өнеркәсіпті модернизациялау, өнімнің және оның өндірістік процестерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, мемлекеттің сыртқы экономикалық мүддесін қорғаудың приоритетті бағыттардың бірі.

Кілт сөздер: техникалық реттеу, дүниежүзілік нарық, экономика, кеден одағы.

Аннотация. Техническое регулирование - одно из приоритетных направлений повышения конкурентоспособности отечественной продукции в условиях подготовки к вступлению во Всемирную торговую организацию, модернизации промышленности, обеспечения безопасности продукции и ее производственных процессов, защиты внешнеэкономических интересов государства.

Ключевые слова: техническое регулирование, мировой рынок, экономика, таможенный союз.

Annotation. Technical regulation is one of the priority directions of increasing the competitiveness of domestic products in the context of preparation for joining the World Trade Organization, industrial modernization, ensuring the safety of products and their production processes, and protecting foreign economic interests of the state.

Keywords: technical regulation, world market, economy, customs union.

Қазіргі таңда Бірыңғай экономикалық кеңістіктегі интеграциялық процестердің тереңдей түсуі жағдайында және Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) мүше болуын ескере отырып, техникалық реттеу маңызды мәселе болып отыр. Себебі, техникалық реттеу импорттың үлесі артқан кезде елдің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің құралы болып табылады.


Дүниежүзілік нарықта тең құқықты серіктес болу үшін дүниежүзілік нарық ережелері бойынша әрекет ету қажет. Экономиканы дамыту үшін ынталандырушы фактор - экономиканың дамуы мен бәсекеге қабілеттігін қамтамасыз ететін дүниежүзілік нарық дамуының үрдісін және қоғамның әлеуметтік басымдылығын ескерумен нақты талаптар, нормалар, ережелер орнатуды қарастыратын техникалық реттеу.

Қазақстанның Кеден Одағына қатысуы және алдағы техникалық реттеу жүйесін реформалаумен ДСҰ-на кіруі Қазақстанның халықаралық қауымдастыққа кіруіне жол береді және саудада техникалық кедергілерді жояды. Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше болу Қазақстанның экономикалық өрлеуі, жаңғыруы мен бәсекеге жарамдылығы үшін маңызды. Қазақстан Халықаралық стандарттарға сәйкес болуы және халықаралық сауда жүйесіне барынша қатысуы тиіс.

Техникалық реттеу моделі ең алдымен мемлекеттің өнімге және қызмет түрлеріне міндетті талаптарды бір құжатқа – «техникалық шектеулердегі» белгіленуі. Кедендік одақтың Техникалық шектеу - Қазақстан, Беларусь және Ресейдің аумағында орындалуы міндетті нормативтік құқықтық акт, онда өнім, оның өндірісі, тасымалдау, сақтау мен қолдану бойынша талаптар, сонымен қатар талаптарға сәйкестікті бағалау (растау) рәсімдері белгіленеді.

Техникалық шектеулердің талаптарын халықаралық талаптарға максималды түрде үйлестіру - өнімді кедергісіз жылжыту және оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жағдай жасауға арналған бірде-бір дұрыс жолы, сонымен қатар бұл біздің кәсіпкерлерге тең құқылы серіктестік жағдайында әріптестікті жүзеге асыруға, техникалық кедергілерге жол бермеуіне ықпал етеді.

Техникалық реттеу – Бүкіләлемдік сауда ұйымына кіруге дайындық жағдайында отандық өнімді бәсекеге қабілеттілігін арттыру, өнеркәсіпті модернизациялау, өнімнің және оның өндірістік процестерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, мемлекеттің сыртқы экономикалық мүддесін қорғаудың приоритетті бағыттардың бірі. Құрылып жатқан нарықтық механизмдерге белсенді жұмыс жасауға мүмкіндік беретін техникалық реттеу жүйесі бірнеше элементтерден тұрады, 1-сурет.



1-сурет. Техникалық реттеудің элементтері.

Қауіпсіздік бойынша міндетті нормалар техникалық шектеулерде жазылады. Кез-келген басқа сипаттамалар ерікті қолданылатын құжаттарға – ұлттық, салалық, кәсіпорын стандарттарына жазылады. Сонымен, қажетті сәйкестікті бағалау жүйесі құрастырылады. Жана жүйеде әрбір элементтің рөлі нақты анықталған. Техникалық шектеулер қауіпсіздіктің керекті деңгейін қамтамасыз етеді. Стандарттар тек бәсекелістік қабілеттілігіне назар аударады. Стандарттың нарыққа әсері тек оны әзірлеу сапасына тәуелді. Бұл жағдайда қандай болса да стандарттың түрі инновацияларды енгізуге әсер ету мүмкін. Міндетті талаптардың орындалуын тексеру ретінде сәйкестікті бағалау біріншіден, мемлекет үшін максималды тиімді және минималды шығынды, ал басқа жағынан өндіруші үшін кәсіпорын әрекетіне әкімшілік барьер болмайтын, экономикалық мүмкін, түсінікті және ашық болу керек.

Сондықтан, осындай терең және ірі масштабты реформаны жүргізу үшін ауыспалы период өте маңызды, ол кезде реттеудің бір жүйесінен басқа жүйеге тегіс көшуді қамтамасыз ету қажет, 2-сурет.


Техникалық реттеу саласындағы инновациялық-технологиялық саясатты іске асыру шеңберінде техникалық реттеу құралдарының көмегімен өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бөгет жасайтын негізгі проблемалар мен кедергілерді анықтау қажет.

Заманауи техникалық талаптарға сәйкес келмейтін өнім өндіру практикасын қысқарту, сондай-ақ тиімді өндірісті іске асыру мақсатында шығару жоспарланып отырған өнім жобаларының техникалық регламенттерде және стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін бағалауды енгізу мәселесі пысықталуда.

Техникалық реттеу өзінің негізгі мақсаттарымен қатар кәсіпорындардың сыртқы экономикалық қызметінде қиындықтар туғызады, себебі елдердегі өнімнің сапасына қойылатын талаптар өзгеше. Ресей, Белоруссия және Қазақстан Кеден одағы елдерінің

Зерттеу нәтижелері және талдау. Қазіргі таңда ЖАОК-ды дайындау әдістемесі жан-жақты зерттеліп, жоғары деңгейдегі алғашқы курстар нарыққа шығып үлгерді. ЖАОК-н ЖОО-на енгізудің келесі тиімді артықшылықтары бар [6]:

- оқу жүктемесіне шығындалатын уақытты қысқартуға болады;
- оқытушыны кейбір қарапайым материалдарды қайта түсіндіруден босатады;
- курстың кейбір қиын тұстарын жеңіл жолдармен түсіндіру үшін жұмыс жасауға уақыт бөлінеді;

- пәндердің санын арттыруға мүмкіндік береді;
- қазіргі негізгі платформаларда кемі 1200 курс жүргізіледі;
- студенттердің академиялық ұтқырлығын қамтамасыз етеді;

Сонымен қатар, зерттеушілер ЖАОК-ң салыстырмалы түрдегі жағымсыз тұстарын да атап көрсетіп отыр:

- студенттер классикалық курстармен салыстырғанда толыққанды білім алмайды, бұл онлайн курстардың ең басты кемшілігі болып саналады;

- арнайы зерттеулердің нәтижесі бойынша академиялық жетекші мамандардың тек 27,8 %-ы ЖАОК-ды оқу процесінде пайдалануды қолдайды;

- университеттердің көпшілігі қазіргі таңда эксперимент жүргізу кезеңін бастан кешіруде;

- ЖАОК-ға қойылған нақты стандарттар мен ережелер жоқ болғандықтан білім беру жүйесінің деңгейінде мұндай курстар академиялық ортаға әзірге енгізілмеді.

Заман талабына сай сапалы білім беру өз кезегінде дәстүрлі құралдарды жетілдіру және жаңартуды талап етеді. Салыстырмалы түрде күрделі бағдарламаларды құру кезінде дәстүрлі әдістерді қолдануды жалғастыру уақыт пен ресурстарды жоғалтуға себепші болатын жағдайлар көп. Қалыптасқан жағдайдан шығу өз кезегінде педагогикалық дизайн ұғымының пайда болуына себепші болды.

Педагогикалық дизайн – қазіргі білім беру жүйесіндегі жана ұғым. Педагогикалық дизайн білімді жүйелі түрде жеткізу, оқу процесін «ашық» жоспарлау және жоспарға сәйкес құру, нақты оқу ортасын қалыптастыруда маңызды. Педагогикалық дизайн технологиясын салыстырмалы түрде қарапайым деп қарастыруға болады. Ең бастысы білім алушының қажеттілігі мен мақсатын түсіну, сонан соң ғана білім мен ақпаратты жедел, нақты және тиімді беру керек. ЖАОК жазуда педагогикалық дизайн өз кезегінде нақты мақсат пен міндеттерге жүгініп жұмыс жасайтын адамдар тобынан құралатын командаға жүгінеді. Арнайы команда педагогикалық дизайнның тиімді моделін қолдануды ұсынатын болады [7].

Педагогикалық дизайнның түрлі модельдері бар, түрлі модельдерді талдау нәтижесінде жалпыға ортақ келесі кезеңдер қолдануға аса тиімді деп ескеріледі:

- Процесс: оқытудың қажеттіліктері мен мақсатына талдау жасау; қажеттіліктерді қанағаттандыру және оқу мақсатына жету жолдарын анықтау; оқыту барысында туындауы мүмкін проблемалардың шешімін қарастыру; оқу материалдарын дайындауда оқыту принциптерін қолдану; педагогикалық жүйелерді құрастырудың мақсатты процестері.

- Ғылым: оқуға ықпал ететін жағдайлар мен мүмкіндіктерді зерттейді; қалай жасау керек; қалай жүзеге асыру керек, сапаны қалай бағалау қажет, оқу процесіне қалай енгізу керек;

- Білім саласы: білім беру стратегияларының теориясы, оқу жұмыстарының тәсілдері мен әдістері, білім беру стратегиялары мен жұмыс істеу әдістерін әзірлеу және енгізу процестері, оқу процесіне жүйелі тәсілді қолдану;

- Тәжірибе: оқу материалдарының сапасын жалпы жақсарту құралдары, оқу процесін құруды жүйелі түрде жүзеге асыру, оқу материалдарын тиімді жеткізу әдістерін анықтау.

Талдау барысында курсты жүзеге асырудың мақсаты мен міндеттері, мақсатты аудиторияның ерекшелігі мен қажеттілігі, қиындықтар туғызатын мәселелер, күтілетін оқыту нәтижелері жан-жақты қарастырылып, зерттеледі.

Білімді жүйелі түрде жеткізудің педагогикалық дизайнының қандай технологиясы қолданылса да, курстың контентін тиімді құру маңызды, ескерілетін негізгі сұрақтар:

- мәтіндік материалдар;
- білім тексеруге арналған материалдар;
- бейнедәрістер;
- талқылауға арналған тақырыптар.

Курс контенті толыққанды зерттеліп, зерделенген соң оны тандап алынған платформаға жүктеп, өнімнің дайын нұсқасын тұтынушыға нарыққа шығарар алдында қателіктерді жою мақсатында жүргізілетін қарқынды пайдалануға жіберу, яғни бета-тестілеуден өткізу үшін курс жедел қолданысқа жіберіледі.

ЖАОК контентін дайындау барысында курстың тиімділігін анықтау үшін міндетті түрде бағалау жүргізіледі. Қатысушы қандай материалды толық меңгере алмады, курстың әлсіз шыққан тұстары қандай, қатысушының білімін бағалау арқылы курсты құрудағы мақсатқа қол жеткізілді ме, жеткізілмеді ме, анықтау; курстың қандай бөлігін қайта өңдеу керек деген сұрақтар бойынша қайта талдау жұмыстары жүргізіледі.

Қорытынды. ЖАОК жазу ЖОО үшін академиялық қауымдастықтың алдында университеттің имиджін көтереді және университетті сыртқы әлеммен байланыстыратын «алтын көпір» секілді, өйткені курсқа мыңдаған студенттер қатыса алады. ЖАОК-ды жүзеге асыру заман талабына сай дамыған және беделді оқу орны ретінде әлеуеті жоғары студенттерді оқуға шақыруға мүмкіндік береді.

ЖАОК ашу өз кезегінде жаңа білім беру қызметін көрсетуге және қосымша табыс табуға жол ашады. Дегенмен, ЖАОК ашу процесі оңай болмайды, себебі бұл процесс тым қымбат тұрады. Зерттеушілердің мәліметі бойынша ЖАОК іске қосу университет үшін 45 000-нан бастап 300 000 доллар арасында шығын шығатын көрінеді [8].

Бірнеше мыңдаған адамдарға арналған курста жеке адамды оқытқан сияқты материалды жеткізе білу ерекше шеберлік пен тапқырлықты және әдіс-тәсілді қажет етеді. ЖАОК-ды кімдер сертификациядан өткізетіні белгісіз мәселе. Дегенмен, барлық ЖОО-ның оқытушы-профессорларына ЖАОК жазу талап етілуде.

Қазіргі университеттер алдында ЖАОК-мен байланысты шешімін табу керек келесі мәселелер бар:

- оқу процесіне енгізілетін білім беру бағдарламасындағы ЖАОК үлесін анықтау;
- жаратылыстану, гуманитарлық және инженерлі-техникалық білімдер бойынша ЖАОК технологиялары арқылы жіберілетін курстарды нақтылау;
- ЖАОК форматында жіберілетін курстарды жасайтын оқытушы-профессорларға бөлінетін оқу жүктемелерін қайта қарау және мұқият талдау жасау негізінде шешім қабылдау.

Кез келген пәнді ЖАОК форматына көшіру білім сапасына әсер ететіні анық, әсіресе инженерлі-техникалық пәндер бойынша қиындықтар туындауы мүмкін, дегенмен бұл мәселені уақыт еншісіне қалдыру керек сияқты.

Кез келген пәннен қолжетімді контент дайындауға болады, бірақ тиімді платформаны және жеткізу құралдарын таңдау өз кезегінде пән бойынша мықты оқытушы-профессордың және жан-жақты әрі арнайы дайындалған жақсы ІТ маманның көмегімен жүзеге асырылады.

Әдебиеттер

1. Солодов А. В., Прокубовская А. О., Чубаркова Е. В. Массовые открытые онлайн-курсы – особенности и перспективы // https://elar.rsvpu.ru/bitstream/123456789/25489/1/nito_2018_059.pdf
2. Гущина О.М., Михеева О.П. Массовые открытые онлайн курсы в системе подготовки и повышения квалификации педагогических кадров // Образование и науки, Т. 19, №17 – С. 119-136.

3. Вьюшкина Е.Г. Массовые открытые онлайн курсы: теория, история, перспективы использования //Известия Саратовского университета. Серия Философия. Психология. Педагогика. – 2015. Т.15. Вып. 2– С. 78-83.
4. Онлайн курсы от ведущих преподавателей. КазНУ им. аль-Фараби лидер высшей школы Казахстана по внедрению MOOC на открытой платформе OpenedX// <https://open.kaznu.kz/>
5. ООО «Бюро непрерывного профессионального развития» на Coursera// <https://www.coursera.org/>
6. YoungJ.R. Beyond the MOOC Hype: A Guide to Higher Education’s High-Tech Disruption, November, - Washington DC, 2013 – 34 p.
7. Лисицина Л.С. Педагогический дизайн электронных ресурсов //СПб. Университет ИТМО, 2018. – 67 с.
8. Мазуров А.Ю. Массовые открытые онлайн-курсы в контексте современного образовательного процесса в сфере высшего образования // http://journals.tsu.ru/uploads/import/1169/files/57_020.pdf

FTAMP 27.43.17

ВІМ ЖӘНЕ АЖЖ ИНТЕГРАЦИЯСЫН ЖОБАЛАУ ҮДЕРІСІНДЕ ҰЖЫМДЫҚ ҚОЛДАНУ

Ермахан Б.Е., құрылыс саласы бойынша ғылым магистрі,
Сулейменова Ж.Д., аға оқытушы,
Балмаханов А.А., ауыл шаруашылығы ғылымдарының магистрі.
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан Республикасы

Аңдатпа. Өндіріс жағдайында, жобалау мекемелері мен мердігерлік мекемелердің арасында екіөлшемді құжаттар арқылы да құжат алмаса береді. Бұл ВІМ технологияларын АЖЖ бағдарламалармен бірге тиімді пайдаланудың қажеттілігін көрсетеді. Ақпараттық модельдеуде командамен бірігіп жұмыс істеу принципін түсіну өте маңызды. САД жүйелерде жобалағанда жоспарлар, қасбеттер, әртүрлі деталізация деңгейлерімен бағыты бойынша бөлек-бөлек болса (Архитектуралық бөлім, электрификация, сумен жабдықтау және канализация т.б. бағыттары), ВІМ жүйелерде құрылатын біртұтас модельде басқа бағыттағылармен параллель жұмыс жасалып, орталық файлда сақталған модель командамен бірігіп толықтырылып отырады.

Кілт сөздер: АЖЖ, ВІМ технологиялары, СПДС, ақпараттық модель, командалық жұмыс.

Аннотация. В условиях производства и двумерные документы могут обмениваться между проектными учреждениями и подрядными организациями. Это говорит о необходимости эффективного использования ВІМ технологий в сочетании с программами САПР. В информационном моделировании очень важно понимать принцип совместной работы с командой. При проектировании в САПР программах планы, фасады, и т.д. (архитектурная часть, электрификация, водоснабжение и канализация и др.) хранятся в отдельных файлах, а в единой модели, создаваемой ВІМ-системами, специалисты других направлений могут работать параллельно, а модель, хранящаяся в Центральном файле, дополняется коллективом.

Ключевые слова: САПР, ВІМ технологий, СПДС, информационная модель, командная работа.


Annotation. In the production conditions 2D documents can be exchanged between design organizations and contractors. This indicates the need for effective use of BIM technologies in combination with CAD programs. In Information Modeling, it is very important to understand the principle of teamwork. When designing in CAD programs, plans, elevations, etc. (the architectural part, electrification, water supply and sewerage, etc.) are stored in separate files, and in a single model created by BIM systems, specialists from other areas can work in parallel, and the model stored in the Central File is supplemented by the team.

Key words: CAD, BIM technologies, GraphiCS, Information Modeling.

Өндіріс жағдайында, жобалау мекемелері мен мердігерлік мекемелердің арасында екіөлшемді құжаттар арқылы да құжат алмаса береді.

Кейбір мекемелер цифрлық модельдеуге мүлдем өтпеген болып шығатын кездер де болады. Мұндай жағдайда, BIM технологиялар мен СПДС (Система проектной документации для строительства) бағдарламаларын бірге пайдаланған дұрыс.

Кейбір мамандар немесе тұтас бөлімдер, мысалы, архитекторлар BIM технологиясымен жұмыс жасауы мүмкін де, ал мердігерлік мекемелер, мысалы, инженерлер автоматтандырылған жобалау жүйелеріне (АЖЖ) жататын СПДС Graphi CS немесе nanoCAD СПДС секілді бағдарламаларда жұмыстарын жалғастыра беруі мүмкін. Ол кезде қаржылық ұтымдылық- әзірге орнатылуы қымбат тұратын BIM программалардың санының азаюы мен BIM парадигмаға оқытуға кететін шығындардың азаюы нәтижесіне байланысты болады. СПДС бағдарламаларына импорттау арқылы IFC форматында құрылған модельдердің этаж бойынша жоспарларын құруға болады. IFC стандарты көптеген BIM жүйелерде қолданылады. СПДС-ке дұрыс импортталуы үшін, мысалы, Revit бағдарламасында алдын-ала "бейімдеу" жасалу керек.



1-сурет. Revit-тен СПДС-ке импорттау.

Алынған жоспарлар архитектура, конструкция және инженерлік жүйелердің жұмысшы және жобалық құжаттамаларын рәсімдеу үшін негіз болады.

Ақпараттық модельдеуде көп пайдаланушылардың бірігіп жұмыс істеу принципін түсіну өте маңызды. CAD жүйелерде жобалағанда жоспарлар, қасбеттер, әртүрлі детализация деңгейлерімен бағыты бойынша бөлек-бөлек болса (Архитектуралық бөлім, электрификация, сумен жабдықтау және канализация т.б. бағыттары), BIM жүйелерде сіз біртұтас модельде басқа бағыттағылармен параллель жұмыс жасап, сол бір модельді басқалармен бірге толықтырып отырасыз.

Ақпараттық модель құруда пайдаланушылар ұжыммен бірігіп жұмыс істеуі үшін:

- Орталық және локальдық файлдар құру;
- Жұмысшы жиынтығын беру;

- Жұмысшы жиынтыққа элементтер қосу;
- Орталық файлға сақтау;
- Жұмысшы жиынтығын көрсету үшін фильтрлер қолдану;
- Жұмысшы жиынтығын консультанттармен жұмыс үшін қолдануды білу керек.

Орталық файлды дайындау. Көп пайдаланушылық жұмысты бастаудан бұрын, бастапқы қалпына келтіруді жеңілдету үшін өз файлыңыздың копиясын жасау керек.

"Рабочие наборы" (жұмысшы жиынтығы) таңдалғаннан кейін, үш маңызды фактты хабарлайтын диалогтық терезе ашылады:

- Бірігіп атқарылған жұмысты кері қайтаруға болмайды (алдын-ала файлымыздың копиясын жасайтынымыз осы себепті);

- "Общие уровни и сетки" атауымен деңгейлер мен торлар жұмысшы жиынтығына ауысады;

- Жобаның қалған бөлігі "Рабочий набор 1" жиынтығына ауысады.

"Ок" батырмасын басқаннан кейін, 2-диалогтық терезе ашылады. "Owner" бағанасында, қолданушының аты көрсетіледі. Басқа пайдаланушылар жобада аты көрсетілген қолданушының рұқсатымен кіріп, жұмыс жасайды.

Жобамен жұмыс жасағанда, орталық файлды команданың барлық мүшелері кіре алатындай локальді серверде сақтағыңыз келуі мүмкін. Команданың барлығы бірдей тікелей орталық файлмен жұмыс жасамағанмен, оларға қажетті локальді копияларды алу да орталық файл арқылы жүзеге асады. Орталық файлды сақтамас бұрын, кейін ол жерден ауыстыруға болмайтынын ескеру керек. Бірақ, локальді көшірмелерін жасай беруге болады. Орталық файлды сақтаған кезде, "Параметры" батырмасы шертіледі. Жаңадан ашылған терезеде орталық файлмен бірге резервті копиялардың санын да бере аласыз.

Командалық жұмыс кезінде орталық файлмен ешкім тікелей жұмыс жасамайды. Барлық әрекет орталық файлмен байланыстырылып, синхронизацияланған локальді копияларда жасалады.

Командамен жұмыс кезінде құрылған жаңа геометрияның "дұрыс" жұмысшы жиынтыққа түскеніне көз жеткізу керек. Жобадағы жұмыс көлемі ұлғайған сайын жұмысшы жиынтықтар ортақ объектіні локализациялау үшін негізгі құралға айналады. Жұмысшы жиынтығының диалогтық терезесін ашқанда басқа пайдаланушыларда да ашық тұр ма, соған назар аудару керек. Бұл сізге жобада болып жатқан барлық өзгерісті көріп отыруға мүмкіндік береді. Бірақ, ірі жобаларды орындау кезінде, жұмысшы жиынтықтарын әдейі шектеуге, маңызды дегендерін таңдап, қалғандарын жауып қоюға тура келеді.

Жұмысшы жиынтықтардың фильтрі - жобаны қараған кезде жақсырақ түсінудің жолы. Мысалы, үш инженер-жобалаушы бір жобаны жасап жатыр делік. Орталық файл серверде сақталған, үшеуі де локальді файлдармен жұмыс жасап жатыр. Үш жобалаушыда да орталық файлдан алынған элементтер бар болғандықтан, соңында ортақ файлды редакторлау кезінде проблемалар туындайды. Бұл проблеманың алдын алу үшін, позициямен жұмыс кезінде "Показать статус владения" (кей версияларда Ownership Status) қосып қоясыз, басқалар сіз жұмыс жасап жатқан көріністің айналасындағы қызғылт сары рамканы көреді. Жұмыс істеп болғасын "Отключить экран совместной работы" (Worksharing Display Off) режимін таңдайсыз.

ВМ-жобалау кезінде 3D көрінісі мен параметрикалық модель құруға болатыны, модельден дайын күйінде жоспар, кима, қасбеттер мен ведомостерді алуға болатындығы бізге белгілі.

Бұл мүмкіндік жобаның құжатталу методологиясын күшейтеді. Осы арқылы толықтай келісілген сызбалар алынады, модельді жарықтандыру, энергия тұтыну, материалдар шығыны т.с.с. түрлі анализдерді орындауға қолданады.

Модельмен әртүрлі бағыттағы мамандар жұмыс жасайтындықтан, олардың жұмыстарының өзара байланысы жақсы көрінеді. Мысалы, конструкциялар мен инженерлік

жабдықтардың бір қарағанда бір-біріне байланысы жоқ секілді көрінгенімен, бір модельде біріктірілуі өте жақсы нәтижелер береді.

Инсоляция (күн сәулесінің түсуі) анализі ғимараттың орналасуының дұрыс болуына мүмкіндік береді. Әйнектеу мен қатар, күн энергиясының қосымша түсуіне жағдай жасайды. Ал, геоинформациялық мәліметтер (GIS) жаһандық параметрлер бойынша жыл бойындағы жел жағдайы мен орташа температураны анықтауға мүмкіндік береді.

Кез-келген BIM- жобада жобалаушылардың үш типі болады:

"Архитектор". Ғимарат образына, дизайнына, бөлмелердің сипаттамасына жауап береді.

"Моделировщик". 2D немесе 3D-да ғимаратты құраушы элементтері мен модельге жауап береді.

"Чертежник". Аннотациялар, сызба парақтары, көріністер мен түйіндерді құруға жауап береді.

"Архитектор" - модель құру процесінде конструктивті шешімдердің өміршеңдігін, қабырға типтері, дәліздерені, бөлменің тағайындалуының дұрыстығын қадағалайды.

Архитектордың міндетіне жобаның стандартқа сай келуін бақылау да кіреді. Архитектор ғимаратты модельдеуге қажетті пішінтүзуші (формообразующие) және архитектуралық элементтерді құруға жетекшілік жасайды, жобаны егжей-тегжейлі пысықтап отырады.

«Моделировщик»- айтқанымыздай, жобаның 2D, әсіресе 3D толықтыруларын құрады. Бұларға терезе, есік, қабырға, баспалдақ, қоршау, жиһаз т.с.с. кіреді.

«Моделировщиктің» архитектура, құрылыс ісіне жетік болуы міндеттелмейді. Бірақ, модельдеуде қолданылатын бағдарламаларды жақсы білуі тиіс (Autodesk 3ds Max, ArchiCAD, Google Sketch Up т.б. бағдарламалармен жұмыс істей алуы керек). Revit-ті негізгі инструмент ретінде қолданады. «Моделировщик» міндетіне келесі жұмыстар кіреді:

1. Ғимараттың қорытынды моделі үшін алдыңғы стадияларда құрылған элементтерді ауыстыру;

2. Компоненттердің жаңа әулеттерін құру, бұрынғыларын редакторлау;

3. Модельді қарап отыру, орын алған мәселелерді уақытылы жою.

«Чертежник»- парақтар мен көріністерді құрады, аннотациялармен және т.б. мәліметтермен толықтырады, жобалық құжаттаманың негізгі көлемін орындайды. «Чертежник» міндетіне келесі жұмыстар кіреді:

1. Көріністерді орналастыру мен белгілелерді қою;

2. Өлшемдерді қою;

3. Парақтарды құру;

4. Спецификацияларды орындау.

«Моделировщиктің» рөлі жобаны орындаудың әсіресе, бастапқы стадиясында жоғары болады. Бастапқы стадиядан кейін, әрі тапсырыс берушінің (заказчик) көңілінен шығу, әрі стандарттық талаптарға сай келетін материалдарды, қабырғалар типі мен басқа да конструкцияларды қолдануға кезек келгенде, архитектордың рөлі алға шығады. Концептуальді дизайн стадиясынан бастап көріністер мен парақтарды құратын чертежниктің рөлі маңызға ие бола бастайды. Сондай-ақ жобаға конструкторлық құжаттамамен айналысатын маман да тартылғаны орынды болады. BIM-жобалау процесінде бүкіл коллективтің дұрыс жұмыс жасауын қамтамасыз ету үшін шешуге тура келетін басқа да мәселелер туындауы мүмкін. Жобалаудың аяқ жағында жұмыс тым көбейіп кететіндіктен, жобаны мерзімінде өткізу үшін басшылық жобаға басқа да қызметкерлерді қосуды дұрыс санайды.

Файлдармен жұмысты оптимизациялау:

- Көріністе бейнеленген ақпараттарды бақылап отырған жөн. Көріністе тек қажетті ақпараттың қамтылуын ескеру керек.

-Детализация деңгейін барынша минимизациялаған дұрыс. Егер, 1:100 масштабында жұмыс жасап отырсаңыз, Fine (жоғары) деңгейіне қоюдың керегі жоқ.

-Детальдардың көрінісін минимизациялау керек. Мысалы, терезелердің каркасы алюминийден болса, көріністе ажыратып қойған жағдайда, жұмысыңыз біршама шапшаңдайды.

-Көріністегі элементтер санын азайту керек. Мысалы, ғимараттың сыртқы 3D көрінісі үшін ғимарат ішіндегі электрика, құбыр желісі, жиһаз т.б. қажеті жоқ, сол себепті оларды ажыратып қою керек.

-Тек қажеттілерін ғана модельдеу керек. Жоба шартында қарастырылмаған элементтерді құру қажет емес. Өте ұсақ объектілерді 2D жазықтықтағы сызба түрінде ғана ұсынған дұрыс. Детальдар бірнеше рет қайталанатын болса ғана модельдеген жөн.

-Жобада тәуелділіктердің саны аз болуын қадағалау керек. Артық тәуелділіктер кейін жүйе жұмысының конфликтісіне алып келеді.

-Элементтер геометрияларын басқа бағдарламалардан импорттамай тұрып, ойланып алу керек. Есіңізде болсын, қажетті оперативтік жадыны есептеу үшін, импортталған элементіңіздің өлшемін 20 есеге көбейтесіз.

-Қолданбайтын әулеттер мен топтарды жүйелі түрде өшіріп отыру керек. "Удалить неиспользуемые" командасын таңдағанда, қолданылмаған элементтердің тізімі шығып тұрады. Соның ішінен қажет еместерін таңдап өшіріп отырамыз.

-Модельді құрғанда қайта жөндейтіндей етіп құруға тырысу керек, уақытыңызды да, күшіңізді де босқа шығындамайсыз.

-Аптасына 1 рет локальдік опияны құрып отыру керек. Ұзақ уақыт жұмыс жасаған сайын файлдың да көлемі ұлғайып, жұмыс жасау қиынға соғады.

-Тұтас микрорайондарды жобалау процесінде, модельді бөліктерге бөліп тастаған дұрыс. Жоба біткен соң қайта біріктіріледі.

Өте үлкен ғимараттарды да солай бөлуге болады. Осылай бөліп алып, жұмыс істеу жадыға жүктелетін ақпараттарды жеңілдетеді.

Жоба файлдары периодты түрде бүлінетін кездері болады, себебі әртүрлі: желілік мәселелер, файл көлемі, қателіктердің шамадан тыс көбеюі т.б. Дегенмен, бүлінген жағдайда да абыржудың қажеті жоқ. Бағдарламаны қолдау қызметіне хабарласпай тұрып, келесі қадамдарды орындау керек:

- Ескертулерді тағы бір қарап шығу; Әрбір ескерту жиналып жатырған қателікті білдіреді. Ескертулерді "Управление" қабаттамасынан "Просмотр предупреждений" таңдау арқылы көруге болады. Диалогтық терезеден проблемасы бар жерлерді зерттейміз.

-Файл көлемін кішірейту; Көп жағдайда файлдың бүлінуіне көлемінің шамадан тыс үлкендігі себеп болады.

-Файлды тексеру; Файлды бүлдіруден сақтаудың тағы бір жолы- жүйелі түрде файлға аудит жасап, яғни, тексеріп отыру. Аудит жасау үшін инструментті File Open диалогтық терезесінің сол жақ төменгі бұрышынан таңдаймыз. Аудит файлдың құрылымын тексереді, шыққан қателіктерді жөндеуге тырысады. Локальді файлды да, орталық файлды да тексеруге болады. Тексермес бұрын сақтық үшін, файлдардың копиясын жасап алу керек.

Программа арқылы кейде күтпеген оқыс тәсілдерді қолдануға болады. Мысалы:

- Есептеулерді жасап жатпай-ақ, формуласын енгізуге болады. Программа өзі есептейді.

- Көлбеу төбелерді орындау. Көлбеу төбелерді "Потолок" инструменті мен орындай алмайсыз. Бірақ, "Пандус" инструментімен орындауға болады.

-Жоспарда лифт көрініп тұру үшін, "Проемы" панеліндегі "Шахта" инструментін қолданасыз. Шахта ойығының қимасын көрсеткенде лифтімен қоса шығып тұрады.

- "Ыстық клавиштарды" қолдану үшін, экранның жоғарғы оң жақ бұрышындағы "R" әрпі басылады – "Параметры"- "Пользовательский интерфейс"- "Настроить горячие клавиши".

Ашылған "Гоячие клавиши" диалогтық терезесінен қолданушыға ыңғайлы етіп, "бейімдеу" жасалады.

Керекті элементтер әулетін қажеттілігіне қарай www.revitcity.com сайтынан тегін жүктеледі. "Подсказкалар" мен пайдалы кеңестерді www.augi.com сайтынан алу мүмкіндігі бар. www.aecbytes.com сайтынан BIM технологияларына қатысты заманауи тенденцияларды қарауға болады.

BIM технологияларына қатысты жаңа ақпараттар www.architecture-tech.com сайтында жарияланады.

Әдебиеттер

1. Фил Рид, Энди Кригел, Джеймс Вандезанд: Autodesk Revit Architecture. Официальный учебный курс Autodesk, ДМК-Пресс, 2017г. – 328 с.
2. Карибджанов М. Развитие строительного бизнеса на современном этапе. Проблемы и перспективы. – Астана: Новые технологии в строительстве, 2017. – 213 с.
3. Мухамедиев С.Т. Развитие BIM-технологии в Казахстане // Новые технологии в строительстве. – 2017. – 251 с.
4. <http://www.architecture-tech.com/>
5. <https://www.aecbytes.com/>

GTAMP81.93.29

VPN ЖЕЛІСІНДЕ АҚПАРАТТЫҢ ҚОРҒАЛУЫ

Махамбаева И.У., физика-математика ғылымдарының кандидаты,
Әміртаева Қ. С., Инф-20-1м тобының магистранты.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан Республикасы

Аңдатпа. Мақалада виртуалды қорғалған желілер технологиясын қолдану арқылы ақпарат алмасатын жергілікті желілердің және жеке компьютерлердің ашық ішкі ортасының бірігуі арқылы, виртуалды канал бойынша ақпарат алмасу процесі өтетін технология екендігі қарастырылған.

Кілт сөздер: шифрлау, канал, виртуалды, Tunneling Protocol, Intranet, хост және шлюз.

Аннотация. В статье рассматривается, что технология, посредством которой происходит процесс обмена информацией по виртуальному каналу, путем объединения локальных сетей, обменивающихся информацией, и открытой внутренней среды персональных компьютеров с использованием технологии виртуальных защищенных сетей.

Ключевые слова: шифрование, канал, виртуал, Tunneling Protocol, Intranet, хост и шлюз.

Annotation. The article considers that the technology by which the process of information exchange takes place over a virtual channel, by combining local networks exchanging information and an open internal environment of personal computers using the technology of virtual secure networks.

Keywords: encryption, Channel, Virtual Tunneling Protocol, Intranet, Host and Gateway.

Қазіргі кезде виртуалды қорғалған желілер технологиясы - беделді компаниялардың (банктер, ведомстволар, үлкен мемлекеттік құрылымдар, т.б.) назарын аударып, қызығушылық танытуда.

Бұл қызығушылықтың себебі, VPN – технологиясы белгіленген каналдардағы филиалдардың шығыстарын азайтып қана қоймай, сонымен қатар алмастыруда конфиденциальды түрде жоғары дәрежеде көрсетеді.

VPN технологиясы офистік компаниялар арасында қорғалған туннельдер ұйымдастыруға, сондай – ақ бөлек жұмыс станциялар мен серверлер арасында ұйымдастыру-

ға мүмкіндік береді. Потенциалдық клиенттерге құрылғының кең көлемді спектрі және Пәндік облыс ұсынылады. Бұл виртуалды қорғалған желілер үшін қажет.

VPN технологиясы көмегімен көптеген компаниялар өздерінің қолданушы есебінен Интернет желісіндегі ақпараттарды тасымалдау тәсілі ретінде қолданып, пайдаланады, оның өмірлік маңызы зор.

VPN классификациясының белгілері әр түрлі болып табылады. Көптеп кездесетін негізгі түрлері:

- «жұмысшы» OSI моделінің деңгейі;
- VPN техникалық шешімінің архитектурасы;
- VPN техникасын жүзеге асыру тәсілдері;

OSI моделі деңгейінің «жұмысшыларға» арналған VPN классификациясы:

Қауіпсіз берілгендерді тасымалдау технологиясына мына жалпы қорғалған канал (Secure channel) деп аталатын термині қолданылады. «Канал» термині - берілгендер екі түйіндік желі аралығын (хост және шлюз) қамтамасыз етеді деген мағынасында қолданылады.

Қорғалған каналдарды жүйелік тәсілмен құруға болады, олар OSI моделінің ашық жүйесінің әр түрлі деңгейімен өндіріледі, 1-кесте.

1-кесте. Рұқсатсыз кіруден қорғау протоколдарының деңгейлері

Рұқсатсыз кіруден қорғау протоколдары	Қолданбалық	Қосымшаларға әсер етеді
	Өкілдік	
	Сеанстық	
	Транспорттық	Қосымшалар үшін әсер етпейді
	Желілік	
	Каналдық	
Физикалық		

VPN классификацияларын «жұмыстық» OSI моделінің деңгейлері маңыздылық танытады, яғни таңдалған OSI деңгейлік VPN технологиясын жүзеге асырады және басқа да қорғаныш тәсілдерімен байланысты.

OSI моделінің деңгейін «жұмысшы» белгілері бойынша келесі VPN тобын бөліп қарастырамыз:

- VPN каналдық деңгей;
- VPN желілік деңгей;
- VPN сеанстық деңгей.

VPN каналдық деңгей. VPN тәсілдері, OSI моделінің каналдық деңгейінде қолданылатын, үшінші (және жоғары) деңгейлі трафиктер әртүрлілігінің инкапсуляциясын қамсыздандыруға және ол «нүкте - нүкте» (маршрутизатордан маршрутизаторға немесе персоналдық компьютерден ЛВС шлюзіне) деп аталады. Сонымен қатар виртуальды туннельдік типін құру мүмкіншілігін береді. Бұл топқа VPN өнімдері жатады: L2F (Layer 2 Protocol) сонымен бірге L2TP (Layer 2 Tunneling Protocol) стандарты, Cisco Systems - Microsoft фирмасымен жасалған.

VPN желілік деңгей. VPN өнімдері желілік деңгейдің IP-ны IP-ға инкапсуляциясын орындайды. IP пакетін туннельдеу және шифрлау үшін, сонымен бірге аутентификациялау үшін осы деңгейлердің кең тараған IP Sec (IP Security) деп аталатын протоколы қолданылады. Internet Engineering Task Force (IETF) стандарттық консорциумы IP Sec протоколы өзіне барлық ең жақсы шешімдерді, пакеттердің шифрланғанын бойына жинады және IPv6 протоколына негізгі компонент ретінде кіруі ықтимал.

IP Sec протоколымен IKE (Internet Key Exchange) протоколымен байланысты, қауіпсіз тапсырмаларды шешуді және криптографиялық кілттер арасындағы жоғалған құрылғыларды алмастыруды жүргізеді. IKE протоколы кілттер арасында алмастыруды автоматтандырады және қорғалу байланысын орнатады, сонда IP Sec пакеттерді «бейнелейді» және кодтайды. Сонымен қатар IKE жасалған байланыстардың кілттерін өзгертуге мүмкіндік береді, яғни бұл ақпараттарды тасымалдауда жоғары дәрежеде көрініс табады.

VPN сеанстық деңгей. Кейбір VPN – дер «канал аралық» (circuit proхu) деп аталатын басқа да мағыналарында қолданыла береді. Бұл әдіс транспорттық деңгейлерді функционалдайды және Internet желісіндегі әрбір сокетті жеке-жеке қорғайды. (Сокет IP ICP – байланысының комбинациясын және UPP берілгендер портын немесе негізгі портты идентификациялайды. TCP/IP стекі бесінші - сеанстық – деңгейін иемденбеген операцияларында оларды *сеанстық деңгейлер операциясы* деп атайды).

Ақпараттарды шифрлау – туннельдердің терминаторымен инициаторы арасында берілетін, TLS (Transport Layer Security) транспорттық деңгейлердің қорғалуы көмегімен жиі жүзеге асырылады. Аутентификациялық стандарттау үшін экран аралық консорциумы арқылы IETP Socks атты протоколын анықтады және қазігі таңда Socks V5 протоколы канал аралық стандарттауды жүзеге асыру үшін қолданылады.

Шешімдердің техникалық архитектурасы бойынша 3 негізгі виртуальды желілердің жеке түрлерін белгілеу енгізілген:

- ішкі корпоративтік VAN (Intranet VPN);
- VPN пайдаланушысы (Remote Access VPN);
- Аралық корпоративтік VPN (Extranet VPN).

Ішкі корпоративтік VPN желісі қорғалған әрекеттердің мекемелердің ішкі бөлімдері немесе мекемелердің топ аралық біріккен корпоративтік желілер байланысын, белгіленген сызықтарды қоса қамсыздандыру үшін арналған желі болып табылады.

Рұқсатсыз кіруден қорғау VPN желісі – мобильді корпоративті ақпараттық ресурстар немесе компаниялар үшін арналған желі.

Аралық – корпоративтік VPN желісі – қорғалған ақпараттарды алмастыруда стратегиялық бизнес бойынша қызметтестермен, поставщиктермен, ірі тапсырыс берушілермен, қолданушылармен, клиенттермен, т.б. тығыз байланысты. Extranet VPN бір компания желісінен басқа компания желісіне тікелей байланыс орнатады және сол байланыстың жоғарғы дәрежеде жұмыс жасауын қамтамасыз етеді.

Айта кететін жайт, соңғы уақытта әртүрлі VPN конфигурациясының конвергенциясына деген тенденция қатаң түрде қолға алынуда[6].

Ақпаратты берудің ашық ішкі ортасы Интернет желісін қолданатын жылдам мәлімет беру каналдары, сонымен қатар әдетте телефон желісі каналдары болатын жай байланыс каналдары болып табылады.

Ақпараттың қауіпсіздігін сақтау үшін инкапсуляция немесе туннельдеу қолданылады. Туннельдеу әдісі арқылы берілгендер пакеті жалпы желі арқылы беріледі.

Әрбір «жіберуші-ақпаратты қабылдаушы» жұптарының арасында логикалық байланыс – өзіндік туннель орнайды. Ол бір протокол мәліметтерін басқалардың пакетіне инкапсуляциялау үшін қажет.

Туннельдеу ұғымы инкапсуляциялау, яғни ақпаратты жаңа канвертте орау дегенді білдіреді. Мұнда протокол пакеті өте аз деңгейде болса да, өте жоғары немесе өзінікіндей деңгейдегі мәліметтер өрісіне орналасады.

Туннельдеу ақпаратты санкцияланбаған қол жеткізуден қорғамайды, бірақ ол арқылы ақпаратты толық криптографиялық қорғау мүмкіндігі туады. Ақпаратты беруші берілетін ақпаратты қорғау үшін шығыс пакеттерін шифрлайды, оны ішкі пакетке жаңа IP-тақырыппен жазып қояды және транзиттік желі бойынша жібереді.

Қорғалған каналдың соңғы нүктесіне келгенде ішкі пакеттен бастапқы пакетті шығарады, шифрын ашады және әрі қарай қолдана береді.

Туннельдеу пакет мазмұнының тұтастығын сақтау үшін ғана емес, сонымен қатар аутенттілігін сақтау үшін қолданылады. Мұнда электронды цифрлы жазбаны пакеттің барлық өрістеріне орналастыруға болады.

Туннельдеу механизмі қорғалған каналдар жасаудың әртүрлі хаттамаларында кеңінен қолданылады. Әдетте туннель ақпараттың тұтастығы мен мазмұндылығы бұзылуға қауіп бар жерде, ашық желі бөліктерінде құрылады. Мұнда ішкі пакеттер үшін шекаралық маршрутизаторлар адресі қолданылады.

Туннельдеу логикалық ортада басқа протокол қолданатын бір протокол пакеттерін беруді ұйымдастырады. Нәтижесінде бірнеше әр түрлі желілердің өзара әсерінің проблемалары шешіледі.

Әдебиеттер

1. В.Ф. Шаньгин Защита информации в компьютерных системах и сетях. 2-е изд.- М: Радио и связь, 2002. - 328 с.
2. В. Столлингс Основы защиты сетей. Приложения и стандарты. М.: «Вильямс», 2002. - С. 432.
3. Ю.С. Сидорин Технические средства защиты информации: Учеб. пособие СПб.: Изд.-во «Политех.универ.», 2005г. - 141с.
4. В.Г. Проскурин Защита программ и данных / М.: «Академия» - 2011г. – 208с.
5. И.У. Махамбаева, Г.Ж. Нұрова Ақпараттық қауіпсіздік негіздері. Қызылорда: «Ақмешіт баспа үйі», 2016.-171б.
6. А.Ж. Сейтмуратов, И.У. Махамбаева Криптологияның математикалық негіздері. Оқу құралы, Қызылорда қ., ГИС Плюс баспаханасы. - 2020ж. – 220 б.

FTAMP 81.93.29

КРИПТОГРАФИЯЛЫҚ ӘДІСПЕН ШИФРЛАУ ЖҮЙЕСІН ҚҰРУ

Махамбаева И.У., физика-математика ғылымдарының кандидаты,
Бекишева А., Инф-20-1м тобының магистранты.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан Республикасы

Андағна. Бұл мақалада деректер мен хабарлардың әлдеқайда қауіпсіз сақталуы мен таратылуы үшін оларға код тағайындауға арналған стандарттар мен хаттамалар жиынтығынан тұратын криптографиялық әдістер қарастырылған. Ақпараттың таралым ортасы сенімсіз болса, файлдарыңызды шифрлау үшін криптографияны қолдана аласыз — басқа адамның оны түсінуі мүмкіндігі азаяды және деректердің біріктірілуі олардың құпиялылығы қамтамасыз етіледі.

Кілт сөздер: криптография, шифр, симметрия, кодтау, құпия кілт, криптожүйе.

Аннотация. В этой статье рассматриваются криптографические методы, состоящие из набора стандартов и протоколов для присвоения им кода для более безопасного хранения и передачи данных и сообщений. Если среда распространения информации ненадежна, вы можете использовать криптографию для шифрования ваших файлов — вероятность того, что понимание другого человека, уменьшится, а интеграция данных обеспечит их конфиденциальность.

Ключевые слова: криптография, шифр, симметрия, кодирование, секретный ключ, криптосистема.

Annotation. This article discusses cryptographic methods consisting of a set of standards and protocols for assigning them a code for more secure storage and transmission of data and messages. If the information distribution environment is unreliable, you can use cryptography to encrypt your files — the likelihood that the other person's understanding will decrease, and the integration of data will ensure their confidentiality.

Keywords: cryptography, cipher, symmetry, encoding, secret key, cryptosystem.

Криптография (*κρυπτός* — жасырын және *γράφω* — жазамын) - деректер мен хабарлардың әлдеқайда қауіпсіз сақталуы мен таратылуы үшін оларға код тағайындауға арналған стандарттар мен хаттамалар жиынтығы. Таралым ортасы (мысалы, Интернет) сенімсіз болса, сіз өз сезімтал файлдарыңызды шифрлау үшін криптографияны қолдана аласыз - басқа адамның оны түсінуі мүмкіндігі азаяды және деректердің біріктірілуі олардың құпиялығын сақтау сияқты қамтамасыз етіледі.

Сіз сандық қолтаңбалар мен куәліктерді пайдалана отырып, шифрланған деректер мен хабарлардың түпнұсқасын тексере аласыз. Криптографиялық әдісті қолдану кезінде криптографиялық кілттер құпия түрінде сақталуы тиіс. Дегенмен, алгоритмдер, негізгі өлшемдер және файл пішіндері қауіпсіздікке нұқсан келтірмей, ортақтастырылады.

Криптографияның екі іргелі әрекеті шифрлау және шифрды анықтау болып табылады. Шифрлау түпнұсқа ақпаратты шығара алмайтындай етіп деректі кодтау болып табылады. Ал шифрды анықтауда кодталған дерек криптографиялық кілттерді пайдалана отырып түпнұсқаға қайта оралады.

Құпия кілті бар криптографиялық жүйелер симметриялық деп аталатын құпиялықта сақталатын ақпараттармен және толық ақпараттарды бақылауды қамтамасыз етудің мәселелерін шешеді. Осы тапсырмалардың біріншісі біркілтті криптографияларды анықтайды.

Ең басты сұранысы симметриялық шифрлардың сапасы саналады. Сөзсіз ұзаққа шыдайтын криптожүйелер болып біркілтті шифрлары бар қолданылады. Мұндай шифрлар шифрлау, шифрдан шығу процедурасында барынша жай, бірақтан кілтті материалдардың үлкен көлемін таныстыруын сұрайды және олардың өте қымбат екенін айтады.

Кілттерді бөлу тапсырмаларды қорғау каналдары бойынша фундаментальды болып саналады. Оның есептеуі барысында кілттердің аутентификация тапсырмасы есептеледі. Шынында, алушы тек құрал кілтті ғана алуы тиіс емес бірақ осы кілттің заңды түрде жіберілгеніне көзін жеткізу керек. Белгілі бір дәрежедегі құпия кілттердің болудың мәселесі түп нұсқаландырудың мәселесіне қарай тартады. Осы түрде иемденім, екінші іргелі, мәселе болып саналады. Нақтырақ, ол екі кілттің криптографияда құпия кілттердің экономикалық және ыңғайлы тетіктердің бөлінуін таныстырады. Бұл сұрақтар төменде қарастырылатын болады.

Шифрдің абсолютті бағанында шифрмәтіндік негізінде шабуылдардың қарым-қатынастары қарастырылады. Шынында, егер кілт бір еселіге қолданылса, сонда шабуылдар танымал немесе арнаулы мәтіннің негізінде мағынасын жоғалтады. Практикада көптеген басқа түрдегі шифрлар тарату мүмкіндігін соңғы кілті бар шифрлар алды. Мұндай шифрлар шартты баған болып саналады. Әрқашан шифрлаудың анықтау кілтінің теориялық мүмкіншілігі барлық кілттердің кеңістік жолын иемденеді, егер шифр мәтін бар болса, бірлік аралығын көтеру қажет. Бірақтан практикада мұндай шабуыл көп қолданылады. Осыған байланысты мұндай шифрларды практикалық баған деп те атайды.

Егер шабуылдарды белгілі немесе арнаулы мәтіндер негізінде қарастыратын болсақ онда кілттерді есептеудің кейбір тәсілдері табылуы мүмкін. Шифрлау алгоритмі мынандай болуы тиіс, шабуылдар алгоритмін жоғары есептеуіштің күрделігін қамтамасыз ету барысында бағалау. Осыған байланысты мұндай шифрларды бағанды деп те атайды.


Есептелінген бағанды шифрлар теориялық криптожүйелермен салыстырылуын, кең көлемде қолданылуын практика жүзінде тапты, олар кемшіліктердің практикалық қолданылуында маңызды қатарлардан бос, абсолюттік бағанға жету мақсатымен жүзеге асырылады. Технологиялық кемшіліктерден басқа есептеуіш бағанды шифрларға өту жаңа сапасы криптожүйелермен екікілтті шифрларды құруға мүмкіндік береді, алайда ашық кілті бар криптожүйелер алынады. Соңғы терминде жалпыға белгілі кілттердің қолданылуының мәні ескеріледі. Құпия кілттердің жедел қолданылуы белгілі, ол қаншалықты әр түрлі типті шифрларға жедел қажет.

Екі кілтті шифрларға кіретін криптографиялық хаттамалардың құрылуының мүмкіншілігі, қарама-қарсы жақтағы есептерді шығаруы, бірін-бірі сенбестігі болып саналады. Мұндай мүмкіншіліктің байланысының пайда болуы екікілтті шифрлардағы кілт кейбір тұтынушылардан өндейтін оған ғана белгісі қалады. Біркілтті криптожүйелер негізіндегі хаттамалардағы қарама-қарсы жақтың бір-біріне сенетіндігі берілгендерде шешіледі, алайда құпия кілт екі жақта да белгілі болуы тиіс.

Екі кілтті шифрлар негізінде құрылған хаттамалардың тапсырмасын өткізу үшін ашық кілттің басқа да бағыттағы білімдері қажет етіледі. Мысалы, электрондық сандық қолтаңбалардың кейбір құжаттарына құны кілт өңдеу үшін қолданылуы мүмкін. Егер де кем дегенде бір хаттаманың қатысушысы кілтті білетін болса, онда ол да осындай қолтаңбаны жасай алатын еді, егер де қатысушыларды біркелкі орнату және осы құжаттарға қол қою мүмкін емес еді. Қолтаңбаның дұрыстығын тексеру сұрағы ашық кілттердің қолданылу барысында шешіледі. Осындай тәсілмен бір ғана жақ құжатқа қол қоя алады және құпия кілттің егесі болып саналады, ол қолтаңбаны әрбір адам тексере алады.

Симметриялық криптожүйелерде қолданылатын криптографиялық әдістерді мынадай топтарға бөлуге болады: жай ауыстыру, орын ауыстыру, гаммалау және блоктық шифрлар.

Жай ауыстыру шифрында алфавиттің әрбір әрпіне белгілі бір әріп, цифр, символ немесе олардың қисындасуы сәйкес келеді. Олардың қарапайым және күрделі түрлері бар. Қарапайым ауыстыру шифрларының мысалы: Полибий квадраты, Цезарь шифры, Тритемиус шифры, Кардано торы, Плейфер шифры және т.б. Күрделі ауыстыру шифрларының мысалы ретінде Вижинер квадратын, бірретік шифрлауыш жүйесін, Гронсфельд шифрын, Уитстонның "қос квадрат" шифрын, Вернам әдісін және т.б. келтіруге болады.



1-сурет. Симметриялық криптожүйелерді түрлендірудің кластары.

Орын ауыстыру шифрында хабардың әріптері қандай да болмасын бір тәсілмен өзара орын ауыстырылады. Мысалы: бағдарғылық және баған-бағандық транспозициялар, шифрлайтын кестелер, сиқырлы квадраттар және т.б.

Блоктық шифрлар шифрланатын мәтінің бөлігіне қолданылатын түрлендірудің негізгі әдістерінің тізбегі болып табылады. Бұл шифрлар олардың жоғары криптоберіктілігінің арқасында практика жүзінде жиі пайдаланылады. Мысалы, Ресейлік ГОСТ және америкалық DES шифрлау стандарттары осы блоктық шифрлар негізінде құрылған.

Гаммалау арқылы шифрлау - шифрланатын мәтінің символдары шифр гаммасы деп аталатын кейбір кездейсоқ тізбек символдарымен қосылады. ЭЕМ көмегімен шексіз шифр гаммасын жасауға болатындықтан, автоматтандырылған жүйелерде ақпаратты шифрлайтын негізгі әдістердің біреуі болып табылды.

Ауыстыру шифрлары.

Шифрланатын мәтінің символдарын ауыстырумен шифрлаған кезде ауыстырудың алдын ала қойылған ережесіне сәйкес сол немесе басқа алфавиттің символдарымен ауыстырылады.

Қарапайым ауыстыру шифрында бастапқы мәтінің әрбір символы мәтінің соңына дейін сол алфавиттің бірдей символдарымен ауыстырылады (бір алфавиттік ауыстыру шифрлары деп аталады).

Полибий квадраты.

Полибий квадраты қарапайым ауыстырудың алғашқы шифрларының бірі болып есептеледі. 5x5 квадраттың әрбір орнына кездейсоқ түрде алынған бір әріп жазылады (2-сурет). Грек алфавитінің әріптерімен толтырғанда бір орын бос қалған, ал латын алфавитінің әріптерімен толтырғанда бір орынға екі әріп (i және j) жазылған.

λ	ε	υ	ω	γ
ρ	ζ	δ	σ	ο
μ	η	β	ξ	τ

а) грек алфавиті

A	B	C	D	E
F	G	H	I,J	K
L	M	N	O	P
Q	R	S	T	U
V	W	X	Y	Z

б) латын алфавиті

2-сурет. Полибий квадраты.

Полибий квадраты көмегімен шифрлау кезінде ашық мәтіннің кезекті әрпінің орнына сол бағанда одан төмен орналасқан әріп шифрмәтінге жазылады. Егер ашық мәтіннің әрпі кестенің төменгі қатарында болса, онда шифрмәтін үшін осы бағанның ең жоғарғы әрпі алынады. Мысалы, *ψαυροσ* сөзі үшін *χφδμτξ* шифрмәтін шығады. Егер әрбір әріпті екі санмен (қатардың және бағанның нөмірі арқылы) белгілесек, онда бастапқы мәтін мынадай 41 44 13 21 25 24 сандар тізбегімен шифрланады.

Әдебиеттер

1. Шаньгин В.Ф. Защита информации в компьютерных системах и сетях. 2-е изд.- М: Радио и связь, 2002. - 328 с.
2. Столлингс В. Основы защиты сетей. Приложения и стандарты. М.: «Вильямс», 2002. - С. 432.
3. Сидорин Ю.С. Технические средства защиты информации: Учеб. пособие СПб.: Изд.-во «Политех.универ.», 2005г. - 141с.
4. Проскурин В.Г. Защита программ и данных / М.: «Академия» - 2011г. – 208с.
5. Махамбаева И.У., Нұрова Г.Ж. Ақпараттық қауіпсіздік негіздері. Қызылорда: «Ақмешіт баспа үйі», 2016.-171б.
6. Сейтмуратов А.Ж., Махамбаева И.У. Криптологияның математикалық негіздері. Оқу құралы, Қызылорда қ., ГИС Плюс баспаханасы.-2020ж. – 220 б.

FTAMP 14.35.09

«ТІРШІЛІК ҚАУІПСІЗДІГІ НЕГІЗДЕРІ» ПӘНІНЕН НАҚТЫ ЖАҒДАЯТТАРДЫ ТАЛДАУ ӘДІСТЕМЕСІ

Ермуханова Н.Б., PhD.

Нуржанова Д.Б., техника ғылымдарының магистрі,

Ташимова А.А., техника ғылымдарының магистрі,

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан Республикасы

Аңдатпа. Мақалада «Тіршілік қауіпсіздігі негіздері» пәні бойынша нақты жағдаяттарды талдау әдістемесі сипатталған. Нақты жағдаяттарды талдау әдісі бұл шынайы ойындық емес, белсенді оқыту әдісіне жатады. Бұл кейс материалдары тәжірибелік және студенттердің оқытушымен өзіндік жұмыстарында пайдаланылады.

Кілт сөздер: нақты ситуация, жағдаят, оқытудың кредиттік жүйесі, білім алушының өзіндік жұмысы, интерактивті әдістер, презентация, кері байланыс ұсыну, “Quiz maker” бағдарламасы.

Аннотация. В данной статье охарактеризованы методы конкретных ситуаций и учебно-методические материалы по дисциплине «Безопасности жизнедеятельности». Метод конкретных ситуаций относится к неигровым имитационным активным методам обучения. Материалы конкретных ситуаций используются на практических занятиях, а также на занятиях самостоятельной работы студентов с преподавателями.

Ключевые слова: кейс, ситуация, кредитная технология обучение, самостоятельная работа обучающегося, интерактивные методы, презентация, рефлексия, программа “Quiz maker”.

Annotation. In this article, the use of methods of specific situations and educational materials on the discipline of "Life Safety" are characterized. The method of concrete situations refers to non-game simulation active methods of training. These materials are used in practical lessons, as well as on lessons individual works of students with teachers.

Keywords: case, situation, credit technology education, self employed work, interactive methods, presentation, reflection, program "Quiz maker".

Оқытудың кредиттік жүйесі кезінде білімді алдын-ала меңгеру өзіндік жұмыс ретінде жүзеге асырылса, ал алынған білімдерді түзету, тереңдету, бекіту және дағдыға айналдыру аудиториялық сабақтарда оқытушының қатысуымен жүргізіледі және міндетті бақылау жүзеге асырылады. Оқытушы кредиттік технология жағдайында білім алушылардың өзіндік танымдық қызметінің ұйымдастырушысы болып табылады. Оқытушыға қазіргі заманғы интерактивті әдістерді меңгеру қажеттілігі, оқытылатын пәні бойынша силлабус пен кешенді құрастыру, сабақтың тиімді нысанын таңдау, студенттердің өзіндік жұмысын тиімді ұйымдастыруға сынды талаптар қойылады [3].

Білім алушының өзіндік жұмысы барлық танымдық іс-әрекетте шығармашылық ойлауды дамытатын және интеллектуалдық қабілетін оятатын білім алушының жеке жұмысының нысаны ретінде келесілерді қарастырады:

- лабораториялық және практикалық сабақтарын, курстық және бітіруші біліктілік жұмысын, семинарлар мен коллоквиумдарды, сынақтар мен емтихандарды, аралық және қорытынды бақылауды, сонымен қатар үй тапсырмаларын орындау барысында оқу материалдарын тереңдету мен бекітуді;

- ғылыми және техникалық әдебиеттермен жұмыс жасау тәжірибесін игеру, есептеу техникасын, тәжірибе жүргізуге, ақпаратты өзінше ізденуге, ғылыми-зерттеу және шығармашылық қабілетін жетілдіруді;

- білім алушының алған білімдерін тереңдету, бекіту, шығармашылық қабілеттерін арттыру;

- БӨЖ сағаттары күнделікті өзіндік жұмыстарына арналған тапсырмалармен расталуын, дәлелденуін қарастырады.

Оқытушының басшылығымен студенттердің өзіндік жұмысын (СОӨЖ) жүргізудің негізгі әдістеріне кейс әдісін пайдалану талдау жатады. Кейс - технологиясы (ағылшынның case – потрфель) оқытудан жасалынған әдістемелік материалдармен іске асырылады [1], 1-кесте.

Нақты жағдаяттарды талдау әдісі бойынша нақты ситуация (кейс) – бұл жағдайларға көзқарасын білдіретін кейстің авторына тән, нақты фактілер мен жағдайлардың суреттелуі. Кейстер студенттерге талдаулардың еркін іздеу жолын және мәселелерді шешу жолдарын ұсынады. Кейсті талдау барысында студенттер бір бірімен нақты коммуникациялық байланысты орнатады.

Кейс құрудың этаптарына мыналар жатады:

1. Студенттерді топтарға бөлу (3-5 адам);

2. Кейс материалдары мен жағдаятпен таныстыру;
3. Топтарда бір немесе бірнеше шешімдерді табу;
4. Топтардың баяндамасын тыңдау;
5. Кейс құрудың мақсаттарын анықтау және тапсырмаларды орындау регламенті;
6. Топтардың қабылдаған шешімдерін салыстыру, талқылау;
7. Өзін-өзі бағалау;
8. Кейс шешімдерін өзара бағалау;
9. Кері байланыс ұсыну / рефлексия.

1-кезең – студент мәтіннің жағдайын жеке оқып-зерттейді, онда көрсетілген мәселені сәйкестендіруге және шешімін табуға тырысады, зерттеу процесінде кейбір сұрақтар және жауаптар анықталады.

2-кезең – шағын топтарда жұмыс жасай отырып студенттер жағдайға қатысты өздерінің көзқарастарымен алмасады, мәселенің жалпы түсінігін және шешу жолдарын іздейді.

3-кезең – оқытушымен жүргізілетін топтық талқылау процесінде нақты жағдайдың мазмұнын талдау, мәселенің диагностикасы және дәл сәйкестендірілуі, оны шешу әдістерін іздестіру жасалады. Осыған сәйкес «Тіршілік қауіпсіздігі негіздері» пәнінен «Жер сілкіну және оның алдын алуда жүргізілетін іс-шаралар» тақырыбына дайындаған кейстің SMART мақсаттары былайша қарастырылды.

S – жер сілкірудің алдын алу шараларымен жер сілкінуі ықтимал аймақтарда адамдардың тірі қалу мүмкіндіктерін арттыруды қарастыру;

M – жер сілкіну түрлерін талдап алғашқы көмектің көрсетілетін уақыты мен оның сапасын анықтау;

A – жер сілкірудің зардаптарын азайту үшін салыстырмалы қауіпсіз орындарды ұсыну;

R – жер сілкіну кезіндегі алғашқы көмек шараларының практикалық дағдысын қалыптастыра отырып ұсынылған тапсырмаларды орындау;

T – 50 минут.

Кейс көлемі оқу мақсаттарына, кейс тұрпатына, мақсатты топ құрамына, статистика және басқа да ақпараттың болуымен анықталады [5]. Кейстің орындалуына қойылатын жалпы талаптар 1-кестеде келтірілген.

1. Кейс білім алушыға бағытталуы қажет (яғни, студент үшін мәнін түсінуге құрылымы жеңіл және қызықты болуы қажет).

2. Кейс – бұл іскерлік ойын емес, тапсырма немесе жаттығу емес. Кейс шынайы ақпаратқа негізделуі қажет, ойдан шығарылған түсініктер нақты түрде көрсетіле алмайды.

3. Кейс іс-әрекет динамикасымен ерекшеленуі қажет, онда етістіктер көп болуы қажет. Мәтінді ұсыну өткен шақта жүргізіледі және негізделген жағдаяттар шынайы ақпараттарға негізделіп құрылады. Кейс мазмұнды болуы қажет. Ол студенттер тобында конструктивті талқылауды ұстап отыру үшін түрлі реакциялар мен ойларды тудыруы қажет [4].

Осыған сәйкес «Жер сілкіну және оның алдын алуда жүргізілетін іс-шаралар» тақырыбына арналған кейс әдісінің жағдаятына төмендегіше тапсырмалар қарастырылды [5].


Жағдаят құрған: _____ оқу тобының студенті _____:

Жер сілкінген аймақта құтқару жұмысы бірнеше күн бойы жүріп жатқан. Құтқарушылар үйінділерден адамдарды босатып, бірнеше күн өткен соң, енді қосалқы басқа да инженерлік жұмыстарды атқаруға кеткен. Кенеттен құтқару аймағындағылар плиталардың арасында қысылып қалған екі адамды көріп, оның тірі екенін байқайды. Тез арада сол жерде бар адамдарды көмекке шақырады да үйінді астынан оның біреуін алып шығады да, алғашқы көмек береді. Бірақ өкінішке орай, үйіндіден шығарылған адам 20 минут өткен соң көз жұмады. Ал екінші адамды алып шығуға мүмкіндіктері жетпеген соң, құтқарушыларды шақырады. Олар үйінділерден екінші зардап шегушіні босатып алып шығады және оған да алғашқы көмек береді. Екінші адам тірі қалады. Сіздердің ойларыңызша...

Кейске құрылған жағдаятты талдау мен оның шешімін қорғау кейстің негізгі міндеттерінекіреді, 1-сурет.

1-кесте. Оқытушының басшылығымен студенттердің өзіндік жұмысын (СОӨЖ) жүргізудің негізгі әдістері

№	Әдістері	Мазмұны
1.	Қысқа эссе жазу	Бұл шағын көлемдегі еркін композиция, онда нақты бір сылтау немесе тапсырмалар бойынша жеке ойлар мен көзқарастар беріледі
2.	Түсіндірме сөздік	Берілген пәнге қатысты терминдерді талқылауға өзіндік жеке дайындық. Әрбір студент глоссарий дайындау үшін бөлек дәптерді міндетті түрде арнауы тиіс, онда пән бойынша негізі түсініктер сөздік түрінде тіркеліп отырады.
3.	«Білім ағашы»	Оқытушы тақтаға бірнеше бұтақтары бар ағаш талын салады, студенттер алдыңғы сабақ бойынша өтілген негізгі түсініктерді байланысы бойынша ретімен жазып шығады. Оқытушы түсініктердің «логикалық байланысы» бойынша дұрыстығын тексереді.
4.	Презентация	Оқытушы студенттерге дайындауы үшін презентацияның тақырыбын анықтап береді. Студенттер топтарға бөлінуі тиіс. Топ мүшелері өздерінің ойларын айта отырып, түсінген немесе түсінбеген аспектілерін хабарласа отырып жұмыс жасайды.
5.	Нақты ситуацияларды талдау әдісі	Нақты ситуация (кейс) – бұл жағдайларға көзқарасын білдіретін кейстің авторына тән, нақты фактілер мен жағдайлардың суреттелуі. Кейстер студенттерге талдаулардың еркін іздеу жолын және мәселелерді шешу жолдарын ұсынады. Кейсті талдау барысында студенттер бір бірімен нақты коммуникациялық байланысты орнатады.
6.	«Миға шабуыл»	Коллективтік талқылау әдісі, барлық қатысушылардың ойлары шешім қабылдауда еркін білдіріледі.
7.	Топтық жоба	Сабақ үстіндегі негізгі жұмыс нысаны бұл топтық жұмыс болып табылады. Егер әрбір топ бірдей тапсырма шешетін болса (бір объектінің жұмысын зерттейтін болса) онда әр түрлі деңгейдегі топтарды құру мақсатты болып табылады. Әңгімелесу немесе талқылау процесінде мәселелі сұрақ туындайды, алдағы уақытта зерттелетін білімдердің маңыздылығы мақсаты, тапсырмалары айқындалады.
8.	Рольдік ойындар	Бұл білім берудің белсенді әдісі болып табылады. Онда студенттер басқа адамның роліне кіреді. Қатысушылардың басты мақсаты - рольге кіріп кейбір сценарийге байланысты оны еркін ойнап шығу. Ойында әдетте студенттердің шешім қабылдауға міндетті ситуациялары беріледі. Рольдік ойындар басқа бір адамды түсіну мен сезіне білуге мақсатталған, онда білім алушының мінез-құлқының моделі қалыптасады, өзінің көзқарасын білдіруі мен шешім қабылдау қабілеті артады.
9.	Іскерлік ойындар	Басқарушылық шешім қабылдау бойынша мамандар басшылар, экономистер, заңгерлер қызметтерінің процесі модельденеді. Рольдер ойынға қатысушылар арасында бөлінеді.
10.	Топтық талдау	Ұсынылған тақырыпты талқылау үшін немесе мәселені шешу үшін топ 3-6 адамнан тұратын шағын топтарға бөлінеді. Әріп шағын топтан бір адам таңдап алынып, ол адам топтың нәтижелерін барлық топтарға айтып береді.



1-сурет. Кейс міндеттері.

Кейс құруға арналған сұрақтарға берілген тақырып бойынша:

- негіз құраушы сұрақтар
- пәндік сұрақтар
- проблемалық сұрақтар құру кіреді. Оны құру тікелей жетекші басшылығымен жүргізіледі.

Кейсте көрнекілік түрінде кестелер және графиктер көп болуы қажет, бірақ барлық ақпарат мәнді және шынайы болуы керек.


Кейске тікелей редакторлық түсініктеме қосылмайды, бірақ бір қатысушының тікелей сөздері қосылуы мүмкін. Техникалық терминдер және өнімдердің сипаттарын қолдану кезінде қосымша дерек көздерін қажет етпейтін түсінікті түсініктемелер қосылуы қажет[4].

Кейс мәселе себептерін ашуға жақындау үшін кезек-кезегімен шешілетін мәселелерден тұруы қажет. Кейстің мәселелерін қортындылау кезеңдеріне тест тапсырмаларын орындау да жатады. Осы мақсатта «Тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі негіздері» пәні бойынша өткізілген «Жер сілкіну және оның алдын алуда жүргізілетін іс-шаралар» тақырыбы бойынша «Quiz maker» бағдарламасында жасалынған тест сұрақтары пайдаланылды, 2-, 3-суреттер.


Тест тапсырмаларын құру негізгі, тақырыптық, проблемалық сұрақтар негізінде қарастырылады. Осы бағдарламалар негізінде тестті бірнеше деңгейде құруға болады. Ол екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз сұрақтан құрылып (2-, 3-сурет), бір, екі, үш жауаптан тұруы мүмкін.

Кейс-технология – оқытушылардың дәстүрлі және қашықтықтан кеңес беруін ұйымдастыру кезінде мәтіндік, аудиовизуалдық, мультимедиялық оқу-әдістемелік материалдарды жинау және оларды пайдаланушылардың өз бетінше меңгеруі үшін жіберуге негізделген.

Кейс құру кезінде тақырыптың өмірмен практикамен байланыстылығы ескерілуі тиіс. Нақты жағдаяттарды талдау әдістері негізінен кейс-әдістің күнделікті өмірде, кәсіби тәжірибеде кездесетін түрлі жағдаяттарда шешім жасауға негізделген пікірталас сипатындағы оқыту әдісі. Оқу процесінде студенттерге жақсы таныс, шынайы өміріне жақын, бұрын кездескенімен, білімі мен білігінің кемдігінен шеше алмаған жағдаяттарды таңдаған жөн. Аталған сабақ тақырыбына сәйкес жасалған кейс әдісінің жағдаятының шешімі осыдан он жыл бұрынғы шешімге сәйкес болмауы мүмкін. Себебі ғылымның дамуы тоқтап қалмайды, кемелденеді. Оның мысалы қазіргі алғашқы көмектің жетілдіруінде және тәжірибенің жинақталуында. Сонымен бірге қазіргі төтенше жағдайлар саласындағы құтқарушылардың арнайы білімінің болуы, құтқару әдістерін дұрыс ұйымдастыра білуі болса, екіншіден үйінді астында қалған адамдарды құтқарудың арнайы әдістері жетілдірілгендігін ескеру, ал үшіншіден, раенимациялық жедел жәрдем машина кешенінде «жасанды бүйрек» жолымен құтқару әдісінің жетілдірілгенін берілген жағдаятты талдауда ескеру қажет. Оны талдау барысында студенттің шешімін тыңдаумен бірге таныс емес шешуі қиын жағдаяттарға оқытушы көмекке келеді. Бұл жерде кейстің үшінші бастауы, ол - ғылым, бейнелік кешен ретінде көрініс береді. Ол аналитикалық іс-әрекетпен және кейске және оны талдау үрдісіне үйлестірілген көптеген басқа ғылыми әдістермен, әдістемелерді ұсынады. Сондықтан кейс оқытушы қызметінің бейнелік нәтижесі болып табылады.



2-сурет. Жер сілкіну тақырыбы бойынша алған білімді бағалауға арналған «Quiz maker» бағдарламасы бойынша тест сұрақтары.



3-сурет. Жер сілкіну кезіндегі жарақатқа байланысты (Quiz maker) тест сұрақтары.

Әдебиеттер

1. Плотников М.В., Чернявская О.С., Кузнецова Ю.В. Технология case-study /учебно-методическое пособие. – Нижний Новгород, 2014– 208с.
2. Суворовцев А.А., Мельников Е.Н., и др. «Безопасность жизнедеятельности». Учебное пособие. АЧС. РК. 2004. - С. 256.
3. «Білім берудегі жаңа инновациялық технологиялар» атты II Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы материалдар жинағы. Астана: «ZIAT», ҒӘО. 2017. -13-17 б. - ISBN 978-9965-638-66-4.

4. Метод case-study как современная технология профессионально-ориентированного обучения /<http://www.evolkov.net/case/case.study.html>.

5. «Ұстазға жаңа талап» атты III Республикалық ғылыми-әдістемелік конференциясы материалдары «ZIAT», Астана, 2017. -226-229 б. – ISBN 978-9965-638-66-4.

МРНТИ 27.35.31

МАТЕМАТИЧЕСКИЕ МЕТОДЫ РЕШЕНИЯ КРАЕВОЙ ЗАДАЧИ ТЕРМОВЯЗКОУПРУГОСТИ

¹Жанмолдаев Б.Д., доктор технических наук, профессор,

²Джанмулдаева А.Б., магистр технических наук.

¹*Қызылординский университет имени Кorkыт Ата, Республика Казахстан*

²*Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Республика Казахстан*

Аннотация. Интенсивное развитие науки и техники, создание новых конструкций строительных сооружений, использование качественно новых материалов, отвечающих современному уровню научно-технического прогресса, выдвигают повышенные требования к исследованиям нестационарного поведения элементов различных строительных и иных конструкций и сооружений с учетом температуры. Огромный размах промышленного и жилищного строительства приводят к необходимости дальнейшего развития фундаментальных исследований в области современного строительства вызвали тенденции к последовательному и возможно более полному учету физико-механических свойств элементов строительных материалов и других, присущих реальным телам.

Ключевые слова: деформация, вязкоупругость, температура, коэффициент теплопроводности.

Аңдатпа. Ғылым мен техниканың қарқынды дамуы, құрылыс конструкцияларының жаңа құрылымдарын құру, ғылыми-техникалық прогрестің заманауи деңгейіне сәйкес келетін сапалы жаңа материалдарды пайдалану әртүрлі құрылыс элементтерінің тұрақсыз мінез-құлқын зерттеуге талаптарды күшейтті. Өнеркәсіптік және тұрғын үй құрылысының орасан зор ауқымы қазіргі құрылыс саласындағы іргелі зерттеулерді одан әрі дамыту қажеттілігіне әкеліп соқтырады, құрылыс материалдары элементтерінің физикалық-механикалық қасиеттерін дәйекті және толық есепке алу тенденциясын тудырды.

Кілт сөздер: деформация, тұтқыр серпімділік, температура, жылуөткізгіштік коэффициенті.

Annotation. The intensive development of science and technology, the creation of new structures of building structures, the use of qualitatively new materials that meet the modern level of scientific and technical progress, put forward increased requirements for studies of the unsteady behavior of elements of various building and other structures and structures, taking into account temperature. The enormous scope of industrial and housing construction leads to the need for further development of fundamental research in the field of modern construction has caused a tendency towards a consistent and fuller consideration of the physical and mechanical properties of elements of building materials and others inherent in real bodies.

Key words: deformation, viscoelasticity, temperature, thermal conductivity coefficient.

Одним из таких вопросов является дальнейшее развитие методики расчета наземных и подземных конструкций в виде прямоугольных в плане элементов с учетом температуры. Развитие теории колебания конструкций представляет большой прикладной интерес. Такими простейшими конструкциями являются плоские конструкции в виде пластин конечной толщины.

В задачах данного класса одними из важнейших являются исследование динамического поведения пластин с учетом влияния температуры.

Рассмотрим безграничную в плане пластинку толщиной $2h$. Плоскость совместим в средней плоскости пластинки $z=0$. Ось OZ направим в сторону внешней поверхности пластины.

Рассматривая задачу в трехмерной линейной постановке, уравнения движения пластинки в напряжениях запишем в виде:

$$\frac{\partial \sigma_{xx}}{\partial x} + \frac{\partial \sigma_{xy}}{\partial y} + \frac{\partial \sigma_{xz}}{\partial z} = \rho \frac{\partial^2 u}{\partial t^2};$$

$$\frac{\partial \sigma_{xy}}{\partial x} + \frac{\partial \sigma_{yy}}{\partial y} + \frac{\partial \sigma_{yz}}{\partial z} = \rho \frac{\partial^2 v}{\partial t^2};$$

$$\frac{\partial \sigma_{xz}}{\partial x} + \frac{\partial \sigma_{yz}}{\partial y} + \frac{\partial \sigma_{zz}}{\partial z} = \rho \frac{\partial^2 w}{\partial t^2}; (1)$$

где: ρ – плотность материала пластинки, u, v, w – перемещение точек, σ_{ij} – напряжения.

Предполагая материалы пластинки вязкоупругим и изотропными, зависимости σ_{ij} – от деформации ε_{ij} с учетом влияния T температуры запишем в виде:

$$\sigma_{ii} = L(\varepsilon_{ii}) + 2M(\varepsilon_{ii}) - \alpha_0 K(T);$$

$$\sigma_{ij} = M(\varepsilon_{ij}); \quad (i = j)(i, j = x, y, z) \quad (2)$$

где: операторы $N = L + 2M; K = L + \frac{2}{3}M$

L, M – вязкоупругие операторы вида

Уравнения движения (1) при зависимостях (2) упрощаются введением потенциалов Φ и $\vec{\Psi}$ продольных и поперечных волн, по известным формулам

$$\vec{U} = \text{grad } \Phi + \text{rot } \vec{\Psi} \quad (3)$$

при этом в силу соленоидальности векторного потенциала поперечных волн (отсутствие истоков, стоков) он должен удовлетворять условию

$$\text{div } \vec{\Psi} = 0 \quad (4)$$

являющегося замыкающим уравнением для нахождения четырех неизвестных потенциалов $\Phi, \Psi_1, \Psi_2, \Psi_3$.

Подставляя выражения (3) в зависимости (2), затем в уравнения движения (1), получим систему разделенных интегродифференциальных уравнений

$$N(\Delta\Phi) = \rho \frac{\partial^2 \Phi}{\partial t^2} + \alpha_0 K T;$$

$$M(\Delta\vec{\Psi}) = \rho \frac{\partial^2 \vec{\Psi}}{\partial t^2}. \quad (5)$$

где: Δ – трехмерный оператор Лапласа

$$\Delta = \frac{\partial^2}{\partial x^2} + \frac{\partial^2}{\partial y^2} + \frac{\partial^2}{\partial z^2}$$

В соответствии с теорией термовязкоупругости, для температуры имеем уравнение

$$\Delta T - \frac{1}{c_0^2} \frac{\partial T}{\partial t} - \frac{1}{c^2} \frac{\partial^2 T}{\partial t^2} = P \left(\frac{\partial}{\partial t} \right) K(\Delta\Phi - \alpha_0 T); \quad (6)$$

$$P \left(\frac{\partial}{\partial t} \right) = \eta_0 \frac{\partial}{\partial t} + \eta_1 \frac{\partial^2}{\partial t^2}$$

$$\text{Здесь } c_0^2 = \frac{k}{c_p}; c^2 = \frac{k}{c_1}; \eta_0 = \frac{\chi}{k}; \eta_1 = \frac{c_p - c_v}{\alpha k},$$

где: η_0, η_1 – коэффициенты связности;

k – коэффициент теплопроводности;

c – скорость распространения температуры;

c_1, χ – параметры термоупругой среды;

c_p, c_v – теплоемкость при постоянном давлении и объеме.

Уравнение (6) принадлежит к уравнению гиперболического типа и описывает процесс распространения тепла с конечной скоростью c .

Через потенциалы Φ и $\vec{\Psi}$ перемещения, деформации и напряжения выражаются по формулам:

Перемещения

$$\begin{aligned} U &= \frac{\partial \Phi}{\partial x} + \frac{\partial \Psi_3}{\partial y} - \frac{\partial \Psi_2}{\partial z}; \\ V &= \frac{\partial \Phi}{\partial y} + \frac{\partial \Psi_1}{\partial z} - \frac{\partial \Psi_3}{\partial x}; \\ w &= \frac{\partial \Phi}{\partial z} + \frac{\partial \Psi_2}{\partial x} - \frac{\partial \Psi_1}{\partial y}; \end{aligned} \quad (7)$$

Деформации

$$\begin{aligned} \varepsilon_{xx} &= \frac{\partial^2 \Phi}{\partial x^2} + \frac{\partial^2 \Psi_3}{\partial x \partial y} - \frac{\partial^2 \Psi_2}{\partial x \partial y}; \\ \varepsilon_{yy} &= \frac{\partial^2 \Phi}{\partial y^2} + \frac{\partial^2 \Psi_1}{\partial y \partial z} - \frac{\partial^2 \Psi_3}{\partial x \partial y}; \\ \varepsilon_{zz} &= \frac{\partial^2 \Phi}{\partial z^2} + \frac{\partial^2 \Psi_2}{\partial x \partial z} - \frac{\partial^2 \Psi_1}{\partial y \partial z}; \\ \varepsilon_{xy} &= 2 \frac{\partial^2 \Phi}{\partial x \partial y} + \frac{\partial^2 \Psi_1}{\partial x \partial y} - \frac{\partial^2 \Psi_2}{\partial y \partial z} + \frac{\partial^2 \Psi_3}{\partial y^2} - \frac{\partial^2 \Psi_3}{\partial x^2}; \\ \varepsilon_{xz} &= 2 \frac{\partial^2 \Phi}{\partial x \partial z} + \frac{\partial^2 \Psi_3}{\partial y \partial z} - \frac{\partial^2 \Psi_2}{\partial z^2} + \frac{\partial^2 \Psi_2}{\partial x^2} - \frac{\partial^2 \Psi_1}{\partial x \partial y}; \\ \varepsilon_{yz} &= 2 \frac{\partial^2 \Phi}{\partial y \partial z} + \frac{\partial^2 \Psi_2}{\partial x \partial y} - \frac{\partial^2 \Psi_3}{\partial x \partial z} + \frac{\partial^2 \Psi_1}{\partial z^2} - \frac{\partial^2 \Psi_1}{\partial y^2}; \end{aligned} \quad (8)$$

Колебания пластинки вызываются внешними усилиями

$$\begin{aligned} \sigma_{zz} &= F_{zz}^{\pm}(x, y, t); \quad \sigma_{yz} = F_{yz}^{\pm}(x, y, t); \quad \sigma_{zx} \\ &= F_{xz}^{\pm}(x, y, t); \end{aligned} \quad (9)$$

при $z = \pm h$;

и условие для T

$$h_0 \frac{\partial T}{\partial z} = \pm [T - F_2(x, y, t)] \quad (10)$$

Где h_0 – константа материала.

Начальные условия нулевые,

$$u = v = w = T = 0; \quad (11)$$

$$\frac{\partial u}{\partial t} = \frac{\partial v}{\partial t} = \frac{\partial w}{\partial t} = \frac{\partial T}{\partial t} = 0; \quad t = 0$$

Таким образом, краевая задача колебания пластинки с учетом влияния температуры, сводится к решению интегродифференциальных уравнений (6) и (7) при граничных и начальных условиях (9)-(11).

Литературы

1. Амбарцумян С.А. Теория анизотропных пластин.-М.:Наука,1967. - С.267.
2. Григолюк Э.И., Селезов И.Т. Неклассические теории колебаний стержней, пластин оболочек. Механика деформируемого твердого тела. Итоги науки.–Т.5.–М.:ВИНИТИ,1973.–272с.
3. Кристенсен Р. Введение в теорию вязкоупругости. - М.:Мир,1984. - 38с.

FTAMP 27.01.45

МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДА ЕСЕП ШЫҒАРУДЫҢ ТИІМДІ ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУ

Шегебаева Қ., *математика пәні мұғалімі*
№48 мектеп-лицейі, Қазақстан Республикасы

Аңдатпа. Математика сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру мақсатында қорытпалар мен қоспаларға, қозғалысқа, жұмыс, жұмыс өнімділігіне, пайызға берілген есептерді тиімді тәсілдермен шығару жолдары көрсетілген. Есептерді шығару барысында оқушылар түсіну, талдау, қолдану, өзін-өзі бағалауына мүмкіндік беріледі. Қолданылған әдіс-тәсілдер мектеп оқушыларына, жас мамандарға пайдалануға тиімді.

Кілт сөздер: математика, концентрация, механизм, формула.

Аннотация. В работе показаны эффективные способы решения задач на усвоение таких тем, как сплав, смесь, джижение, продуктивность, процент с целью повышения функциональной грамотности учащихся на уроках математики. В ходе урока во время решения задач учащимся даётся возможность пониманию, анализированию, применению полученных знаний, самооцениванию.

Эти методы и приемы очень эффективны и продуктивны применению учащимся в решении задач и молодым специалистам в методике преподавания математики.

Ключевые слова: математика, концентрация, механизм, формула.

Annotation. This abstract in order to increase the functional literacy of students in mathematics lessons are shown effective ways to solve problems on alloys and impurities, movement, work, productivity, percentage. Learners will have the opportunity to understand, analyze, apply, and self-assess during problem solving. The method used is effective for schoolchildren and young professionals.

Key words: Mathematics, concentration, mechanism, formula.

Білім беру үдерісінде қай пәнді оқыту болмасын өзінің спецификалық білім базасына қарай және соған сәйкес оқытуда өзгешіліктері болуы заңды құбылыс. Қай сыныпта болмасын оқушылар оқу жағдаяттарын шешу үшін қарапайым математикалық заңдар мен терминдерді білуі, берілген математикалық және ақпараттық негізде қарапайым ақпараттарды түсіндіре алуы, оқу жағдаяттарының шешімін қарапайым математикалық есептеу арқылы дәлелдей алуы сұралады. Зерттелетін жағдаяттарды сипаттау үшін математикалық ақпараттарды берудің қарапайым формаларын (диаграммалар, кестелер) пайдалануы, қоршаған болмыстағы нысаналарды салыстыру үшін қажетті математикалық процедураларды таңдай алуы және оқу жағдаяттарын шешу тәсілі ретінде қарапайым математикалық модель құра алуы математикалық білімін шынайы өмір мен байланыстыра қолдануына негіз бола алады.

Дегенмен, негізгі мәселе пәнді оқыту аясында, әсіресе орта буында есеп шығару біліктерін дамытуға келіп тіреледі. Орта мектеп математикасының негізгі материалдардың бірі теңдеулер құруға берілген мәтінді есептер. Математика пәнінен ұлттық бірыңғай тестілеуде талапкерлер үшін қиындық туғызатын есептер қатарына да мәтін есептер жатады. Мәтін есептер бастауыш мектеп пен 5-6 сыныптарының математика оқулығында және 7-9 сыныптардың алгебра оқулықтарында қарастырылады.

Теңдеулер құруға берілген немесе алгебралық мәтін есептерді мынадай түрлерге бөлуге болады:

- Қорытпалар мен қоспаларға байланысты мәтін есептер;
- Қозғалысқа байланысты мәтін есептер;
- Жұмыс, жұмыс өнімділігіне байланысты есептер;
- «Пайыз» ұғымына байланысты есептер.

Математика пәнін оқытуда қиындықтарды жою жолдары, есеп шығарудың тиімді тәсілдері, болжамды нұсқаулар, есеп шығару үлгілерін пайдалану тәжірибені жетілдіруге көмектеседі. Есептерді шығару үшін есептің түрін анықтау, формулатандау, заңдылықтар мен ережелерді ескеру механизмдерін сәйкестікте жүйелі қолданудың маңыздылығы жоғары. Сонда ғана оқушылар ұсынылған жүйе бойынша есеп шығару тәсілдерін дұрыс таңдау немесе анықтау дәрежесіне көтеріліп, өз бетімен әрекет етуге мүмкіндік ала алады. Мақалада мәтінді есептердің әрбір түріне байланысты бірнеше есептердің шешуі және шешу тәсілдері ұсынылған. Мәтінді есептердің түрлеріне байланысты әртүрлі деңгейдегі есептер таңдалып алынған және өз бетімен жұмыс жасауға ұсынылған.

Анықтама: Қоспадағы заттың проценттік құрамы (концентрациясы) деп оның массасының заттың жалпы массасына қатынасын айтады. Ол қатынас бөлшек түрінде немесе процентпен берілуі мүмкін. Мысалы, егер 120 г суға 30 г ас тұзын қоссақ (NaCl), онда ерітіндінің жалпы массасы 150 г, ал ерітіндідегі тұздың концентрациясы $30:150=0,2$ бөлшекпен немесе 20%. Екі жауап та жарамды.

Кейде концентрация көлеммен де анықталады. Мысалы, егер 20 шаршы м қоспада 5 шаршы м «А» зат бар болса, онда оның көлемдік концентрациясы $5:20=0,25$ бөлшекпен немесе 25%-ке тең болады. Кей кездерде практикада анықталғандай араластырылған заттардың көлемдерінің 90 қосындысы пайда болған ерітіндінің көлеміне тең болмайды. Сондықтан көбінесе проценттік қатынасты массалық құрамдары бойынша анықтаймыз. Концентрация – бұл өлшемсіз шама. Қоспаны құрайтын барлық компоненттердің массалық үлесі бірге тең.

Қоспадағы алтын мен күмістің массаларының қатынасы 5:3-кетең. 32 г қоспада қанша алтын, қанша күміс бар?

Шешуі:

Қоспадағы алтын үлесі- $5x$, ал күміс үлесі- $3x$ деп алып, теңдеу құрамыз:

$$5x + 3x = 32$$

$$8x = 32$$

$$x = 4, 4 \cdot 5 = 20, 4 \cdot 3 = 12$$

Жауабы: 20 г; 12 г.

Қозғалысқа байланысты мәтін есептер.

Бұл түрдегі есептердің негізгі компоненттері:

Жүрілген жол (S);

жылдамдық (V);

уақыт (t).

Бұл шамалардың арасындағы байланыс келесі формулалармен өрнектеледі: $S = Vt$; $t = \frac{S}{v}$; $v = \frac{S}{t}$; және бұл шамалар бір бірлік жүйесінде болулары керек; мысалы, егер жол километрмен, ал уақыт сағатпен есептелетін болса, онда жылдамдық км/сағпен есептеледі.

Жадынама.

- алдымен есеп шартын жете түсініп, оның берілгендеріне талдау жасап алу қажет;
- талдау барысында «Не берілді?», «Нені табу керек?» екенін анықтап, олардың арасында нендей байланыс тәуелділігі бар екенін айқындап алу керек;
- айқындалған тәуелділік заңдылығы көмегімен белгісізбен берілгендерді байланыстыратын теңдеу немесе теңдеулер жүйесін ұрастыру қажет;
- құрастырылған теңдеулерді шешіп, алынған түбірлердің арасынан есеп шартын қанағаттандыратынын жауап ретінде жазу керек.

Қанат велосипедпен ауылдан көлге дейін барып, кідірместен кері қайтқан, сонда бүкіл жолға 1 сағат уақыты кетті. Ауылдан көлге дейінгі жылдамдығы 15 км/сағ, алкөлден ауылға дейінгі жылдамдығы 10 км/сағ болды. Көлден ауылға дейінгі арақашықтықты табыңыз.

Шешуі:

Ауылдан көлге дейінгі арақашықтықты S км деп белгілейміз. $t = \frac{s}{v}$ формуласын қолданып, мынадай теңдеу құрамыз:

$$\frac{s}{15} + \frac{s}{10} = 1 \text{ теңдеудің екі жағын } 30\text{-ға мүшелеп көбейтеміз,}$$

$$2S + 3S = 30$$

$$5S = 30, S = 6$$

Жауабы: 6 км

Ағыс бойынша кемең жылдамдығы 37 км/сағ, алағысқа қарсы 33 км/сағ. Ағыс жылдамдығы қандай?

1-тәсіл

Шешуі: $U_{\text{кеме}} = x$ км/сағ

$U_{\text{ағыс}} = y$ км/сағ деп алып, мынадай теңдеулер жүйесін құрамыз.

$$\begin{cases} x + y = 37 \\ x - y = 33 \end{cases}$$

$$2x = 70$$

$$x = 35$$

$$35 + y = 37, y = 2 \text{ Жауабы: } 2 \text{ км/сағ}$$

2-тәсіл. $U_{\text{ағыс}} = (U_{\text{ағыспен}} - U_{\text{ағысқақарсы}})$: 2 бойынша табамыз

$$U_{\text{ағыс}} = (37 - 33) : 2 = 4 : 2 = 2 \text{ Жауабы: } 2 \text{ км/сағ}$$

Осындай есептерді шығару үшін көбінесе жұптық, кей жағдайда топтық оқу формаларын ұсынуға болады. Жұмыс сұрақ-жауап түрімен шектелмей, диалогтік оқуға жетелейтіндей болған жағдайда оқушылар кешенді оқуға үйрене бастайды, яғни әуелі, есептің берілгенін түсінуге, одан кейін қажетті ережелер мен формулаларды қайталап, негізгі сұралып тұрған сұрақты талдауға машықтана бастайды.

Жұмыс, жұмыс өнімділігіне байланысты есептерді талдар болсақ, бұл түрдегі есептерді шешу үшін жұмыстың түрі және көлемі жөнінде ешқандай дерек жоқ болса, жұмыстың көлемін 1-ге тең деп алынады.

x – бірінші жұмысшының жұмысты орындау уақыты болсын,

y – екінші жұмысшының жұмысты орындау уақыты.

Онда, $\frac{1}{x}$ – бірінші жұмысшының еңбек өнімділігі

$\frac{1}{y}$ – екінші жұмысшының еңбек өнімділігі

$\frac{1}{x} + \frac{1}{y}$ – бірігіп орындағандағы еңбек өнімділігі

$$\frac{1}{\frac{1}{x} + \frac{1}{y}} = \frac{xy}{x+y} = - \text{ жұмысты екеуі бірігіп орындайтын уақыты.}$$

Есеп. С шүмегі хауыздың $\frac{2}{3}$ -ін 10 сағатта, ал D шүмегі сол хауыздың $\frac{1}{5}$ -ін 2 сағатта толтырады. Екеуі бір уақытта ашылатын болса, хауызды қанша сағатта толтырады? Шешуі:

$$\text{С шүмегі } 1 \text{ сағатта } \frac{2}{3} \div 10 = \frac{2}{3} \cdot \frac{1}{10} = \frac{1}{15}$$

$$\text{D шүмегі } 1 \text{ сағатта } \frac{1}{5} : 2 = \frac{1}{5} \cdot \frac{1}{2} = \frac{1}{10}$$

$$\text{Екеуі } 1 \text{ сағатта } \frac{1}{15} + \frac{1}{10} = \frac{2+3}{30} = \frac{5}{30} = \frac{1}{6}$$

Жауабы: 6 сағатта толтырады.

«Пайыз» ұғымына байланысты есептер.

Үш учаскенің ауданы 100 га. Бірінші учаскенің ауданы барлығының ауданының 25% тең. Екінші және үшінші учаскелердің аудандарының қатынастары 7:8-ге қатынасындай. Учаскелердің әрқайсының ауданын табыңыз:

$$\text{Шешуі: I учаске ауданы } 100 \cdot 0,25 = 25 \text{ (га)}$$

II және III учаске аудандарын сәйкесінше $7x$, $8x$ деп алып, теңдеу құрамыз.

$$7x + 8x = 75$$

$$15x = 75, x = 5, 7 \cdot 5 = 35, 8 \cdot 5 = 40$$

Жауабы: 25 га; 35 га; 40 га.

Есеп шығару белсенділігін дамыту қай кезде де мұғалімнен де, оқушылардан да үлкен шыдамдылықты, қажырлылықты талап етеді.

Мұғалімнің түсіндіргенінен гөрі өз беттерінше бірлесу нәтижесінде білімдерінде өзгеріс болғандығын байқадым. Жаңа сабақ тақырыбына келу үшін, оқушылардың қызығушылығын оятуды көздедім.

Сыни тұрғыдан ойлауға 92 оқушыны баули отырып, ой шақыру стратегиясы арқылы назарларын интерактивті тақтадағы тақырыпқа сай тірек кестелерге аудару арқылы ББҮ әдісімен жаңа сабақтың білетіндігін тексерілді. Оқушылар жауапкершілікті сезініп, жұмыс жасады.

Сабақ барысында алған білімдерін түсіну, талдау, қолдану, өзін-өзі бағалауды іске асырады. Оқушыларға бағалау парақтары таратылып, аты-жөндерінің тұсынан ені қалай үйренгендерін белгілеп отырады.

Бұл әдіс бойынша оқушылар өздерінің танымдық деңгейін бағалап көрді. Түсініксіз тұстарын байқап, білімдерін әрі қарай жетілдіруіне ықпал етті. Оқушылар өздерінің кемшіліктерін байқап, әлде де білгісі келіп, олардың қызығушылығы артты. Оқушылар топтық тапсырманы орындау кезінде бірінің сұрақтарына бірі жауап беріп, бірін-біріне түсіндіріп, жауап беріп жатты. Оқушылардың менің түсіндіргеннен гөрі өздерінің бірін-бірі оқытқан кезде тақырыпты ашып, тез қабылдайтынын білдім.

Қорытындылай келе: сабақта нәтижеге жету үшін, оқушыларға сұрақтар қоя отырып, балалардың бір-біріне сұрақ қоя білуін және оған ұтымды жауап беруін қалыптастыруға мән берілу керектігі. Жалпы сынып оқушылары топпен жұмыс жасау барысында қалай оқу керектігін үйренді. Оқушыларды тек біліммен ғана қаруландырып қоймай, олардың назарын, білгендерін жадында сақтай білу қабілетін, ойлауын, тіл шеберлігін, логикалық есептерге қызығушылық танытуы, білім негізін біліп алуға құштарлығын, төзімділігін жетілдіруге жұмыс жасалады.

Ынтымақтастықта оқу формалары оқушылардың бірігіп жұмыс жасауына, талдауға, түсіну деңгейін молайтуға, қолдану нәтижесін дамытуға көмегін тигізетінін білдік. Алдағы уақытта жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы математикалық сауаттылықты арттыруда жақсы нәтижелерге қол жеткізу мүмкіндігі молаяды деп білемін.

Әдебиеттер

1. Алдамұратова Т.А., Байшоланова Т.С. Математика. 6-сынып. Алматы - «Атамұра», 2011 ж. – 400 б.
2. Шыныбеков Ә.Н. Алгебра. 8-сынып. Алматы – «Атамұра», 2012 ж. – 288 б.
3. Математикадан тест тапсырмалар жинағы. Алматы. - 2013 ж. – 272 б.

ҒТАМР 27.01.45

ОҚУШЫЛАРДЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Арыстанова Г.А., математика пәнінің мұғалімі.

Ы. Алтынсарин атындағы №10 мектеп-лицейі, Қазақстан Республикасы

Аңдатпа. Қазіргі кездегі шапшаң жүріп жатқан жаһандану үрдісі әлемдік бәсекелестікті күшейте түсуде. Адамның жалпы білімін көтеру кең ауқымды мәселе болып отыр. Математикалық білім беру - математикалық

сауаттылыққа түгелдей тәуелді. Мұғалім оқушыны математика пәнінің қыр сырына үйрету үшін оған математикалық сауаттылықты сақтау жөнінде күнделікті қатаң талаптар қойып, орындалуына мұқият зер салуы керек. Математикалық сауаттылық функционалдық сауаттылықтың бір тармағы болып табылады. Сауаттылық қызметі – алған білім, білік, дағдысын күнделікті іс-әрекетте пайдалану біліктілігі. Жалпы қорыта айтқанда математикалық сауаттылықты қалыптастыру арқылы дағды мен іс әрекет негізінде өздігінен ізденетін, өздігінен шешім қабылдайтын, нарық заманында өмір сүріп, адал еңбектенетін, бәсекелестікке қабілетті ұрпақ тәрбиеленетіні сөзсіз.

Кілт сөздер: математика, логика, математикалық сауаттылық, модель.

Аннотация. Растущая в настоящее время тенденция глобализации усиливает мировую конкуренцию. Повышение общего образования человека становится все более масштабной проблемой. Математическое образование полностью зависит от математической грамотности. Учитель, чтобы научить ученика тонкостям математики, должен ежедневно предъявлять ему строгие требования по соблюдению математической грамотности и внимательно следить за ее выполнением. Математическая грамотность является одной из ветвей функциональной грамотности. Грамотная деятельность – умение использовать полученные знания, умения, навыки в повседневной деятельности. В целом, через формирование математической грамотности на основе навыков и действий будет воспитываться поколение, которое будет самостоятельно искать, самостоятельно принимать решения, жить в рыночные времена, добросовестно трудиться, быть конкурентоспособным

Ключевые слова: математика, логика, математическая грамотность, модель.

Annotation. The growing trend of globalization is currently intensifying global competition. Improving a person's general education is becoming an increasingly large-scale problem. Mathematical education is completely dependent on mathematical literacy. A teacher, in order to teach a student the subtleties of mathematics, must daily impose strict requirements on compliance with mathematical literacy and closely monitor its implementation. Mathematical literacy is one of the branches of functional literacy. Competent activity is the ability to use the acquired knowledge, skills, and skills in everyday activities. In general, through the formation of mathematical literacy based on skills and actions, a generation will be brought up that will search independently, make decisions independently, live in market times, work conscientiously, be competitive

Key words: Mathematics, logics, mathematical literacy, model.

XXI ғасырдың жан-жақты, зерделі, дарынды, талантты оқушыларды қалыптастыруда ұстаздар алдында тұрған міндет: табысты және әрекетке дайын, өзін-өзі дамытатын, қабілетті тұлға дайындау. Тұлға күзиреттілігін дамыту - ұстаздардың заманауи әдіс-тәсілдерді меңгеруі, білім беру мазмұнын жетілдіру яғни оқушы сұранысына қарай жаратылыстану бағыты бойынша таңдау пәнін оқыту. Ол - үшін оқушыны субъект ретінде қарап, оқу бағдарламасын оны қызықтыратындай етіп, қабілетін арттыратын жағдай туғызу. Оның бастысы оқу үрдісін жаңаша ұйымдастыру, оқушының оқудағы іс-әрекеті арқылы, ойлау деңгейлерін жетілдіру, өзіндік іс-әрекетін ұйымдастыру, өз бетінше ізденіп білім алуға бағыт беру. Алға қойған мақсатқа жету үшін оқушының өзіндік іс-әрекетін ұйымдастыру арқылы жүзеге асыру болып табылады.

«Мәліметтерді талдаудың математикалық әдістерін бәрі де - инженерлер, экономистер, заңгерлер, құрылысшылар, мемлекет қайраткерлері меңгеруге тиіс» деген Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың сөзін басшылыққа ала отырып, адам қазіргі дамуында табиғаты мен ойының мөлшерсіз мүмкіндіктерін игеруге ұмтылуы қажет. Бұл – Елбасының білім саласын жаңарту туралы бастамаларын іске асыруда маңызды механизмдердің бірі. Қазіргі кездегі шапшаң жүріп жатқан жаһандану үрдісі әлемдік бәсекелестікті күшейте түсуде. Адамның жалпы білімін көтеру кең ауқымды мәселе болып отыр. Әлемдегі математикалық білім берудің даму тарихы оны үш дербес аралға бөліп тастады. Кәсіби математикалық білім беру, жалпы математикалық білім беру және математикалық сауаттандыру. Математикалық білім беру саласындағы кез келген реформа осы үш аралдың арасында көпір орнатуға деген талпыныстан туындайды. Сондай-ақ математикалық білім беру, математикалық сауаттылыққа түгелдей тәуелді. Ендеше математикалық білім беру туралы әңгімені математикалық сауаттылық мәселесінен бастауымыз керек. «Сауаттылық» термині білім, білік, дағды мазмұнын бағалаудың кеңдігін көрсетеді.

Оқушы өз деңгейін табу үшін, қаншалықты білім мен білікті меңгергенін білу мақсатында құрылған бағалау жобасы үш бағытта жүргізіледі:

- Оқытудағы сауаттылық;
- Математикалық сауаттылық;
- Жаратылыстану ғылымдары бойынша сауаттылық.

Бүгінгі күн талабына сай жан-жақты дамыған, белсенді, өмірге талпынысы, қызығушылығы бар адамды мектеп табалдырығынан дайындап шығарудың ең бір тиімді тәсілі ол – оқытудағы математикалық сауаттылық. Математикалық сауаттылық мәселелері оқу процесіндегі толығымен орындалмай отырғандығын көрсетеді. Математикалық сауаттылық проблемалары осы күнге дейін аз айтылып жүрген жоқ. Егер әрбір мұғалім әр сабақта математикалық сауаттылықты қалыптастырып, үнемі көңіл бөліп отырса білім сапасы әлдеқайда жақсарар еді.

Бұл аумақты да күрделі мәселе қоғамымыздың, жалпы әлемдік қауымдастықтың принциптік жағынан жаңа жалпы білім беру жүйесін қалыптастыру міндетін жүктейді. Осы міндеттің жалпы бағдары қоршаған ортада толыққанды тіршілік ете алатындай қажетті әрі дамытуға бағытталуы тиіс. Соған байланысты оқушы мектеп табалдырығын аттағаннан бастап дұрыс оқи, жаза, сөйлей білуге машықтанады да, оның алғашқы баспалдағы кәдімгі «Әліппе». Бұл бәрімізге таныс құралды меңгерген бала әрі оқи, әрі жазуды жаза біледі деп есептесек сынып жоғарлаған сайын сауаттылықтың басқа қырлары көрінеді. Соның бірі – «математикалық сауаттылық».

Математикалық сауаттылық сөйлеу және жазу мәдениетіне қоршаған ортаны және олардың заңдылықтарын баяндау, оны оқып үйренудің ғылыми бейнесін меңгерудегі басты құралы ретінде ерекше көңіл бөлу қажет. Математикалық сауаттылық оқушылардың математикалық тексті оқуына, жазуына және қайта айтып беруіне, жазылғандар мен айтылғандарды түсіне білуіне ең минимальды талап ретінде қарау қажет. Сонымен математикалық біліктіліктердің негізгі құрамдас, толыққанды тіршілік жасауға қажеттілік ретінде оны арнайы бағдарлы түрде дамытып, қалыптастыру керек. Оқыту жаңашылдығымен өзгеріп отыратын, динамикалық процесс. Оның сапасын үнемі жетілдіріп отыру заман талабы. Сондықтан да, бүгінгі таңда болып жатқан қарқынды өзгерістер білім беру үрдісінің түбегейлі өзгеруіне, оның жаңа сапалық деңгейінің көтерілуіне оң ықпалын тигізуде.

Бастауыш сыныптарда оқушылар сандық өрнектермен арифметикалық амалдарды орындаумен шектелсе, алгебра, геометрия, тригонометрия әлеміне енген сайын басқа жаңа талаптар қойылады. Бастауыш сыныптарда 0,1,2,3,4,5,6,7,8,9 және «+», «-», «·», «/» секілді таңбалармен қатар I, V, X, M, L, C тәріздес Рим цифрларын білумен шектелеміз. Ал енді алгебрада латын, грек әріптерін үйренуге тура келеді. Міне, осы әріптерді дұрыс жаза және оқи білу математикалық сауаттылықты білдіреді. Мұғалім бұл әріптерді үйренген күнінен бастап теңдеуді шешу X, Y, Z әріптері көп кездеседі, оның оқылуын оқушы дұрыс түсіне білуі керек. Бастауыш сыныптарда жоғарлаған сайын талап та күшейе түседі. Оқушылар геометрия ұғымдарымен бірінші сыныптан таныс болады, кейін жаңа жазулар мен сызулар кездесуі мүмкін және оқытуда арнайы заңдылықтар сақтау қажет. Түзу сызық жоғарыдан төмен, солдан оңға қарай сызылады. Мұғалім оқушыны математика пәнінің қыр сырына үйрету үшін оған математикалық сауаттылықты сақтау жөнінде күнделікті қатаң талаптар қойып, орындалуына мұқият зер салуы керек.

Математикалық сауаттылық функциональдық сауаттылықтың бір тармағы болып табылады. Сауаттылық қызметі – алған білім, білік, дағдысын күнделікті іс-әрекетте пайдалану біліктілігі. Оқушылардың танымдық әрекет амалдарын меңгеруін есепке алып, алгоритмдік есептерден эвристикалық типтегі есептерге көшу кезінде оқу-зерттеулік есептер көбейе түсетін өзара байланыс түрі өте тиімді есептер, сұрақтар құрастыра алуға үйренеді. Ал бұл рефлексияны дамытады.

Шығармашылық белсенділігін, бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Математикалық сауаттылықты қалыптастырудың бастауыш сынып оқушылары үшін сыныптан тыс жұмыстар арқылы олардың қызығушылықтары мен сауаттылығын дамыту.

Математика сабағындағы негізгі сауаттылыққа тоқталайық:

1. Математика барлық ғылымдардың логикалық негізі – күре тамыры ретінде қарастырылады;
2. Математика ең алдымен оқушылардың дұрыс ойлау мәдениетін қалыптастырады, дамытады және оны шыңдай түседі;
3. «Математикалық сауаттылық» ауызша, жазбаша қабілеттерін қалыптастыру арқылы оқушының «математикалық сауаттылықты» меңгере білу қабілетін шыңдайды;
4. Математика әлемде болып жатқан түрлі құбылысты, жаңалықты дұрыс қабылдап, түсінуге көмектеседі;
5. Математика болашақ тұлғаны моральдық, эстетикалық және этикалық тұрғыдан қалыптастыруда да тәрбиелік мәні бар.

Математикалық сауаттылықтың тағы бір ерекшелігі пәнаралық байланыста. Математика сабағының басқа пәндермен байланыс кезінде олардың математикалық сызбаларымен қосындыларын жинақтауда. Педагогика тарихында пәнаралық байланыс ертеден зерттеліп келе жатқан негізгі мәселелерінің бірі болып саналады. Педагогикалық ой – пікірдің дамуында және мектеп тәжірибесінде пәнаралық байланыс проблемасы көптеген прогресшіл педагогтарды толғандырған. Яғни пәндердің өзара байланысы туралы пікір он сегізінші ғасырда пайда болған. Математика сабағында пәнаралық байланысты негізге ала отырып, сұрақ-жауап, баяндау, проблемалық ситуацияларды туғыза отырып оқушыларды алға қойған мәселені шешуге, шығармашылық жұмыстармен айналысуға, бірін-бірі бағалай алуға, өз ойларын нақты, толық жеткізе білуге көңіл бөлінеді. Осы аралықта 5 сыныпқа арналған «Логикалық математика», 9-11 сыныптарға арналған «Теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу» курстарының көмегі тиеді. Тәжірибеге сәйкес оқушылардың төмендегідей есептерді шығару барысында функционалдық сауаттылықтары дамып, ақпараттық мәдениеттілігі қалыптасады. Әр түрлі қызықты есептер адам ойының дамуына жетелейтіндігі сөзсіз. Оның ішінде салу есептерінің де маңызы зор. Осының дәлелі ретінде төмендегідей есептерді орындап, ойлау қабілеттерін тексеруге болады.

Мысалы: Сіз қайықпен саяхатқа аттандыңыз. Төменде көрсетілген теңдеуді пайдалана отырып, тапсырманың мәтінін құрыңыз....

$$\frac{12}{x} + \frac{12}{x+3} = 1$$

Математикалық сауаттылыққа сөйлеу және жазу мәдениетіне қоршаған ортаны және олардың заңдылықтарын баяндау, оны оқып үйренудің ғылыми бейнесін меңгерудегі басты құралы ретінде ерекше көңіл бөлу қажет. Математикалық сауаттылық оқушылардың математикалық тексті оқуына, жазуына және қайта айтып беруіне, жазылғандар мен айтылғандарды түсіне білуіне ең минимальды талап ретінде қарау қажет.

Математика пәні міндетті пәндердің бірі болғандықтан оқушылардың даярлығы, математикалық ұғымдарды қолдана білу деңгейлері стандарттан төмен болмауы тиіс. Бірақ оқушылардың қабілеттері мен математикалық білімдері, ол білімдерді қолдану деңгейлері әр түрлі болады. Осы орайда математикалық сауаттылық моделін қарастырған жөн. Математикалық сауаттылық моделі шынайы әлем проблемаларын математикалық әлеммен ұштастыруға, тәжірибедегі мәселелерді пайымдай отырып, оның математикалық моделін құруға алғышарт болып табылады. Сонымен, қазіргі уақыт жаңа әдісті, шығармашылық ізденісті талап етеді.

Мұғалімнің негізі міндеті – оқушыларға терең де, тиянақты білім беру. Білім беру маңызы жанартылған сайын, әрбір пәнді оқытудың өзіндік ерекшеліктері туындауда. Бүгінгі таңда білім беру жүйесін жаңалауды іске асырудың қажеттілігі күн санап арта түсуде. Оқушылардың математикалық сауаттылықтарын қалыптастыру мәселесі бүгінгі таңда

мектептеріміздің білім саласында тұрған басты мәселенің бірі болып табылады. Себебі оқушының кез-келген сабаққа деген қызығушылығы болмаса, онда оның алған білімі тұрақты болмайды. Олай болса, «Математиканың қорғаның тек күштілер мен батырлар ғана бұза алады» деген ұранды ұстана отырып, жалықпай, үлкен төзіммен, алдымызға келген шәкірттерге олардың жеке тұлға болып қалыптасуына, жақсы тәрбие, терең білім беру үшін аянбай еңбек ету керек.

Жалпы қорыта айтқанда, математикалық сауаттылықты қалыптастыру арқылы дағды мен іс әрекет негізінде өздігінен ізденетін, өздігінен шешім қабылдайтын, нарық заманында өмір сүріп, адал еңбектенетін, бәсекелестікке қабілетті ұрпақ тәрбиеленетіні сөзсіз.

Әдебиеттер

1. Кабушева Н. «Математиканы деңгейлеп оқыту технологиясы» № 2, 2001ж.
2. Бекбаева З. «Оқушылардың математикалық тапсырмаларды орындаудағы дербестігін арттыру» Алматы
3. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары.
4. Утекова Н.С. Баяндама «Оқушылардың математикалық сауаттылықтарын арттырудың тиімді жолдары».
5. Есенбаева Э.А. Баяндама «Математика сабағында оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жолдары»

ҒТАМР 27.01.45

МАТЕМАТИКАДАН БІЛІМ БЕРУДІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ТӘСІЛДЕРІНІҢ БІРІ

Джанысова Д.Д. ,аға оқытушы.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан Республикасы

Андатпа. Бұл жұмыстың мақсаты- жоғары оқу орындарында практикалық сабақтарды өткізудің ерекшелігі мен маңыздылығын ашып көрсету. Білім алушылардың тақырып бойынша математикадан алған білімдерін есеп шығаруда өз бетімен және бірлесіп жұмыс жасауда қолдана отырып, топтық жұмыс жүргізулерінің артықшылықтарын түсіндіру.

Кілт сөздер: тәжірибе, үдеріс, бейімділік, инновациялық әдіс, технология, топтық жұмыс.

Аннотация. Целью данной работы является раскрытие специфики и важности проведения практических занятий в высшем образовании. Разъяснение преимуществ работы в группе, используя полученные знания по математике для самостоятельного и совместного решения задач.

Ключевые слова: опыт, процесс, адаптация, инновационный метод, технология, групповая работа.

Annotation. The purpose of this work is to reveal the specifics and importance of conducting practical classes in higher education. Explanation of the advantages of working in a group, using the acquired knowledge in mathematics for independent and joint problem solving.

Keywords: experience, process, adaptation, innovative method, technology, group work.

Қазіргі кездегі білім саласында болып жатқан өзгерістер жалпы білім беру жүйесінде шешім қабылдай алатын, қабілетті маман даярлау міндетін қоя отырып, олардың алған білімдерін ары қарай дамыту мақсатында практикада өндіріспен тығыз, нақты байланыста болуын міндеттейтіні анық. Білім алушылардың білім сапасын көтеру – өзекті мәселердің бірі болып табылады және оған жету мақсатында аянбай еңбек ету қажеттілігі туындайды.

Сондықтанда оқытудың әртүрлі әдістері қолданылуда, оқытуы мен оқудың қазіргі заманғы әдістері мен оқытушының күнделікті тәжірибесі, кәсіби білімі өзара тығыз

байланыста қарастырылады. Заманымызға сай мамандарды даярлауда оқытушылардың алдына қойылып отырған басты міндеттерінің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру. Ол үшін ең басты мәселе – оқыту әдісін дұрыс таңдау. Жаңа педагогикалық технологиялар білім алушылардың шығармашылық ойларының дамуына ықпал ететіні сөзсіз.

Қазіргі кезеңде егеменді елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне бағыт алдық, білім беру жүйесі өзгерді, білім берудің мазмұны жанарды, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды. Заман талабына сай білім беру әрбір оқытушыдан шығармашылықпен жұмыс істеуді, үлкен ізденісті талап етеді. Қазіргі жаңа оқыту технологияларының алдына қойған мақсаты: студенттің білімін, білігі мен дағдысын емес, оның жеке тұлғасын білім арқылы дамыту болып табылады.

Жоғары оқу орнында инновациялық тәсілдерді енгізу білім берудің тиімділігін арттыруда маңызды рөл атқарады. Жоғары оқу орындарының оқу үдерісіндегі практикалық сабақтарды өткізуде жаңа инновациялық тәсілдерді қолданып сабақ өткізу-осы талаптардан туындайды. Білім берудің инновациялық тәсілі – оқу материалын игеру үдерісінің практикалық қызметінде айқындалатын «оқытушы-студент» қарым-қатынасындағы жаңа әдістер, жаңа терминдер, жаңа ұғымдар. Инновациялық технологиялар – ол білім саласындағы қолданатын жаңа ақпараттық технологиялар, ғылым жетістіктеріне негізделінген әдістер. Жаңа технологиялар оқытушының жүйелі жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Бүгінгі күні интерактивті тақта ақпаратты оқыту технологиясында ерекше орын алып отыр. Студент интерактивті тақтамен жаңа материалдарды арнаулы бағдарламалармен мүмкіндігінше пайдалана алады.

Қазіргі заман-математика ғылымының өте жан-жақты тараған кезеңі, сондықтан да математиканы оқытудың мазмұнын жүзеге асыру үшін жаңа технологиялар, яғни білім беруді ізгілендіру технологиясы, проблемалық оқыту технологиясы, тірек белгілер арқылы оқыту технологиясы, саралап оқыту технологиясы кіреді. Осы технологияларды пайдаланып отырып, ақпараттық технологияның озық жетістіктерін математика сабағында қолдану арқылы, іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы студенттердің құзіреттілігін дамытуға болатынын сабақтарымда байқадым. Әрине, дәрісте берілген білімді тәжірибе сабақтарында тереңдетіп оқытуға, түсінігін нығайтуға, өз бетінше ізденуге ынталандыратын әдіс пайдалану әрбір оқытушының шеберлігіне байланысты. Математикадан практика сабақтарында студенттің шығармашылық қабілетін есеп шығара білуінен байқалады. Тәжірибе сабағының міндеттері - студенттің әрбір дәрісте алған білімін тереңдету, нығайту, оқу материалы бойынша өзіндік жұмысының тиімділігі мен нәтижелілігі, оның ізденіс дағдыларын қалыптастыруға, оқу материалын жинақтау, түсіндіру және дәлелдей білуіне үйрету болып саналады.

Сабақты жаңа технология әдістерін қолдану арқылы жүргізу - студенттің өзін-өзі дамытуына, өз сұрағына өзі жауап іздеп жан-жақты білім алуына көмектеседі. Алға қойған мәселені шешу мақсатындағы жиі қолданатын топтық жұмыс әдісі - оқытудың өте ықпалды тәсілдерінің бірі. Тәжірибе сабағында студенттерді тақырыпқа байланысты топтарға бөліп, әр топқа бөлек-бөлек тапсырмалар беремін. Студенттер тапсырмаларды жоспарлайды және оларды орындауды ұйымдастырады. Бұл тәсіл оқытушыларға уақытты ұтымды жоспарлауға, инновациялық көзқарастар мен идеяларды бірге талқылауға, топ мүшелеріне тапсырмаларды бөліп тапсыруға, тапсырмаларды орындау барысында келісімге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Топта бірлесіп жұмыс жүргізуде студенттер тақырып бойынша берілген есептерді шығару барысында, сол тақырып бойынша теориялық материалды еске түсіріп, бір-бірімен ойбөлісіп, бір-бірімен тәжірибе алмасып, алынған ақпаратты топ болып түсініп талдайды, салыстырып, болжамдар жасай отырып, ортақ шешімге келеді.

Оқыту мен оқудың жаңаша әдіс-тәсілдерін ойдағыдай меңгерген оқытушы студенттің білім алуға қызықтырып, жеке ізденуге, тырысуға дағдыландырады. Сол арқылы студент еркін, өзіндік дәлелдемелерін анық жеткізе білетін, сенімді, сыни ой-пікірі мен көзқарастары

дамыған болып қалыптасады. Топтық жұмыс арқылы студенттер есеп шығару барысында біріне бірі көмектесіп, келесі топтан қалып қоймауға тырысады, әрқайсысы өз ойымен бөлісіп, өзгелердің ойына сыни тұрғыдан қарап, естіген-білгенін топ ішінде талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға тырысады. Сабақ соңында әр топ өз тапсырмаларын түсіндіріп, тақырыпты жақсы ашып беруге тырысады және өздерін өздері бағалайды. Студенттің қабілетін, білімін көтеру үшін әрбір оқытушы ең бірінші сабаққа дайын болуы керек, яғни, өтілетін сабақтың жоспарын құруы, оны өткізу әдістемесін дайындауы, студенттердің қабілеттерін ескере отырып, жеңілден қиынға ауысатын есептер құрастыруы, дидактикалық материалдарды пайдалануы қажет. Жаңа инновациялық технология білім беру саласын дамытуды көздейді, яғни топтық жүйеде оқыту технологиясы бойынша топқа бөлуді бірнеше әдістермен жүргізуге болады және мынандай нәтижелер күтіледі:

1. Студенттердің білім деңгейлеріне қарай араластыра бөлу. Жақсы және өте жақсы оқитын студенттер қалғандарына кеңесші-үйретуші бола алады;

2. Студенттердің өз беттерімен ізденістері туындайды, лекция конспектісімен, қосымша оқулықтармен жүйелі жұмыс жүргізулеріне дағдыланады;

3. Студенттің өз білімі мен басқалардың білімін саралай, бағалай білуіне толығырақ мүмкіндігі туады;

4. Студенттер бір-біріне көмектесуге, үйретуге бейім болады, үйрете жүріп өзі де үйренеді;

5. Студенттердің бір-біріне жолдастық, достық қарым-қатынастары арта түседі;

6. Топтық жарыстар кезінде ұйымдастырушылық қабілеттері артады;

7. Бағалау жұмысын салыстырмалы түрде жүйелі жүргізе алады.

Сабақта топтық жұмысты қолданудың артықшылықтары:

- мақсат дәл болғандықтан түпкі нәтиже дәл анықталады, яғни оны анықтауға мүмкіндік бар;

- мәтін түсінікті және қысқа болуы керек, яғни қысқаша түрде негізгі ақпарат берілу керек;

- мақсатқа жету үшін істелетін жұмыстардың нәтижесі объективті тексерілуі қажет;

- оқытушы дайындықсыз оқыту үдерісін жүзеге асыра алмайды;

- әдістемеді студенттердің оқу іс-әрекетінің түрлері жасалады;

- интерактивті технологияларды қолдану жақсы ойластырылған және дайындалған болуы тиіс;

- оқытушы интерактивті технологияларды қолдану кезінде студенттердің жұмыстарына талдау жүргізуі тиіс.

Әдістеме бойынша әр оқытушы сабақ жоспарын өзінше жасайды, демек сабақта студенттердің іс-әрекеті де түрліше ұйымдастырылады.

Инновациялық технологияның кезеңдері:

- оқытудың мақсатын қайта тұжырымдауға болады;

- мақсатқа жету кезеңдерін белгілей отырып оқытудың жаңа мақсатын қоюға болады.

- тексеру құралдары арқылы студенттің іскерліктері, даму, қалыптасу деңгейлері анықталады. Студенттің деңгейі бұрынғы деңгейімен салыстырылады, сосын жаңа мақсат қойылады, егер мақсат анық болмаса оқу үдерісінің жетілдірілуіне кедергі жасалады. Өзім сабақ беретін топтарда математиканы оқытудың тәжірибелік және дамытушылық мақсаттарына тоқталғым келеді:

Әрбір сабақтың соңында кері байланыс кезеңі қолданылады, яғни оқытушының білім алушылармен үздіксіз өзара әрекет етуін жүзеге асыруға, нәтижесінде оқу үдерісін түзетіп, сабақты әрі қарай жоспарлауына мүмкіндік береді. Кері байланыс кезінде оқытушылар мынаны ескергендері жөн:

- білім алушылардың жақсы жақтарын ескеруі;

- тапсырманың дұрыс орындалмағанын нақты түсіндірмей тұрып, «олай емес», «дұрыс емес» деген сөздерді қолданбауы;

- білім алушылардың жұмысын жетілдіру немесе кемшілік тұстарын жөндеудің жолдарына ұсыныс беруі;

Қорытынды. Білім беру үдерісінде оқытушы мен студент қарым-қатынасы қандай маңызды болса, олардың арасындағы байланысты нығайтуда практикалық сабақтың да маңызы соншалықты болмақ, яғни практика сабақтары оқытушы-студент, студент-оқытушы арасындағы байланысты нығайтып қана қоймастан, пәннің студент алдына қоятын мақсаты мен міндетін айқындауда, дәріс барысында аталған мәселелерге жауап іздеп, шешу жолдарын іздестірудегі тығыз байланысын байқатады. Білім алушылардың белсенді ойлау әрекетін ұйымдастыру, есеппен жұмыс істеуге шығармашылық элементтерін енгізу жолымен фактілерге және соған сәйкес материалдарға назар аударту, талдау жасай білуге мүмкіндік жасау олардың дамытушылық қасиеттерін қалыптастырады. Ал тәрбиелік жағынан оларды кез келген жұмысты орындауға дайын болуына, өзінің еңбегінің нәтижесінде ұжым алдында жауапкершілігін өсіруіне, жұмыс уақытын тиімді пайдаланып, жақсы нәтижелер алуына ықпал ету, математикалық және экономикалық сауаттылыққа тәрбиелеу, яғни алған білімдерін болашақ мамандықтары бойынша қолдана білуді қалыптастыруға ықпал береді. Егер математика пәні бойынша жүйелі, жан-жақты терең білім берілсе, жаңа ақпаратты технология арқылы студенттердің шығармашылығы қалыптасса, онда студенттердің түскен ақпаратты талдау іскерлігі және алынған деректер негізінде нақты шешімдер шығаруға үйренуі және математикалық білім деңгейлерінің көтерілуі, қажетті ой сапаларының қалыптастырулары уақыт талабына сай, бәсекеге қабілетті маман болуларына ықпал болады деп ойлаймын.

Әдебиеттер

1. Ақжігітов Е.Ә., Тілепиев М.Ш. Кредиттік оқыту технологиясы бойынша болашақ мамандарды дайындаудағы математиканы оқыту мәселері // Астана, ҚАТУ-2014.-7-156.б.

2. Мынбаева А.Қ., Садвакасова З.М. Инновационные методы обучения, или как интересно преподавать // Алматы,- 2007г.-С.10-25.

ГТАМР 27.03.19

ОҚУШЫЛАРДЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ОЙЛАУЫН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Нурмаганбетова Г.М., математика пәнінің мұғалімі.

№10 Б. Алтынсарин атындағы мектеп-лицейі, Қазақстан Республикасы

Андатпа. Оқушының жеке тұлғасын, рухани әлемін, ынтасы мен логикалық ойлау қабілетін дамыту - бүгінгі күннің негізгі мәселелерінің бірі. Себебі, оқушылар өз бетімен ізденіп жұмыс істеуге, өз бетінше білімді тәжірибеде, өмірде пайдалануға дағдыланбаған. Сондықтан көп жағдайда оқушылардың өз күшіне сенімін арттыру, шығармашылық қабілетін дамыту үшін сабақ та әр түрлі, жан-жақты болуы керек. Оқушы қабілетіне дұрыс көзқараспен қарау, оқушының өз бетінше жұмыс жасауына жағдай жасау оқу-тәрбие ісінде оң жетістіктер береді. Үздіксіз оқыту үдерісінің барлық бөліктерінде танымдық қызметтің артуына байланысты жаңа ойлау жүйесі қалыптасып отырады. Оқушының алғаш алған қарапайым білім қоры оны күрделі ғылым салаларын оқып үйренуге жетелейді.

Кілт сөздер: математика, логика, математикалық сауаттылық, шығармашылық.

Аннотация. Одним из основных вопросов сегодня является развитие личности, духовного мира, мотивации и логического мышления ученика. Это связано с тем, что ученики не привыкли самостоятельно искать и работать, применять знания на практике и в жизни. Поэтому в большинстве случаев уроки должны быть разнообразными и всеобъемлющими, чтобы повысить уверенность учащихся в себе и развивать их

творческие способности. Правильный подход к способностям учеников, создание условий для самостоятельной работы учеников дает положительные результаты в воспитательной работе. Во всех частях процесса непрерывного обучения формируется новая система мышления за счет увеличения познавательной активности. Базовые знания, которые ученик получает впервые, приводят его к изучению сложных наук.

Ключевые слова: математика, логика, математическая грамотность, творчество.

Annotation. One of the main issues today is the development of the personality, the spiritual world, motivation and logical thinking of the student. This is due to the fact that students are not used to looking for and working on their own, to apply knowledge in practice and in life. Therefore, in most cases, lessons should be varied and comprehensive to build student confidence and develop their creativity. The correct approach to the abilities of students, the creation of conditions for independent work of students gives positive results in educational work. In all parts of the lifelong learning process, a new thinking system is formed by increasing cognitive activity. The basic knowledge that a student receives for the first time leads him to the study of complex sciences.

Key words: mathematics, logic, mathematical literacy, creativity.

Егеменді еліміздің жарқын болашағы болар жас ұрпақ-бүгінгі мектеп оқушысы. Жас ұрпақ тәрбиесі қай заманда болмасын уақыт сәресінен түскен жоқ. Алаштың ардақты ұлы А. Байтұрсынов «Бала білімді, тәрбиені өз бетімен алуы керек. Ал мұндағы мұғалімнің қызметі – балаға орындалатын жұмыс түрлерін шағындап беру және қойылған мақсатқа жету үшін бағыт-бағдар беріп отыру» - деп жазды. Осы пікірлердегі ортақ идея – ұстаздың ізгіленуі және үндестігі. Оқушының жеке тұлғасын, рухани әлемін, ынтасы мен логикалық ойлау қабілетін дамыту - бүгінгі күннің негізгі мәселелерінің бірі. Себебі, оқушылар өз бетімен ізденіп жұмыс істеуге, өз бетінше білімді тәжірибеде, өмірде пайдалануға дағдыланбаған. Сондықтан көп жағдайда оқушылардың өз күшіне сенімін арттыру, шығармашылық қабілетін дамыту үшін сабақ та әр түрлі, жан-жақты болуы керек. Оқушы қабілетіне дұрыс көзқараспен қарау, оқушының өз бетінше жұмыс жасауына жағдай жасау оқу-тәрбие ісінде оң жетістіктер береді. Үздіксіз оқыту үдерісінің барлық бөліктерінде танымдық қызметтің артуына байланысты жаңа ойлау жүйесі қалыптасып отырады. Оқушының алғаш алған қарапайым білім қоры оны күрделі ғылым салаларын оқып үйренуге жетелейді. Міне, осы аралықта әр пән бойынша алған білім заңдылықтарды біріктіре қорытындылай білетін бала зор табысқа жетеді. Сондықтан осы тұста әрбір мұғалім оқушының ойлау жүйесін дамытуда өзін өте жоғары талап деңгейінде көрсете білуі басты мақсат. Қызықты жаттығу жұмыстарын жүйелі түрде жүргізіп отыру – сол тиімді тәсілдердің бірі. Қызықты жаттығулар балалардың ойлау белсенділігін арттырып, оларды есептеуге деген үлкен қызығушылық тудырады, осындай жұмыстар кезінде оқушылардың есте сақтау қабілеті арта түседі, математикалық тілі жетіледі.

Мұғалім қызықты жаттығулар арқылы аз уақыт аралығында көлемі жағынан көп жұмыс тындырып, оқушылардың жаңа материалды меңгеруге дайындығын және қандай мәселелерге көбірек көңіл бөлу керектігін анықтай алады. Сабақтың басында өткізілетін жаттығулар оқушыларды бірден жұмысқа кірістіретіндей қызықты болуы тиіс. Сабақтың ортасында немесе соңында, балалар жазбаша немесе тәжірибелік жұмыстан шаршаған кезде, қызықты есептеулер оларды сергітеді, жұмыс қабілетін арттырады.

Қызықты жаттығуларды орынды әрі шеберлікпен пайдалана білу сабақтың нәтижелілігі мен сапасын арттырудың да негізгі тәсілдерінің бірі.

Математика сабағында оқушылардың оқу әрекетін белсендендіру және интенсифтендіру негіздеріне ойын, проблемалық оқыту, тірек сигналдары негізінде оқыту технологияларын жатқызуға болады. Математикалық ойындардың бір түрлері логикалық ойын мен математикалық сызбаларға негізделеді, ал кейбіреулері тез ойлап, шешуді талап ететін ауызша есептен тұрады. Ондай ойындарға фигураларды бірден сызып шығу, логикалық есептер, өлең есептері, сөзжұмбақтар шештіру сияқты түрлерін жатқызуға болады.

Шешімін таппаған мәселе өз бетінше оқып білу процесінде оқушының қабілетін дамытып, танымдық білімін қалыптастырады. Шешімін таппаған мәселенің шешу жолын

іздістейді, шешудің нұсқаларын қарастырады, қорытынды жасайды, оны тәжірибеде қолданады. Оқыту үдерісі кезіндегі мұғалімнің жұмысы—оқушылардың танымдық қабілеттерін өз бетінше қалыптастыруға, дамуы мен қалыптасуына, саяси және адамгершілік көзқарастарына, белсенді іс-әрекеттеріне бағытталған оқу әрекеттерін ұйымдастыру және оқушыларға әр түрлі ситуацияларды талдап, одан қорытынды шығару, бір объектіні екіншісімен салыстырып, ерекшелігін, ұқсастығын ажырату, бақыланған құбылыстарды, жалпылап, белгілі әрекет тәсілдерін таныс емес жағдайларда қолдану. Оқушылар өз бетінше жұмыс істей білуі үшін, алдымен, мұғалімнің берген үлгісіне қарай еліктеу негізінде қарапайым тапсырмалар орындайды. Мұндайда жұмыстың мазмұнын жасау әдістерінің бәрін мұғалімнің өзі айтып береді, ал оқушы тек орындаушы ғана. Ал егер мұғалім оқушыға бәрін өзі айтпай, бұрын алған білімдерін қолдануға лайықты жағдайлар туғызатын болса, сол кезде оқушы өз бетінше ізденіп, жаңа міндеттерді шешуге тырысады. Сондықтан мұғалім бастауыш және жалпы орта білім беруде оқушылардың жұмысын ұйымдастырғанда, алдымен оларды өз бетінше жұмыс істеуге дайындайтын жаттығулардан бастап, кейін мұғалімнің көмегімен жасайтын жартылай дербес, ең соңында толық өз бетінше жасайтын жұмыстарға үйретуі қажет. Мұғалім бастауыш және жалпы орта білім беруде оқушыларға шамалары келетіндей тапсырмалар ұсынады, онда жұмыстың мақсаты, оны бөлімдер бойынша орындау реті (өзін-өзі бақылау); мұғалім тексеру үшін алынған нәтижелерді әзірлеу, реттеу (кері информация) тәсілдері, жұмысты орындау мерзімі келтіріледі. Мұғалім тапсырманың дұрыстығын, оқушылардың оның мазмұны мен нәтижесін қаншалықты түсініп меңгергенін анықтайды: Демек, мұғалім бақылаушы ғана емес, ұйымдастырушы да, оқушының өз бетінше жұмысын тексеруші де. Мұғалім тапсырма арқылы олардың таным қабілетін бағдарламалайды, оны бір мақсатқа бағыттап, сапасын анықтайды. Оқушылар тапсырма алады, меңгерген білім қорына сүйене отырып, оның мақсаты мен орындау тәсілдерін ойластырады және ең маңыздысы – жұмысты өз бетінше орындау барысында алынуға тиісті нәтижелерді бағдарламалайды. Содан соң істелген жұмыстың дұрыстығын үнемі тексере отырып, тапсырманы бөлімдері бойынша орындайды. Алынған нәтижелерді реттеп әзірлейді (өзін-өзі бақылайды) және жазу жұмысы, цифрлар, сызулар, суреттер, модельдер т.б. тексеру үшін мұғалімге тапсырады. Оқушылардың оқу жұмысын, оқу әрекетінің жемісті болуы – оқу жұмысын тәсілдерін меңгеруге байланысты.

Оқушылардың логикалық ой-өрісін арттыруда, оларды математикаға қызықтыруда, логикалық есептер шығарудың ерекше маңызы бар. Математикада логикалық есептерді жүйелі жүргізіп отыру, оқушылардың тыңдау қабілеттерін дамытып, ойлау дағдыларын қалыптастырады және математикалық сауаттылықтарын жетілдіреді. Оқып үйренуге арналған жұмыстар сыныпта орындайтын оқулықтағы тақырыптық жаттығуларды толықтыруға арналады. Оқушыларға шығармашылық тапсырмалар беру арқылы оқушының ойлау қабілетін тереңдетуге болады. Жалпы логикалық ойлауды дамыту дегеніміз барлық логикалық ойлау операцияларын арнайы жүйелі түрде қалыптастыру. Ғылым мен техниканың тез қарқынмен дамуы оқушылардың мәдени дәрежесінің өсуі күн сайын жаңа білім беру жүйесінде математиканың атқаратын ролі аз емес. Сондықтан оқушылардың математикаға дайындығын жан-жақты жетілдіру орта мектептің аса маңызды міндеттерінің бірі. Бұл міндетті шешуде мектептегі математика курсының күнделікті практикалық өмір талабына сай жаңа мазмұнда оқытылуы жеткіліксіз. Ол үшін оқыту үрдісінде сабақ берудің барынша тиімді әдістерін жинақтап, оқушылардың өз бетіндік және шығармашылық қабілетін арттырумен бірге сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстарды сапалы жүргізу қажет.

Оқушылардың логикалық ой-өрісін арттыруда, оларды математикаға қызықтыруда математикадан жүргізілетін сыныптан тыс жұмыстардың маңызы бар. Қабілетті оқушылардың математикалық даму дәрежесі есеп шығарудан анық байқалады. Кез келген есепті шығару оқушыдан үлкен еңбекті, ерен күшін, табандылығын, төзімділігін, сенімділігін талап етеді. Оқушыны шығармашылық іс-әрекетке бейімдейтін, ақыл ойын дамытатын құрал - логикалық қызықты есептер, қиындығы мол олимпиадалық есептер, әр түрлі сайыстар.

Оқушылардың логикалық ойлау қабілетінің дамуына ғылыми жобалар сайысының қосар үлесі зор. Оқушылар жоба жазу барысында ізденіп, есептерді талдап, өздері бір қорытындыға келуге тырысады. Логикалық жаттығуларды орындау біздің ақылымыз, қиялымыз, ой ұшқырлығымызды дамытады. Математика оқулықтарында логикалық есептер жоқтың қасы, олар тек шығармашылық есептер деген айдармен бірен-саран кездеседі. Сынып оқушылары бірдей емес. Олардың ішінде математиканы сүйіп оқитын, оған деген ынтасы зор оқушылар да бар. Оларды жеңіл, бірыңғай жаттығулар орындау жалықтырады. Сондықтан белгілі бір ережені меңгертетін жаттығуларды орындағанда оларға қиынырақ тапсырмалар беріліп отыру керек. Оқу процесіндегі осындай іс-әрекеттердің арқасында қоғам талап етіп отырған шығармашылық, логикалық ойлау қабілеті жоғары, өз ойын жүйелі түрде ашық айта алатын, қоғамға еркін сінетін, өндіріске белсене араласатын шығармашыл жеке тұлға қалыптасады. Логикалық сипаттағы тесттер оқушылардың білімді жете меңгеру мен оларды өмір жағдайларында қолдана білу қабілеттерін анықтауға арналған.

Білім жетістіктерін өмірлік жағдайларда қолдана білуге арналған тест тапсырмалары халықаралық TIMSS, PISA зерттеулерінің бақылау-өлшеу материалдарында кездеседі. Сонымен қатар аталған зерттеу қазақстандық оқушылардың халықаралық зерттеулердегі көрсеткіштерін арттыруға негізделген. Зерттеу оқушылардың қабілеттерін емес, ол оқу барысында меңгерген білімдері мен дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдана білу ептіліктерін бағалауға бағытталған. Оқушылардың білім жетістіктерін зерттеу негізгі үш бағыттан тұрады: «математикалық сауаттылық», «жаратылыстану сауаттылығы», және «оқу сауаттылығы».

Функционалдық сауаттылықтың түрлерін жіктер болсақ:

- оқу сауаттылығы – қандай да бір күрделі оқу мәтіндерін дәл пайдаланып, олардың көмегімен күнделікті жағдайларда бағдар алуды;
- математикалық сауаттылық – нақты бір жағдай үшін нақты модельдермен тиімді жұмыс жасау, әр түрлі тапсырмаларды дамыту мен кіріктіруді;
- жаратылыстану ғылыми сауаттылық – әр түрлі жаратылыстану пәндерінен түсініктемелерді таңдауға және біріктіруге, осы түсініктерді өмірлік жағдаяттарға тікелей қолдануға дайындықты қарастырады. В. Давыдов: «Оқыту үрдісіндегі оқушылардың логикалық ойлау қабілетін қалыптастыру өзіндік мақсат емес, ол – белсенді тұлғаны тәрбиелеу құралдарының бірі» десе, «Ойлау логикалық заңдылықтары мен формаларына бағынады. Көптеген адамдар логикалық ойлайды, бірақ өздерінің ойлауы логика заңдылықтары мен формалары арқылы болып жатқанын білмейді», - дейді В.Кириллова. Балалардың ойлауын дамыту туралы М. Жұмабаев былай деген: «Ойлауды өркендету жолдары. Ойлау – жанның өте бір қиын, терең ісі. Жас балаға ойлау тым ауыр. Сондықтан тәрбиеші баланың ойлауын өркендеткенде, сақтықпен, басқыштап іс істеу керек. Оқулықтағы берілген тапсырмалар, суреттер баланың жанына дұрыс әсер ететіндей, оқушының оқуға, білімге деген ынта-ықыласы, құштарлығы болуы керек».

Логикалық ойлаудың қисындылығы олардың шындыққа сай келуінде. Логикалық ойлауға түскен құбылыстың себептері мен салдары, ұғымдар арасындағы байланыстар мен қатынастар логикалық ойлау жолымен ашылады. Пікір алмасу кезінде, әсіресе математикалық тұжырымдар кезінде пайымдау, ойлау заңдылықтарын немесе былайша айтқанда сол заңдылықтар мен формалары жөніндегі ғылым – логиканың көмегімен бір пікірден екінші пікірді шығарамыз. Оқу материалын балалардың ойлау қабілеті жетерліктей жас ерекшеліктерін ескере ұйымдастырса ғана, оның ойлау қабілетінің дамуына мүмкіндік туады. Сондықтан да мұғалім балаларды үнемі ойланып оқуға бағыттауы тиіс, бұған оқу үрдісін жүйелі ұйымдастыру, сабақта бала логикасын (шығармашылығын) дұрыс дамыта алатын мүмкіндіктерді мол пайдалану арқылы жетуге болады.

Америкалық педагог-математик Д. Пойа былай деген: «Математиканы білу деген не? Бұл есептерді шығара білу, онда стандарттық есептерді ғана емес, ойлаудың еркіндігін,

сананың салауаттылығын, өзіндік болмысты, тапқырлықты керек ететін есептерді шығару». Сондықтан, орта мектептің математика курсының бірінші әрі ең басты міндеті – есеп шығарудың әдістемелік жақтарына назар аудару. Математиканың теориялық негізін есеп түрінде меңгеру оқушының ойын белсендіреді, икемділік, жылылық, тереңдік, жинақылық, жүйелік, т.б. тәрізді қажетті қасиеттерді қалыптастырады. Сонымен қатар, есептер математикалық білім, білік дағды жүйесін қалыптастырудың маңызды құралы, ал есеп шығару – оқу және кәсіптік әрекеттің жетекші түрі. Әрбір есептің өзіндік әдістемелік мақсаты да бар.

Сондықтан оқушы есепті жылдам әрі қатесіз шығаруға, жаттыға түсуге ұмтылудан гөрі, оны шығармашылықпен шешуге, шешімінен тиісті қорытынды жасай білуге тырысуы қажет. Математиканы үйренумен белсенді шұғылдану, шын мәнінде, есеп шығару. Математикалық есептердің тәрбиелік мәні зор. Есеп шығару кезінде төзімділік пен табандылық қалыптасады. Тиімді шешімді іздеу жазудың, сызудың ықшамдығы мен мұқияттығын керек етеді.

Есеп шығару, талдау есептер жүйесін құрудың мынадай әдістемелік ерекшеліктерін анықтауға жол ашты:

- есеп мазмұнындағы мәліметтердің ғылымилығы;
- есеп шығаруды үйретудің дамытушы сипаты;
- есепті кәсіби түрде шығара білуді қалыптастыру мен дамытудың жүйелілігі және сабақтастығы;
- есеп мазмұнында мәселе көтерілуі;
- есеп мазмұнының кәсіби бағыттылығы;
- есеп шығаруды үйретудегі саналылық пен мақсаттылық. Осының бәрінде де математикалық ойлаудың жеткілікті түрдегі жоғары деңгейін қалыптастыру қажет.

Қорыта айтқанда, оқу-тәрбие үрдісінде оқушылардың ойлау үрдісін дамыту үшін жоғарыда ұсынылған тренингтік жаттығуларды ұйымдастыру қажет. Сондай-ақ, логикалық тапсырмалар оқушы білімінің деңгейін көтеріп қана қоймай, бір-бірімен жақындастырып, достыққа, адамгершілікке, еңбекке тәрбиелейді; жүйелі ойлап сөйлеуге, сөздік қорын молайтуға, қиялын ұштауға жетелейді. Қазіргі уақыттың негізгі талаптарының бірі – білімді әлемнің бүтіндей бейнесін қабылдай алатын, логикалық ойлауы дамыған жаңаша, тәуелсіз ойлай алатын шығармашыл адамға айналдыру. Логикалық тұрғыдағы шығармашылық тапсырмаларда оқушылар жаңа бір нәрсені ашады, яғни оқушы өзін белгілі бір жаңалықтардың авторы ретінде сезінеді. Бұл оған белгілі бір пән төңірегіндегі қызығушылығын жүзеге асыруға мүмкіндік береді, яғни, оқушыны өзіне тарта, баули түседі.

Әдебиеттер

1. Жақыпбекова Г.Т. Математика сабағында математикалық сауаттылықты қалыптастыру. Алматы, 2001 ж.-49с.
2. Тұрғынбаева Б.А. Мұғалімнің шығармашылық әлеуметін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе. Алматы. 2005 ж -174с.
3. Құдайбергенова К. Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критеріі // 2008.
4. «Ғасыр мектебі» 2009 жыл, №5.-30-32с
5. Логикалық ойлау қабілетін дамыту. Қазақстан мектебі. Республикалық ғылыми-педагогикалық журнал. – Алматы, 2008 жыл, №11.-53-54с.

ҒТАМР 27.03.15

МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ

Тундыбаева Г.Ж., математика пәнінің мұғалімі
Б. Момынбаев атындағы №278 ІТ мектеп-лицейі, Қазақстан Республикасы

Аңдатпа. Қазақстан білім беру жүйесі қазіргі таңда өзгермелі және өскелең талаптары мен қажеттіліктерді қанағаттандыра отырып, отандық білім саласын әлемдік білім деңгейіне жеткізуге бетбұрыс жасауда. Бұл білім жүйесін жетілдіру және оны сапалы деңгейге көтеруді алға тартады. Болашақта өркениетті дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім, ғылым, тәрбие қажет. Ендеше, санасына сызат түспеген періште көңіл сәбиді өмір баспалдағына жетелеп, білім мен тәрбиенің ақ желкеніне отырғызып, рухани дүниесін байытып, біліммен нәрлендіретін, әлемдік бәсекелестіктің жылдам дамуына ілесе алатындай «Мәңгілік елдің» білімді де тапқыр дара тұлғаны қалыптастыратын -ұстаз. Тәуелсіз Қазақстанның дамыған бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарында терезесін тең ететін - білім. Сондықтан қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үдерісін технологияландыру мәселесі қойылып, оқытудың әр түрлі технологиялары зерттеліп, жаңартулармен мектеп өміріне енуде.

Кілт сөздер: жаңа технология, функционалдық сауаттылық.

Аннотация. Система образования Казахстана сегодня совершает прорыв в выводе отечественного сектора образования на мировой уровень образования, отвечая меняющимся и растущим запросам и потребностям. Это способствует совершенствованию системы образования и поднятию ее на качественный уровень. Чтобы в будущем стать одной из самых цивилизованных стран, нам необходимы современное образование, наука и воспитание. Таким образом, безошибочный ангел - это учитель, который ведет ребенка по лестнице жизни, ставит его на белые паруса образования и воспитания, обогащает духовный мир, питает его знаниями и формирует образованного и находчивого человека «Вечного», «Страна». Образование входит в число 30 наиболее конкурентоспособных развитых стран независимого Казахстана. Поэтому на современном этапе развития перед системой образования стоит проблема технологизации учебного процесса, изучения различных технологий обучения и внедрения их в школьную жизнь с помощью инноваций.

Ключевые слова: новая технология, функциональная грамотность.

Annotation. The education system of Kazakhstan today makes a breakthrough in bringing the domestic education sector to the world level of education, responding to changing and growing demands and needs. This contributes to the improvement of the education system and raising it to a quality level. To become one of the most civilized countries in the future, we need modern education, science and upbringing. Thus, an unmistakable angel is a teacher who leads a child up the ladder of life, puts him on the white sails of education and upbringing, enriches the spiritual world, nourishes it with knowledge and forms an educated and resourceful person "Eternal". Country ". Education is among the 30 most competitive developed countries of independent Kazakhstan. Therefore, at the present stage of development, the education system faces the problem of technologizing the educational process, studying various teaching technologies and introducing them into school life with the help of innovations.

Keywords: new technology, functional literacy.

Қазіргі таңдағы еліміздегі өзгерістер, тұрақты дамудың жаңа стратегиялық бағыттары және қоғамның ашықтығы, оның жедел ақпараттануы, қарқындылығы білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті. Білім берудің жаңа үлгісін ендіру тұлғаны дамыту үдерісі ретінде тәрбиеге басты назар аударылуда. «Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында» деп атап көрсетті Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев. Қазіргі кезеңдегі басты мәселенің бірі жаңа технологиялардың дамуы кезеңінде болашақ ұрпақтың тәрбиесі мен білім алуында ұстаздардың атқаратын рөлі ерекше. Егемен еліміздің болашағы, оның әлемдік өркениеттегі өз орны, ең алдымен білім мен тәрбиенің бастауы – мұғалім қолында.

Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында «Ұлттық бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімдік деңгейімен айқындалады» деп айтылған. Егемендік алған тәуелсіз Қазақстанның әлемдік өркениетке жетудегі бірден-бір дара жолы- білім жүйесі. Орта мектеп - білім жүйесінің ең басты буыны. Орта мектепте қаланған білім негізі оқушының болашағына жол ашады.

Қазақстан білім беру жүйесі қазіргі таңда өзгермелі және өскелең талаптары мен қажеттіліктерді қанағаттандыра отырып, отандық білім саласын әлемдік білім деңгейіне жеткізуге бетбұрыс жасауда. Бұл білім жүйесін жетілдіру және оны сапалы деңгейге көтеруді алға тартады. Болашақта өркениетті дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім, ғылым, тәрбие қажет. Ендеше, санасына сызат түспеген періште көңіл сәбиді өмір

баспалдағына жетелеп, білім мен тәрбиенің ақ желкеніне отырғызып, рухани дүниесін байытып, біліммен нәрлендіретін, әлемдік бәсекелестіктің жылдам дамуына ілесе алатындай «Мәңгілік елдің» білімді де тапқыр дара тұлғаны қалыптастыратын - ұстаз. Тәуелсіз Қазақстанның дамыған бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарында терезесін тең ететін - білім. Сондықтан қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үдерісін технологияландыру мәселесі қойылып, оқытудың әр түрлі технологиялары зерттеліп, жаңартулармен мектеп өміріне енуде.

Функционалдық сауаттылық дегеніміз – адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады. Мұндағы басшылыққа алынатын сапалар: белсенділік, шығармашылық тұрғыда ойлау, шешім қабылдай алу, өз кәсібін дұрыс таңдай алу, өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады.

Бүгінгі күн талабына сай жан-жақты дамыған, белсенді, өмірге талпынысы, қызығушылығы бар адамды мектеп табалдырығынан дайындап шығарудың ең бір тиімді тәсілі ол – оқытудағы математикалық сауаттылық.

Математикалық сауаттылық дегеніміз-математикалық сөйлеу және жазу мәдениетіне қоршаған ортаны және олардың заңдылықтарын баяндау, оны оқып үйренудің, оқушылар дүниенің ғылыми бейнесін меңгеру. Математиканың әлемдегі рөлін анықтау және түсіну, әртүрлі формада берілген сандық ақпараттарды оқу, талдау, түсіндіріп беру, дұрыс негізделген математикалық пайымдаулар айту, есептерді шығарудың тиімді тәсілдерін табу, орындау, өзін-өзі тексеру, өмірмен байланыстыру, математикалық білімді өмірлік жағдаяттарда кездесетін түрлі мәселелерді шешуде еркін қолдану.

Математика сабағындағы негізгі сауаттылыққа мыналар жатады :

1. Математика – ғылым болмысынан балама ұғымдар. Сондықтан да математика барлық ғылымдардың логикалық негізі – күре тамыры ретінде қарастырылады.

2. Математика ең алдымен оқушылардың дұрыс ойлау мәдениетін қалыптастырады, дамытады және оны шыңдай түседі.

3. «Математикалық сауаттылық» ауызша, жазбаша қабілеттерін қалыптастыру арқылы оқушының «математикалық сауаттылықты» меңгере білу қабілетін шыңдайды.

4. Математика әлемде болып жатқан түрлі құбылысты, жаңалықты дұрыс қабылдап, түсінуге көмектеседі.

5. Математиканың болашақ тұлғаны моральдық, эстетикалық және этикалық тұрғыдан қалыптастыруда да тәрбиелік мәні бар.

Математикалық сауаттылықты қалыптастыру үшін:

- теорияны білу, оны логикамен ұштастыру

- есепті шығаруда тиімді жағын көруге баулу

- математикалық сайыс сабақ, пән кеші, апталықтарды математиканың даму тарихымен байланыстыру,

- Ақпараттық оқыту технологиясынан математика сабақтарында интерактивтік тақтаны қолдану. Интерактивті тақта арқылы оқушылар жаңа материалдарды арнаулы бағдарламалар көмегімен мүмкіндігінше меңгерумен қатар функционалдық сауаттылығы да артады.

Қазіргі таңдағы ақпараттандырылған заманда сабақта интерактивті тақтаны тиімді пайдалана отырып, оқушының білім сапасын шығармашылық негізінде арттыру – өмір талабы. Ол үшін мұғалім тиімді интерактивті әдістер арқылы проблемалық ситуациялар туғызып, оқушылардың топтық жұмысының нәтижесінде олардың өз бетімен тақырыпты түсінуге қолайлы жағдай туғызады, танымдық қызметін басқарып, ілгері жетелеп отырады. Соңында оқушылар өздері қорытындысын шығарып, практикалық жұмыстармен бекітеді.

Жаңа технологияның тиімді әдіс-тәсілдерін ұрпақтың бойына сіңірте білу – ұстаздардың басты міндеті. Жаңа технологияның тиімділігі сол, оқушы:

- мақсат қоюға үйренеді;
- есте сақтау қабілеттері дамиды;
- басқалармен бірігіп жұмыс жасайды;
- кітаппен жұмыс жасауға үйренеді;
- қатарынан қалмауға тырысады;
- дарынды оқушылар өз қабілеттерін одан әрі бекіте түседі;
- әлсіздер оқуға ниет білдіріп, өзіне деген сенімсіздіктен арылады.
- күшті сыныптарда оқуға деген ынта артады.
- білім дәрежесі бірдей сыныптарда оқу жеңілдейді
- өздігінен жұмыс істеуге дағдыланады

Мұғалім:

- жүйелі тапсырма беруге ұмтылады;
- оқушыны жан-жақты танып біледі;
- қарым-қатынас орнатады;
- оқушылардың өзара әрекеттесуіне жол ашады;
- оларға шығармашылық еркіндік беріледі.

Біздің заманымыз ғылым мен техниканың ғарыштап дамыған кезеңі, біз ұстаздар сол заманмен бірдей қадам басуға міндеттіміз, себебі біз адам тағдырына, бала тағдырына жауаптымыз. Сондықтан оқушылардың функционалдық математикалық сауаттылығын арттыру үшін мынадай жұмысын жүргізуіміз керек:

1. Сабақ берудің жаңа технологиясы негізінде құрастырылған сабақтың әр тарауы, әр тақырыбы бойынша “білу-түсіну-колдану- тұжырымдау” деңгейлік тапсырмаларымен жүйелі жұмыс жасауды күшейту;
2. Сабақта практикалық мазмұнды есептерді, әртүрлі форматтағы тест тапсырмаларын, стандарты емес жағдайларда білімді қолдануға арналған қызықты есептер шығарту;
3. Математика пәні сабақтарында, таңдау курстарында алған білімдерін өмірмен ұштастыруға, оны практикада қолдануға, логикалық есептер шығаруға үйрету;
4. Халықаралық зерттеулер мен Ұлттық емтихандардың нәтижелері бойынша мектепте оқушыларымен мақсатты түрде жұмыс істеу;
5. Мектеп оқушыларының оқу сауаттылығын дамытуға бағытталған белсенді оқыту стратегияларын пайдалануды үйрену.

Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығы дегеніміз – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету, яғни, оқушылардың мектепте алған білімдерін өмірде тиімді қолдануына үйрету.

Тұлғаның ең басты функциялық сапалары:

- белсенділік,
- шығармашыл тұрғыда ойлауға және шешім қабылдай алуға бейімделуі,
- кәсіби жолын таңдай алуға қабілеттілік, өмірлік білім алуға дайын тұруы болып табылады.

Ал бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады.

Оқушылардың математикалық сауаттылығының қалыптасуы «математикалық құзыреттіліктің» даму деңгейлерімен (танымдық салалармен) сипатталады:

- білу (*еске түсіру*);

Терминдерді, сандарды қасиеттері бойынша суреттеу және есептеу; график пен кестеден мәліметтерді алу; құралдарды қолдану; классификациалау, математикалық объектілерді танып білу.

- қолдану (*байланыстарды орнату*);

Нәтижелі шешу тәсілін таңдау; математикалық ақпаратты талдау және көрсету; модельдеу; тізбекке байланысты тапсырмаларды орындау; стандартты есептерді шешу - *ойлау (пайымдау, тұжырымдау)*.

Объектілердің арасындағы тәуелділікке талдау жасау; қорытындылау, әртүрлі шешу жолдарын синтездеу; дұрыс/бұрыс айтылғандарды дәлелдеу; стандартты емес есептерді шешу.

Оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытуда – бүгінгі заман талабы. Осы ретте, математика пәнін терең білудің маңызы зор.

Қазіргі тез құбылмалы әлемде функционалдық сауаттылық адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторлардың біріне айналуда.

Сауаттылық тұлғаның тұрақты қасиеті болып табылатындықтан, функционалдық сауаттылық сол тұлға меңгерген белгілі бір білім-біліктерден көрініс табады. Өйткені функционалдық сауаттылыққа адам нақты білім алу кезеңдерінен өткеннен кейін қол жеткізеді. Сондықтан білім белгілі бір сауаттылық деңгейін қамтамасыз ететін құрал және нақты іс-әрекеттердің нәтижесі ретінде қарастырылады.

Математика пәні міндетті пәндердің бірі болғандықтан оқушылардың даярлығы, математикалық ұғымдарды қолдана білу деңгейлері стандарттан төмен болмауы тиіс. Бірақ оқушылардың қабілеттері мен математикалық білімдері, ол білімдерді қолдану деңгейлері әр түрлі болады. Осы орайда математикалық сауаттылық моделін қарастырған жөн. Математикалық сауаттылық моделі шынайы әлем проблемаларын математикалық әлеммен ұштастыруға, тәжірибедегі мәселелерді пайымдай отырып, оның математикалық моделін құруға алғы шарт болып табылады.

Математика сабағындағы негізгі сауаттылыққа мыналар жатады:

1. Математика – ғылым болмысынан балама ұғымдар. Сондықтан да математика барлық ғылымдардың логикалық негізі – күре тамыры ретінде қарастырылады.

2. Математика ең алдымен оқушылардың дұрыс ойлау мәдениетін қалыптастырады, дамытады және оны шыңдай түседі.

3. «Математикалық сауаттылық» ауызша, жазбаша қабілеттерін қалыптастыру арқылы оқушының «математикалық сауаттылықты» меңгере білу қабілетін шыңдайды.

4. Математика әлемде болып жатқан түрлі құбылысты, жаңалықты дұрыс қабылдап, түсінуге көмектеседі.

5. Математиканың болашақ тұлғаны моральдық, эстетикалық және этикалық тұрғыдан қалыптастыруда да тәрбиелік мәні бар.

Математикалық сауаттылықты қалыптастыру үшін:

- теорияны білу, оны логикамен ұштастыру;

- есепті шығаруда тиімді жағын көруге баулу;

- математикалық сайыс сабақ, пән кеші, апталықтарды математиканың даму тарихымен байланыстыру;

- Ақпараттық оқыту технологиясынан математика сабақтарында интерактивтік тақтаны қолдану. Интерактивті тақта арқылы оқушылар жаңа материалдарды арнаулы бағдарламалар көмегімен мүмкіндігінше меңгерумен қатар функционалдық сауаттылығы да артады.

Елбасымыз өз жолдауында: «Ұлттың бәсекеге қабілеттілігі бірінші кезекте білім деңгейімен айқындалады»- деген байламы жеке адамның құндылығын арттыру, оны дайындайтын ұстаз жауапкершілігінің өсуі, тынымсыз еңбек, сапалы нәтиже деген ұғыммен егіз.

Математика - барлық ғылымдардың логикалық негізі, демек, математика – оқушының дұрыс ойлау мәдениетін қалыптастырады, дамытады, оны шыңдай түседі және әлемде болып жатқан жаңалықтарды дұрыс қабылдауға көмек береді. Математика сабағында оқытудың әр түрлі технологияларды қолдана отырып, оқушылардың шығармашылық ізденістерін, өз

бетінше жұмыс істеу белсенділігін арттыру барысында теориялық білімдерін кеңейтіп, логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға болады. «Технология» грек тілінен аударғанда «шеберлік», «өнер», «белгілі бір құбылыстың іс-әрекетіне әсер ете білу», ал «техника» қойылған мақсатқа дәл, тез, тиімді жетуге көмектесетін жол, әдіс және амал. Оқытуды технолизациялау идеясы жаңа идея емес. XVI ғасыр мен XVII ғасырдың аралығындағы жаңа педагогиканың негізін қалаушы, ұлы Славян педагогы Ян Амос Каменский «Ұлы дидактика» еңбегінде оқытуды технолизациялау керектігі туралы сол кездің өзінде айтқан. Ол «дидактикалық машина үшін: 1) қойылған мақсат; 2) сол мақсатқа жететін құрал; 3) мақсатқа жеткізбей қоймайтын, сол құралдарды қолдану ережелерін табу керек», – деді. 5-6 сыныптарға бергендіктен оқушылардың математикалық сауаттылығын арттыру мақсатында логикалық есептер мен ойын түрлерін көбірек пайдаланамын. Жалпы, математика сабағында қолданылатын ойын түрлері оқушылардың математикалық ұғымдарын кеңейтіп, ойлау қабілеттерін арттырып, есептеу дағдыларын шындай түсетіні белгілі. Әр баланың тапқырлығын арттырып, қызығушылығын туғызады, теориялық материалдарды меңгеруге және оны практикада қолдануға машықтандыруға себебін тигізеді, әрі оларды сергітеді, оқуға ынтасын, белсенділігін арттырады. Сонымен қатар, әдеттегі бірсарынды сабаққа үндемей отыратын оқушылар ойын кезінде өте белсенді болатын кездер жиі кездеседі. Өйткені, ойын кезінде олар тең құқыққа ғана қолы жетіп қоймай, басқаларды өзіне қарататын мүмкіндікке ие болады. Олардың әрекеттері еркін және батыл болып, ойлаудың тереңдігін көрсете бастайды да, білімді меңгеру белгілі әрекет үстінде жүзеге асады. Мысалы, Қараңғы бөлмеде майшам мен керосин шамдары бар. Бірінші не жағасыз? (шырпы) немесе Ахметтің анасының 3 баласы бар. Егер олардың үлкенінің аты – Қыркүйек, ортаншысының аты – Қазан болса, кенжесінің аты кім болғаны? (Ахмет).

Л.С. Выготский «педагогика өткенге емес, келесі күнге баланың дамуына бағытталу керек», – деді. Осыған орай оқушылар арасында математикалық сауаттылығын арттырудың барысында дамыта оқытуды ұйымдастырудың тиімділігі жоғары. Дамыта оқыту сабақтағы мұғалім мен оқушы арасындағы ерекше қарым-қатынас. Мұғалім бұл жағдайда дайын білімді түсіндіріп қоюшы, бағалаушы емес, танымдық іс-әрекетті ұйымдастыратын ұжымдық істердің ұйытқысы. Тек осындай оқыту ғана баланың ақыл-ойының көзін ашып, шығармашылығын дамытады. Мұғалім баланы оқыта отырып жалпы дамыту, оның өз бетінше ізденуге, шешім қабылдауға дағдыландыру, жекелік қасиеттерін ескеру, басшылыққа алу, әрі қарай ұшқырлау, тұлғалыққа бағыттау болып табылады. Дамыта оқытуда баланың ізденушілік - ойлау әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Ол үшін бала өзінің бұған дейінгі білетін амалдарының, тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезетіндей жағдайға түсуі керек. Содан барып оның білім алуға деген ынта-ықыласы артады, білім алуға әрекеттенеді. Мұғалім сабақ үдерісін ұйымдастырушы, бағыттаушы адам рөлінде шешім табылған кезде әркім оның дұрыстығын өзінше дәлелдей білуге үйретіледі. Әр оқушыға өз ойын, пікірін айтуға мүмкіндік беріледі, жауаптар тыңдалады. Әрине, жауаптар барлық жағдайда дұрыс бола бермейді. Дегенмен, әр бала жасаған еңбегінің нәтижесімен бөлісіп, дәлелдеуге талпыныс жасайды, жеке тәжірибесін қорытындылауға үйренеді. Дамыта оқыту жүйесінде оқушылардың ойларын жетілдірудің маңызы зор.

Біріншіден, дамыта оқытуда білім даяр күйінде берілмейді, оған оқушы өз оқу әрекеті арқылы қол жеткізеді.

Екіншіден, дамыта оқытуда оқушы жоғары қиындықтағы мәселелерді шеше отырып өзінің санасының саңылауларын ашады. Әр оқушының өзінің деңгейіне дейін дамуға қол жеткізе алады. «Жақсы оқушы», «Жаман оқушы» ұғымының болмауы, балаларды танымдық әрекеттерге ұмтылдырады, құштарлығын арттырады.

Үшіншіден, оқушының жеке басын дамытатын басты құрал - ол өзінің әрекеті. Сол себепті дамыта оқытудағы оқыту әдістері оқушыны белсенді жұмыс жағдайына қоя отырып, мәселелерді, қайшылықтарды шешу мақсатын қояды.

Төртіншіден, дамыта оқыту жүйесінің нәтижелі болуы оқушы мен мұғалімнің арасындағы жаңаша қарым-қатынасы арқасында ғана өз жемісін береді.

Осылайша, дамыта оқыту бойынша сабақ кезеңдерінде

- оқушылар сабақтың мақсат, міндетін өздері анықтайды;
- мәселені шешу жолын іздестіреді;
- жаңаны өздері табады;
- ақылдасады, кеңеседі.

Міне, математика – адамның ақыл-ойын, сана-сезімін, ойлау қабілеттерін дамытатын бірден бір құрал. Сондықтан да математиканы дамыта оқыту күн тәртібінде ең бірінші тұрған мәселе. Ұстаз қандай әдіс-тәсіл қолданса да мақсаты біреу, ол оқушыларға тиянақты да сапалы білім беру

Оқушылардың математикалық сауаттылықтарын қалыптастыру мәселесі бүгінгі таңда мектептеріміздің білім саласында тұрған басты мәселенің бірі болып табылады. Себебі оқушының кез-келген сабаққа деген қызығушылығы болмаса, онда оның алған білімі тұрақты болмайды. Олай болса, А.П. Конфоровичтің «Математиканың қорғаның тек күштілер мен батырлар ғана бұза алады» деген сөзін ұстана отырып, жалықпай, үлкен төзіммен, алдымызға келген шәкірттерге олардың жеке тұлға болып қалыптасуына, жақсы тәрбие, терең білім беру үшін аянбай еңбек ете берейік. Қазақстанның одан әрі Мәңгілік Ел болып өркендеуі үшін, жан – жақты дамуы үшін оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту арқасында талай асулардан абыроймен өтеміз деп және мұғалімдер тек қана адал салиқалы еңбек етіп, функционалдық сауаттылығы бар тұлға тәрбиелеп шығаруға міндеттіміз.

Әдебиеттер

1. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары: / Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы №832 қаулысы // ресми мәтін. Астана: Әділет, 2012. – 14 б.

2. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай жиырма қадам / Н.Ә. Назарбаев // Егемен Қазақстан. – 2012. – 10 шілде.

3. Назарбаев Н.Ә. «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» Қазақстан халқына Жолдауы /Н.Ә. Назарбаев //Егемен Қазақстан. – 2012. – 28 қаңтар.

4. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы / Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы №1118 Жарлығы // ресми мәтін. – Астана, 2012.

5. Әлімов А.Қ. Оқытуда интербелсенді әдістерді қолдану. Алматы, 2012ж

6. Интернет қоры. bilimdiler.kz.

7. Кенеш Ә.С. Математиканы оқытудың теориясы. Алматы 1998
Журнал «Математика Қазақстанмектебінде» Алматы 2014.

ҒТАМР 06.81.65

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАРҒА ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК КӨРСЕТУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Сыздықова М.Б., әлеуметтану ғылымдарының кандидаты,
Нұрниязова Н.Е., СР-19-1 студенті.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан Республикасы

Аннотация. Мақала мүмкіндігі шектеулі адамдарды әлеуметтік-мәдени оңалту мен бейімдеуге ықпал ететін кешенді іс-шараларды өткізуге бағытталған. Мақалада мүмкіндігі шектеулі адамдарды жұмыспен қамту, оларды сауықтыру мүмкіндіктері қарастырылған. Бұл коммуникативтік әлеуетті арттыру мақсатында, мерекелер, спорттық-сауықтыру іс-шаралары және басқа да мәдени іс-шаралар саласында оң мүдделерді қалыптастыру.

Кілт сөздер: мүмкіндігі шектеулі адамдар, жұмыспен қамту, білім беру, мүгедектік.

Аннотация. Работа направлена на проведение комплексных мероприятий, способствующих социокультурной реабилитации и адаптации людей с ограниченными возможностями здоровья. Это формирование позитивных интересов в сфере досуга, организация праздников, спортивно оздоровительных мероприятий, и других культурных мероприятий в целях повышения коммуникативного потенциала.

Ключевые слова: инвалиды, занятость, образование, инвалидность.

Annotation. The article is aimed at carrying out complex measures that contribute to the socio-cultural rehabilitation and adaptation of people with disabilities. This is the formation of positive interests in the field of leisure, the organization of holidays, sports and recreation events, and other cultural events in order to increase the communicative potential.

Keywords: disabled people, employment, education, disability.

Мүгедектердің қоғамдағы өмір сүру жағдайларына әлеуметтік-мәдени бейімделу мәселесі жалпы интеграциялық проблеманың маңызды қырларының бірі болып табылады. Соңғы уақытта бұл мәселе мүгедек адамдарға деген көзқарастардағы үлкен өзгерістерге байланысты қосымша маңыздылық пен өткірлікке ие болды. Мүгедектігі бар адамдардың көпшілігінде өмірге деген қызығушылық пен қандай да бір қызметпен айналысуға деген ықыластың төмендеуі байқалады. Біздің ойымызша, әлеуметтік бейімдеу мақсаттарына қол жеткізудің аса маңызды шарты қоғамдық санаға мүгедектер үшін тең құқықтар мен мүмкіндіктер идеясын енгізу болып табылады. Қоғам бұл идеяның дұрыстығын түсінбейінше, әлеуметтік бейімделуге қол жеткізілмейді.

Бұл мақаланың маңыздылығы қазіргі таңдағы Қазақстан қоғамында да басты мәселелердің бірі болып табылды. Біз бұл жұмыста бұл санаттағы адамдардың мүмкіндігі шектеулі болғанына қарамай, 12 мүшесі сау адамдар жете алмай жүрген табыстарға қол жеткізген. Сондықтан да, олар туралы ерекше мақала әзірлеуді жөн деп таптым.

Біріккен Ұлттар Ұйымының мүгедектер туралы есебі бойынша әлемде әр түрлі деңгейдегі мүмкіндігі шектеулі жандардың жалпы саны 1 млрд-қа жетеді екен. Бұл жер бетінде өмір сүріп жатқан адамдардың 15 %-ы. Олардың 110-190 миллионының функционалды шектеулілігі аса күрделі болып келеді.

Кейбір мүгедек жандар өз денсаулығының шектеулілігіне қарамай, дені сау адамдарға үлкен көмек беріп келеді. Олардың бірі ретінде тетраамелия синдромымен аяқ-қолсыз туылған Ник Вуйчичті айтуға болады. Ол әлемге танымал мотиватор, оратор, меценат және жазушы. Ник Вуйчичтің айтқан сөздері көптеген адамдардың өз жолын табуға көмегін тигізді. Қазірге дейін оның бір фильмі, 6 кітабы жарыққа шыққан. Тағы айта кетерлігі, Ник Вуйчич бүгінде 4 баланың әкесі атанып отыр. Осыған орай мүмкіндігі шектеулі жандар, яғни, мүгедектер демей ерекше адамдар деп атауға болады. Ник Вуйчичті көрген сау адамның өзі де мотивация алады. Мүгедек, зағип, мылқау жандарды қоя тұрып сау адамдардың өзі де жұмыс істеуге ынтасы иа болмаса қызығушылығы жоқ. Енді осы ерекше жандар туралы, ол туралы деректер, айта кетейін.

Мүгедектік ұғымына тоқталатын болсақ, ол – науқастану, жаракат, апатқа ұшырау, кемтар болып туу салдарынан адамның мүлдем не уақытша еңбек ету қабілетінен айырылуы. Мүгедектік медицина, әлеуметтік және құқықтық болып ажыратылады. Аурудың жағдайына, органдардың қызметінің бұзылу деңгейіне, клиника болжамға және еңбекке жарамсыздығына байланысты мүгедектік үш топқа бөлінеді.

І-топқа мүлде немесе ұзақ уақыт еңбекке жарамсыз, үнемі басқа біреудің күтімін, көмегін немесе бақылауын қажет ететін адамдар жатады;

II-топқа басқа адамның көмегін қажет етпейтін, жұмыстың кейбір түрлерін атқара алатын адамдар жатады;

III-топқа еңбек ету қабілеті төмен болғанымен жеңіл-желпі жұмыстарды істей алатын, бірақ денсаулығына байланысты жұмыс жағдайын оңтайлы өзгертуді қажет ететін адамдар жатады.

Мүгедек – бұл өмірлік қызметіне шек келтіріп, оның әлеуметтік қорғалуын қажет ететін ағза қызметінің бұзылуы, аурулар, жарақаттар, олардың зардабынан болған дефектілері бар денсаулығы бұзылған тұлға.

Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау Қазақстан Республикасының Конституциясымен, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңымен және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

Мүгедектің мынадай құқықтары бар:

- әлеуметтік қорғалу, соның ішінде сауықтыру, қоғамға бейімделу
- әлеуметтік инфрақұрылым нысандарына кірумен қамтамасыз етілу
- ақпаратты алуға мүмкіндік берумен қамтамасыз етілу
- білім беру, қызмет түрін еркін таңдау, соның ішінде еңбекке байланысты
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталатын тәртіппен көрсетілетін тегін медициналық көмектің кепілденген көлеміне ие болу
- кәсіби дайындық және қайта дайындау, еңбекке жарамдылығын қалпына келтіру және жұмысқа орналасу

- Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына сәйкес үй алу
- Мемлекеттік және басқа да ұйымдарда, соның ішінде денсаулық сақтау, мәдениет, байланыс, көлік, қызмет саласында бірінші кезекте қызмет көрсетіледі

- Мүгедектердің шығармашылық мүмкіндіктерін қолдау.

Мүгедектерге көрсетілетін әлеуметтік көмектердің түрлері:

- Мемлекеттік жәрдемақы, өтемақы және басқа да төлемдер
- Жергілікті атқарушы органдармен көрсетілетін қосымша әлеуметтік төлемдер
- Жұмыс берушілердің көрсететін қосымша әлеуметтік көмек түрлері және өзге де ұйымдармен.

- Мүгедектерді тұрғын үймен қамтамасыз ету

Бірінші және екінші топтардағы мүгедектер үшін аптасына отыз алты сағаттан аспайтын жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығы белгіленеді, ұзақтығы кемінде күнтізбелік алты күн болатын жыл сайынғы ақы төленетін қосымша еңбек демалысы беріледі. Түнгі уақыттағы жұмысқа тек мүгедектік келісімімен, егер оның денсаулығына мұндай режим тиым салынбаса жіберіледі.

Еңбек келісім-шартын жасаудан, қызметте өсіруден бас тарту, басқа жұмысқа ауыстыру тек мүгедектің келісімен жүзеге асуы тиіс, егер халықты әлеуметтік қорғау саласындағы облыстағы өкілетті органның аймақтық бөлімшелерінің қорытындысы бойынша оның денсаулығы кәсіби міндеттерді атқаруға келмесе, денсаулығына қауіп келсе және өзге тұлғалардың еңбек қауіпсіздігіне қайша келсе жоғарыда аталған шаралар керісінше іске асады.

Мүгедектерді жұмыспен қамту.

Мүгедектерді жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету үшін жергілікті атқарушы органдар (әкімдіктер) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ауыр жұмыстарда, зиянды, қауіпті еңбек жағдайлары бар жұмыс орындарын есепке алмай мүгедектер үшін жұмыс орындары санынан 2-4 пайыз мөлшерінде жұмыс орындарының квотасын белгілейді; жеке кәсіпкерлікті, шағын және орта бизнесті дамыту арқылы мүгедектер үшін қосымша жұмыс орындарын құруда; Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы, сондай-ақ әлеуметтік жұмыс орындарын құруда; мүгедектерді кәсіптік оқытуды ұйымдастырады.

Заңнамада еңбек қатынастарына қатысты мүгедектер құқығына кепілдік берілген. Еңбек келісім-шартын жасаудан, қызметте өсіруден бас тарту, басқа жұмысқа ауыстыру мүгедектің келісімісіз жүзеге аспауы тиістігі көзделген, егер халықты әлеуметтік қорғау саласындағы облыстағы өкілетті органның аймақтық бөлімшелерінің қорытындысы бойынша оның денсаулығы кәсіби міндеттерді атқаруға келмесе, денсаулығына қауіп келсе және өзге тұлғалардың еңбек қауіпсіздігіне қайшы келсе жоғарыда аталған шараларды іске асыруға рұқсат етіледі.

Білім саласындағы мүгедектерге берілетін жеңілдіктер

Бірінші және екінші топтағы мүгедектер мен мүгедек-балаларға 0,5 пайыздық кәсіби және жоғары білім алуларына берілетін квота қарастырылған.

Жоғары оқу орындарында, мемлекеттік тапсырыс пен мемлекеттік грант бойынша оқып жатқан мүгедектерге стипендиялық қамтамасыз етуде жеңілдіктер беріледі.

Мүгедектерді сауықтыру түрлері

Мүгедектерді әлеуметтік оналту мүгедектердің шектеулі тіршілік әрекетін жеңуі үшін жағдай туғызуға, олардың әлеуметтік мәртебесін қалпына келтіруге, әлеуметтік-тұрмыстық және қоршаған ортаға бейімделуіне бағытталған. Ол мүгедектерді жеке басының гигиенасы, өзіне өзі қызмет көрсету, жүріп-тұру, қарым-қатынас сияқты негізгі әлеуметтік дағдыларға үйрету; мүгедектерді техникалық көмекші (қалпына келтіру) және арнайы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз ету; мүгедектерге үйде, медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету; жүріп-тұруы қиын бірінші топ мүгедектері үшін медициналық жеке көмекші, естімейтіндігі бойынша мүгедектер үшін ымдау тілі маманының әлеуметтік қызметін көрсету – жылына алпыс сағат; Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құқықтық көмек көрсетілуін қамтамасыз ету; мүгедектерді оналтудың жеке бағдарламасына (ОЖБ) сәйкес әлеуметтік оналтудың өзге де түрлерін қамтиды.

1-кесте. Қазақстан Республикасы қала ауыл бөлінісінде мүгедектігі бар адамдардың саны.

Облысы	Қала	Ауыл	Барлығы
Түркістан облысы	24015	71343	95363
Қарағанды облысы	51633	15902	67535
Алматы облысы	18669	48247	66916
Шығыс Қазақстан облысы	31472	23470	54942
Алматы қаласы	54752		54752
Жамбыл облысы	16382	29285	45667
Шымкент қаласы	37618		37618
Қызылорда облысы	13379	17265	30644
Нұр-Сұлтан қаласы	29140		29140
Ақмола облысы	14759	13939	28698
Маңғыстау облысы	13521	15065	28586
Павлодар облысы	18659	9180	27839
Қостанай облысы	16127	11623	27750
Ақтөбе облысы	19327	8046	27373
Солтүстік Қазақстан облысы	10296	15966	26262
Батыс Қазақстан облысы	11597	12653	24250
Атырау облысы	13644	9482	23126

Мүгедек балалар қандай топтарға бөлінеді? Ол топтардың жәрдемақы мөлшері қанша теңге көлемінде болады?

Қазіргі уақытта Қазақстанда мүгедектігі бар балалардың 4 санаты бар. Яғни, 16 жасқа дейінгі мүгедек бала. Оларға 16 жастан бастап 18 жасқа дейін бірінші, екінші және үшінші топ белгіленеді.

Ал 7 жастан бастап балаларда мүгедектік топтары белгіленген кезде: бірінші топтағы мүгедек балалар – ең төменгі күнкөріс деңгейінің (КД) 1,92 коэффициенті немесе 65 860 теңге деңгейінде; екінші топтағы мүгедек балалар – 1,59 КД немесе 54 541 теңге (бірінші-екінші топтағы 16 жастан 18 жасқа дейінгі мүгедек балаларға қолданыстағы жәрдемақы мөлшеріне ұқсас); 7 жасқа дейінгі мүгедек балалар және үшінші топтағы мүгедек балалар – 1,4 КД немесе 48 023 теңге (16 жасқа дейінгі мүгедек балаларға қолданыстағы жәрдемақы мөлшеріне ұқсас) алады.

2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар 5%-ға өсті. Осы орайда мүгедектікке байланысты төлемдердің мөлшері келесідей өзгереді:

I топтағы мүгедектер 65 860 теңге алады (2020 жылы 62 723 теңге болған);

Ересек жастағы II мүгедек тобындағы адам – 52 483 теңге (2020 жылы 49 983 теңге болған).

III топтағы ересек мүгедек адам 35 675 теңге алады (2020 жылы – 33 975 теңге).

16 жастан 18 жасқа дейінгі мүгедек балалардың жәрдемақысы келесідей өзгереді:

I топ – 65 860 теңге (2020 жылы – 62 723 теңге);

II топ – 54 541 теңге (2020 жылы – 51 943 теңге);

III топ – 41 164 теңге (2020 жылы – 39 202 теңге).

16 жасқа толмаған мүгедек балалар 48 023 теңге алады (2020 жылы – 45 736 теңге).

- бала кезінен бастап мүгедек болған азаматтарға (1-ші топ) 65 860 теңге төлеуге кепілдік берілген;

- бала кезінен бастап мүгедек болған тұлғаларға (2-ші топ) ай сайын 54 540 теңге жәрдемақы алуға болады;

- бала кезінен 3 топ мүгедектігі бар тұлғалар ай 41 162 теңгені құрайтын жәрдем ақы ала алады. Мұндай жәрдем ақыны сондай-ақ 16 жастан 18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларда алады.

Елімізде бірінші топтағы мүгедектігі бар жандарға күтім жасап отырған адамдарға жәрдемақы төлеу ұсынылды. Нәтижесінде, 24 мыңға жуық қазақстандыққа жәрдемақы берілмек.

Қазақстанда мүгедек жандардың құқығын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2025 жылға дейінгі Ұлттық жоспар іске асырылуда — Б. Нұрымбетов

ҚР Премьер-Министрі Асқар Маминнің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында мүгедек адамдарды әлеуметтік қорғау туралы мәселе қаралды. Осы бағытта атқарылып жатқан жұмыстар туралы еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Біржан Нұрымбетов баяндады.

«Мүгедек адамдардың құқығын қамтамасыз ету және әлеуметтік қорғау Үкімет қызметіндегі маңызды міндеттердің бірі», - деді Б. Нұрымбетов.

Министрдің айтуынша, Қазақстанда бүгінде 705 мыңнан астам мүгедек бар, оның ішінде 430 мың адам еңбекке қабілетті жаста, 181 мыңы – зейнеткерлік жаста және 94 мыңы – балалар. Жалпы, ағымдағы жылы әлеуметтік төлемдерге, оңалтудың техникалық құралдары мен қызметтерді қамтамасыз етуге 448 млрд теңге бағытталды, бұл өткен жылмен салыстырғанда 12%-ға артық. Елімізде мүгедек адамдардың құқығын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2025 жылға дейінгі Ұлттық жоспар іске асырылуда. Ұлттық жоспар 7 бағытты қамтитын 64 іс-шарадан тұрады, ол мүгедектік профилактикасы мен алдын алу, білім алуға қолжетімділік, кедергісіз орта, жұмыспен қамту, тиімді оңалту, әлеуметтік қызметтер және қоғамдық сананы жаңғырту мәселелері.

Оның ішінде:

- мүгедек адамдарды жұмысқа орналастыру жөніндегі квотаны орындамайтын жұмыс берушілердің өтемақы жарналарын енгізу;

- барлық 1-топтағы мүгедек жандарға күтім жасайтын адамдарға берілетін жәрдемақы енгізу;

- 7 жастан 16 жасқа дейінгі балаларды мүгедектік топтары бойынша бөлу, жәрдемақы мөлшерін қайта қарау;

- мүгедектігі және асыраушысынан айырылуы бойынша жәрдемақыларды бірге алу құқығын беру; - 1-2 топ мүгедектігі белгіленген жағдайда 18 жастан асқан балалар үшін тұрғын үй кезегін сақтап қалу сияқты маңызды әлеуметтік нормалар бар.

Бұдан басқа, облыста инклюзивті білім беруді дамытуға ерекше назар бөлінуде. Атап айтқанда, 334 мектепте қажетті жағдайлар жасалған (71%), 26 арнайы оқу ұйымы және 12 инклюзия сыныбы жұмыс істейді, облыстың барлық аудандарында 1300-ден астам бала қамтылды, 2-кесте.

Біздің ойымызша, бізде арнайы орындау тәртібін нығайту керек. Мысалы, республикалық маңызы бар қалаларда барлығы өз деңгейінде орындалса, кейбір аймақтарда әлі шешілмеген түйін ретінде қалып отырғаны да рас. Жұмыспен қамту туралы айтсақ, бізде салынған, салынып жатқан заводтар, үйлер көп. Қалалық жердегі мүмкіндігі шектеулі жандар үшін қазіргі таңда жағдайлар жасалуда. Бірақ біз әлі түсінудің медициналық үлгісінен арылмай келеміз, яғни мүгедекті – ауру ретінде қабылдау. Біз оларға материалдық жағынан өзіміз көмектесіп қана қоймай, Батыс елдеріндегі сияқты олардың өздеріне материалдық дүниесін табуға мүмкіндік жасауымыз қажет.

Түрлі сауықтыру орталықтары мен оңалту орталықтары ашылу керек. Қандай мекемелер болсын мүгедектердің кіріп шығуына мүмкіндік жасау керек, лифтлер қараластыру керек.

2-кесте. Мүгедек кісілерге берілетін жәрдемақы көлеміне жасалған талдау нәтижелері

	Іс-шаралар	саны, адам	Қосымша қажеттіліктің жиынтығы, млн. теңге	оның ішінде:		
				2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл
	Барлығы:	106 394	55 396,9	17 992,8	18 322,0	19 082,2
1	Мүгедектіктің себебіне қарамастан 1-топтағы мүгедектің күтіміне байланысты бірыңғай әлеуметтік жәрдемақы (1,4 ЕТҚД - 48 023 теңге)	23 480	42 238,1	13 530,9	14 072,1	14 635,0
2	7 жастан 16 жасқа дейінгі топтағы мүгедек балаларға мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы	80 497	9 991,0	3 450,9	3 194,6	3 345,6
3	Байқоңыр қаласында тұратын мүгедек балаларға топтар бойынша арнаулы мемлекеттік жәрдемақы	207	4,2	1,3	1,4	1,5
4	Мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша жәрдемақыларды бір мезгілде алу құқығын беру	2 164	3 141,1	1 006,2	1 046,5	1 088,4
5	Зейнетақы төлемдерін (ынтымақты және базалық зейнетақы) тағайындау кезінде мүгедек баланы күту кезеңін 18 жасқа дейін ұзарту	46	22,5	3,5	7,4	11,7

Қортындылай келе қоғамдағы адам құқығын қорғауды, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі адамдарға арнайы қызмет көрсетуде бірқатар әлеуметтік жұмыс тәсілдері қолданылатынын көрсетіп отыр. Әлеуметтік қызметкер адамның өмірлік жағдайын терең түсініп, оның бұрынғы травмалары мен жеңістері, мүгедектігіне байланыстыбастан өткерген шығындар, қиындықтары сияқты мәселелерді білуі керек. Мүгедектігіне немесе бұрынғы түрлі келеңсіз жағдайларға байланысты өзі туралы мәлімет бере алмаса, оның жақындары ол туралы нақты мәлімет беріп, оның физикалық және реляциялық жағдайын сипаттайды. Бұл адамның

ортасының маңызына ерекше көңіл бөледі, өйткені қызмет көрсетушілер адамның тандауын шектеп, өз ойын еркін білдіруіне кедергі келтіруі, бейресми, тегін қарым-қатынастың артуына бөгет болуы, осылайша айтылған тәсілге қарсы әрекетке баруы мүмкін.

Қазіргі таңда қоғамда мүмкіндігі шектеулі адамдарды кемсіту, шектеу, оларға қорқышпен қарау көпкездеседі. Осындай жағдайлардан олар өздерін жалғыз сезініп, басқалардан өзін кем санайды. Мұндай жағдайда біз оларды шеттетпей, ортаға қосып қоғаммен араласуға көмек көрсетуіміз керек.

Қазіргі таңда мүмкіндігі шектеулі азаматтар үйде, жалғыздық олардың психологиясына әсеретуі мүмкін. Сондықтан мемлекетте осындай азаматтарға арналған жұмыс орындарын көбейту керек. Оларды көлікпен тасымалдау санынын көбейту керек. Мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған денсаулығына байланысты ауруханалар санын арттыруға және де тегін қызмет көрсету мүмкіндіктері қарастырылуы керек деп есептейміз. Олардың құқықтарын қорғап, кемсітушілікке жол бермеуіміз керек. Көп жағдайда мүмкіндігі шектеулі жандар құжат тапсыруда қиындық туындауы оларды жеңіл түрде қарастырып, онлайн форматта болатын болса сол жайлы түсініктемелер жүргізілу керек.

Мүмкіндігі шектеулі жандарды жұмыспен қамтуда олардың жоғалған қабілеттерін оятып, икеміне қарай жұмыс топтарына бөлу қажет. Оларды үйрететін тегін мекемелер ашылуы керек. Мүмкіндігі шектеулі азаматтарды шеттетпей қоғаммен етене араласуына бірге атсалысуымыз керек.

Түйіндей келе мүмкіндігі шектеулі жандарды филологиялық, психологиялық және де рухани жағынан толықтырып, қоғаммен сіңісіп кетуіне септігін тигізу керек.

Әдебиеттер

1. Основы социальной работы / отв.ред. П.Д. Павленок. – М., Аксенова Л.И.
2. Социальная педагогика в специальном образовании. – М., 2001. – 75 с.
3. Алаш газеті // 2010жыл, 22 қаңтар. – №35(865). – 2 (15-қыркүйек 2021ж.)
4. <http://adilet.zan.kz> (2021 жыл 20қыркүйек)
5. <http://www.enbek.gov.kz>(2021 жыл 20 қыркүйек)
6. <http://dvpvko.gov.kz/>(2021 жыл 22 қыркүйек)
7. Әлеуметтік жұмыс контексті мен практикасы төртінші басылым.(Нұр-сұлтан 2020 «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық»)

FTAMP 27.01.05

ЗАМАНАУИ БІЛІМ - БІЛІМ БЕРУДІҢ КӨКЖИЕГІ

¹Қанибайқызы Қ., педагогика ғылымдарының магистрі,

²Ермекбайқызы З., физика-математика пәнінің мұғалімі.

¹Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан Республикасы,

²М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі,

Қазақстан Республикасы

Аңдатпа. Білім беру саласында әрбір оқытушы цифрлық ресурстарды пайдалану арқылы білімнің сапасын арттыру, білім беру үрдісін модернизациялаудың тиімді тәсілдерін іздестіру жұмыстарын жүргізу керек. Әрине сабақтың ерекшелігіне қарай тандау жасау қажет. Қазіргі таңда сабақта қолдануға қолайлы ресурстардың түрі өте көп. Мысалы : Quizlet, Kahoot, Mentimeter, App.wizer.me, Learning Apps, Prezi, Classmarker т.б. Сондай – ақ, кәсіби маман даярлаудағы білім беру сапаның басты көрсеткіші. Қазіргі заман талабына сай білім беруді ақпараттандыру – бұл қоғам мүшелерінің адемгершілік, интеллектуалдық, мәдени дамуының жоғары деңгейлік және кәсіби біліктілігін қамтамасыз етуге бағытталған тәрбие беру мен оқытудың үздіксіз процесі екендігі белгілі.

Кілт сөздер: Quizlet, Kahoot, Mentimeter, App.wizer.me, Learning Apps, Prezi, Classmarker, ақпараттандыру, интеллектуалдық, ақпараттық технология, инновация, әдіс-тәсілдер, коммуникациялық желі, заманауи технология.

Аннотация. В сфере образования каждому преподавателю необходимо проводить работу по повышению качества образования путем использования цифровых ресурсов, поиску эффективных способов модернизации образовательного процесса. Конечно, необходимо сделать выбор в зависимости от специфики урока. В настоящее время существует огромное количество ресурсов, пригодных для использования на уроках. Например: Quizlet, Kahoot, Mentimeter, App.wizer.me, Learning Apps, Prezi, Classmarker и др., а также главный показатель качества образования в подготовке специалиста. Как известно, информатизация современного образования – это непрерывный процесс воспитания и обучения, направленный на обеспечение высокого уровня и профессионализма интеллектуального, культурного развития членов общества.

Ключевые слова: Quizlet, Kahoot, Mentimeter, App.wizer.me, Learning Apps, Prezi, Classmarker, информатизация, интеллект, информационные технологии, инновации, методы, коммуникационная сеть, современные технологии.

Annotation. In the field of education, each teacher should work to improve the quality of education through the use of digital resources, and find effective ways to modernize the educational process. Of course, you need to make a choice based on the specifics of the lesson. Currently, there are a lot of resources that are suitable for use in the classroom. For example: Quizlet, Kahoot, Mentimeter, App.wizer.me learning Apps, Prezi, Classmarker, etc., as well as the main indicator of the quality of education in professional training. It is well known that informatization of education in accordance with modern requirements is a continuous process of education and training aimed at ensuring a high level of professional and professional development of members of society.

Keywords: Quizlet, Kahoot, Mentimeter, App.wizer.me, Learning Apps, Prezi, Classmarker, informatization, intellectual, information technology, innovation, methods, communication network, modern technologies.

Қазақ халқының тарихына жарқ етіп енген ағартушы-ұстаз, ойшыл, жазушы-ғалым Ыбырай Алтынсарин оқу-білім іздеген әрбір қазақ баласына таныс. Ы.Алтынсарин Қазақстанның ұлттық педагогикасының негізін қалаушы деп айта аламыз. Әлі күнге дейін Ы.Алтынсариннің патриоттық тәрбие, еңбекке баулу, мұғалімдерді оқыту мен тәрбиелеудегі ролі туралы ағартушылық идеяларын өз практикасында қолданып келеміз. Ұлы ұстаздың еңбегі өміршен екендігін уақыттың өзі дәлелдеп отыр. Заман талабына сай әрбір ұстаз өз сабағында жаңашылдықты ендіре отырып, оқу үрдісінде түрлі тиімді технологияларды, цифрлы ресурстарды қолдану және оны бөлісуі қажет деп ойлаймын.

Білім беру жүйесін арттыруда студентті жоғары деңгейде оқыту үшін оқытудың нысандарын, әдістерін, технологияларын өзгерту, жалпы білім беру жүйесіне жаңа тәсілдерді енгізу қажет. Болашақ маман даярлауда тиісті білім, білік, дағдыны қалыптастыруда студенттің сабаққа деген қызығушылығын арттыру керектігі мәлім. Оқытушы өзінің пәніне студентті баулу үшін цифрлық ресурстарды қолданғаны дұрыс деп айтар едім.

Білім беру саласында әрбір оқытушы цифрлық ресурстарды пайдалану арқылы білімнің сапасын арттыру, білім беру үрдісін модернизациялаудың тиімді тәсілдерін іздестіру жұмыстарын жүргізу керек. Әрине сабақтың ерекшелігіне қарай таңдау жасау қажет. Қазіргі таңда сабақта қолдануға қолайлы ресурстардың түрі өте көп. Мысалы : Quizlet, Kahoot, Mentimeter, App.wizer.me, Learning Apps, Prezi, Classmarker т.б. Сабақта қолданып жүрген ресурстарыммен бөліскім келеді.

Осы уақытқа дейін слайд арқылы жаңа сабақты, түрлі презентацияларды көрсету Power Point бағдарламасы арқылы жасалатын. Қазіргі таңда Prezi- мен слайд жасау тиімді, әрі көрнекі. Ресурстың бұл түрін сабақ барысында ғана емес, сонымен қатар кез келген презентацияны, жылдық есеп т.б. мағлұматтарды көрнекі көрсете аласыз. Мен өз тәжірибемде 4 курс машықтанушының байқау практикасының есебін «Математика, физика» көпдеңгейлі кәсіби колледждер мәжілісінде көрнекі көрсеттім. Студенттер байқау практикасында өз сабақтарында тиімді пайдаланады, әсіресе жаңа тақырыпты түсіндіруде, тарауды қайталау сабақтарында осы Prezi-ді қолданып жүр. Әрине, слайд дайындау оңай жұмыс емес, дегенмен жасаған жұмысыңыздың нәтижесінде өте көрнекі, жинақы әрі заман талабына сай болатыны сөзсіз.

Мысалы, 1-суретте Prezi бағдарламасымен жасаған машықтанушының «Деформация түрлері» тақырыбына презентациясы.



1-сурет. машықтанушының Prezi бағдарламасымен жасаған «Деформация түрлері» тақырыбына презентациясы.

«Quizlet» цифрлы ресурс арқылы өтілген ұғымдарды (мысалы, 10 ұғым) бір тапсырманы бірнеше рет айналдыра ұсынады. Студентке осы 10 ұғым түрліше тапсырмалар: тест түрінде, сәйкестендіру, карточа, сұрақ-жазба т.б ойындар ретінде беріп, алған білімін шыңдауға керемет мүмкіндік болып табылады. Бұл ресурс қайталау сабағында, жаңа сабақты бекітуде, үй тапсырмасын сұрауда кеңінен қолдануға болады. Оқытушы quizlet.com –ға кіріп оқытушы ретінде тіркеледі. Өзінің құпия сөзін ендіріп әр жасаған, құрастырған жұмысын барлығына қолдануға болатынын немесе тек өзі қолданатын етіп алады. Жалпы бұл ресурстың пән бойынша дайын тапсырмалары да бар. «Quizlet» -те жасалған тапсырмалар, 2-сурет.

Физика есептер шығару практикумы

Толық тізбек үшін Ом заңы

Gravitation

Ваш ответ (казахский) Ответ Не знаете?

Физика есептер шығару практикумы

Тұйық тізбектегі ток күші ток көзінің электрқозғаушы күшінің шамасына кері пропорционал және тізбектің ішкі, сыртқы кедергілерінің қосындысымен анықталатын толық кедергісіне кері пропорционал.

quizlet.com

2 вопроса для письменного ответа

1. Тұйық тізбектегі ток күші ток көзінің электрқозғаушы күшінің шамасына кері пропорционал және тізбектің ішкі, сыртқы кедергілерінің қосындысымен анықталатын толық кедергісіне кері пропорционал. ВВЕДИТЕ ОТВЕТ
2. R=8.31 Дж/К моль ВВЕДИТЕ ОТВЕТ

2-сурет. «Quizlet» -те жасалған тапсырмалардан көрініс

«Mentimeter» бұл ресурс сабаққа кері байланыс үшін қажетті әдістің бірі. Оқытушы Mentimeter.com-ға кіріп тіркеледі. Бұл ресурстың басқа ресурстардан ерекшелігі барлық студентте ұялы телефон болуы шарт. Сабақтың аяғында барлық студент ұялы телефонмен интернет желісінде www.menti.com –ға кіріп тақтадағы кодты басып, сабаққа өз пікірін жазады. Бұл ресурста барлық пікір интер белсенді тақтаға шығып тұрады және кімнің қандай пікір жазғанын ешкім білмейді.

Learning Apps ресурсында арнайы пәндерді оқытуда қолдануға тиімді бағдарлама десек болады. Бұл бағдарламаға да оқытушы тіркеледі, құпия сөзі болады. Бағдарламада сөзжұмбақ, миллион кімге бұйырады, атжарысы, жұбынды тап, гүл күлтелері т.б ойын тапсырма түрлері бар. Тапсырмаларды өзіңіз құрастырасыз. Learnig Apps-та жасаған тапсырмаларыңызға өзіңіз ғана кіре аласыз. Өзге адам сіз жасаған тапсырмаларды қолдана алмайды. Бұл бағдарламаның ерекшелігі пәнге деген қызығушылықты арттыруда ерекше байқалады. Сонымен қатар тапсырмаларды әзірлеу аса қиындық тудырмайды.

«Quizlet», «Prezi», «Kahoot» ресурстарда дайын жұмыстар, тапсырмалар бар, алып сабаққа қолдануға болады. Ол тапсырмалар көбіне орыс тілінде кездеседі. Арнайы пәндерге дайын ресурстар жоқтың қасы. Барлық бағдарламада яғни цифрлы ресурстарды сабақта қолдану үшін тапсырмалар құрастыру, есеп жасау, бағдарламаға ендіру уақыт пен қажырлы еңбекті талап етеді. Әрбір сабақ қызықты, жаңартылған, өтілген материалыңыз студентке түсінікті әрі есінде қалатындай болу үшін цифрлы ресурстарды қолдудың маңызы зор. Цифрлы ресурсты қолдану үшін аудитория интернетпен және интер белсенді тақта немесе Bilimbook болуы шарт.

XXI ғасырда біздің елімізде ғаламдану және жахандану үрдісі қарқынды жүріп жатыр. Осы үрдісті жандандырып дамытуда жас ұрпақтың білімі мен біліктілігі орасан зор рөл атқаратыны сөзсіз. Ал жас ұрпақтың бойына білім нәрін себуші – Мұғалім. Мұғалім мен студент арасындағы негізгі бастамалардың барлығы да оқытушы арқылы жүзеге асырылады. Заман талабына сай білім беру үшін ұстаз үздіксіз ізденуі қажет. Әрбір берген сабағымыз студентке түсінікті болу үшін және пәнге деген қызығушылығын арттыру мақсатында цифрлық ресурстарды қолданған абзал деп санаймын.

Қазіргі студент, болашақ маман бәсекеге қабілетті болу үшін өзінің ісінің білікті маманы болуы шарт. Орыс педагогы К.Д.Ушинский айтқандай, қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бірсарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті қолданса, сабақ тартымды да мәнді, қонымды, тиімді болары анық.

Жас ұрпақтың бойына білім нәрін себуші – оқытушы. Білім беруші мен студент арасындағы негізгі бастамалардың барлығы да оқытушы арқылы жүзеге асырылады. Заман талабына сай білім беру үшін ұстаз үздіксіз ізденуі қажет. Әрбір берген сабағымыз студентке түсінікті болу үшін және пәнге деген қызығушылығын арттыру мақсатында цифрлы ресурстарды қолданған абзал. Қазіргі студент, болашақ маман бәсекеге қабілетті болу үшін өзінің ісінің білікті маманы болуы шарт. Сол себепті оқытушы, өз білімін жетілдіріп, ескі бірсарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті қолданса, сабақ тартымды да мәнді, қонымды, тиімді болары анық.

Қорыта айтқанда, заман дамыған сайын әр адам өзін-өзі дамытуға ұмтылуы керек. Заман талабына сай білімді студент тәрбиелеу оқытушының шеберлігімен ұштасады. Сол себептен ізденуден шаршамай, жетістікті көздеп, сапалы маман шығаруға атсалысатын ұстаз болудан жалықпайық.

Әдебиеттер

1. Нағымжанова Қ.М. Бастауыш білім берудегі жаңа технологиялар: Оқу құралы - Өскемен, 2005ж.
2. Сарбасова Қ. Инновациялық педагогикалық технологиялар- Алматы, 2006.
3. Мұхаметжанова С.Т., Жартынова Ж.Ә. Интерактивті жабдықтармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері. Алматы, 2008.
4. Интернет желісінен: www.menti.com, Quizlet.com, Kahoot, Mentimeter, App.wizer.me, Learning Apps, Prezi, Classmarker
5. <https://strategy2050.kz/news/lt-stazy-ybyray-altynsarin/>

FTAMP 14.01.11

ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ТҮЛҒАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ ДАМУЫНЫҢ ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ

¹Арқабаев. У.Б., техника ғылымының магистрі ,

²Рымбекова. Д.Б. техника ғылымының магистрі.

¹ Қарағанды техникалық университеті, Қазақстан Республикасы,

²Қарағанды жоғары политехникалық колледжі, Қазақстан Республикасы

Андатпа. Қазіргі уақытта техникалық мамандықтарды оқыту жүйесіндегі, сапалы өтудің бірнеше қиындықтар бар. Бұл ретте басты мәселе техникалық жабыдықтарды толық жаңарту және заманауи технологияларды тәжірибеге енгізу қажет болып тұр барлық жоғары оқу орындарында.

Мемлекеттегі жас мамандарды даярлау түрлі ауқымды іс-шаралар өтіп жатыр, көбінесе бұл ІТ саласында, бұл жерде ескере кету керек заман даму үстінде кейбір мамандықтар арнайы уақыттан кейін жер бетінде мүлдем жойылып кетеді бір сол, жаса мамандарды заманға сай дайынау жолдардан қалмауымыз керек.

Оқытушылардың басты міндеті, жоғары оқу орындарында жас мамандармен бірге зерттеу жұмысына көп көңіл бөлу және жаңа технологияларды үйреніп, сабақты жоғары деңгейде өткізу болып табылады.

Кілт сөздер: жас маман, жаңа технология, жаңа педагогика.

Аннотация. В настоящее время существует несколько трудностей в системе обучения техническим специальностям, качественном прохождении. При этом главная проблема заключается в полном обновлении технических покрытий, и внедрении современных технологий на практике во всех вузах.

Подготовка молодых специалистов в государстве проходит различные масштабные мероприятия, в основном это в ІТ сфере, здесь нужно учитывать, что некоторые специальности после специального времени полностью исчезнут на земле.

Главной задачей преподавателей является то, что в высших учебных заведениях, наряду с молодыми специалистами, уделяется большое внимание скучной работе. Главной задачей преподавателей является изучение новых технологий и проведение занятий на высоком уровне.

Ключевые слова: молодой специалист, новые технологии, новая педагогика.

Annotation. Currently, there are several difficulties in the system of training in technical specialties, high-quality passage. At the same time, the main problem is the complete renewal of technical coatings, and the introduction of modern technologies in practice in all universities.

The training of young specialists in the state takes place various large-scale events, mainly in the IT field, here it is necessary to take into account that some specialties will completely disappear on earth after a special time.

The main task of teachers is that in higher educational institutions, along with young specialists, a lot of attention is paid to boring work. The main task of teachers is to study new technologies and conduct classes at a high level.

Keywords: young specialist, new technologies, new pedagogy.

Қазіргі кездегі қалыптасқан білім беру жүйесіне әлеуметтік өзгерістер айтарлықтай ықпал етуде, студенттердің кәсіби бағдары мен мамандығы еліміздің әлеуметтік және экономикалық дамуына үлес қосатыны даусыз. Бұдан он жылдай бұрын университеттердің оқыту жүйесінде мамандық тарапынан іргелі негізді ғылымдар мен нақты мамандықты

пәндерді оқытуға күш салынса, қазіргі кезде мұндай талаптар қою жеткіліксіз екендігі байқалады. Еліміз бойынша нарықтық қарым-қатынастардың қарқынды дамуы мен техникалық-ақпараттық-сандық жүйелердің дамуы жоғары білім беру саласында да өзгешеліктердің болуы қажеттігін туындатады. Осындай жаңа әлеуметтік және экономикалық қалыптасуларға жеңіл және оңай бейімделе алатын және өздерінің кәсіби деңгейін көрсете алатын мамандар қажеттігін көрсетеді.

Қазіргі кездегі жас маман – түлек сыни көзқараста ойлана білуі, өз бетінше шешім шығара алуы, белсенді болуы, тез, жылдам өзгерістерге бейім болуы тиіс. Сонымен қатар, кейбір авторлардың пікірінше [1-2], қазіргі жас мамандарға жоғарыда айтылғандардан өзге, өздерінің тұлғалық жалпы мәдениетін биік дәрежеге көтеру маңызды. Яғни бүгінгі күннің жас маманы өз мамандығының шебері болуымен қатар, қазіргі қоғамға қажет болатындай жан-жақты білімді, оқыған, көзі ашық дамушы тұлға болуы тиіс. Міне осындай талаптарға сәйкес келгенде жас маманның кәсіби жоғары мәдениеті мен шығармашылық белсенділігі туралы айтуға болады. Мұндай дәрежеге жас маманның жетуіне барлық қажетті жағдайларды жоғары оқу орындары береді және қалыптастырады. Оны жүзеге асыратын «оқыту технологиясы» термині. Сапалы түрде құрастырылған және тиімді оқыту технологиясы студенттерге білім берудің табысты көзі болары анық.

Білім алушылардың шығармашылық іс-әрекеттерін дамытуда педагогикалық әдіс-тәсілдер жоғары білім беру жүйесінде аса маңызды. Оқыту технологиясы болашақ жас мамандарға заманауи жағдаяттарда кез-келген бәсекелестіктерге төзе алатындай компетенциялар игеруге мүмкіндік береді. Оқытушы-ұстаз алдында мұндай жағдайда жаңа міндеттер пайда болады, яғни студенттерді оқыту бағдарламасына сәйкес дайындау және болашақ кәсіби іс-әрекеттерге ықтимал мүмкіндіктерін максималды пайдалануларына жағдай туғызу.

Болашақ маманның жан-жақты толық қалыптасуы бітіруші түлектің кәсіби деңгейіне дәне тұлғалық дамуына байланысты болады. Тұлғалық дамуының көрсеткіштері: - оқу процесіне тұтастай кірігуі; - ұжымға бейімделуі (студенттік топтарға және оқытушылар-профессорлар құрамына); студенттік іс-әрекеттерге бейімделуі; - жоғары оқу орыны шегінде кәсіби іс-әрекеттерге кірігуі; - шынайы кәсіби іс-әрекеттерге бейімделуі [2-3]. Оқыту бағдарламаларын жүзеге асыруда студент басты қатысушы болғандықтан, оқыту процессін сапалы ұйымдастыруда бірінші кезекте студенттің мәселелері қарастырылады және оқыту үдерісі студентке бейімделген болып саналады. Оқыту процесінде студенттің жеке қабілеттілігі, бостандыққа (еркіндікке) ұмтылысы, кәсіби және тұлғалық өсуі (дамуы), еркінділігі, өзін сыйлата білуі сияқты тұлғалық сипаттамалары ескеріледі. Студентке бейімделген оқыту үдерісінде студенттердің қажеттілігін ескеру және жеке басын құрметтеу оқытудың дербес траекториясымен, студенттің өзінің белсенділігімен қалыптасатын (дөнгелек үстелдер, дербес шығармашылығы, ғылыми жұмыстар, экскурсиялар, коммуникативті ойындар, араласу тренингтері) оқыту формаларымен қамтамасыз етіледі. Студентке бейімделген оқыту үдерісінің негізгі идеясы оқытудың түрлі әдістемелері арқылы қол жеткізілетін студенттердің оқыту процесінде өзіндік позициясын қалыптастыруға тағытталған жоғары оқу орынына түскеннен бастап студент өзінің дербес оқу траекториясын қалыптастырады. Студенттердің жалпы білім беру, іргелі және бағытты пәндерді оқып игеруі барысында жинақтайтын компетенциялары аса маңызды болады. Ақпараттар ағынында жол табуға мүмкіндік беретін қабілеттері қалыптасады: белгілі критерийлері бойынша түрлі ақпарат көздерін таба білуі және жүйелей алулары; ақпараттарды алудың, қайта өңдеудің, жүйелеудің және сақтаудың, оларды қажетті жағдайларда интеллектуальды-танымдық іс-әрекеттерде өзектілендірудің ұтымды тәсілдерін пайдалануы; және де компьютерлік сауаттылық, жана ақпараттық және мультимедиялық технологияларды игеру, ақпараттарды сыни көзқараста бағалау қабілеті маңызды болмақ.

Оқытушылардың басты міндеті дүниежүзінде толассыз болып жатқан өзгерістерге стандартты емес, ептілікті және дер уақытында икемделе алатын, оларға бейімделуге

қабілетті және біліктілігін үздіксіз жоғарылатып отыратын болашақ мамандарды даярлау. Сондықтан да студенттерді университет қабырғасында болашақ кәсіби іс-әрекеттеріне дайындау үшін оқытудың дәстүрлі формаларымен қатар оқытудың инновациялық тәсілдері де қолданылады. Педагогикалық дайындау студенттерге адамның мүмкіншіліктерін, тұлғаның шығармашылық потенциалының дамуы тәсілдерін игерудің, тәрбиелеу, әлеуметтік коммуникация, мәдениет аралық қарым-қатынас, басқару, таным мен білімнің тиімді модельдері мен технологиялары, өз білімін жетілдіру тәсілдерін кешенді оқытуды қамтамасыз етеді [3-4]. Рефлекстік-әрекеттік негіздерге құрылған оқыту, түрлі әдістемелердің белсенді формаларын пайдалану студенттерде тәжірибенің коммуникативті, ұйымдастырушылық, рефлекстік және жобалық түрлерін қалыптастыру тәсілдері болып саналады. Дәстүрлі университет құндылықтарына негізделген педагогикалық дайындаудың ұйымдастырылуы іргелі пәндік дайындықты және оқу процесінің ғылыми-зерттеу бағытын қамтамасыз етеді. сондықтан да оқытудың түрлі тәсілдері мен әдістерін кешенді пайдалану өздерінің кәсіби іс-әрекеттерінде одан әрі өзін-өзі жетілдіру жолында іргетас пен тірек болатын түрлі жоспарлы компетенцияларды игерген жаңа тұрпаттағы жас мамандарды дайындауға мүрсат береді.

Студенттердің кәсіби және тұлғалық қабілеттерін дамыту мақсатында қазіргі уақытта жоғары оқу орындарында қолданылатын педагогикалық тәсілдер мен әдістерді қарастырамыз.

- студенттердің кәсіби компетенцияларын дамытатын және кәсіби іс-әрекеттердегі қиын ахуалдар мен әлеуметтік проблемаларды өз бетінше шешуге тәжірибе қалыптастыратын оқытудың белсенді әдістерін қолдану. Оларға студенттердің оқу процесін ұйымдастыруға, оның сапасын бағалауға, студенттік өзін-өзі басқаруға қатысуы жатады.

- шетел тілдерін тереңдетіп оқыту да болашақ мамандардың қалыптасуына айтарлықтай ықпал етеді. Бұл мақсатта оқыту процесінде шетелдік баспа және электронды оқулықтарды барлық пәндер бойынша пайдалану белсенді түрде жүргізіледі.

- қазіргі кезде студенттердің интерактивті режимде білім алуы, оны семинарлық және тәжірибелік сабақтарда бекітіп отыруы маңызды. Жоғары оқу орындарында оқу процесінде болашақ мамандарды дайындауда қолданылатын интерактивті оқыту технологиялары мен әдістерінің негізгі түрлері: Case-study (нақты жағдайларды талдау), модульді оқыту, сыни ойлауды дамыту, мәселелік оқыту, дербес оқыту, пәнаралық оқыту.

- оқу процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды түрлі формаларда белсенді қолдану оқушылардың түрлі ақпараттарға оңай қол жеткізуіне мүмкіндік тудырады. Оларға жататыны: онлайн тестілеу, электронды оқу курстары, онлайн курстар, аудио- және бейнематериалдар.

- сонымен, компетенциялық тәсілдеріне негізделген жоғары оқу орындарында студенттерді педагогикалық дайындау олардың кәсіби және тұлғалық дамуының тиімді құралы болып саналады. Мұндай тәсілдерді пайдаланудың нәтижесінде қазіргі заманғы болашақ мамандарда кәсіби дайындықтың сапасын арттыру қамтамасыз етіледі, олардың болашақ кәсіби іс-әрекеттерінде барлық жағынан компетенттілік қалыптасады.

Әдебиеттер

1. Шеретов С.Г. Дистанционные образовательные технологии: казахстанский опыт // Дистанционное обучение в высшем образовании: опыт, проблемы и перспективы развития. Санкт-Петербург: СПбГУП, 2016 г. - 172с.

2. Трухан И.А., Трухан Д.А. Визуализация учебной информации в обучении математике, ее значение и роль // Успехи современного естествознания. – 2013 г. - № 10. - С. 113-115.

3. Аманжол І.А., Жусипов Т.С., Сеитов Е.Т., Хайдарбеков Б. «Туған жер» бағдарламасын оқу процесінде тәрбиелік мәнде пайдалану тиімділігі // Научный журнал «Вестник КГИУ», №4 (19), Темиртау. – 2017 г. – С. 175-179.

4. Елемес А.С., Аманжол І.А. Организационные условия развития трехязычия в системе повышения квалификации педагогических кадров // Научный журнал «Вестник КГИУ», №2 (21), Темиртау. – 2018г. – С. 167-174.

GTAMP 27.01.45

МӘТІН ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУ ТӘСІЛДЕРІНІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

¹Абжамалова З.А., математика пәні мұғалімі,

²Тлеуберген.А.Жтехника ғылымдарының магистрі,аға оқытушы

¹М.Дүйсенов атындағы 15 мектеп-лицей, Қазақстан Республикасы,

²Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті,Қазақстан Республикасы

Аңдатпа. Мақалада математикадағы мәтіндік есептердің оқу процесіндегі функциялары көрсетіледі; мәтіндік есептерді шешуде оқушылардың жіберген типтік қателіктері талданады және осы қателіктердің пайда болу себептері көрсетіледі; оқушылардың белгіленген типтік қателіктерінің алдын-алу бойынша ұсыныстар беріледі.

Кілт сөздер: мәтіндік есептер; мәтіндік есептердің функциялары; типтік қателер; типтік қателіктердің себептері.

Аннотация. В статье указываются функции текстовых задач по математике в учебном процессе; анализируются типовые ошибки, допущенные учащимися при решении текстовых задач, и указываются причины возникновения этих ошибок; даются рекомендации по предупреждению установленных типовых ошибок учащихся.

Ключевые слова: текстовые задачи; функции текстовых отчетов; типичные ошибки; причины типичных ошибок.

Annotation. The article specifies the functions of text problems in mathematics in the educational process; analyzes the typical mistakes made by students when solving text problems, and indicates the causes of these errors; provides recommendations for the prevention of established typical errors of students.

Keywords: text tasks; functions of text reports; typical errors; causes of typical errors.

Есептер жүйесі математикалық дайындықтың барлық компоненттерін: оқыту бағдарламасында белгіленген білім мен білікті; математикалық қызметке тән ойлау операциялары мен әдістерді; ойлаудың математикалық стилін; оқу-танымдық іс-әрекеттің ұтымды, өнімді тәсілдері және т. б. дамытуға қабілетті.

Оқу үрдісінде тапсырмалар жүйесі проблемаларды қоюға, негізгі дағдыларды, соның ішінде бұрын игерілген жүйеде қалыптастыруға, қайталауды тиімді ұйымдастыруға, ішкі пәндік байланыстарды жүзеге асыруға және т. б. қабілетті.

Мәтіндік есептер мысалында осы функциялардың әртүрлілігін суреттейміз. Математиканы оқытудағы мәтіндік есептер:

- математикалық ұғымдарды және олардың арасындағы қатынастарды игеруге қызмет етеді;

- оқушылардың пән саласына кіретін нақты ұғымдарды меңгеруін қамтамасыз етеді;

- функционалдық тәуелділік идеясын тереңірек меңгеруге ықпал етеді;

- оқушылардың есептеу мәдениетін арттырады;

- оқушыларды модельдеу сияқты шындықты танудың осы әдісін қолдануға үйретеді;

- пәнаралық байланыстарды толық іске асыруға ықпал етеді;

- оқушылардың логикалық ойлауын дамытады;

- есептерді шешу тәсілдерін меңгеру арқылы оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытады;

- жеке тұлғаның: білімге деген ұмтылыс, бақылау және өзін-өзі бақылау секілді қабілетін қалыптастырады;

- оқушылардың математикаға деген қызығушылықтарын оятады және арттырады.

Жоғарыда айтылғанды қорытындыласақ: мәтін есептерді шешу оқушылардың пәндік және жалпы зияткерлік шеберлігін және дағдыларын, оқу-танымдық және өздігінен білім алу дағдыларын қалыптастырады. Енді, осыған байланысты бірнеше мысалдар қарастырсақ:

1) Қозғалысқа берілген есептер:

Катер арасы 96км. А-дан В-ға өзен ағысы бойынша және керісінше жүзуге 14сағат уақыт жіберді. Бір мезгілде катермен бірге А-дан сал шықты, катер қайтар жолда А-дан 24км қашықтықта салды кезіктірді. Катердің тынық судағы жылдамдығын табыңыз.

Шешуі: катер жылдамдығы - x , ағыс жылдамдығы - y

$$t = \frac{S}{V}, \quad t_1 = \frac{96}{x-y}, \quad t_2 = \frac{96}{x+y}, \quad t = \frac{24}{y}$$

Тендеулер жүйесін құрамыз:

$$\begin{cases} \frac{96}{x-y} + \frac{96}{x+y} = 14 \\ \frac{96}{x+y} + \frac{72}{x-y} = \frac{24}{y} \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} \frac{48}{x-y} + \frac{48}{x+y} = 7 \\ \frac{4}{x+y} + \frac{3}{x-y} = \frac{1}{y} \end{cases}$$

$$\frac{4y(x-y) + 3y(x+y) - (x^2 - y^2)}{y(x+y)(x-y)} = 0$$

$$x_1=0 \text{ (шартты қанағаттандырмайды)}$$

$$x_2=7y$$

$$7xy - x^2 = 0$$

$$x(7y-x) = 0$$

$$\begin{cases} x = 7y \\ \frac{48}{6y} + \frac{48}{8y} = 7 \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} x = 7y \\ \frac{14}{y} = 7 \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} y = 2 \\ x = 14 \end{cases}$$

Жауабы: 14км/сағ, 2км/сағ.

А мен В пункттерінен бір мезгілде бір-біріне қарсы мотоциклші мен велосипедші шықты. Олар В пунктінде 4км қашықтықта кездесті. Ал мотоциклші В пунктіне жеткен кезде велосипедші А пунктінен 15км қашықтықта еді. А мен В пункттерінің ара қашықтығын табыңыз.

Шешуі: А мен В пунктінің ара қашықтығын S (км), мотоциклдің жылдамдығы (x км/сағ), велосипедшінің жылдамдығы - y (км/сағ), $x, y > 0$

Тендеулер жүйесін құрамыз:

$$\begin{cases} \frac{4}{x} = \frac{S-19}{y} \\ \frac{4}{y} = \frac{S-4}{x} \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} x = \frac{4y}{S-19} \\ x = \frac{y(S-4)}{4} \end{cases}$$

$$\frac{4y}{S-19} = \frac{y(S-4)}{4},$$

$$(S-19)(S-4) = 16$$

$$S^2 - 4S - 19S + 76 - 16 = 0$$

$$S^2 - 23S + 60 = 0$$

$$D = 529 - 240 = 289$$

$$S_1 = 20(\text{км}) \quad S_2 = 3(\text{км})$$

Жауабы: 20км

2) Концентрацияға берілген есептер:

36кг мыс пен мырыш қоспасының 45% мыс. Қоспада 60% -тік мыс болу үшін қорытпаға қанша мыс қосу керек?

Шешуі: Ітәсіл. Қосылатын мыстың массасы - x

1) 36кг – 100%

x – 45%

$$x = \frac{36 \cdot 45}{100} = 16,2 \text{ (мыс)}$$

ІІ тәсіл. y - қосылатын мыстың массасы

2) 36 + y - 100%

16,2 + y - 60%

$$2160 + 60y = 1620 + 100y$$

$$\begin{aligned} 36 \cdot 0,45 + x &= (36+x) \cdot 0,6 & 40y &= 540 \\ 0,4x &= 5,4 & y &= 13,5 \\ x &= 13,5 & \text{Жауабы: } & 13,5 \text{ кг} \end{aligned}$$

Бір ерітіндіде 30% азот қышқылы, ал екіншісінде 55% азот қышқылы. 50%-тік 100литр азот қышқылының ерітіндісін алу үшін, бірінші және екінші ерітіндіден қанша алу керек?

Шешуі: Шарт құрамыз: I - $x - 30\% - 0,3x$
Барлығы: 100 литр II - $y - 55\% - 0,55y$

$$\begin{cases} x + y = 100 \\ 0,3x + 0,55y = 100 \cdot 0,5 \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} x = 100 - y \\ 0,3x + 0,55y = 50 \end{cases} \begin{aligned} 0,3(100-y) + 0,55y &= 50 \\ 30 - 0,3y + 0,55y &= 50 \\ 0,25y &= 20 \\ y &= 80 \\ x &= 100 - 80 \\ x &= 20 \end{aligned} \quad \text{Жауабы: 20л, 80л}$$

3) Процент:

Қоймада сақталған бидайдың ылғалдылығы 20%. Кептірілгеннен кейін оның ылғалдылығы 15% болады. Алғашқыда қоймада 51т бидай болған. Кептірілгеннен кейінгі бидайдың массасын табыңыз.

Шешуі:

Пропорция құрамыз: I тәсіл

$$1) 51 - 100\%$$

$$x - 20\%$$

$$x = 10,2$$

$$2) 51 - 10,2 = 40,8$$

Кепкеннен кейінгі ылғалдылығы – 15%

$$3) 40,8 + x - 100\%$$

$$x - 15\%$$

$$x = 7,2$$

$$4) 40,8 + 7,2 = 48\text{м}$$

Теңдеу құрамыз: II тәсіл

$$\text{таза салмағы } 51 \cdot 0,8 = 40,8$$

кептіру керек - x

$$40,8 = (51-x) \cdot 0,85$$

$$40,8 = 43,35 - 0,85x$$

$$0,85x = 2,55$$

$$x = 3$$

$$51 - 3 = 48\text{т}$$

Жауабы: 48т

Қоймадағы ұнның 40%-нан зауытқа, ал қалғаны 0,3:2,5:0,8 қатынастарымен үш дүкенге бөлінеді. Егер бірінші дүкенге үшінші дүкенге қарағанда 40т кем түсірілген болса, қоймада қанша ұн бар еді?

Шешуі: Шарт құрамыз.

$$1) \text{ I дүкен } 0,3x \quad \} \quad 0,8x - 0,3x = 40$$

$$\text{ II дүкен } 2,5x \quad \} \quad 0,5x = 40$$

$$\text{ III дүкен } 0,8x \quad \} \quad x = 80$$

$$0,3x + 2,5x + 0,8x = 3,6x$$

$$3,6 \cdot 80 = 288$$

2) Барлығы: - y (т)

$$288 - 60\%$$

$$y - 100\%$$

$$y = \frac{288 \cdot 100}{60} = 480$$

Жауабы: 480т

4) Жұмыс өнімділігіне берілген есептер:

Бір бассейнде 200м^3 су бар, ал екіншісінде 112м^3 су бар. Бассейндерді толтыру үшін крандарды ашып қойған. Егер екінші бассейнге біріншіге қарағанда 22м^3 су артық құйылатын болса, неше сағаттан кейін екі бассейндегі су мөлшері бірдей болады?

Шешуі: x сағатта екі бассейндегі су мөлшері теңеседі, y - бір сағатта бассейнге құйылатын су мөлшері. $x, y > 0$. $y(\text{м}^3/\text{сағ})$

$$x \cdot y + 200 = x(y+22) + 112$$

$$x \cdot y + 200 = x \cdot y + 22x + 112$$

$$22x = 88$$

$$x = 4$$

Жауабы: 4сағ

Егістік жерді жеке жыртып шығу үшін бірінші тракторға екіншісіне қарағанда 1 күнге кем уақыт қажет. Осы екі трактор егістік жерді 2 күн бірігіп жыртып, ал сосын егістік жердің қалған бөлігін екінші трактордың жеке өзі 0,5 күнде жыртып шықты. Жеке-жеке жұмыс істесе, тракторлардың әрқайсысы егістік жерді қанша уақытта жыртып бітіре алады?

Шешуі: I трактор - x күн

$$\frac{4}{x} + \frac{5}{y} = 2$$

II трактор - y күн

Барлық жұмыс мөлшері - 1

$$\frac{4}{x} + \frac{5}{x+1} = 2$$

$$\Rightarrow \begin{cases} y = x + 1 \\ 2\left(\frac{1}{x} + \frac{1}{y}\right) + \frac{0,5}{y} = 1 \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} y = x + 1 \\ \frac{4}{x} + \frac{4}{y} + \frac{1}{y} = 2 \end{cases} \Rightarrow$$

$$2x^2 - 7x - 4 = 0$$

$$D = 81 \quad x_1 = -\frac{1}{2} \text{ шартты қанағаттандырмайды,}$$

$$x_2 = 4, \quad y = 5$$

Жауабы: 4күн, 5күн

Оқушылардың мәтін есептер шығару барысында жиі жіберетін қателіктеріне сүйене отырып, есеп шығаруда екі түрлі әдісті, яғни шарт құру немесе теңдеу құру әдістерін қолданған жөн. Және де одан бөлек оқушылармен сабақ барысында келесідей жұмыстар жасалу керек деген ойдамын:

Тапсырмаларды құрастыру оқушылардың мәтінмен жұмыс істеу, сұрақтар қою, басты нәрсені бөліп көрсету қабілеттерін қалыптастыруға ықпал етеді; олардың тапсырманы қоюға белсенді қатысуы онымен белсенді жұмыс істеуге әкеледі. Мұндай жұмыстың негізгі мақсаттарының бірі-талдау мен синтездің үйлесуі.

Оқушылардың жетіспейтін, артық және қарама-қайшы мәліметтермен тапсырмалар бойынша жұмысы да пайдалы. Мұндай тапсырмалар оларға белгілі бір сұраққа жауап беру үшін қажетті жағдайларды түсінуге көмектеседі.

Жоғарыда айтылғандай, тапсырмалар жүйесінде рефлексивті тапсырмалар қажет. Бұл мәселелерді шешу мектеп оқушыларында оқу әрекеттерін қалыптастыруға бағытталуы керек: негізгі қатынасты анықтау үшін мәселенің жағдайын талдау, графикалық, символдық немесе кестелік формада ерекше қатынасты модельдеу, орындалатын әрекеттерді бақылау, осы мәселені шешудің нәтижесі ретінде жалпы әдісті игеруді бағалау.

Әдебиеттер

1. Шыныбеков Ә.Н., Жұмабаев Р.Н. Геометрия оқулығы 8-сынып. Алматы, Атамұра, 2018ж.
2. Погорелов А.В., Геометрия, 7-11 сынып. Алматы, 2002ж.
3. Сералиев Ж.А., Жылқыбаева М.А. Математика пәнінен тест тапсырмалары. Шымкент, 2020ж.
4. Егоркина Н.В. Математика пәнінен тест тапсырмалары. II бөлім. Көкшетау, 2015ж.
5. Жақсыбек Н.С. Математикалық сауаттылық және логикалық есептер. Шымкент, 2020ж.

ҒТАМР 27.43.17

МӘЛІМЕТТЕРДІ ӨНДЕУДЕГІ ТӘУЕЛДІЛІКТЕРДІҢ СТАТИСТИКАЛЫҚ ТЕНДЕУЛЕРІ

Тобжан П.С., ИС-19-1 к/т оқу тобының студенті,
Джалбирова Ж.Т., экономика ғылымдарының кандидаты.
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан Республикасы

Аңдатпа. Қазіргі заманның маманына өндірісті ұйымдастыруға, дайын өнімді өткізуге, шикізат жеткізуді оптималдауға, капитал салымдарын арттыруға, деректерді статистикалық талдау әдістерін пайдалануға байланысты тандаудың көптеген жолдарын күнделікті шешуге тура келеді. Ал экономикалық құбылыстарды зерттеу күрделілігі бірнеше факторлар, элементтер, әртүрлі тәуелділіктердің үлкен санын талдау қажеттілігімен тікелей байланысты. Мақалада келтірілген тәуелділіктердің статистикалық теңдеулері - бірнеше факторлар арасындағы байланыстарды зерттеп қана қоймайды, сондай-ақ кәсіпорын тұрақтылығын, даму жоспарын құруға және нормативті көрсеткіштерді анықтауға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: статистикалық теңдеулер, эконометриялық модельдер, байланыс тұрақтылығы, тәуелділік параметрі, байланыс формасы

Аннотация. Современный специалист ежедневно сталкивается с множеством вариантов, связанных с организацией производства, продажей готовой продукции, оптимизацией поставок сырья, увеличением капитальных вложений, использованием методов статистического анализа данных. А сложность изучения экономических явлений напрямую связана с необходимостью анализа ряда факторов, элементов, большого количества различных зависимостей. Представленные в статье статистические уравнения зависимостей - не только изучают взаимосвязь между несколькими факторами, но и позволяют составить план устойчивости предприятия, план развития и определить нормативные показатели.

Ключевые слова: статистические уравнения, эконометрические модели, устойчивость связи, параметр зависимости, форма связи.

Annotation. Every day a modern specialist is faced with many options related to the organization of production, the sale of finished products, the optimization of the supply of raw materials, an increase in capital investments, and the use of statistical data analysis methods. And the complexity of the study of economic phenomena is directly related to the need to analyze a number of factors, elements, a large number of different dependencies. The statistical equations of dependencies presented in the article not only study the relationship between several factors, but also make it possible to draw up a plan for the sustainability of an enterprise, a development plan and determine standard indicators.

Key words: statistical equations, econometric models, link stability, dependence parameter, link form.

Қазіргі уақытта адам іс-әрекетінің барлық салаларына компьютерлік технология кеңінен қолданылатын болды және оның маңыздылығы барған сайын арта түсіп отыр. Осыған байланысты, жаңа программалардың тасқыны, көптеген адамдарға кәсіптік-ақпараттық технология құралдарын жоғары дәрежеде білу қажеттілігін көрсетеді. Жаңа қоғам өмірі ақпараттық технологиялардың бірлесе қолдануынсыз мүмкін емес. Қазіргі таңда компьютерлік жүйелер және телекоммуникациялар ел қауіпсіздігі жүйесінің сенімділігін анықтайды, ақпаратты сақтау, өңдеу, жеткізу және тұтынушыларға ұсынуды қамтамасыз ете отырып, жаңа ақпараттық технологияларды іске асырады. Сандық жүйеге көшу дәуірінде экономикалық құбылыстарды зерттеу күрделілігі бірнеше факторлар, элементтер, әртүрлі тәуелділіктердің үлкен санын талдау қажеттілігімен тікелей байланысты.

Осы тұрғыда экономикалық-статистикалық мәліметтерді өңдеуде тәуелділіктердің статистикалық теңдеулерін қолдануға болады, оның параметрлері бірөлшемді белгілерді оның минималды немесе максималды деңгейіне қатысты факторлы және нәтижелі белгілердің салыстыру коэффициентін анықтау арқылы есептеледі. Салыстыру коэффициенттері белгі шамасының орташа мәніне қатысты өзгеру дәрежесін көрсетеді. Белгі мәнінің өсуінде салыстыру коэффициенттерін минималды деңгейден, ал кемуінде максималды деңгейден есептеледі. Осы коэффициенттер негізінде тәуелділік теңдеуінің параметрлері анықталады. Ол параметр нәтижелі және факторлы белгілердің есептелген салыстыру коэффициенттерінің бірден ауытқу шамасын береді.

Статистикадан белгілі икемділік коэффициентіне қарағанда тәуелділік теңдеуінің параметрі нәтижелі белгіге бір ғана емес, бірнеше факторлардың әсерін ескеруге мүмкіндік береді.

Әлеуметтік-экономикалық құбылыстарды талдауда тәуелділіктердің статистикалық теңдеулерін қолдануда келесі талаптар орындалуы қажет:

- 1) зерттелетін нәтижелі және факторлы белгілерге сапалы талдау жүргізу;
- 2) зерттелетін құбылыс белгілері біртекті болу керек;
- 3) құбылыстар арасындағы тұрақтылық байланысын бағалау жүргізу.

Бірінші талап факторлы және нәтижелі белгі арасында логикалық байланыс болуын талап етеді. 2-ші талап белгі мәліметтері арасында бір-бірінен 2-3 есе артық немесе аз мәліметтерді алып тастауды талап етеді, сонымен қатар, көрсеткіштер жүйесін құру, әр көрсеткішке неғұрлым әсер ететін факторларды логикалық таңдау. Осы талапты практикалық іске асыру әр нәтижелі белгіге әсер ететін факторлар тізімін анықтауға мүмкіндік береді. Өз кезегінде, статистикалық теңдеулерге кіретін факторлар, келесі талаптарды қанағаттандыруы қажет:

- Факторлардың әрқайсысы теориялық негізделген болуы қажет;
- Зерттелетін көрсеткішке неғұрлым маңызды әсер ететін факторларды қосу қажет;
- Факторлар өзара сызықты байланысқан болмау қажет, өйткені бұл тәуелділік зерттелетін құбылыстың бірдей сипаттамасын бейнелейді;
- Экономикалық процеске әсер ететін факторлар сандық және сапалық болуы мүмкін. Модельге сандық өлшенетін факторлар енгізу ұсынылады.

Бір модельге жиынтық факторды және оны құрайтын жеке факторларды енгізуге болмайды. Осындай факторларды бір мезгілде қосу нақты процесстің өзгеруіне, тәуелді көрсеткішке оның әсерінің дұрыс емес өсуіне алып келеді.

Факторлы және нәтижелі белгі арасындағы байланыстар тұрақтылығын бағалау байланыс тұрақтылығы коэффициентін есептеу негізінде тәуелділік шкаласы бойынша жүргізіледі. Осы коэффициентті есептеуге қажетті бастапқы мәліметтер ретінде тәуелділік теңдеуінің параметрін анықтаудың кестелік моделі болып табылады.

Тәуелділіктің статистикалық теңдеулері бірфакторлы, көпфакторлы болып, ал бағыттары бойынша сызықты және қисық сызықты болып бөлінеді.

1) Бірфакторлы:

Түзу сызықты байланыс:

а) Нәтижелі және факторлы белгінің өсуінде

$$y_x = y_{\min} \left[1 + b * d \frac{x_i - 1}{x_{\min}} \right]$$

б) Факторлы және нәтижелі белгінің кемуінде

$$y_x = y_{\max} \left[1 - b * d \frac{x_i - 1}{x_{\max}} \right]$$

Кері сызықты байланыс:

а) Факторлы белгінің өсуі мен нәтижелі белгінің кемуінде

$$y_x = y_{\max} \left[1 + b * d \frac{x_i - 1}{x_{\min}} \right]$$

б) Факторлы белгінің кемуі мен нәтижелі белгінің өсуінде

$$y_x = y_{\min} \left[1 + b * d \frac{x_i}{1 - x_{\max}} \right]$$

Сондай-ақ бірфакторлы параболалық, логикалық, гиперболалық байланыс(тура және кері) түрлері мен көпфакторлы байланыс түрлері анықталады.

Бірфакторлы тәуелділік параметрі

$$b = \frac{\sum \left(\frac{y_i}{y_{\min}} - 1 \right)}{\sum \left(\frac{x_i}{x_{\min}} - 1 \right)} = \frac{\sum dy}{\sum dx}$$

Бірфакторлы корреляция коэффициенті

$$r_{xy} = \frac{\sum d_x d_y}{\sqrt{\sum d_x^2 d_y^2}}$$

Бірфакторлы және көпфакторлы тәуелділіктің корреляция индексі

$$R = \sqrt{1 - \frac{\sum (d_x - d_{yz})^2}{\sum d_{y_i}^2}}$$

Байланыс тұрақтылығының коэффициенті

$$K = 1 - \frac{\sum |d_y - b * d_x|}{\sum d_y}$$

Факторлардың нормативтік деңгейлері (тікелей тәуелділік)

$$x_n = \left(\frac{d_{y_n}}{b_x} + 1 \right) x_{\min}$$

Факторлардың нормативтік деңгейлері (кері тәуелділік)

$$x_n = \left(1 - \frac{d_{y_n}}{b_x} \right) x_{\max}$$

Тендеуде тура сызықты байланыс (a) параметрі – Y_{\min} нәтижелі белгісінің минималды көрсеткіші болып табылады.

Бірфакторлы сызықтық тәуелділік кезінде b параметрі нәтижелі және факторлы белгілердің салыстыру коэффициенттерінің ауытқуларының қосындыларының қатынасымен анықталады.

Ол нәтижелі белгінің салыстыру коэффициентінің ауытқу мөлшерінің факторлы белгісінің салыстыру коэффициентінің ауытқу мөлшеріне қатысты өсуін немесе төмендеуін көрсетеді. Есептеуде b параметрін қолдану b параметрін есептеу үшін тәуелділіктің көптік тендеулерін құру кезіндегі салыстыру коэффициентін қолдану, өлшеудің әртүрлі бірліктерімен көрсетілген салыстыра алмауды болдырмауға көмектеседі. Yxz көптік тәуелділік түзуінің теориялық мәнін есептеу, бірфакторлы тәуелділікті есептеумен бірдей. Көптік тәуелділігінің жалпы параметрі нәтижелі белгінің ауытқуының барлық факторлы белгілердің ауытқуларына қатынасы ретінде анықталады.

Сызықтық тендеудің негізгі ерекшелігі оның графиктегі кез-келген нүктеде көлбеу бұрышының тұрақтылығы. Сызықтық тендеудің еркін мүшесі Y_{\min} немесе Y_{\max} қиылысу коэффициенті болып табылады, өйткені ол түзу сызықтың $X=0$ болғандағы Y тік өсімен қиылысу нүктесін анықтайды.

Теориялық түзуді есептегенде оның бастапқы нүктесі нәтижелі және факторлы белгілердің минималды көрсеткіштерінің қиылысында, яғни эллипс дөңгелегінің ең төменгі шекарасында орналасқан. Байланыс тығыздығын білдіретін осы нүкте мен оның ең кіші квадраттар әдісімен есептелген мәні арасы неғұрлым үлкейген сайын, графиктегі көлбеу бұрышы соғұрлым өзгереді, сәйкесінше оның дәрежесі де жоғары болады. Факторлы және нәтижелі белгілер арасындағы байланысты тұрақты және тұрақсыз деп бөлуге тәуелділікті бағалау шкаласы көмектеседі, 1-кесте.

1-кесте. Байланыс тұрақтылығын бағалау шкаласы.

Бағалау критерийлері	Байланыс тұрақтылығы коэффициенті	Бағалау критерийлері	Байланыс тұрақтылығы коэффициенті
Тұрақсыз байланыс: өте төмен төмен елеулі	0,5 дейін 0,5-тен 0,6 дейін 0,6-дан 0,7 дейін	Тұрақты байланыс Орташа Жоғары өте жоғары	0,7-ден 0,8 дейін 0,8-ден 0,9 дейін 0,9 және одан жоғары

Бірфакторлы байланыс кезінде тәуелділік теңдеуінің параметрлерін есептеу белгіленген X факторына байланысты нәтижелі фактор Y-тің салыстыру коэффициенттерінің ауытқу мөлшерін, ал көпфакторлы байланыста – белгіленген факторлы белгілерді зерттеуге болады.

Факторлы белгілердің нәтижеліге әсер ету көлемін жеке факторлардың біртекті салыстыру коэффициенттерінің ауытқу мөлшерінің $\frac{X_i}{X \min} - 1$, тәуелділік теңдеуінің көптік параметріне қосылған барлық факторлардың салыстыру коэффициенттерінің жалпы көлеміне $1 - \frac{X_i}{X \min}$ қатынасы ретінде анықталады. Дұрыс бағыт пен түрді таңдау үшін келесі дәлелдемелерді ұстану керек.

1) Yx-тің теориялық мәндерінің қосындысы, оның эмпирикалық мәндерінің қосындысына тең болу керек: $\sum Yx = \sum Yi$ нәтижелі белгінің теориялық мәндерінің сызықтық ауытқуларының қосындысы.

2) Олардың эмпирикалық мәндерінен минималды болу керек $\sum |Yi - Yx| \alpha \min$. Бұл қосындыларды саластыру, теңдеудің қай түрі зерттеліп жатқан құбылысқа сәйкесірек болатынын көрсетеді.

3) Нәтижелі белгінің эмпирикалық мәндерінің экстремалды ауытқуларының қосындысы $\sum d_Y$ оның теориялық ауытқуларының қосындысына тең $\sum d_{Yx}$.

Нәтижелі көрсеткіштің қарсы болжамы факторлы белгінің ең төменгі (минималды) төмен немесе ең жоғарғы (максималды) деңгейден жоғары мәні байқалғанда жасалады. Дұрыс таңдалған теңдеу шешімі әрбір факторлы айнымалылардың Y-ке әсер ету эффектісінің сандық өзгеруін қамтамасыз етеді.

Келесі қадам эконометрикалық тәсілдер арқылы теңдеу сипаттамасын қалыптастыруды сипаттайтын, модельді құру. Модельді құру ЭЕМ да жасалуы мүмкін. Теңдеуді арнайы бағдарламада орындау оның шешімін анағұрлым жеңілдетеді, өйткені зерттелетін байланыс бағыты мен түрінің сипаттамасы автоматты түрде жасалады.

Бұл көрсетілген нормативті және болжамды дәреже факторының есептелу тәсілдері ерекше болып табылады және экономиканың кез-келген саласында қолдануға болады, әрине әр саланың қызмет етуінің факторлары мен нәтижесінің ерекшелігін ескере отырып, эконометриялық есептеулермен қатар жүретін қиындықтар өте үлкен статистикалық ақпараттарды өңдеумен байланысты. Олардың компьютерлендірілуі эконометриялық есептің рөлін күшейтеді және ақпаратты өңдеу процесін жеделдетеді, ал бұл қатаң бәсекелестік жағдайда өте маңызды болып табылады.

Әдебиеттер

1. Горчаков А.А. Компьютерные эконометрические модели. Москва, 2015.- 134с.

2. Епишин Ю. Корреляционные методы анализа и прогноза экономических показателей. М., 2006.- 48с.
3. Кулинич Е.И. Эконометрия. М.: Финансы и статистика, 1999. -230с.

ҒТАМР 34.01.45

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ЖАҢАРТЫЛҒАН МАЗМҰНДАҒЫ БИОЛОГИЯ КУРСЫ БОЙЫНША БИОЛОГИЯЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІ ЭВРИСТИКАЛЫҚ ӘДІСПЕН ШЫҒАРУҒА ДАҒДЫЛАНДЫРУ

- ¹Назарова Г.А., педагогика ғылымдарының кандидаты,
¹Орынбеков Д.Д., жаратылыстану ғылымдарының магистрі,
²Абжамалова З.А., математика пәнінің мұғалімі.
¹Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан
²М.Дүйсенов атындағы 15 мектеп-лицей, Қазақстан

Аңдатпа. Қазіргі білім беру мен тәрбиелеу жүйесінде үнемі туындап отыратын жаңа талаптарға сәйкес білім алушылардың шығармашылығын, пәнге қызығушылығын шығармашылық, танымдық тапсырмалар мен есептерді қолдану арқылы қалыптастыру әдістемесін жетілдіру қажеттілігі байқалды. Сондықтан, болашақ биология пәні мұғалімдерінің биологиялық есептерді шешу және оны оқушыға үйретуі бойынша әдістемелік тұрғыдан дайындығы өте маңызды.

Кілттік сөздер: Педагогикадағы оқыту әдістемесі, биологиялық есептер, биологиялық есептерді шешу жолдары.

Аннотация. В современной системе образования и воспитания отмечена необходимость совершенствования методики формирования творчества обучающихся, интереса к предмету с использованием творческих, познавательных заданий и задач в соответствии с постоянно возникающими новыми требованиями. Поэтому очень важна методическая подготовка будущих учителей биологии по решению биологических задач и обучению их ученику.

Ключевые слова: Методика обучения в педагогике, биологические задачи, пути решения биологических задач.

Annotation. In accordance with the new requirements that constantly arise in the modern system of education and upbringing, there is a need to improve the methodology for forming students' creativity, interest in the subject through the use of creative, cognitive tasks and tasks. Therefore, it is very important that future biology teachers are methodically prepared to solve biological problems and teach them to the student.

Keywords: Methods of teaching in pedagogy, Biological Problems, ways to solve biological problems.

Биологиялық есептерді эвристикалық әдіс негізінде шешу тәсіліне сәйкес әдістемелік шарттарды қолдана отырып, нәтижеге жетуге болады.

Білім алушының өздігінен есеп шығару ікемділігін қалыптастыру оқытушының үнемі көңіл аударып отыруын қажет ететін күрделі мәселелердің бірі. Өздігінен есеп шығаруға үйретуді біртіндеп бастау керек. Алдымен жеңіл жаттығу есептерін, одан кейін күрделірек есептерге көшіп, тек содан кейін өздеріне есеп шығартқан жөн.

Биологияны оқытудың маңызды міндеттерінің бірі - білім мен іскерлікті өз бетінше игеріп, оны өз тәжірибесінде еркін қолдана алатын шығармашыл тұлғаны тәрбиелеу. Осы міндетті нәтижелі орындау үшін биологияны оқыту әдістемесін одан әрі жетілдіру қажет. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, оқушыларды оқытуда жақсы нәтижелерге биологиялық танымдық тапсырмаларды немесе биологиялық есептерді өз бетінше шешу алгоритмдерін үйрете отырып қол жеткізуге болады. Жаңартылған мазмұндағы биология курсына биологиялық есептер тақырыпқа сәйкес жеткілікті қамтылған. Алайда, зерттеу нәтижесі көрсетіп отырғандай мұғалімдердің көпшілігі оқушыларға биологиялық мазмұндағы есептерді шешу тәсілдерін үйретуге дайын болмайды.

Сондықтан, болашақ биология пәні мұғалімдерін биологиялық есептерді шешу әдістемесімен таныстыру және оны өз тәжірибесінде тиімді қолдану біліктілігін қалыптастыру маңызды [2].

Биологиялық есептер – оқу үдерісінде білім алушыны тек жаңа жағдайда өзінің осыған дейін игерген біліміне сүйеніп қана қоймай, ғылымда дәлелденген, алайда білім алушы үшін жаңалық болып табылатын білімді анықтауына ықпал етуші құрал болып табылады.

Жаңартылған мазмұндағы биология курсына биологиялық есептер мен тапсырмаларды орындау үшін эвристикалық әдіс қолданылады.

Эвристикалық әңгімелесу - бұл оқушылардың ой-пікірлерін және жауаптарын дұрыс арнаға бағыттайтын бірқатар сұрақтар. Іс жүзінде оқушылардың кейбір фактілерді, құбылыстарды ашуы орын алады. Біз бұл әдісті жақсы көреміз, өйткені ол шығармашылық, креативті ойлауға және логикалық ойлауға ықпал етеді, оқушыларда ақпаратты меңгерудің нәтижелі тәсілдері қалыптасады, дұрыс емес болжам айту қорқынышы жоғалады (қате теріс бағаға әкеп соқпайды) және оқытушымен сенімді қарым-қатынас орнатылады.

Американ математигі Д. Пойа «эвристиканың мақсаты жаңалық ашуға әкелетін ережелер мен әдістерді зерттеу»-жаңалық ашу үшін біріншіден қабілет, екіншіден жаңалық ашу жолында ойыңа жаңа идея келгенше табандылықпен ізденіс жүргізу қажет деп есептеген. Д.Пойа есеп шығарудың төмендегідей сұлбасын бағдарға алуды ұсынады, 1-сурет.



1-сурет. Эвристикалық әдіс бойынша тапсырманың шешімін табу (Д.Пойа бойынша)

Сұлбадан көріп отырғанымыздай, биологиялық есептерді шығару үшін алдымен есептің берілгенін түсініп, шартты белгілермен берілгенін жазып алу қажет, одан соң есептің шығару жоспарын құру жүреді, үшінші қадамда есептің құрылған жоспарын жүзеге асырады, соңында есептің табылған шешіміне зерттеулер жүргізеді, «бұл шешім қандай болады» – құпталады ма әлде жоқ па. Сонымен қатар нақты шешім жасау үшін мәліметтер қажет.

Есепті шығарып отырған адам мынандай сұрақтарға жауап бере білу керек:

1. Не белгілі?
2. Не берілген?
3. Есептің шарты қандай?
4. Бұрын бұл есепке ұқсас есеп кездесті ме?
5. Бұл есепке жақындау есеп бар ма? Ол есепті қолдануға болар мекен?

Мұғалім оқушыға бір мәселе туралы мағлұмат айтпауы қажет, ол не нәрсенің ақиқатына өзі жетуі керек. Сол ақиқатқа адам эвристикалық жолмен жетеді. Кеңес үкіметі кезінде мектептерінде эвристикалық әдіс XIX ғасырдың басында қолданыла бастады.

СШ.Шохор-Троцкий «Геометрия есеп түрінде» деген кітабында «Геометрияны оқушыларға дайын күйінде беруге болмайды. Геометрияны өз еңбегіңмен ұғынып білу керек», - деді.

В.В. Репьев «эвристикалық оқыту әдісі дегеніміз оқушылар алдына мәселені есеп не теорема түрінде қойып, тиімді сұрақтар арқылы сол проблеманы шешуге келтіру», - деді.

Оқу-танымдық тапсырманы, биологиялық есептерді орындаудың әрбір кезеңінің соңында әмбебап оқу әрекеті қалыптасуы керек [1]:

1 кезең – тапсырманың немесе есептің шартын ұғынуы. Қажетті ақпаратты таңдап алып, оқушылар негізгі (басты) мәселені анықтап алады. Содан кейін тапсырма немесе есептің шарты бойынша берілген белгілі мәлімет пен белгісіз мәліметті салыстырады да оны қысқаша жазып қояды. Яғни есептің берілу шартын жазуы;

2 кезең – шешу жолдарын (жоспарын) анықтайды.

1-кесте. Мектеп биология оқулығы бойынша генетикалық тақырыптағы есептерді шешу сұлбасы[3]:

Әрекет алгоритмі	Тапсырманы шешу мысалы
1.Есептің берілуін түсіну (Не белгілі?)	Қызыл гүлді Түн аруы өсімдігі ақ гүлділермен будандастырылған және ол доминантты. Сонда F1 –дегі ұрпағының генотипі және фенотипі қандай болмақ?
2. Есепті шығарудың жоспарын құру.(Не берілген?Есептің шарты қандай?) Тапсырманың шарты мен сұрағына ойланып қараңыз. Шартты белгілерді берілгенімен жазып алыңыз.	Берілген: А- Қызыл гүлді түн аруы, а – ақ гүлді түн аруы ♂аа-гомозиготалы,рецессивті, ♀АА-гомозиготалы,доминантты. Табу керек: F1 –дегі ұрпағының генотипі және фенотипі? Білуі керек:Мендель заңдылықтары,генетикалық символдар, ген, генотип, фенотип, гетерозигота, гомозигота, зигота, гамета, аллельді гендер, доминантты гендер,рецессивті гендер. Шешімін табу жоспары: 1.Есептің шартын мұқият оқып шығып, тұқым қуалайтын белгілерді анықтау 2.Осы белгілерді бақылайтын гендердің аллельдерін белгілеу 3.Есептің шартында көрсетілген ата-ананың және ұрпақтың генотипін біліп, оны генетикалық формуламен көрсету. 4.Будандастыру кезінде түзілетін гаметалардың типтерін үлгімен белгілеп, ұрықтану нәтижесінде пайда болатын зиготалардың барлық типтерін көрсету 5.Пеннет торын сызып оған аналық гаметаларды сол жағындағы тік бағытқа, аталық гаметаларды жоғарыдағы көлденең бағытқа жазады.
3.Есептің шешімін табу жоспарын іске асыру	Шешім: P ♀ АА х ♂ аа Г А А а а F1 Аа Аа Аа Аа
4.Есептің табылған шешімін зерттеу.	Жауап: Бірінші ұрпақтарының генотиптері бойынша барлығы гетерозиготалы, фенотиптері бойынша барлығы қызыл түсті. Есептің зерттелуі Мендельдің генетикалық заңдарына сәйкес жүргізіледі. Бұл есепте Мендельдің бірінші – біркелкілік заңы көрініс тауып тұр.

Сол тапсырманы өздеріне белгілі тапсырмалар тобымен салыстыру (тендеу құруға, санның пайыздық мөлшерін анықтау және т.б.) және шешудің мүмкін жолдарын таңдау (арифметикалық немесе алгебралық);

3 кезең – есептің немесе тапсырманың шешімін табу жоспарын іске асыру;

4 кезең – табылған жауабын зерттеу.

Эвристикалық әдіске негізделген, төмендегідей әдістемелік шарттарды сақтау арқылы биологиялық тапсырмалар мен есептерді шешуді білім алушыға үйретуде қанағаттанарлық нәтижелерге қол жеткізуге болады:

- алдымен ол тапсырмада не сұралатынын анықтауға үйрету;
- қажетсіз ақпараттар арасынан қажетті ақпаратты таба білуге тапсырма беру.
- абстрактіден нақты жағдайға ауыса білуі қажет, яғни теориялық білімді нақты жағдайда қолдануы;
- нұсқаулықтардан алынған ақпаратқа сыни көзқараспен қарауы;
- басқа ғылымдардың тұжырымдамаларын және биологияның тұжырымдамаларын басқа ғылымдарда қолдана білуге үйрету.
- тапсырмаға әр түрлі тұрғыдан қарауға үйрету.

2-кесте. Бағалау көрсеткіштері мен критерийлері

Жазбаша жауаптарды бағалауға арналған көрсеткіштер	Көрсеткішті бағалау критерийлері
Шартты белгілердегі заңдарды, ұғымдардың мазмұны мен көлемін білу	- тапсырма шарты және шешім дұрыс жазылған; - шартты немесе шешімді жазуда елеусіз қателер жіберілген; - шарттар мен шешімдерді жазу кезінде заңдар мен шартты белгілерді білмеу.
Анықтамалық материалды пайдалану	- анықтамалық материалдарды еркін қолдана білу; - анықтамалық материалды кеңеспен қолдану; - анықтамалық материалдармен жұмыс істей алмау.
Негізгі ұғымдармен, заңдарды, теорияларды меңгеру.	- құбылыстарды, заңдылықтарды және т. б. түсіндіру үшін қажетті негізгі ұғымдарды, заңдар мен теорияларды еркін меңгеру.; - шешім кейбір қиындықтарды тудырады; - не айтылған туралы түсінбеушілік.
Операцияларды (әрекеттерді) орындаудың толықтығы	- барлық қажетті операциялар орындалды; - операциялардың (іс-әрекеттердің) көп бөлігі орындалды; - тек жеке операциялар (іс-әрекеттер) орындалды.
Күрделілік дәрежесі (түрлі деңгейлі тапсырмалар кезінде)	- күрделі ақыл-ой есептеулерін және түрлендіруді талап ететін операциялар (әрекеттер) орындалды; - қарапайым операциялар орындалды; - қарапайым операцияларды орындай алмау.
Орындалған тапсырмалардың көлемі	- барлық тапсырмалар дұрыс орындалды; - ұсынылған тапсырмалардың жартысына жуығы орындалды; - тапсырмалар орындалмаған немесе 50% кем орындалған.
Жұмысты ресімдеу	- жұмыс талаптарға сәйкес рәсімделді; - нормадан ауытқулар бар;

- талаптарға сәйкес келмейді

Эвристикалық ойлау, оның негізінде алынатын өнімнің жоғары дәрежесі жаңашылдығымен, ерекшелігімен сипатталады. Бұл ойлау, адам есепті, оның формальді-логикалық талдау негізінде оған белгілі тәсілдері қолданумен шығарып көрген кезде, ешқандай нәтижеге жетпеген соң, мәселені шешу үшін жана білімге қажеттілігі туады: бұл қажеттілік субъективтің шығаратын мәселенің жоғары белсенділігін тудырады.

Оқыту үдерісінде танымдық тапсырмаларды шешуді үйренуде білім алушы әрине жоғары деңгейдегі көрсеткішке бірден жетпейді. Ғалымдардың зерттеулері бойынша білім алушының танымдық тапсырмаларды шешуде біртіндеп дамиды деп төрт деңгейі байқалады екен. Бұл деңгейлер сонымен қатар білім алушылардың өзбетілік танымдары мен олардың ақыл-ойларының даму барысын сипаттайды [2]:

Тапсырманы шешу процесі ойша экспериментті болжайды. Ол зерттеудің мақсатын, міндеттерін, гипотезасын қалыптастыруды, жоспарды әзірлеуді, болжау мен нәтижелерді қамтиды.

I деңгей- тапсырма мен есептің шартындағы қандай да бір мәліметке қатысты білім алушының бір немесе бірнеше тұжырымды өз бетінше әрі дәлелмен жасай алуы;

II деңгей- есептің, тапсырманың берілген шарты негізінде бірнеше параллельді және бір-бірімен салыстырылмайтын өзара тікелей байланысты дәлелді тұжырымдар келтіре білуі;

III деңгей-есептің, тапсырманың шартында берілгендердің арасындағы байланыстарды айқындау негізінде өзара байланысты тұжырымдар жасай алуы.

IV деңгей- тиімді деңгей. Оған бір жағынан кез келген оқу материалына сәйкес қол жеткізуге болады. Ал екінші жағынан- оның даму шегі өте кең. Орындаушы қаншама мәлімет сәйкестендірсе, ойтұжырымдар тізбегі қаншалықты ұзын болса, тапсырма соншалықты күрделі әрі білім алушының өз бетінше тануының IV деңгейінің дамуы тиімдірек болады.

Деңгейлер бір-бірінен ой тұжырымдау ерекшеліктерімен (тікелей немесе жанама) және берілген шарттардың салыстырмалылығымен өзгешеленеді[2].

Әдебиеттер

1. Смирнова Н.З., Бережная О.В. Познавательные задачи по биологии и экологии: учебное пособие / Краснояр. гос. пед. ун-т им. В.П. Астафьева. – Красноярск, 2015. – 168 с.
2. Студенттерді биологиялық есептерді шығаруға әдістемелік даярлау / «Ғылым және Білім 2020» атты I халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдар жинағы. Авторлары: Назарова Г.А., Орынбек Н.Д., 162-166 беттер.
3. Асанов Н.Г., Соловьева А.Р., Ибраимова Б.Т. Биология. Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық / Алматы. Атамұра, 2019.- 259 б.

Өңір Экономикасы: Заманауи Сын-Тегеуріндер Және Даму Келешегі

FTAMP 06.71.05

Тұрғын Үй Нарығының Және Тұрғын Үй Құрылыс Секторының Ерекшеліктері

Талапбаева Г.Е., экономика ғылымдарының кандидаты,

Тұрсын Т.Т., ГМУ-21-1 оқу тобының магистранты.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан Республикасы

Аңдатпа. Мақала тұрғын үй құрылысының өңірлік нарығын қалыптастырудың перспективалық бағыттары мен үрдістеріне, оны өңірлік деңгейде дамытудың шектеулеріне арналған. Аймақтық тұрғын үй нарығына ситуациялық талдау жүргізілді, аймақтың негізгі субъектілерінің мінез-құлқына әсер етудің негізгі факторлары, сұраныс пен ұсыныс динамикасы анықталды. Тұрғын үй құрылысының аймақтық жағдайларының ерекшелігі негізделді. Саланың дамуы материалдар өндірісі, коммуналдық қызметтер, сату сияқты экономикалық қызметтің басқа түрлерінде тауарлар мен қызметтерге сұранысты ынталандырады. Нарықты талдау халықтың әл-ауқатының деңгейін, азаматтардың репродуктивті функциясын арттыруға, аумақтық дамудың тең жағдайларында қол жеткізуге болатын аймақтық және мемлекеттік экономиканың біркелкі дамуына ықпал ететін факторларды, сондай-ақ азаматтардың әр санатының жеке тұрғын үйі мен оңтайлы тұрғын үй жағдайларын зерттеу үшін жүргізіледі.

Кілт сөздер: тұрғын үй, тұрғын үй нарығы, құрылыс секторы, тұрғын үй құрылыс секторы, құрылыс нарығы, мердігерлер, инвесторлар, тапсырыс берушілер, құрылыс қызметі, жылжымайтын мүлік.

Аннотация. Статья посвящена перспективным направлениям и тенденциям формирования регионального рынка жилищного строительства, ограничениям его развития на региональном уровне. Проведен ситуационный анализ регионального рынка жилья, выявлены основные факторы влияния на поведение основных субъектов региона, динамика спроса и предложения. Развитие отрасли стимулирует спрос на товары и услуги в других видах экономической деятельности, таких как производство материалов, коммунальные услуги, продажа недвижимости. Анализ рынка проводится для изучения уровня благосостояния населения, факторов, способствующих повышению репродуктивной функции граждан, равномерному развитию региональной и государственной экономики, которые могут быть достигнуты в равных условиях территориального развития, а также индивидуальных и оптимальных жилищных условий каждой категории граждан.

Ключевые слова: жилье, рынок жилья, строительный сектор, сектор жилищного строительства, строительный рынок, подрядчики, инвесторы, заказчики, строительная деятельность, недвижимость.

Annotation. The article is devoted to promising directions and trends in the formation of the regional housing construction market, the limitations of its development at the regional level. A situational analysis of the regional housing market was carried out, the main factors influencing the behavior of the main subjects of the region, the dynamics of supply and demand were identified. The specifics of the regional conditions of housing construction are substantiated. The development of the industry stimulates the demand for goods and services in other economic activities, such as the production of materials, utilities, sales. Market analysis is carried out to study the level of well-being of the population, factors contributing to the improvement of the reproductive function of citizens, the uniform development of the regional and state economy, which can be achieved under equal conditions of territorial development, as well as individual and optimal housing conditions for each category of citizens.

Keywords: housing, housing market, construction sector, housing construction sector, construction market, contractors, investors, customers, construction activities, real estate.

Құрылыс секторында нарықтық қатынастарды жүзеге асырудың өзінің ерекшеліктері бар, бір жағынан жерге байланысы, салыстырмалы ұзақ мерзім, капиталды салымдардың үлкен шығындары және т.б. болса, басқа жағынан – құрылыс қызметінің спецификалық түріне байланысты болады. Бұл дегеніміз, тұрғын үй құрылысындағы құрылыс-монтажды жұмыстар көбінесе аймақтық (жергілікті) нарықтарда қызмет етеді, ал өндістік құрылыста (әсіресе, мұнай өндірісінде, транспорт, энергетика және т.б.) қызмет ететіндер аймақтық территорияда да, республика бойынша да жұмыс істейді. Сонымен қатар, экономиканың

халық шаруашылығының дағдарыстық жағдайымен байланысты құрылыс нарығының өзінің күрделі қиындықтары бар.

Құрылыс секторы – ашық ұйымдық-шаруашылық жүйе: тауарлы-ақша қатынастары жағдайында нарық субъектілері (инвесторлар, тапсырыс берушілер, мердігерлер, жобалық ұйымдар, құрылыс материалдар өндірісінің кәсіпорындары және т.б.) ортақ экономикалық мүдделерін жүзеге асырады.

Құрылыс нарығы жүйе ретінде келесілерді қосады:

- а) құрылыс нарығының субъектілері (элементтер);
- б) нарық қатынастарының объектілері;
- в) құрылыс сектор нарығының инфрақұрылымын;
- г) нарықтық механизм;
- д) мемлекеттік реттеу, басқару және нарықтың өзін-өзі реттеуі [1].

Құрылыс нарығының субъектілеріне (элементтеріне) келесілер кіреді: инвесторлар, тапсырыс берушілер, мердігерлер, жобалық ұйымдар, ғылыми-зерттеу институттары, құрылыс материалдар, бұйымдар мен жабдықтар өндірісінің кәсіпорындары және технологиялық, энергетикалық пен басқа жабдықтар өндіруші кәсіпорындар.

Нарық қатынастарының объектілеріне: құрылыс өнімдері (ғимараттар, объектілер және олардың комплекстері); құрылыс машиналары, транспорттық құралдар, технологиялық, энергетикалық пен басқа жабдықтар; материалдар, бұйымдар мен конструкциялар; капитал; жұмыс күші; информация және т.б.

Нарық механизмінің қозғаушы күші сұраныс пен ұсыныс болып табылады. Мемлекет құрылыс нарығының субъектілерінің институционалды байланыстарын және олардың инфрақұрылымын ережелер мен нормалар, заң, салық міндеттері, субвенциялар, антимонополиялы шаралар, амортизациялық аударымдар арқылы бекітеді және реттейді.

Мердігерлік жұмыстар нарығын жандандыру үшін қажет:

1. мемлекеттік инвестициялар шығындарын бақылауды күшейту. Бұл негізгі принциптерге сүйену керек: бюджеттік инвестициялардың инновациялармен сәйкес келуі; басым объектілерді инвестициялау; инвестициялардың орнын толтыруын қамтамасыз ету; мемлекеттік объектілерді уақытылы берудің экономикалық мүдделері;
2. құрылыс секторында салық жүйесін қайта қарастыру;
3. кәсіпорын мүлігі құрамында аяқталмаған құрылыс үшін салық ставкасын жоғарлату;
4. кәсіпорын мен ұйымдардың амортизациялық аударымдарын кеңінен тарту, сонымен қатар капиталды салымдар қаржыландырудың басқа көздерін тарту;
5. заңды және жеке тұлғалардың қымбат жылжымайтын мүліктерін инвестициялық айналымға тиімді қосу.

Жоғарыда айтылғандардан құрылыс секторын дағдарыс жағдайынан алып шығатын, келесідей маңызды іс-шаралар жүйесін құрастыруға болады: ұлттық экономикада нақты құрылымдық реформаға өту, теріс құрылымдық өзгерістерге бағытталған селективті инвестициялық саясатты жүзеге асыру.

Тұрғын үй нарығының ерекшеліктері. Тұрғын үй нарығы нарық жүйесінің құраушы бөлігі болып табылады. Тұрғын үй нарығын түсінудің екі бағыты бар: функционалды және жүйелі. Бірінші бағыт бойынша тұрғын үй нарығы жылжымайтын мүлік нарығының бөлігі болып табылады. Көптеген зерттеушілер (батыс та, отандық та) өз жұмыстарында жылжымайтын мүлік нарығы деп тұрғын-үй нарығын атап көрсетеді. Себебі тұрғын үй нарығы жылжымайтын мүлік нарығының сұраныс пен ұсыныс өзгерістерінің тенденцияларын көрсетеді. Экономиканың нақты секторымен тығыз байланыста болуымен байланысты, тұрғын үй нарығының сұраныс пен ұсыныс параметрлерінің өзгеруі, экономиканың басқа салаларына да әсерін тигізеді (жаңа тұрғын-үй құрылысының мөлшерінің өзгеру есебінен, құрылыс материалдарын және жабдықтарды өндіру, банк несиелерінің пайыз қойылымының өзгеруі). Сондықтан тұрғын үй нарығының жиынтық

сұранысы мен жиынтық ұсынысына әсер ету арқылы, жалпы ұлттық экономиканың жағдайына әсер тигізуге болады деп болжауға болады [2].

Екінші бағыт бойынша, тұрғын үй нарығы басқа нарықтармен тығыз байланыста және олардан бөлек өмір сүре алмайды. Расында да, ұдайы өндіріс процесі кезінде ресурстар, жұмыс күші, капитал және бағалы қағаздар нарықтары көмегімен тұрғын үй құрылысы, сату және сатып алу мақсатымен әр түрлі субъектілердің мүдделері бірігеді.

Тұрғын үй нарығының маңыздылығына байланысты, оның зерттеуіне жылжымайтын мүлік нарығының мамандары көптеген еңбектерін арнады. Тұрғын үй нарығының әр түрлі анықтамалары бар. «Жылжымайтын мүлік нарығы- бұл тұрғын үй ғимараттарын меншік иесі мен пайдаланушы арасында экономикалық тәсілдер арқылы бәсекелі сұраныс пен ұсыныс негізінде, қайта үйлестіру әдісі. Жылжымайтын мүлік нарығының негізін жер учаскелері және қайта жасалынып, құрылып және кеңейтіліп жатқан әр түрлі мақсаттағы құрылыстар, тұрғын үйлер, сонымен қатар ақша және қаржы капиталы» [1, 79 б.].

«Жалпы түрде тұрғын үй нарығын тауар және ақша айналымының әрекеттесуі негізінде пайда болатын экономикалық және құқықтық қатынастар жүйесі ретінде анықтауға болады» [2, 35 б.]. «Тұрғын үй нарығы деп тұрғын үй қорында меншік иесінің үйді сату, жалға беру, кепіл, жалдау және басқа нарықтық қатынастар негізінде қалыптасатын экономикалық қатынастарды түсіну қажет» [3, 4 б.]. Соңғы анықтама біздің ойымызша, осы нарықтың экономикалық мәнін толық және нақты ашып тұр.

Тұрғын үй нарығы адамдардың қызметіне, экономикаға үлкен ықпал тигізеді, жалпы және арнайы функцияларды орындайды, 1-кесте.

1-кесте. Тұрғын үй нарығының функциялары.

Функциялар	Сипаты
Баға құраушы функция	Тепе-тең бағаны орнату, яғни тұрғын үйге сұраныс оның ұсынысымен сәйкес келіп тұруы.
Әлеуметтік функция	Халықтың еңбек белсенділігі артады. Адамдардың физиологиялық, психологиялық, интеллектуалдық және т.б. қажеттіліктерін қанағаттандырады.
Реттеушілік функция	А.Смиттің «көрінбейтін қол» анықтамасы бойынша, нарық ресурстарды қайта үйлестіреді, қатысушыларды мақсатқа бағыттайды, нарықты реттеп отырады.
Ақпараттық функция	Сатушыларға және сатып алушыларға еркін шешім қабылдауға, ақпаратты жылдам және тез жинауға, таратуға мүмкіндік беретін нарық құралы.
Инвестициялық функция	Капитал құнын сақтау және көбейту құралы. Халықтың қорын пассивті формадан нақты өндіріс капиталына аударады.
Коммерциялық функция	Салынған капиталдан табыс алу және тұтыну құнын жүзеге асыру.
Делдалдық функция	Нарық жиынтық делдал және сатушы мен сатып алушы кездесетін жер ретінде қаралады.
Санациялау функциясы	Экономиканы әлсіз, тиімсіз және бәсекелі емес қатысушылардан тазалау, банкроттау.
Ынталандырушы функциясы	Жылжымайтын мүлікті құру және пайдалануда ғылыми – техникалық прогресті тиімді қолданғаны үшін табыспен экономикалық қолдау
Ескерту- [1, 31 б.] әдебиет бойынша автормен құрастырылған	

Тұрғын үй нарығының қалыптасуына бірнеше шарттар болу қажет:

Біріншіден, бұл жеке меншіктің көп түрлі формасы;

Екіншіден, нарыққа тауардың сатушыдан сатып алушыға жылжуын қамтамасыз ететін нақты құқықтық-ұйымдастырушылық формалар қажет;

Үшіншіден, өндірісшіден сатып алушыға ақша-қаражатының айналымын ұйымдастыратын банктік және несиелік жүйе болу керек;

Төртіншіден, тұрғын үй нарығының конъюнктурасы жайында толық, түсінікті және қол жетерлік ақпаратпен қамтып тұратын ақпарат жүйесі болу қажет;

Бесіншіден, сатушы мен сатып алушының құқығына кепіл беретін сақтандыру мекемелері;

Алтыншыдан, тұрғын үй нарығы арнайы дайындалған мамандарды қажет етеді: риэлторлар, маркетингтер, делдалдар және т.б.

Қазіргі кезде тұрғын үй мүлігін азаматтық айналымға қаратудың ең кең тараған әдісі бұл- сату-сатып алу және жалға беру. Осы көзқарас бойынша тұрғын үй нарығының екі негізгі субъектілерін бөлуге болады:

- сатушылар/жалға берушілер;

- сатып алушылар/ жалға алушылар [4, 30 б.].

Тұрғын үй нарығында операцияларды жүзеге асыру барысында бірнеше ерекшеліктерді есепке алу қажет:

- нарық жайылтпаушылығы (локализация), себебі бұл нарықтың тауары бірегей және жылжымайды, ал олардың құндылығы сыртқы ортаға тәуелді;

- нарық жағдайы туралы ашық ақпарат толық емес және сенімсіз болу мүмкін, себебі жылжымайтын мүлік бойынша келісім-шарттар жиі құпия және сирек сипатта болады;

- жылжымайтын мүлікті иелену және онымен келісім-шарттар іске асыру кезінде, шығындардың төрт түрі болады: а) бір жолғы салыстырмалы ірі инвестициялар; б) объектіні функционалды қалпында ұстауға жұмсалатын (эксплуатациялық) шығыстар; в) жылжымайтын мүлікке салынатын салық; г) мемлекеттік баж салығы және басқа да жинаулар мен келісімдер;

- сұраныс тек объектінің тұтынушылық сапасымен ғана емес, сонымен қоса орналасу жері бойынша анықталады;

- ұсыныстың төмен икемділігі, өйткені әр түрлі себептер бойынша көп жана пәтерлер салу мүмкін емес, ғимараттар- берік, ал жер- мәңгі;

- нарықты заң нормаларымен мемлекеттік реттеудің салыстырмалы жоғары деңгейі;

- жылжымайтын мүлік нарығының тауарлары тек сатып алушының қажетін қанағаттандыратын құрал болып қана қоймай, инвестициялық қызметтің объектілері де болып табылады;

- нарық қатысушылардың салыстырмалы аз саны және онда жүзеге асатын келісімдер саны;

- сұраныстың аймақ, аудан және мөлтек аудандар бойынша үлкен өзгерісі [5, 68 б.].

Сұраныс тұрғын үй құрылысының дамуының негізі бағыттарын анықтайды, яғни тұрғын үй ұсынысын да. Тұрғын үйге сұраныс басқа тұтыну тауарларынан айрықша қалыптасады. Ол көптеген факторлардың әсерінен пайда болады: экономикалық, әлеуметтік, саяси, демографиялық, табиғи-климаттық және т.б. Осы сыртқы факторлардың сұраныспен байланыстыратын тәуелділікті- тұрғын үйдің сұраныс функциясы деп атайды.

Жеке тұтынушының тұрғын үй сұраныс функциясы келесі негізгі факторларға байланысты: тұтынушының қаржы мүмкіндіктері, халық саны, үйдің бағасы және оның қамтамасыз етуіне жұмсалатын шығыстар, басқа тауарлар мен қызметтердің бағасы, тұтынушының индивидуалды ұнатулары, банктің пайыз ставкасының қойылымы, үйдің орналасу орны және ауданның инфрақұрылымы. Тұрғын үйдің макроэкономикалық сұраныс функциясы индивидуалды сұраныс функцияларын қосқаннан шығады.

Тұрғын үй мүлігінің ұсынысының икемсіздігіне байланысты қысқа мерзімде бағаның біршама өзгеруі сұранысқа әсер етпейді. Бірақ бағаның жылдам шарықтауы басында ұзаққа созылатын ажиотажды сұранысты тудырады да, кейінен сұраныстың және қызмет белсенділігінің бірден түсуіне алып келеді [6].

Әдебиеттер

1. Болатқызы С. Формирование и развитие рынка жилой и коммерческой недвижимости в РК: дис. канд.экон.наук (КызГУ) им. Коркыт-Ата.- Кызылорда,2010.- 137с.
2. Қондыбаева С.Қ. Нарықтық қатынастар жағдайындағы тұрғын үй саласы дамуының экономикалық концепциялары/ Материалы международной научно-практической конференции КазНУ им. аль-Фараби «Единое экономическое пространство как основа создания новой экономики».- Алматы, 2012.- С. 244-247
3. Султангазин А.А. Обеспечение доступности жилья в РК: [Электронный ресурс]: дис. канд.экон.наук. – Алматы, 2010. – 149 с.
4. Айгужина Д.З. Менеджмент качества строительно-монтажных работ: проблемы и методические аспекты (на материалах Павлодарской области): дис. канд.экон.наук. – Павлодар, 2010. – 150 с.
5. Шохан Р. Становление и развитие рынка жилья (на примере Карагандинской области): дис.канд.экон.наук. – Караганда, 2010. – 147 с.
6. Конысбаева А.А. Состояние развития рынка жилья (на материалах Мангыстауской области) [Электронный ресурс]: дис. канд.экон.наук. – Алматы, 2009. – 120 с.

GTAMP 06.52.13

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КАПИТАЛДЫ ҚАРЖЫ СЕКТОРЫНАН НАҚТЫ СЕКТОРҒА ҚҰЮ ТЕТІКТЕРІНІҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ

Талапбаева Г.Е., экономика ғылымдарының кандидаты,
Сынасапова М.Т., ГМУ-21-1 оқу тобының магистранты.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан Республикасы

Аңдатпа. Қазіргі заманғы бизнес географиялық шекара ұғымынан тезірек кетеді және жыл сайын көбірек корпорациялар бірнеше есе көп пайда алу және белгілі бір елдегі жергілікті экономикалық жағдайға тәуелділікті азайту мақсатында халықаралық нарықтарға шығады. Бұл процесс әлемнің түкпір-түкпірінде халықаралық бизнесті қолдауға және дамытуға бағытталған тұрақты қаржылық салымдарсыз сүйемелденуі мүмкін емес.

Бұл мақалада халықаралық инвестициялар нарығының соңғы даму тенденциялары талданып, жаһандық инвестициялық ағындарға үлкен әсер еткен факторлар анықталды және елдердің кластерлері мен әлемнің ең ірі экономикалары арасында инвестициялардың бөлінуіне салыстырмалы талдау жасалды.

Кілт сөздер: инвестиция, капитал, қаржы, нақты сектор, несиелеу, банк, несиелік бюро, қаржылық лизинг, несиелік кепілдік, несиелерді сақтандыру.

Аннотация. Современный бизнес все быстрее отходит от концепции географических границ, и с каждым годом все больше корпораций выходят на международные рынки, чтобы получить в несколько раз больше прибыли и снизить зависимость от местной экономической ситуации в конкретной стране. Этот процесс не может сопровождаться постоянными финансовыми вложениями, направленными на поддержку и развитие международного бизнеса во всех уголках мира.

В данной статье анализируются последние тенденции развития международного инвестиционного рынка, выявляются факторы, оказавшие большое влияние на глобальные инвестиционные потоки, и проводится сравнительный анализ распределения инвестиций между кластерами стран и крупнейшими экономиками мира.

Ключевые слова: инвестиции, капитал, финансы, реальный сектор, кредитование, банк, кредитное бюро, финансовый лизинг, кредитная гарантия, страхование кредитов.

Annotation. Modern business is moving away from the concept of geographical boundaries faster, and every year more and more corporations enter international markets in order to obtain several times more profit and reduce dependence on the local economic situation in a particular country. This process cannot be accompanied by constant financial investments aimed at supporting and developing international business in all corners of the world.

This article analyzes the latest trends in the development of the international investment market, identifies factors that have had a great impact on global investment flows, and conducts a comparative analysis of the distribution of investments between clusters of countries and the largest economies of the world.

Keywords: investment, capital, finance, real sector, lending, bank, credit bureau, financial leasing, credit guarantee, loan insurance.

Инвестициялық капиталды қаржы секторынан нақты секторға ауысуды қамтамасыз ету жөнінде жаңа жолдар іздестіріп отырған Қазақстан үшін ұзақ мерзімді орнықты өсу қарқындарына қол жеткізу мақсатында шет елдердің тәжірибесін үйрену пайдалы.

Нақты сектор кәсіпорындарының инвестициялық мақсаттарына арналған банк капиталының ауысуын қамтамасыз ету мақсатында макро және микро деңгейлерге арналған банктік қатерлерді азайту жөнінде тетік құру қажет, 1-сурет.

Жергілікті билік органдарының кепілдігіндегі шағын және орта кәсіпорындарын несиелеуді кеңейту қажет (осындай жоба Ресей Жинақ банкімен Ресейдің Белгород облысында іске қосылды). АҚШ-та шағын бизнесті несиелеген кезде несиелік қатерлерді үлестіру шағын кәсіпорындарға кепілдік беру жолымен шағын бизнес әкімшілігі арқылы жүзеге асырылады [1, 22 б.].



1-сурет. Инвестициялық қаражаттың қаржы секторынан нақты секторға ауысу тетіктері. Ескерту: Құрастырған автор.

Германияда несиелік кепілдік банкітері арқылы несиелер алу үшін шағын кәсіпорындарға кепілдіктер беріледі. Бұл жүйе өзінің қолданылып жүрген барлық кезеңі ішінде ұсақ және орта кәсіпкерлерге жалпы сомасы 10 млрд. маркте 100 мыңнан астам кепілдік берді. Осының арқасында 14 млрд. маркі сомасында коммерциялық несиелер беріліп, лизингтік келісім-шарттар мен венчурлік қаржыландыру іске асты [2, 54 б.].

1- қаржыландырудың құрылымдық нысанын қолдану;

2- инновациялық технологияларды енгізу; несиелік өтінімдерді интернет арқылы сандық қол қоюды қолдана отырып, қабылдау;

3- несиелеу қатеріне байланысты кепілді қамтамасыз етудің мөлшерін, мөлшерлемелері мен шарттарын әртараптандыру;

4-Инвестициялық қаражаттың қаржы секторынан нақты секторға ауысу тетіктері;

5-Жергілікті билік органдары кепілдіктеріне шағын және орта кәсіпорындарды несиелеуді кеңейту;

6 - шағын және орта бизнес несиелерін сақтандыру жүйесін кеңейту;

7- қаржылық лизинг, айналым қаражатының бір бөлігін кепілдік ретінде пайдалану;

8- қарызгерлердің стандарттандырылған скоринг әдістемесін енгізу.

Ұлыбританияда ағылшын банкі мен клиринг банктері бақылайтын өнеркәсіп және сауда кәсіпорындарын қаржыландыру корпорациясы шағын және орта бизнес несиелеуге көмек көрсететін құрылым болып табылады, ол 80 жылдары 3900 ұсақ фирмаларға 500 млн. фунт стерлингтен астам инвестиция салды.

Жалпы бұл корпорациясы ұсақ компаниялардың 20% несиеледі. Үкімет «Несиелеудің кепілдеудің мемлекеттік үкіметтік бағдарламасы бойынша банктердің шағын бизнеске беретін несиелерінің үлкен бөлігіне (70-80%) Үкімет кепілдік етеді. Жыл сайын бюджетте банк кепілдіктерін өтеуде 50 млн. жуық фунт стирлинг бөлінеді.

Францияда шағын және орта бизнеске Banque du Development des petits et moyens enterprises шағын және орта кәсіпорындарды дамыту банк арқылы көмек көрсетіледі. Бұл банк капиталының үлкен бөлігі Француз мемлекетіне және жартылай мемлекеттік депозиттер және активтерді басқару қассасы үлесінде (кейбір жеке меншік қаржылық ұйымдар да, шағын және орта бизнеспен жұмысқа маманданған басқа құрылымдар да акционерлердің құрамына кіреді). Банктің басты мақсаты - мемлекет тарапынан шағын және орта бизнеске артықшылық қолдау көрсету. Жыл сайын аталған банк арқылы 650 млн.франкке дейін пайызсыз несиелер (депозиттер және активтерді басқару қассасы бақылауымен) беріледі. 1996 жылы шағын және орта бизнеске қоғамдық жұмыстарды (аумақты абаттандыру, жол, тұрғын үй құрылысы және т.б.) орындау үшін бөлінген несиелердің жалпы сомасы - 24 млрд. франкті; шағын кәсіпорындарға берілген кепілдіктер - 15 млрд. франкті құрайды, лизингке 30 млрд. франкке дейінгі сомаға жабдықтар мен үй-жайлар берілді [3, 13 б.].

Әлемдік тәжірибеде капиталда мемлекеттік қатысуы бар (Германия, Чехия, Жапония, Корея және т.б.). Банктерін, сондай-ақ басқа ұйымдық нысандардағы мемлекеттік қорларды, арнайы қаржы компанияларын (Ұлыбритания, Финляндия) шағын бизнесті несиелендіруге ынталандыру мақсатында арнайы құрылатын өзара қарым-қатынастардың модельдері беріледі [3, 21 б.].

Қоймада өнімнің айналмалы қаражатының және т.б. бөлігін кепілдік ретінде пайдалану. Әлемде инвестициялар көзі ретінде қаржылық лизинг кеңінен пайдаланады, себебі ол шағын және орта кәсіпорындардың жоғары пайыздық мөлшерлері мен кепілдік талаптар мәселесін шешуге мүмкіндік береді, сондай-ақ ұзақ мерзімді инвестицияларды тартуға мүмкіндік туғызады.

Қарызгерлердің стандартталған скоринг әдістемесін енгізу. Скоринг бұл математикалық немесе статистикалық модель іспеттес, оның көмегімен бұрынғы клиенттердің несиелік тарихы негізінде банк нақты әлеуетті қарызгердің несиені мерзімінде қайтару мүмкіндігі қаншалықты екенін анықтауға тырысады. Яғни, скоринг - интегралды көрсеткіш, ол қаншалықты жоғары болса, клиент те соншалықты сенімді болады. Қазіргі уақытта көптеген банктер көп шығындар мен уақытты қажет ететін андеррайтингті пайдаланады. Скоринг қарызгерлер сенімділігін анықтаудың ең тез тәсілі.

Несиелік бюро мен скорингтің маңызын бағалауға болмайды, себебі олар бір жағынан, несие беру уақытын қысқартуға, екінші жағынан оларды қайтармау қатерін азайтуға

мүмкіндік береді, яғни скоринг капиталдың қаржы секторынан нақты секторына тез ауысуына ықпалын тигізеді. Бұл:

- Инновациялық технологияларды енгізу - несиелік өтінімдерді Интернет арқылы сандық қол қоюды пайдалана отырып қабылдау;
- Шағын және орта бизнес несиелерінің сақтандыру жүйесін кеңейту;
- Кепілдік қамтамасыз ету мөлшері, мөлшерлемесі мен шарттарын қарызгерлерді несиелеу кәтеріне байланысты әртараптандыру.

Мысалы, ресейлік КМБ-банкінде несиелер бірнеше санаттарға бөлінеді: жедел несиелер, мөлшері 1000 долларға дейін, бір күнде беріледі және кепілдік қамтамасыз етуді талап етпейді, әдетте, клиентпен тек әңгімелесу жүргізіледі; микронесиелер (20 мың долларға дейін) үш күн ішінде беріледі, клиент ұсынған қаржылық құжаттамаларға талдау жүргізіліп, қосымша мәліметтер жиналады; шағын несиелер (20-дан 100 мың долларға дейін) және орташа несиелер (100 мың долл. жарты млн. дейін) ауқымды ақпаратты талдауды талап етеді және сәйкесінше стандарттық өңдеуден өтеді [3, 22 б.].

Сонымен қатар, шағын және орта кәсіпорындар табыс ететін ақпарат көлемін несиелер мөлшеріне ғана емес, бизнес түріне де байланысты түрленуі мүмкін. Жапония тәжірибесі қызықты да үлгі боларлықтай. Бұл жерде шағын және орта кәсіпорындарды қаржыландыру бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады, олардың айтарлықтай едәуір бөлігі Ұлттық қаржы корпорациясы, шағын және орта бизнес қаржыландыру корпорациясы сияқты институционалдық институттардың депозиттеріне жіберіледі. Өз кезегінде, бұл компаниялар жинақталған қаражатты мамандандырылған инвестициялық компанияларға – банктер, түрлі қорларға жіберіледі.

Жапонияда «мемлекет жеке меншік банктер үшін орта және шағын кәсіпорындардың онша тартымды еместігін де ескереді және несиелерді осы мақсаттарға арнайы құрылған қаржы органдары арқылы береді, сондай-ақ жекеменшік банктердің кепілгері болады [4, 91 б.].

Жапонияда капиталдың нақты секторға ауысуын жүзеге асыратын үш үкіметтік институты құрылған:

- сауда және өнеркәсіп кәсіпорындарын инвестициялауға бағытталған орталық кооперативтік банкі;
- шағын кәсіпорындарды қаржыландыру жөніндегі халықтық корпорация. Оның ерекшелігі өз қаражатын өте кішкентай жобаларға ешқандай кепілдіксіз беретіндігінде;
- мемлекеттік қаржы корпорациясы басымды салалардың инновациялық жобаларындағы инвестицияларды жүзеге асырады оның қарамағында елдің барлық аумағында орналасқан 500-ден астам сауда-өнеркәсіптік палаталары. Корпорацияның жыл сайынғы инвестициялар сомасы шамамен 500 млрд. иенді құрайды.

Жапонияда, сондай-ақ қосымша қоғамдық несиелеу жүйесі арқылы шағын және орта кәсіпорындарға берілетін несиелерді кепілдеу мен сақтандыру қамтамасыз етілетінін атап өту қажет. Бұл жүйе капиталдың коммерциялық қаржы институттарына шағын және орта бизнес компанияларына ауысуын қамтамасыз етеді. Мемлекет бұл тетікті іске асыруды несиелеуді кепілдеу қауымдастығы (олардың саны елде 52 жетті), орта және шағын бизнесті сақтандыру корпорациясы арқылы қамтамасыз етеді [3, 24 б.].

Жапония мемлекеті нақты сектордағы инновацияларды дамытудағы өз мүддесін іс жүзінде дәлелдейді. Мысалы, ол шағын кәсіпорындардың техникалық деңгейін арттыру, оларға кеңес қызметін көрсету, техқызметкерлерінің біліктілігін арттыру және т.б. орталықтар құру жөніндегі 50% дейінгі шығынды өтеуге субсидия бөледі [3, 53 б.].

Сонымен қатар, Жапония үкіметі жұмыскерлердің біліктілігін арттыруға жұмсалатын шығындардың үштен екі бір бөлігін өзіне алады, сөйтіп тиімді кадр саясатын жүзеге асырады, адам капиталын дамытуды инвестициялайды. Сондай-ақ, мемлекет шағын және орта бизнеске ақпараттық қызмет көрсету жөніндегі шығындарды жергілікті 47 ақпараттық орталықтарға субсидия беру жолымен өтейді [3, 54 б.].

Жапонияда капиталдың қаржы секторынан нақты секторға тиімді ауысуын қорлар нарығы арқылы жүзеге асыруға болатынын анық түсінеді. Осыған орай, бұл жерде тіпті шағын фирмалардың өзі де акциялар шығаруда қолдау табады. Мемлекет шағын компаниялардың акцияларын сатып алумен, өз акцияларын шығаруға маманданған ірі делдалдық акционерлік қоғамдарды, сондай-ақ шағын және орта компаниялардың акция таратуын қолдайды. Жапонияда қаржыландырудың таңы бір нысан бар. Ол кәсіпорынның акционерлік капиталынан оның акцияларының бір бөлігін сатып алу арқылы қатысу. Сактандырудың қолданыстағы жүйесі мен шағын кәсіпорындардың акционерлік капиталына қатысу шағын және орта бизнес кәсіпорындары үшін несиелік қаражаттың қол жетімді болуына ықпал етеді [4, 24 б.].

Сонымен, біз дамыған елдерде нақты секторға капиталдың ағынын қамтамасыз ететін қуатты тетіктің құрылғанын көреміз. Шетелдік тәжірибе Қазақстанда қолданылуы тиіс деп ойлаймыз.

Әлеуметтік маңызды жобаларды дамытуға инвестицияларды тартуға Ұлыбританияның тәжірибесі Қазақстанды қызықтырады. 1992 жылы мұнда бюджет қаражаты тапшылығы салдарынан мемлекет «Жеке қаржылық бастама» (Private Finance Initiative PFI) бағдарламасын әзірледі.

«PFI дегеніміз нақты сектор объектілерді мемлекеттік сектор мамандары әзірлеген өндірістік ерекшеліктерге сәйкес жобалайды, қаржыландырады, салады және пайдаланатын мемлекет пен жеке меншік сектордың әріптестік нысаны. Мұндай жобаларға тән сипат мемлекеттік қаржы қаражатын пайдалануда ақшаның оңтайлы құнын қамтамасыз ету үшін қатерді жеке секторға беру болып табылады» [4, 29 б.].

PFI кезінде мемлекет активтерді иеленбейді, тек инвесторға келісімшарттың әрекет ету мерзімі ішінде пайдаланғаны үгін төлемдер ағынын қамтамасыз етеді. PFI жобаларының объектілері инфрақұрылымдар институттары болып табылады: ауруханалар, мектептер, жолдар тұрғын үй және т.б. «2000 жылға қарай PFI бойынша жасалған мәмілелер саны құрылатын активтердің жыл сайынғы құны 3-4 млрд. фунт стерлинг мөлшерінде 250 шартты құрады, бұл жаңа инфрақұрылым объектілерін құруға арналған объектілердің 10-20% құрайды:

- активтерді тез сатып алу;
- жеке сектор қатеріне тапсыру;
- бухгалтерлік есеп «теңгерімнен тыс» тәртібі;
- құрылыс салу және техникалық қызмет көрсету кезінде «тұтас тіршілік» тәсілін қолдану;
- қызметтерді жобалау және көрсету кезінде техникалық жаңалықтарды пайдалану» [5, 30б.].

Аталған жүйені іске қосудың оң нәтижелерінің қатарына жатқызуға болады:

- инвестицияларды қаржыландырудың қосымша көздері;
- 30-35жасқа дейін қаржыландыру мерзімін өсіру;
- инвесторлар арасында бәсекелестік күресті күшейту.

Қазақстан экономикасы дамуында қазіргі жағдайда инвестициялық қорлар кеңінен таралмай жүр. Мұның негізінде объективтік (жетілдірілмеген заңнама, халықты стратификациялау, экономика құрылымы, өнеркәсіптер мен инновациялардың даму деңгейі және т.б.) субъективтік (ақиқатты психозмоционалдық қабылдау, қаржылық институттарға сенбеушілік, белгісіздік факторы және т.б.) сипаттағы себептер жатыр. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, ұзақ мерзімді инвестициялар ресурстар көзі инвестициялық қорлар болып табылады

«Дамыған елдерде инвестициялық қорлар, нақтылап айтқанда, пайлық инвестициялық қорлар бос ақшаларды инвестициялаудың аса танымал әдісі болып табылады, оған халықтың үштен бірі қатысады, және олар 15 трлн. доллар инвестициялар көлемінде жинайды.

Әлемдегі инвестициялық қорлардың танымалдығын олардың саны дәлелдейді. Бүгінгі таңда әлемде халықаралық инвесторлар үшін қолжетімді 50 мың инвестиция қоры бар» [5, 44 б.].

Әдебиеттер

1. Крылов Н.В. Инвестиции в реальный сектор экономики. – М.: Лаборатория книги, 2009. – 92 с.
2. Кузнецов С.В., Волосов А.И., Тихомиров С.А. Разд. 1. Инструменты инвестирования в инновационное развитие регионов. //Модели инвестирования инновационного развития регионов / Под ред. М.А. Гусакова. – СПб: ИРЭ РАН, 2005.- С. 7-21.
3. Ряховский Д.И. Анализ инвестиционного климата в России и разработка рекомендаций по привлечению иностранного капитала: монография. – М.: ИЭАУ, 2008. – 206 с.
4. Суркин П.Н. Развитие инструментария оценки инвестиционной привлекательности организации / дисс. канд. экон. наук, Йошкар-Ола, 2012. – 238 с.
5. Нарышкин С. Инвестиционная безопасность как фактор устойчивого экономического развития // Вопросы экономики. – 2010.– №5. – С.16-25.

FTAMP 06.71.09

КӨЛІК ТОРАПТАРЫНЫҢ ЛОГИСТИКАЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҮРДІСТЕРІ

Талапбаева Г.Е., экономика ғылымдарының кандидаты,
Тұрсын Б.Қ., ГМУ-21- оқу тобының магистранты.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан Республикасы

Аңдатпа. Көлік көбінесе белгілі бір елдің экономикалық даму қарқынын анықтайды, оны экономиканың "қан айналым жүйесі" деп атайтыны кездейсоқ емес. Бұл ретте барынша мультипликативтік әсер жасау үшін экономиканың басқа салаларымен салыстырғанда көлік жүйесінің жедел дамуын қамтамасыз ету қажет екені анық.

Мақалада Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі кезеңге арналған Көлік стратегиясына сәйкес көліктік-логистикалық инфрақұрылымды қалыптастыруға әсер ететін басымдықтар мен факторлар көрсетілген. Көлік тораптарының логистикалық инфрақұрылымы тұрғысынан теориялық негізгі ұғымдар қарастырылады. Көлік тораптарындағы кешенді логистикалық аутсорсингтің даму тенденциялары талданады.

Кілт сөздер: көлік, логистика, инфрақұрылым, интеграция, көлік дәліздері, көлік торабы, транзит, логистикалық орталық.

Аннотация. Транспорт во многом определяет темпы экономического развития конкретной страны, не случайно его называют "системой кровообращения" экономики. При этом очевидно, что для создания максимального мультипликативного эффекта необходимо обеспечить ускоренное развитие транспортной системы по сравнению с другими отраслями экономики.

В статье отражены приоритеты и факторы, влияющие на формирование транспортно-логистической инфраструктуры в соответствии с Транспортной стратегией Республики Казахстан на период до 2025 года. Рассматриваются теоретические основные понятия с точки зрения логистической инфраструктуры транспортных узлов. Анализируются тенденции развития комплексного логистического аутсорсинга в транспортных узлах.

Ключевые слова: транспорт, логистика, инфраструктура, интеграция, транспортные коридоры, транспортный узел, транзит, логистический центр.

Abstract. Transport largely determines the pace of economic development of a particular country, it is not by chance that it is called the "circulatory system" of the economy. At the same time, it is obvious that in order to create the maximum multiplier effect, it is necessary to ensure the accelerated development of the transport system in comparison with other sectors of the economy.

The article reflects the priorities and factors influencing the formation of transport and logistics infrastructure in accordance with the Transport Strategy of the Republic of Kazakhstan for the period up to 2025. The theoretical basic concepts are considered from the point of view of the logistics infrastructure of transport hubs. The trends in the development of integrated logistics outsourcing in transport hubs are analyzed.

Keywords: transport, logistics, infrastructure, integration, transport corridors, transport hub, transit, logistics center.

Көліктік-логистикалық қызметтер нарығы-әлемдегі ең серпінді нарықтардың бірі. Қазақстан Республикасының экономикасының өсуі көлік, экспедиторлық және басқа логистикалық қызметтер нарығының қарқынды өсуімен қатар жүреді. Ел экономикасындағы өзгерістер қазір қарқынды екпін алуда, ең алдымен жедел жаңғырту және қазіргі заманғы көлік-логистикалық инфрақұрылым салу қажет. Көлік инфрақұрылымын дамытудағы аймақтық аспектілерді күшейту өзекті міндет болды, бұл Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі Көлік стратегиясының мақсаттарына толық сәйкес келеді. Өңгіме көліктік-логистикалық инфрақұрылымды дамыту жөніндегі жобаларды іске асыру туралы ғана емес, көліктің әртүрлі түрлері мен көліктік-логистикалық қызметтерді пайдаланушылардың өзара іс-қимылын келісілген дамыту және ұйымдастыру туралы болып отыр. Көлік дәліздері мен кешенді көлік тораптарын белсенді дамыту қажет.

Көлік инфрақұрылым саласы ретінде мемлекет пен қоғамның тыныс-тіршілігі мен дамуының базалық жағдайларын қамтамасыз етеді. Соңғы жылдары көліктің жүйе құрушы рөлі едәуір өсті және оны дамыту міндеттерінің әлеуметтік-экономикалық қайта құру басымдықтарымен байланысы артты. Көліктің жекелеген түрлерінің жұмысындағы қолайлы тенденцияларға қарамастан, көлік жүйесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы қажеттіліктері мен даму перспективаларына толық сәйкес келмейді [1].

Инновациялық технологиялық даму негізінде экономиканы құрылымдық әртараптандыру көлік жүйесінің техникалық және технологиялық деңгейінің төмендігімен және оның көптеген элементтерінің, атап айтқанда көліктік логистикалық инфрақұрылымның қанағаттанарлықсыз жағдайымен тежеледі. Жекелеген қызмет түрлері бойынша көлік ұйымдарының негізгі қорларының тозуы 50-66%-ға жетті, бұл халыққа және шаруашылық жүргізуші субъектілерге Көліктік қызмет көрсету сапасына теріс әсер етеді.

Көлікте интеграцияланған логистика жүйесі қолданылмайды, интермодальдық және мультимодальдық тасымалдау технологиялары іс жүзінде дамымайды, бірінші кезекте – контейнерлік, порттар мен аралас көлік инфрақұрылымын дамытуда елеулі сәйкессіздіктер қалыптасты. Қазіргі заманғы логистикалық ақпараттық жүйелерді қолдану үзінді болып табылады. Көлікте әлемдік тәжірибеде жалпыға бірдей қабылданған ақпараттық технологиялардың нарықтық стандарттары жоқ. Аталған жағымсыз факторлардың әрекеті нәтижесінде Қазақстан экономикасының объективті кеңістіктік ерекшеліктерімен қатар, Қазақстан өнімдерінің түпкілікті құнындағы көліктік-логистикалық шығындардың үлесі дамыған елдердегі 15-20% - бен салыстырғанда 7-8% құрайды [2].

Қазақстанның сыртқы экономикалық позицияларын кеңейту және нығайту, оның жаһандық бәсекелестік артықшылықтарын шоғырландыру және кеңейту халықаралық нарықтағы Қазақстандық көлік-логистикалық жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін едәуір арттыруды талап етеді. Логистикалық инфрақұрылымның сыртқы сауда қажеттіліктеріне сәйкес келмеуі, атап айтқанда, Қазақстандағы ККМ техникалық сипаттамаларының төмендігі, отандық порттардың өткізу қабілетінің жеткіліксіздігі және оларға жақындау. Жерүсті шекаралық өткізу пункттері арқылы тасымалдауды жүзеге асыру кезінде проблемалар сақталуда. Логистикалық қызметтер экспорты есебінен жалпы ұлттық өнімді ұлғайту мүмкіндіктері толық көлемде іске асырылмайды.

Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасының көлік жүйесі ақпараттық технологияларға үлкен тәуелділікпен сипатталады және келесі салаларда дамиды:

* көлік жолдарының және халықаралық көлік дәліздерінің өткізу қабілетін ұлғайту;

- * қозғалыс қауіпсіздігін арттыру;
- * түбегейлі жаңа көлік құралдарының пайда болуы;
- * көлік құралдарының сыйымдылығы мен жүк көтергіштігін арттыру;
- * қозғалыс жылдамдығын арттыру.

Қазақстанның көліктік-логистикалық инфрақұрылымының негізгі элементтері-ККМ және көлік тораптары.

Көлік дәліздері-бұл әртүрлі елдер арасында олардың шоғырлану бағытында жолаушылар мен жүктерді тасымалдауды қамтамасыз ететін қажетті жайластырулары бар әртүрлі көлік түрлерінің магистральдық көлік коммуникацияларының жиынтығы. ККМ жүйесіне экспорттық және транзиттік магистральдық құбырлар да кіреді.

Көлік торабы-транзиттік, жергілікті және қалалық жүк және жолаушылар тасымалына қызмет көрсету бойынша операцияларды бірлесіп орындайтын бірнеше көлік түрлерінің түйісу нүктесіндегі көлік құрылғыларының кешені. Көлік торабы жүйе ретінде-екі немесе бірнеше магистральдық көлік түрлерінің түйіскен жерлерінде оларды іске асыруға арналған көлік процестері мен құралдарының жиынтығы. Көлік-логистикалық жүйеде тораптар басқару клапандарының функциясына ие. Осындай клапанның істен шығуы бүкіл логистикалық жүйе үшін проблемаларға әкелуі мүмкін [3].

Көлік тораптарының логистикалық инфрақұрылымының заманауи объектілерін салу кезіндегі қағидатты мәселелер мыналар болып табылады:

- Жаһандық жеткізілім тізбегінде қандай көлік тораптары пайда болады?
- Қандай логистикалық инфрақұрылым түйіндердегі көлік ағынына сәйкес келуі керек?
- Көлік тораптарында кешенді логистикалық аутсорсинг стратегиясы қалай қолданылады?

Қазақстан Республикасындағы логистика нарығының даму тенденцияларының бірі-бейінді емес компаниялар аутсорсингке жүгінуді өздері үшін пайдалы деп санайды. Әлеуетті клиенттердің (жүк иелерінің) кең ауқымы үшін көліктік тораптың технологиялық дамыған логистикалық операторымен ұзақ мерзімді аутсорсингтік серіктестіктің артықшылықтары айқын болады. Бұл сатылымның маусымдық ауытқулары мен оларға сәйкес тауарлық-материалдық қорлардың кезеңдерінде логистикалық бюджетті үнемдеудің тікелей экономикалық пайдасына және логистикалық операторда ERP/WMS/TMS кластарының дамыған ақпараттық жүйелерінің болуына, EDI енгізуге, қазіргі заманғы логистикалық инфрақұрылымды пайдалануға байланысты сапалы логистикалық қызметті алу мүмкіндігіне байланысты. торап және т. б. Логистикалық операторлар үшін көлік тораптарының логистикалық инфрақұрылымын жанартуға және жетілдіруге Инвестициялар жүйені құрайтын және мамандандырылған болып табылады, ал логистикалық аутсорсинг нарығының көптеген әлеуетті клиенттері үшін олар экономикалық тұрғыдан тиімді болмауы мүмкін немесе жай ғана мүмкін емес. Бұл көлік тораптарындағы логистикалық сервис нарығын дамытудың жақсы перспективаларын және оның тұрақты оң серпінін негіздейді [4].

Логистикалық қызмет кешенін көрсету – өзіне тән ырым уақыт. Көлік тораптарында 3PL провайдерлері өте танымал. Олардың қызметтерінің тізбесіне қоймалау, қайта тиеу, айтарлықтай қосылған құны бар қосымша қызметтер, сондай-ақ қосалқы мердігерлерді пайдалану кіреді. 3PL провайдерлерінің мәртебесіне сәйкес келетін логистикалық компаниялар үшін көлік тораптары мен логистикалық орталықтардағы (LC) жұмыс маңызды рөл атқара бастайды. Бұл "қойма + жеткізу" кешенді сервисіне сұраныстың артуымен байланысты - ЛО әлеуетті клиенттерінің кең ауқымы.

Логистикалық инфрақұрылым-бұл көлік торабына біріктірілген барлық кешендегі операторлар қызметінің негізі. Бұл қоймалар, қойма жабдықтары, Қойма қуатын басқарудың компьютерленген жүйелері және тауарларды іздеу, көлік құралдары, көлік қызметтері, ақпараттық ресурстар және жүйелер. Көлік торабының логистикалық инфрақұрылымының қалыптасуына логистика функцияларын қамтамасыз ететін әрбір оператордың саны мен орналасқан жері, инфрақұрылымның әрбір объектісінде қажетті қорлардың көлемі мен

түрлері, тауарларды жеткізуге клиенттердің тапсырыстарын орналастыру орны және т. б. әсер етеді [5].

Көлік торабының ЛО логистикалық инфрақұрылымы қажетті ресурстармен – табиғи, материалдық-техникалық, ақпараттық, адами, институционалдық және қаржылық ресурстармен қамтамасыз етілген тауарларды қосымша өңдеумен, сауда, тұрмыстық және әкімшілік қызметтерді көрсетумен байланысты көліктік, коммуникациялық, қоймалық және қызмет көрсету элементтерін қамтиды. Көлік кластерінің логистикалық инфрақұрылымының объектілері үш негізгі топқа бөлінеді.

Бірінші топқа жекелеген клиенттердің тауар ағындарын басқарумен байланысты қызметтердің белгілі бір түрін көрсету үшін қуаттылығы шоғырланған жергілікті маңызы бар объектілер, ЛО жатады.

Объектілердің екінші тобы (өңірлік ЛО) жақсы дамыған көлік инфрақұрылымы және құрылған ақпараттық жүйесі бар аумақта логистикалық қызметтердің неғұрлым толық кешенін жүзеге асырады. Осылайша, ұлттық және өңірлік нарықта әртүрлі өнім түрлерінің кіріс және шығыс ағындарын неғұрлым тиімді басқару үшін жағдайлар жасалады.

Объектілердің үшінші тобы-көлік инфрақұрылымының маңызды объектілеріне (порттар, әуежайлар, теміржол тораптары, интермодальдық терминалдар) тікелей жақын жерде салынған, салыстырмалы түрде үлкен аумаққа шоғырланған кешенді инфрақұрылымдық құрылыстар болып табылатын көлік тораптарының халықаралық ЛО. Қазіргі заманғы ақпараттық және коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, бұл орталықтар логистикалық қызметтердің толық кешенін сапалы орындау, тиісінше жеткізудің барлық тізбегі бойынша өнімдерді өткізу және ел аумағы арқылы транзиттік тауар ағындарын тарту үшін уақытты қысқарту мақсатында қажетті үйлестіруді жүзеге асырады.

Логистикалық инфрақұрылым өзінің халықаралық аспектісінде елдің ЖІӨ-нің өсуіне тікелей әсер етеді. Бұл ЛО-да тауар ағындарына қызмет көрсетудің неғұрлым жоғары сапасын қамтамасыз етудің және тиісінше ел арқылы өтетін және халықаралық трафикпен байланысты транзиттік тауарлардың көбірек көлемін тартудың арқасында орын алады. Қызмет көрсету кешенінің кеңеюімен және қазіргі заманғы қойма, көлік, ақпараттық және коммуникациялық жүйелерді қолдана отырып, жоғары қосымша құнды қалыптастыру, экономикалық белсенділіктің өсуі, халықтың жұмыспен қамтылуы және сайып келгенде ЖІӨ көлемінің ұлғаюы үшін жағдайлар жасалады [6].

Қазақстанның логистикалық инфрақұрылымы оның халықаралық аспектісінде дамыған елдердің осы саладағы жетістіктерінен едәуір артта қалады. Бірінші кезекте бұл елдің көлік инфрақұрылымының қанағаттанғысыз жай-күйіне, оны жаңартудың баяу процесіне, порттарды, жолдар мен әуежайларды жаңғыртуға, интермодальдық терминалдар салуға инвестициялардың болмауына байланысты. Бұл артта қалу т/ж, өзен және теңіз көлігі инфрақұрылымының төмен деңгейіне байланысты халықаралық транзиттік тауарларды тартуға қатысты көрші елдермен салыстырғанда елдің неғұрлым әлсіз бәсекелестік позициясын айқындап береді. Сол арқылы құрамдастырылған, оның ішінде контейнерлік тасымалдар көлемін ұлғайту мүмкіндігі шектеледі. Интермодальдық көлікті дамыту әлемдік стандарттарға сәйкес келетін және Қазақстан арқылы халықаралық тауар трафигін арттыратын заманауи халықаралық ЛЦ құру жолындағы маңызды қадам болып табылады. Мұны Батыс Еуропа елдерінің тәжірибесі дәлелдейді. Роттердам, Гамбург, Бремен, Марсель және т.б. сияқты ірі батыс порттарының дамуы негізінен интермодальдық негізде жүзеге асырылды және жиырма жыл ішінде логистикалық қызметтер біртіндеп олардың қызметінде басты орынға ие болды. Осы негізде Батыс Еуропада, ал соңғы жылдары Шығыс Еуропада жұмыс істейтін интеграцияланған логистикалық желілер құрылды [7].

Қазақстанда жергілікті және аймақтық маңызы бар логистикалық инфрақұрылым объектілері белгілі бір өсуді атап өтеді, бұл инвесторлардың "А" класты қоймалар мен ірі шетелдік жүк иелерінің әр түрлі өнімдерінің көбеюіне қызмет көрсететін тарату орталықтарын салуға деген қызығушылығының артуымен байланысты. Сонымен бірге,

бүгінде оларды құру процесі реттелмейді, дамыған елдердің тәжірибесінде қабылданғандай, белгілі бір талаптар мен критерийлер тұрғысынан қолайлы орынды және өзара орналасуды таңдауда кешенді тәсіл қолданылмайды.

Көлік тораптарында Қазақстан Республикасында заманауи логистикалық инфрақұрылымын құру үшін бірқатар факторлар қолайлы әсер етуі мүмкін:

- Географиялық орналасуы.
- Ел арқылы өтетін үш ККМ.
- Логистикалық қызметтер секторының жоғары өсу қарқыны.

● Логистикалық қызметтер секторындағы өзгерістер, логистикалық операциялар мен функцияларды жүзеге асыру кезінде оның қатысушыларын өндірістік және сауда фирмаларының серіктестерінен жеткізілім тізбегінің барлық қатысушылары арасындағы өзара әрекеттесуді үйлестіретін логистикалық интеграторларға біртіндеп айналдыру тенденциясымен сипатталады.

● Халықаралық логистикалық желілерге қатысатын қазақстандық компаниялардың үлесін арттыру.

● Қазақстанда логистикалық қызметтер нарығын дамыту. Жекелеген дәстүрлі қызметтерді көрсетуден (тасымалдау, қоймалау, экспедиция) мамандандырылған логистикалық провайдерлер ұсынатын кешенді логистикалық қызметтерді қамтамасыз етуге біртіндеп көшу үрдісі қалыптасуда.

Қазіргі жағдайда логистикалық қызметтердің көлемін біртіндеп ұлғайту және қамтуды кеңейту, сондай-ақ мамандандырылған компаниялардың оларды ұсыну процесін жеделдету, олардың өзіне тән LC-мен заманауи логистикалық инфрақұрылымды құруға деген қызығушылығы артып келеді. Бизнесі интернационалдандырудың, ырықтандырудың және жекелеген елдер арасындағы тауар айналымының артуының қарқынды дамып келе жатқан процесінің әсерінен ЛО біртіндеп желіге, оның ішінде ұлттық шекарадан тыс біріктіріледі. Бұл олардың өзара іс-қимыл деңгейін арттыруға мүмкіндік береді, онтайлы логистикалық шешімдерді іздеуде тауар ағындарын интеграцияланған басқаруға, ресурстарды ұтымды пайдалануға, шығындарды үнемдеуге және жеткізу уақытын қысқартуға және тұтастай алғанда клиенттердің қажеттіліктерін қанағаттандыруға ықпал етеді [8].

Әдебиеттер

1. Логистика: интегрированная цепь поставок / Доналд Дж. Бауэрсокс, Дэйвид Дж. Клосс. – Москва: Олимп-Бизнес, 2017. – 635 с.
2. Логистика: учебник для академического бакалавриата / Ю.М. Неруш, А.Ю. Неруш. – Москва : Юрайт, 2017. – 558 с.
3. Логистика: учебно–методическое пособие: [для студентов, аспирантов и слушателей экономических специальностей] / О. М. Овечкина. – Минск: Амалфея, 2020. – 214 с.
4. Логистика: учебное пособие / Р. Б. Ивуть. – Минск : БНТУ, 2021. – 461 с.
5. Логистика во внешнеэкономической деятельности: учебное пособие / Е.С. Аكوпова, Т. Е. Евтодиева. – Москва: Русайнс, 2020. – 189 с.
6. Общий курс транспортной логистики: учебное пособие / Л.С. Фёдоров, В. А. Персианов, И. Б. Мухаметдинов. – 2–е изд., стереотипное. – Москва : КноРус, 2020. – 309 с.
7. Моисеева, Н.К. Экономические основы логистики: учебное пособие / Н. К. Моисеева. - Москва: Инфра-М, 2017. – 527 с.
8. Никитина, Э.И. Международная логистика: учебное пособие / Э.И. Никитина. – Минск: МИТСО, 2018. – 331 с. <https://zavtrasessiya.com/index.pl?act=PRODUCT&id=595>

GTAMP 06.61.33

АУМАҚТЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН ДАМУ ТҮРАҚТЫ ФАКТОРЛАРЫ

Талапбаева Г.Е., экономика ғылымдарының кандидаты,
Оразова А.Ж., ЭК-21-1 оқу тобының магистранты.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан Республикасы

Аңдатпа. Мақалада аумақтық экономикаға зерттеулер жүргізіліп, әлеуметтік-экономикалық жүйелердің бәсекеге қабілеттілігін бағалаудың жаңа тәсілі ұсынылды. Әлеуметтік-экономикалық жүйелердің бәсекеге қабілеттілігін негізгі бағалау ретінде авторлар төрт индикаторды қамтитын әлеуметтік экономикалық жүйенің бәсекеге қабілеттілігінің интегралды индексіні ұсынды: жүйенің функционалдығы, жүйелілігі, белсенділігі және органикалылығы. Жүйенің бәсекеге қабілеттілігін динамикалық бағалау үшін ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді кезеңдерде бәсекеге қабілеттіліктің жеке индекстерін қалыптастыру ұсынылады.

Кілт сөздер: аймақ, бәсекеге қабілеттілік, экономикалық жүйелер, индикаторлар, аумақтық саясат, инновация, инвестиция, ресурстар, экономикалық көрсеткіштер, экономикалық институттар, әлеуметтік инфрақұрылымдар.

Аннотация. В статье проведены исследования территориальной экономики и предложен новый подход к оценке конкурентоспособности социально-экономических систем. В качестве основной оценки конкурентоспособности социально-экономических систем авторами предложен интегральный индекс конкурентоспособности социально-экономической системы, включающий четыре показателя: функциональность, системность, активность и органичность системы. Для динамической оценки конкурентоспособности системы рекомендуется формирование индивидуальных индексов конкурентоспособности в долгосрочном и краткосрочном периодах.

Ключевые слова: регион, конкурентоспособность, экономические системы, показатели, территориальная политика, инновации, инвестиции, ресурсы, экономические показатели, экономические институты, социальная инфраструктура.

Abstract: The article studies the territorial economy and proposes a new approach to assessing the competitiveness of socio-economic systems. As the main assessment of the competitiveness of socio-economic systems, the authors proposed an integral index of the competitiveness of the socio-economic system, that includes four indicators: functionality, consistency, activity and organicity of the system. For a dynamic assessment of the competitiveness of the system, it is recommended to form individual competitiveness indices in the long and short term.

Keywords: region, competitiveness, economic systems, indicators, territorial policy, innovations, investments, resources, economic indicators, economic institutions, social infrastructure.

Ұлттық бәсекеге қабілеттілік көрсеткіштер, индикаторлар, критерийлер, шарттар жүйесін және оларды жоғарылату факторларын қамтитын көпқырлы түсінік болып табылады. Бәсекеге қабілеттілік бір-бірін толықтыратын және экономиканың тұрақты өсуін қамтамасыз ететін, тұрғындардың әл-ауқатын жоғарылататын бірқатар құрамдас элементтерден тұрады. Бұл: ғылым мен білім беру, инновациялар мен инвестициялар, түрлі инфрақұрылым, экономиканың нақты секторы, шағын бизнес, түрлі қызметтер, табиғи және еңбек ресурстары.

Отандық экономикалық әдебиеттерде бәсекеге қабілеттілік көрсеткіштерін, критерийлерін және факторларын талдауға үлкен мән берілген. Мәселен, ғалымдар О. Сәбден, С.С. Сатубалдан, С.Б. Байзақов. «бәсекеге қабілеттілікті» күрделі, көпдеңгейлі түсінік деп анықтап, оның талдауы мен бағалауын инновациялармен, инфрақұрылыммен, аумақтағы нақты сектор экономикасының дамуымен тығыз түрле байланыстыру қажеттілігін көрсетеді [1, 2]. Дегенмен, өнімділік аумақтағы өмір сүру деңгейін анықтайтын басты көрсеткіш болып саналады деген пікірмен келісу керек, себебі онда – тұрғындардың жан басына келетін кіріс көзі және бәсекеге қабілеттіліктің шарттары бар. Өнімділік еңбек немесе капитал бірлігінің қайтарымдылығы құнымен өлшенеді. Ол өнімнің сипаттамалары мен сапасына, сонымен қатар, осы тауарлар қандай тиімділікпен өндірілетініне тәуелді

болады. Атап өту керек, адам ресурстарының өнімділігі олардың еңбек ақысын, ал капиталды пайдалану өнімділігі – оның иелері алатын кіріс көлемін анықтайды. Аумақтағы бәсекеге қабілеттілік тұжырымдамасы тек қана қолда бар ресурстарды пайдалану тиімділігіне ғана негізделуі мүмкін.

Осыдан аумақта қалыптасқан және барлық қолда бар ресурстарды, оларға біз кәсіпкерлік талант пен ақпаратты да жатқызамыз, оңтайлы пайдалануға тәуелді әлеуметтік-саяси жағдаймен анықталатын бәсекеге қабілеттіліктің шарттары мен факторлары келіп шығады. Аумақтық деңгейде реформаларды жүзеге асырудың объективті қажеттілігі және бүкіл экономиканы реформалаудағы аумақтар ролінің өсуі мемлекеттік органдардың, министрліктер мен ведомстволардың реформаларды жүзеге асыру барысына ықпал ету мүмкіндігінің шектеулілігімен анықталады, ал жаңа нарықтық тетіктердің тиімділігі әзірге жеткіліксіз. Бұл экономикалық кеңістіктегі аумақтың ролі мен орнын, оның әлеуетті мүмкіндіктерін және даму беталысын анықтау қажеттілігін көрсетеді. Біздің пікірімізше, аумақтық экономикадағы атқарушы билік органдарының негізгі мақсаты – тұрғындардың жоғары өмір сүру деңгейін қамтамасыз ету. Аумақтық және жергілікті органдардың осыны жүзеге асыру қабілеттілігі меншікті ресурстардың – еңбек пен капиталдың қаншалықты өнімділікті қолданылуына байланысты болады. Аумақтық билік өкілдері мемлекеттік органдар деңгейінде аумаққа басқаларға қарағанда қолайлы экономикалық шарттар жасау үшін күрес жүргізеді, аумақтың ірі құрылымды құраушы кәсіпорындарының мүдделерін жақтап, өздігінше халықаралық байланыстарды орнату мүмкіндіктерін іздейді, әкімшілік шаралар арқылы жергілікті өндірушіні қорғауға тырысады.

Талдаудың мақсаты болып бір аумақтың екіншісімен салыстырғанда бәсекелестік артықшылықтарын анықтау табылады. Әрине, аумақтар арасындағы бәсекелестік күрес орын алады, ол түрлі нысанда жүзеге асырылып, микро- және макродеңгейлерге қарағанда басқаша салдар тудырады. Мұны аумақтың негізгі субъектілерінің мысалында қарастыруға болады, кәсіпорындар бір-бірімен : а) аумақ ішінде өзара; ә) аумақ ішінде басқа аумақтар мен елдердің кәсіпорындарымен, б) бәсекелес аумақтармен; в) ТМД елдерінің нарығында және әлемдік нарықта бәсеке түскен кезде [3].

Біздің пікірімізше, келесіні қосу қажет: саяси, әлеуметтік және экономикалық сипаттағы негізгі баланстар реттелмей, аумақтың негізделген жоғарғы бәсекеге қабілеттілігіне арқа сүйеуге болмайды. Осыған байланысты бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз етудің басты деңгейі – аумақтағы бүкіл шаруашылық жүйенің әрекет етуінің негізгі шарттарын анықтайтын макроэкономика деп сенімді айтуға болады. Біздің зерттеулерімізде аумақ белгілі бір құнға ие тауар ретінде анықталады. Макроэкономикалық деңгейден кейін мәнділік дәрежесі бойынша кәсіпорындардың топтарын қамтитын аумақтағы салаларды дамыту беталысы қалыптасатын мезодеңгей жүреді.

Микродеңгейде бәсекеге қабілеттілік тауар бағасы мен сапасының арақатынасы түріндегі соңғы, аяқталған нысанға ие болады. Бұл арақатынас алдыңғы екі деңгейде қалыптасқан шарттарға, олардың өз ресурстарын және салыстырмалы, салалық артықшылықтарын пайдалану қабілеттіліктеріне байланысты болады. Жоғарыда аталғандарды ескере отырып, аумақтың бәсекеге қабілеттілігі дегеніміз-оның жағдайын басқа аумақтармен салыстырмалы жағдайын сипаттайтын және белгілі бір көрсеткіштер (индикаторлар) арқылы көрініс табатын экономикалық категория.

Дүниежүзілік экономикалық форум өз бағдарламасында «Бәсекеге қабілеттілік факторларының құрылымын» жариялады, біздің пікірімізше, ол аумақтың бәсекеге қабілеттілікті арттыру саясатының негізгі бағытын анықтайтын үлгі немесе бастапқы нүкте болуы мүмкін [4]:

1. үкімет;
2. ішкі экономикалық күштер;
3. инфрақұрылым;
4. ғылым мен технологиялар;

5. адам ресурстарының қолда бары және біліктілігі;
6. қаржы және қаржыландыру;
7. менеджмент.

Аумақтық саясатты қалыптастыру бағыттарын анықтайтын аталған факторламен қатар, бәсекеге қабілеттілікке бизнесті ұйымдастыру түрлері де елеулі әсер етеді: диверсификациялау; қайта құру, кластерлер. Дегенмен, аумақтың бәсекеге қабілеттілігін анықтайтын факторлардың құрамына қатысты зерттеушілерде бірлік жоқ, сонымен қатар, жалпы тұжырымдама қажет, себебі бәсекеге қабілеттілік жоғарғы әлеуметтік-экономикалық маңызға ие.

Аумақтың бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін айнымалылардың ролін нақты анықтау үшін, Даниэль Сепик «фактор» терминін «қозғаушы күшке» ауыстырды. Осыдан ол аумақтық бәсекеге қабілеттілікті анықтайтын шарттарды бөліп қарастырды: экономикалық өсуге алып келетін макроэкономикалық (ұлттық) орта, жұмыспен қамтуды және тұрақтылықты жоғарылату; бизнесті жүргізуді және жұмыс орындарын құруды ынталандыратын салықтық және құқықтық жүйе [5]. Демек, біздің пікірімізше аумақтың бәсекелестік позициясын анықтайтын қозғаушы күштер болып келесілер саналады :

- кластерлер, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар, арнайы аумақтар;
- адам ресурстары;
- кәсіпорындардың жұмыс істеуінің бизнес-ортасы, салықтық ауыртпалықтар;
- инновациялар (аумақтық инновациялық жүйелер – бизнес-инкубаторлар, технопарктер, технополустер және т.б.);
- аумақтық менеджмент, басқарушылық және институционалдық мүмкіндіктер;
- аумақтың салалық құрылымы, кәсіпорындардың түрлері мен нысандары;
- өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылым;
- аумақтардың типтері және фирмалардың бірігу деңгейі;
- инвестицияларды салу үшін тартымдылығы;
- географиялық және геосаяси орналасуы.

Жаңа әлеуметтік-экономикалық ортадағы экономикалық жүйенің барлық деңгейдегі субъектілердің бәсекеге қабілеттілігі мамандандырылған өнеркәсіптік, технологиялық, қаржылық, коммерциялық, әкімшілік және мәдени мүмкіндіктердің, әлемнің түрлі аумақтарында орналасқан білім мен дағдылардың кең ауқымымен қамтамасыз етілетін синергетикалық тиімділікке байланысты. Бүгінде жалпы тиімділікке елеулі үлес қосып отырған ғалымдар мен тәжірибелік мамандардың назарын аударып отырған аумақтардың әлеуметтік капиталы. Ол адам капиталының басқа түрлерінен ерекшеленеді, себебі мәдени тетіктер, ұлттық менталитет арқылы құрылып беріледі және адам капиталының басқа түрлеріне қарағанда қиын жинақталады. Әлеуметтік капитал түрлі қоғамдар мен аумақтар арасында бірінғай емес, бұл ерекшеліктер осы аумақтың экономикалық дамуына өз ықпалын тигізеді.

Біздің пікірімізше, аумақтың бәсекеге қабілеттілігі деп уақыт өте дамитын құбылысты есептеу керек. Бұл дегеніміз, түрлі кезеңдерде және түрлі аумақтар үшін «қозғаушы күш» ролін түрлі факторлар атқарады. Аумақтың бәсекеге қабілеттілігіне деген жүйелілік көзқарас факторларды анықтауда мүмкін болатын тәсілдерді іздеп табуға мүмкіндік берді. Ресурстық тәсіл тұрғысынан бүгінде ақпараттық құрама да қосылатын факторлардың негізгі тобы анықталды. Экономикалық қызмет субъектілерін ортаға алып қарастыру ұлттық экономикадағы аумақтық өндіріске қатысушылардың түсінігін қалыптастырады. Құрылым тұрғысынан қарау аумақтық экономиканы және оның инфрақұрылымын сипаттайтын құрылымдық факторлардың пайда болуын қарастырады. Аумақтық жүйені дамытудың басқа тәсілі әрекет ету заңдылықтары, жұмыс қағидаларын анықтап, мүмкіндіктер мен шектеулерді белгілейтін институттарды анықтайды. Аталған тәсілдер және оларды негіздейтін критерийлер белгілі бір дәрежеде аумақтық бәсекеге қабілеттілік факторларының тізімінде көрсетілген. Шаруашылық жүргізудің объектілері мен субъектілердің салдары ретінде емес,

олардың арасындағы өзара әрекеттесудің пайда болуы мен қолдауы, тік және көлденең байланыстар деңгейіндегі өзара тәуелділіктер тетігі ретінде пайда болатын факторларға ерекше назар аудару қажет. Бизнестің бәсекеге қабілеттілігін дамыту беталысын талдау көрсетіп отырғандай, қазіргі әлемде экономикалық агенттер арасындағы қатынастар маңыздылығы бойынша бірінші қатарға шығып отыр. Дегенмен барлық ғылыми еңбектерде олар берілмейді немесе ресурстық құрылымдық топтар шегінде ғана келтіріледі. Біздің көзқарасымызға сәйкес аумақтың бәсекеге қабілеттілігі факторлары жіктеме түрінде берілген, 1-кесте [6].

1-кесте. Аумақтың бәсекеге қабілеттілігі факторларының жіктелуі.

Тәсілдер	Факторлар
Ресурстық	- адам - капитал - кәсіпкерлік - ақпараттық
Субъектілік	- тұтынушы ретіндегі тұрғындар - өндіруші ретіндегі кәсіпорындар мен ұйымдар - делдалдар ретіндегі кәсіпорындар мен ұйымдар - басқару органдары ретіндегі мемлекеттік және муниципалдық мекемелер
Құрылымдық	- экономика салалары - салалық құрылымдар - нарықтардың құрылымы - өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылым
Институционалдық	- экономикалық институттар - құқықтық институттар - әлеуметтік институттар - мәдени институттар
Байланыстылық (экономикалық агенттердің байланыстары)	- экономикалық қаржылық - нарықтық (бәсеке) - нарықтық емес (серіктестік) - әлеуметтік
Ескерту: Ғылыми әдебиеттерді қолдана отырып автормен жасалған	

Бәсекеге қабілеттілік факторларын сыртқы және ішкі деп бөлуге болады. Бәсекеге қабілеттіліктің сыртқы факторларының құрамында, біздің пікірімізше, аса маңыздысы болып инвестициялық климат, аумақаралық және халықаралық нарықтардағы бәсеке деңгейі, өндіргіш күштердің географиясы табылды. Бәсекеге қабілеттіліктің ішкі факторларына менеджменттің сапасы, фирманың инновациялық стратегиясы, инвестициялардың бағыты, еңбек қатынастары және жұмысшылардың біліктілігі, меншік құрылымы және т.б. жатады. Инвестициялық климат бәсекеге қабілеттіліктің сыртқы факторы ретінде өндіріс шығындарына елеулі әсерін тигізеді.

Олардың деңгейіне сыртқы нарықтағы және бәсекелес елдерге қатысты фирманың позициясы тәуелді болады.

Бәсекеге қабілеттіктің басты сыртқы факторы болып бәсеке табылады. Бәсеке табиғи монополия салаларында болмайды. Бәсекенің төменгі деңгейі инновациялық бәсеңділікке,

технологиялық артта қалуға, шығындардың жоғары деңгейіне, бәсекеге қабілеттіліктің төмендеуіне алып келеді. Мәселен, еліміздегі негізгі капиталдың тозу дәрежесі орташа есеппен 30-40% асады, ал жаңарту коэффициенті 2-3% құрайды. Салалық және аумақтық деңгейде бәсекені дамыту бойынша қабылданған іс-шаралар жеткіліксіз, себебі фирмалардың бәсекеге қабілеттіліктерінің арттыруға қажетті дәрежеде ықпал етпейді.

Атап өту керек, бәсекеге қабілеттіліктің тағы бір маңызды сыртқы факторы – бәсекеге қабілеттілік деңгейінде аумақтық поляризацияны қалыптастыратын кәсіпорындардың географиялық орналасуы, тапшы ресурстарды алудың бәсекелестік артықшылығындағы кеңістіктік теңсіздік (сапалы жұмыс күші, инвестициялар, энергия, құрылыс индустриясы көздері және т.б.).

Бәсекеге қабілеттіліктің маңызды ішкі факторы болып фирмалардың инвестициялық және инновациялық қызметі табылады. Бірақ, жоғарыда атап өткендей, көптеген кәсіпорындардағы негізгі капитал жоғары физикалық және моральдық тозығы жеткен, ал кәсіпорындардың инвестициялық белсенділігі төмен деңгейде қалып отыр. Отандық және шетелдік ғалымдардың көптеген инновациялық өнімдері мен технологиялары қолданылмай келеді. Яғни, салық салу және несиелендіру жеңілдіктері, өндіріске ғылыми-техникалық жетістіктерді ендіруге қаржы бөлу, моральдық және материалдық қолдау, отандық және шетелдік инновациялық өнімдерді ендіріп қана қоймай, өзіндік ғылыми-зерттеу және жобалау жұмыстарын белсенді жүргізетін фирмаларды қаржылық қолдаудың басқа да әдістері арқылы техника-технологиялық дамуды жеделдетуге ықпал ететін кәсіпорындардың инновациялық қызметін ынталандыру тетігі қажетті деңгейде құрылмаған.

Осы кезеңде негізгі капиталдың дәстүрлі құрылымына ие, істеп тұрған кәсіпорындарға қарағанда, алдыңғы қатарлы технологиямен жабдықталған жаңа кәсіпорындарға бірінші кезекте қаржылық көмек көрсету тиімді.

Бәсекеге қабілеттіліктің маңызды ішкі факторларының біріне біз еңбек қатынастары мен жұмысшылардың біліктілігін жатқызамыз. Атап өту керек, мұндағы нарық заңдары еңбек ресурстары саласындағы өндірістік қатынастарға елеулі әсерін тигізіп, жұмыс күшінің сапасына қойылатын талаптарды жоғарылатады. Бәсеке және жоғары пайда алуға ұмтылыс орын алатын нарық жағдайларында фирмалар өндіріс шығындарын төмендету жолдарын іздестіруге мәжбүр. Негізгі капиталды жаңарту үшін қаржының шектеулілігі себебінен фирмалар айналым капиталын үнемдеу, яғни жұмысшылар санын азайтуға, мүмкін болған жағдайда еңбек ақыға, әлеуметтік дамуға, еңбекті қорғауға жұмсалатын қаржыны төмендету арқылы шығындарды азайтуға ұмтылады [7].

Әдебиеттер

1. Сабден О. Основные направления повышения конкурентоспособности экономики Казахстана // Повышения конкурентоспособности национальной экономики в условиях глобализации: проблемы, приоритеты, пути решения. Алматы. - 2008. – С.11-19.
2. Сатубалдин С.С. Стратегия вхождения Казахстана в число наиболее развитых и конкурентоспособных стран мира // Экономика. – 2007. - № 1-21(3). – С.24-25.
3. Конкурентоспособность национальной экономики: критерии оценки и пути повышения. Монография /Под науч. ред. д.э.н., проф., академика НИА РК О. Сабдена – Алматы: Экономика, 2007. – 175 с.
4. Найзабеков Г.К вопросу создания концепции кластерного развития//Транзитная экономика. - 2005. - № 3. - С. 124-12.
5. Стрельцова Ю.А. Условия и проблемы развития кластеров в Республике Казахстан // АльПари. – 2007. - №1. – С.66-70
6. Татаркин А. Слагаемые конкурентного поведения региона //Проблемы теории и практики управления. - 2004. - №4. - С. 40-46.

7. Алексейчева Е.Ю. Повышение конкурентоспособности региональной экономики //Пищевая промышленность. - 2005. - № 9. - С. 58-59.

FTAMP 06.77.59

ҰЙЫМДА ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ ТИІМДІЛІГІН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Ерниязова Ж.Н., экономика ғылымдарының кандидаты,
Данияр А.Т., ЭК-21-1 оқу тобының магистранты.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан Республикасы

Андатпа. Бұл мақалада кәсіпорындарда персоналды басқару тиімділігін бағалаудың негізгі кезеңдері қарастырылған. Қол жеткізуге көмектесетін мақсаттар анықталды; персоналды басқару тиімділігін бағалау: зерттеу нәтижелері бойынша енгізілген түзетулер есебінен персоналды басқару жүйесінің жұмыс істеуін жақсарту; желілік қызметкерлер мен менеджерлер тарапынан кері байланыс алу; қызметкерлерді компания алдында тұрған мақсаттарға қол жеткізуге тарту және соның салдарынан оның уәждемесін арттыру. Тиімділікті талдаудың сипаттамалық әдістері мен әдістері талданып, егжей-тегжейлі ұсынылған. Персоналды басқару тиімділігін талдау әдістерінің төрт тобы бөлінді: мамандардың біліміне, тәжірибесіне және түйсігіне негізделген; математикалық, статистикалық және экономикалық модельдеуді қолданатын; алдыңғы екі топтың әдістерін қолданатын кешенді; ақпараттық ағындарды зерттеуге негізделген. Кәсіпорындағы басқару жүйесін бағалаудың негізгі критерийлері анықталды және жіктелді. Ұйымның персоналды басқару стратегиясын қамтитын негізгі элементтерге мыналар жатады: тиісті еңбек жағдайлары мен қауіпсіздік техникасын қамтамасыз ету; ұжымдағы жанжалды жағдайларды шешу әдістерін әзірлеу; қызметкерлерді іріктеу және іскерлік бағалау бойынша тиімді шаралар әзірлеу; ұжымның жана мүшелерінің бейімделуін қамтамасыз ету. Кәсіпорындағы персоналды басқару мәселелеріне әртүрлі тәсілдерді талдау негізінде кәсіпорынның тиімділігі мен капиталын арттыру үшін персоналды басқарудың сауатты стратегиясын құрудың маңызды элементтері анықталды.

Кілт сөздер: персонал, еңбек ресурстары, персоналды басқару, персоналды оқыту, персоналды бағалау, жобалау, моделдеу, еңбек нарығы, аттестациялау.

Аннотация. В данной статье рассмотрены основные этапы оценки эффективности управления персоналом на предприятиях. Определены цели, способствующие достижению оценка эффективности управления персоналом: улучшение функционирования системы управления персоналом за счет поправок, внесенных по результатам исследования; получение обратной связи со стороны линейных работников и менеджеров; привлечение сотрудников к достижению целей, стоящих перед компанией, и, как следствие, повышение ее мотивации. Проанализированы и подробно представлены описательные методы и приемы анализа эффективности. Выделены четыре группы методов анализа эффективности управления персоналом: основанные на знаниях, опыте и интуиции специалистов; использующие математическое, статистическое и экономическое моделирование; комплексные, использующие методы двух предыдущих групп; основанные на изучении информационных потоков. Определены и классифицированы основные критерии оценки системы управления на предприятии. К основным элементам, охватывающим стратегию управления персоналом организации, относятся: обеспечение надлежащих условий труда и техники безопасности; разработка методов разрешения конфликтных ситуаций в коллективе; разработка эффективных мер по подбору и деловой оценке персонала; обеспечение адаптации новых членов коллектива. На основе анализа различных подходов к вопросам управления персоналом на предприятии определены важнейшие элементы построения грамотной стратегии управления персоналом для повышения эффективности и капитализации предприятия.

Ключевые слова: персонал, трудовые ресурсы, управление персоналом, обучение персонала, оценка персонала, проектирование, моделирование, рынок труда, аттестация.

Annotation. This article discusses the main stages of evaluating the effectiveness of personnel management at enterprises. The objectives contributing to the achievement of the evaluation of the effectiveness of personnel management are defined: improving the functioning of the personnel management system through amendments made based on the results of the study; receiving feedback from line workers and managers; attracting employees to achieve the goals facing the company, and, as a result, increasing its motivation. Descriptive methods and techniques of efficiency analysis are analyzed and presented in detail. There are four groups of methods for analyzing the effectiveness of personnel management: based on the knowledge, experience and intuition of specialists; using mathematical, statistical and economic modeling; complex, using the methods of the two previous groups; based on the study of information flows. The main criteria for evaluating the management system at the enterprise are defined and

classified. The main elements covering the personnel management strategy of the organization include: ensuring proper working conditions and safety; development of methods for resolving conflict situations in the team; development of effective measures for the selection and business evaluation of personnel; ensuring the adaptation of new team members. Based on the analysis of various approaches to personnel management issues at the enterprise, the most important elements of building a competent personnel management strategy to increase the efficiency and capitalization of the enterprise are identified.

Keywords: personnel, labor resources, personnel management, personnel training, personnel evaluation, design, modeling, labor market, certification.

Дүние жүзіндегі әр түрлі елдердің экономистерінің көптеген зерттеулері компания жұмысының жоғары деңгейде болуы үш нәрсеге байланысты екенін көрсетеді:

- Қоршаған ортаның жұмысқа қолайлы болуы
- Компанияның стратегиялық дұрыс бағыты
- Сапалы мамандар

Жоғарғы қарқынды динамикалық және күрделі өзгерістерге байланысты еңбек ресурстарын басқару концепциясын қомақты трансформациялануға соқтырды.

Еңбек ресурстарының дамуының мақсаты болып, компанияны оның стратегиялық дамуына сай дайындалған және қажетті мамандармен қамтамасыз ету болып табылады.

Еңбек ресурстарының негізгі сипаттамасына жататын факторлар:

- Компанияның стратегиялық дамуы мен мақсатының тығыз байланысы
- Темір жол транспортының жоғарғы деңгейде дамуының қазіргі, алдағы проблемаларының шешімі және оларды анықтау

- Қоршаған ортаның системалық сараптамасы, сонымен қатар қолайлы және қолайсыз факторларды анықтау.

Осы зерттеулерде «Персоналды басқару» мен «Еңбек ресурстарын басқару» синоним ретінде қаралады, олардың функцияларына төмендегілер кіреді:

- жобалау және моделдеу, ұйымдастыру және қызмет структуралары (штаттық кесте)
- персоналдарды толық функционалды басқару мақсатындағы қызметтерді профилдеу
- штат кестесіндегі нақты штат бірлігіне қызмет профилін тағайындау
- материалды және материалдан тыс тұстары жағынан персоналды басқару
- бенефиттерді социалдық тұжырымдамасының бір бөлігі ретінде жобалау және есептеу


- персоналды оқыту және қайта білімін көтеру жағынан басқару
- кадрлар резервін есепке алу олардың өсу карьерасын басқаруға ықпал етеді
- персоналды бағалау және аттестациялау жағынан басқару
- қызмет профиліндегі компетенттік модулдері қалыптастыру
- анықтау жағдайында (рекрутинг) персоналды басқару
- персоналды анықтауға арналған іс – шаралардың тиімділігін бағалау.

Жоғарыда көрсетілген жайларды қорытындылай келіп, біздің ойымызша еңбек ресурстарын басқару – менеджмент бағыты, оның мақсаты осылар өндіріс ортасындағы факторлар және қызметкерлердің мүмкіншілігін барынша толық пайдалануға қолайлы жағдайлар жасау .

Осы мақсатты табысты іске асыру үшін жүйелік және комплекстік тұрғысынан қарағанда системалық сараптаманы пайдаланған дұрыс және мақсаттар жинағын, еңбек ресурстарын басқаруды «Мақсаттар ағашы» түрінде көруге болады, 1-сурет.

Еңбек ресурстарының белгілі бір сандық, сапалық және структуралық сипаттамасы бар, олар абсолюттік және салыстырмалы көрсеткіштермен өлшенеді: оның ішінде орташа жылдық, орташа тізімдік қызметкерлердің саны; кадрлардың алмасу коэффициенті; барлық қызметкерлердің ішіндегі жоғарғы білімі және орташа арнайы білімі барлардың саны; әр категориядағы қызметкерлердің орташа жұмыс мәні; тізімдегі басқа категориядағы қызметкерлердің саны [1].

Еңбек ресурстарын дамытумен айналысатын компания жоғарғы деңгейдегі жұмысымен, нарыққа жақындығымен және халықтың өсіп келе жатқан сұранысын қанағаттандыруымен ерекшеленеді. Осындай компанияларда карьерлік болашақ, мотивация жүйесі жоғары, қызметкерлердің тұрақтамаулары, қайғылы оқиғалар, жұмысқа шықпау өте аз, жұмысқа қанағаттанудың деңгейі жоғары.



1-сурет. «Мақсаттар ағашы» атты еңбек ресурстарын басқару

Еңбек ресурстарын басқарудың өзара келісімділігі және компанияның мақсатына жетуіне басқа міндеттер нарықтық экономикадағы конкуренттік мүмкіндігін сақтау шарты болып табылады.

Еңбек ресурстарын басқарудың теориялық негізі өзара байланысты ғылым концепцияларының күрделі түрі болып табылады, ол төмендегі 2-суретте көрсетілген.

Банк саласы мекемелерінде зерттеу концепциясының негізінде еңбек ресурстарын басқару жүйесіне сараптама жасалды.

Қазіргі жағдайдағы басқару жүйесіндегі координалдық трансформация ғылым қызығушылығына, тәжірибеге қоса адам факторының үлесін жоғары көтерді. «Адам факторы» атты түсінік қазір философияда, социологияда, психологияда, педагогикада, медицинада, ғылым басқаруында кеңінен қолданылады. Кейбір кездері «адам факторы» түсінігі «субъектілік фактор», «жеке фактор», «адам ресурсы», «жұмыс күші», «еңбек потенциалы» түсініктерімен теңестіріледі. Осыған байланысты адам факторының мазмұнына, спецификациясына байланысты қараған дұрыс сияқты. Экономикалық қатынас жүйесіндегі ғылым басқаруына қатысы бар аспектісін бөлек қараған жөн [2].

Әр түрлі көзқарастарды зерттегенде адам факторы өте терең, көпқырлы, экономикалық, әлеуметтік, саясаттық, рухани түсініктермен байланыста екенін көреміз.

Адам факторы жеке жұмыс факторына қарағанда кең, ауқымды түсінік. Жеке жұмыс факторы жұмыс күшінің потенциалдық жағдайын көрсетеді, яғни еңбекке қабілетті. Жұмыс күшінің көзі – адам. Жеке және адам факторын құрайтын жұмыс күші – оның қасиеті адамның қабілетін еңбекке баулу. Осы екі түсініктің арасында айырмашылықтар бар. Егер жеке фактор тек жұмыс сферасында болса, онда адам факторы қоғамның дамуындағы көптеген әлеуметтік-экономикалық сфераларда қатысады. Қорыта келгенде адам факторының субъективтік негізін жұмыс күшінің жиынтығы құрайды, ол өз кезегінде өндірістік емес сфера және материалды өндірісте жұмыс жасайтындардың барлығын қосады.

Қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуы жеке адамның потенциалын жоғарғы деңгейге көтерілуін қажет етеді. Біздің ойымызша «адам факторы» потенциалын байланыс жүйесі мен өзара байланыс ретінде қоғамдық қатынас жиынтығының бір бөлігі болып, адамның еңбек потенциалын кең ауқымды үлкеюне ықпал жасайды.



2-сурет. Еңбек ресурстарын басқарудың теориялық негізі.

«Жұмыс күші» категориясы адам факторының дамуы мен жұмыс жасауына қатысты қатынастардың барлық қосындысын қарай алмайды. «Жұмыс күші» категориясының сыртында әлеуметтік- экономикалық механизм, оның адамдардың қабілеттерін толық пайдалануға бағытталған қозғаушы күші қалады. Осы жағдайды ескеру үшін жаңа категория керек, ол жұмыс күшінің мінездемесінен басқа жаңа сапаларды өзіне қосады. Ондай категория көптеген экономисттердің айтуынша – еңбек потенциалы.

Еңбек потенциалы – табиғаттың потенциалдық қабілеттілігінің жиынтығы, еңбек белсенділігі, білім потенциалы және еңбек жолының бағасын анықтайды.

Еңбек потенциалын мүмкіншілігін пайдалы қолдануын анықтауға болмыстар тізімі немесе компонент қолданылады, бірақ олар қоғамның жаңаша даму деңгейіне толықтай сәйкес келмейді.

Жоғарыда көрсетілген кемшіліктерді жою үшін өндірістік жеке фактордың еңбек потенциал компонентінің тізімін бағыттау және ұлғайту қажет.

Еңбек ресурстарын басқару теорияларының басым көпшілігі адамдар сұранысын қанағаттандыруға әсер етуге байланысты құрылған. Адам факторын басқару туралы қалыптасқан ұғым, персонал басқару практикасы, адамдар ресурстарын басқарудың тиімді жүйесін қалыптастыру мәселесі өзара терең байланысты.

Еңбек ресурстары – елдегі халықтың бір бөлігі, олар денсаулықтың дамуымен, алынған біліммен, персонал – мамандық деңгейімен пайдалы қоғамдық жұмыстармен айналысуға бейімді.

«Еңбек ресурстары» түсінігінің тұжырымын академик Струмилин С.Г. өзінің бір мақаласында 1922 жылы жазған. Шетел әдебиеттерінде бұл түсінік «адамдар ресурстары» деп көрсетіледі [3].

Сан жағынан еңбек ресурстарының құрамына барлық еңбекке жарамды адамдар кіреді, олар қоғамдық жұмыстар мен жеке жұмыстар саласында жасына қарамай еңбек етеді. Осы құрамға жеке шаруашылығы бар адамдар, өндірістік атынан оқитын азаматтар және әскери тұлғалар кіреді.

Абсолюттік өсім қаралатын кезеңнің басына немесе аяғына қарай анықталады. Бұл қарапайым жағдайда бір немесе одан да көп уақыттың бір бөлігі.

Еңбек ресурстарының белгілі бір сандық, сапалық және структуралық мінездемелері бар. Олар абсолюттік және салыстырмалы көрсеткіштермен өлшенеді, анықтап дәл айтсақ:

- Жұмысшылардың орташа тізімдік және орташа жылдық саны;
- Кадрлардың ауысу коэффициенті;
- Ортақ тізімдегі жоғарғы және арнайы орта білімі бар жұмысшылардың саны;
- Әр категориядағы жұмысшылардың еңбек мәні;
- Белгілі бір санаттағы жұмысшылардың еңбек мәні;
- Белгілі бір санаттағы ортақ тізіммен жұмысшылардың ортақ үлесі.

Жұмысшылардың бір жылға орташа тізімдік саны барлық айлардағы орташа тізімдік жұмысшылардың санының қосындысын он екіге бөлу арқылы анықтайды. Жұмысшылардың бір айға орташа тізімдік саны әр күнтізбелік күндегі жұмысшылардың тізімдік санының қосындысын күндердің санына бөлу арқылы табады. Жұмысшылардың орташа тізімдік саны бір жылдағы шаруашылық жұмысшылары жұмыс жасауға жіберген уақытты (адам/сағат, адам/күндер) бір жылдық жұмыс күніне бөлу арқылы табады [4].

Жұмысшының еңбек әлеуеті – адам сапасының жиынтығы, еңбек саласындағы оның мүмкіншілігі:

- Жасы;
- Физикалық және психологиялық денсаулығы;
- Жеке мінездемелері;
- Ортақ білім және профессионалды дайындық;
- Професионалды өсу қабілеті;
- Еңбекке көз қарасы;
- Мамандық бойынша еңбек мәні;
- Отбасы жағдайы.

Осы зерттеудегі «персоналдарды басқару», оған ұқсас «еңбек ресурстарын басқару» ұғымдарына жататындар:

- Жоспарлау және құрылымды моделдеу;
- Штаттық кестелерді қарап шығу;
- Персоналдарды толық басқару;
- Персоналдарды материалдық және материалдан тыс басқару;
- Жоспарлау және бенефиттер есебі;
- Персоналдарды оқыту және дайындау арқылы басқару;
- Білім есебі, қызметкерлердің білімділігі мен білгірлігі;
- Іс-шараларды жоспарлау, оқудағы іс-шараларды жабу үшін;
- Қызметкерлерді алдын ала даярлау үшін жоспардан тыс сұраныстарды рәсімдеу;
- Жоспарлы және жоспардан тыс оқулар мен мамандықтарды жетілдіру үшін тізімдерді автоматты түрде қалыптастыру;
- Оқу орындарының есебі және қайта даярлау бағыттары;
- Жоспарлау және лимиттер есебі және оқуға кеткен шығын, жоспарланған шығындарды салыстыру;
- Кадрлық резервтердің есебі;

- Баға мен аттестация түрінде персоналдарды басқару;
- Моделдерді белгілі бір нысанға келтіру;
- Іс-шаралардың бағаларын көрсету;
- Персоналдар қойған бағамен іс-шараларды автоматты түрде жоспарлау;
- Персоналдарды іріктеу арқылы басқару;
- Персоналдарды іріктеу арқылы іс-шараларды жоспарлау;
- Әңгімесөздер жүргізу;
- Холдингтік құрылым бойынша персоналдарды басқару;
- Персоналдарды іріктеуге байланысты жоспарларды белгілі бір жүйеге келтіру;
- Жұмысшыларды жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтарды бір жүйеге келтіру [5].

Еңбек ресурстарын басқарудың басты критериілері:

1. Еңбек өнімділігін арттыру. Бұл персонал мотивациясын дәл басқаруды талап етеді. Қорытындысында «Еңбек ресурстарын» басқарудың модулін жасауға болады.
2. Қосымша өтемдерді ұстауға кететін шығындарды азайтады.
3. Персоналды басқаруды автоматтандыру кадр жұмысында еңбек өнімділігін арттырады (кадрларды дайындау).
4. Қызметкердің қызмет орны оның мамандығына сай келуі.
5. Штат кестесінің дұрыс нұсқасы.
6. Мекеме қызметкерлерінің деңгейінің жоғарылауы.
7. Қызметкерлердің карьерасын жоспарлау, оның ертеңгі күнге сенімі артады, деңгейі көтеріледі.
8. Кадрлар ауысын төмендету.
9. Мекемеде өндірістік деңгейін жақсарту.
10. Қызметкерлердің карьерасын жоспарлау ішкі жанжалды азайтады.
11. Беделді орынға орынды нұсқау табу. Оны персоналды функциялық автоматты түрде анықтау арқылы беделді орынға жіберу (іштегі резервті де пайдалануға болады).
12. Әр түрлі курста оқытудың бағасын есепке алу, қызметкерлерді әр түрлі курсқа бөліп, оның бағаларын анықтауға мүмкіншілік жасайды және оларды өзара салыстыруға болады.
13. Оқуға және қайта даярлауға кететін шығынның мөлшерін қадағалау.
14. Персонал тандаудағы әр түрлі бағдарламалардың бағасын қадағалау.
15. Қызметкерлердің өз мамандығына сәйкестігін автоматты түрде есептеу [6].

Әдебиеттер

1. Андруник А.П., Суглобов А.Е., Руденко М.Н. Кадровая безопасность. инновационные технологии управления персоналом. Учебное пособие. 2-е изд. — М.: Дашков и Ко. 2020.- 508 с.
2. Башанкаев Б.Н., Морозов П. Е., Рустамов Б. Е. Актуальные проблемы правового регулирования управления медицинским персоналом и пути их решения в современных условиях. Учебное пособие. – М.: Проспект. 2020. - 160 с.
3. Белогаш М.А., Дубинина Г.А., Кондрахина Н.Г. Английский язык в профессиональной сфере: Управление персоналом. Часть 2. Учебное пособие. — М.: КноРус. 2020. - 244 с.
4. Белогаш М.А., Дубинина Г.А., Федосеева Т.В. Английский язык в профессиональной сфере. Управление персоналом. Часть 3. Учебное пособие. — М.: КноРус. 2020.- 222 с.
5. Горленко О.А., Ерохин Д.В., Можяева Т.П. Управление персоналом. Учебник для академического бакалавриата. — М.: Юрайт. 2019. - 250 с.
6. Исаева О.М., Припорова Е.А. Управление персоналом. Учебник и практикум для СПО. – М.: Юрайт. 2019. - 168 с.

МРНТИ 06.75.02

БИЗНЕСТІҢ КОРПОРАТИВТІК ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІГІН ДАМУ БАҒЫТТАРЫ

Берикболова У.Д., экономика ғылымдарының магистрі.
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан Республикасы

Аннотация. Мақалада мемлекет және бизнес арасындағы әріптестік орнату нысандары мен оның ерекшеліктері, сонымен қатар бизнестің қазіргі күнгі өңір мен республикадағы әлеуметтік жауапкершілік жобалары жайлы зерттелген.

Кілт сөздер: мемлекет, бизнес, әріптестік, әлеуметтік жауапкершілік.

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы партнерства между государством и бизнесом, его формы взаимодействия, а также проекты в рамках социальной ответственности бизнеса.

Ключевые слова: государство, бизнес, партнерство, социальная ответственность.

Annotation. This article considers issues of partnership between the state and business, its forms, also the projects of social responsibility of business.

Key words: state, business, partnership, social responsibility.

Мемлекеттік әлеуметтік саясат екі деңгейде жүзеге асырылады: республикалық және өңірлік. Республикалық деңгей нормативтік-құқықтық базаны қалыптастырады және аймақтар арасындағы қатынастардың негізгі бағыттарын, орталықтандырылған қаржыландыруды анықтайды. Республикалық деңгей өңірлік әлеуметтік саясаттың негізі болып табылады. Өңірлік деңгей аймақтың нақты мәселелерін шешуге бағытталған, бұл жағдайда мемлекеттік әлеуметтік саясат аймақтың қажеттіліктері мен проблемаларына бейімделеді және нақтыланады, олар мыналарды қамтиды:

- аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы;
- халықтың мәселелерін шешу;
- халықты әлеуметтік қорғау саясатын жүзеге асыру;
- жұмыспен қамту;
- медициналық көмек және білім беру мәселелерін шешу.

Жергілікті деңгейде өңірлерде және олардың ерекшеліктеріне қатысты мемлекеттің әлеуметтік саясатын жүзеге асырудың мақсаттары, әдістері мен тәсілдері одан да көп нақтыланады. Мемлекеттің әлеуметтік саясатының негізгі бағыттары белгілі бір аймақтың талаптарына бейімделеді, жарлықтармен, қаулылармен, белгілі бір аймақтың аймақтық даму бағдарламаларымен бекітіледі.

Швецов А.Н. өңірлік әлеуметтік саясатта екі блокты ажыратады: жүйелік блок және аумақтық блок. Осылайша, жаһандық әлемдік экономикалық дағдарыстың әсері, демографиялық проблемалар, халықты жұмыспен қамту проблемасы және еңбек нарығындағы тұрақсыздық, білім беру жүйесіндегі проблемалар жүйелік блокқа жатады. Аумақтық блокқа өңір халқының өмір сүру деңгейі, өмір сүру сапасының проблемалары, кадрлармен қамтамасыз ету проблемалары және т.б. кіреді. Жалпы жүйелік блок аумақтық блокқа тікелей әсер етеді.

Өңірлік әлеуметтік саясат мәселелерін типологизациялау және нақтылау үшін қоғамдық өмірдің төрт секторын бөліп көрсету әдетке айналған: аймақтың демографиясы, жұмыспен қамту және жұмыспен қамту мәселесі, халықтың жеке табысы, инфрақұрылым.

Ұсынылған секторлар бойынша әлеуметтік мәселелерді санаттау оларды анықтауға ғана емес, оларды шешу жолдарын әзірлеуге де көмектеседі [1]. Сондықтан өңірлік әлеуметтік саясаттың негізгі мақсаттары:

- туудың және өлімнің деңгейіне, халықтың өмір сүру ұзақтығына, көші-қон процесіне байланысты демографиялық проблемаларды шешу;
- өмірдің қажетті деңгейі мен сапасын қолдау;
- халықты әлеуметтік қорғау;
- өңірдегі жұмыспен қамту саласындағы тұрақтылықты қамтамасыз ету;
- жұмыссыздық деңгейін төмендету;
- білім беру жүйесін дамыту;
- білікті кадрларды даярлау;
- рухани саланы дамыту;
- жергілікті деңгейде әлеуметтік саясатты іске асыруда жергілікті өзін-өзі басқару органдарын қолдау.

Қазіргі уақытта әлеуметтік саясат мәселелері бойынша бірқатар өкілеттіктердің өңірлерге ауысуы байқалады, яғни әлеуметтік саясаттың аймақтық деңгейіне баса назар аударылады, оны жүзеге асыру бизнес-қауымдастықпен, қоғамдық ұйымдармен және әлеуметтік топтармен синтез арқылы мүмкін болады. Өңірдің әлеуметтік саясатының негізгі субъектілерінің бірі бизнес-қоғамдастық болып отыр. Бұл жағдайда біз өз қызметінде аймақтың әлеуметтік саясатының негізгі міндеттерін бөлісетін әлеуметтік жауапты бизнес сияқты құбылыс туралы айтамыз.

Соңғы уақытта әлеуметтік мәселелерді шешуге арналған көптеген конференциялар, форумдар мен конкурстар өткізілуде. Осы форумдар аясында әр түрлі деңгейдегі компаниялар (ірі де, орта да, кіші де) әлеуметтік жауапты бизнесті жүргізу жобаларын ұсынады, олардың ішінде келесі бағыттар бар:

- ұйым персоналының алдындағы жауапкершілік (қызметкерлердің адами капиталын дамыту, еңбекті қорғау және гигиена, әлеуметтік қорғау);
- акционерлермен, жеткізушілермен, агенттермен және клиенттермен, мемлекетпен өзара іс-қимылдың тиімді және ашық жүйесін дамыту;
- өңірдің экологиясына қамқорлық жасау (қоршаған ортаны ластанудан қорғау, энергия үнемдейтін өндіріс және т. б.);
- өңірдің дамуына қатысу (әлеуметтік саланы дамытуға инвестициялар: медицина және азаматтардың белгілі бір санаттарына атаулы көмек, білім, мәдениет және өнер) [2].

Әлеуметтік жауапты бизнесті жүргізу компанияның нарықтағы тұрақты және бәсекеге қабілетті жағдайына әсер ететін маңызды факторға айналады.

Басқаша айтқанда, Бәсекеге қабілеттіліктің қажетті деңгейін сақтау үшін Компанияның стратегиясы мен қызметін тұрақты даму тұжырымдамалары мен корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті дамытумен байланыстыру керек.

Тұрақты даму тұжырымдамасы үш құрамдас бөлікті қамтиды: экономикалық, экологиялық және әлеуметтік.

Орнықты дамудың экономикалық мақсаттары (ОДМ) мыналарды көздейді:

- компания қызметінің бағыттары: экономикалық өсу және халықты лайықты жұмыспен қамтамасыз ету,
- энергия үнемдеу, инновацияларды дамыту,
- жаңашылдық және өндіріске жаңа технологияларды енгізу,
- қалаларды дамыту.

Экологиялық ОДМ климаттың өзгеруі, таза суды және биологиялық жүйелерді сақтау проблемаларымен байланыстырады, бұл тазарту жүйелерінің дамуы мен жаңғыртылуымен

және қалдықтарды қайта пайдалану мүмкіндігімен байланысты. Әлеуметтік ОДМ халықтың денсаулығына қамқорлық жасауды және сапалы медициналық көмек көрсетуді (компанияның ішкі деңгейінде қызметкерлердің денсаулығына қамқорлық жасау және ерікті медициналық сақтандыруды ұсыну), сапалы білім беруді қамтамасыз етуді, жұмыссыздық проблемасын шешуді, компания персоналының адами капиталын дамытуды қамтиды [3].

Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі тұжырымдамасы компанияның тұрақты дамуымен тығыз байланысты және ұйымның компанияны еркін таңдау және өзінің корпоративтік ресурстарын пайдалану арқылы қоғамның әл-ауқатын жақсартуға ұмтылысын болжайды [4].

Ірі компаниялардың әлеуметтік жауапкершілігін сипаттау үшін келесі көрсеткіштер әзірленді:

- басқару және өзара әрекеттесу;
- қоршаған ортаға қамқорлық, қоршаған ортаны қорғау;
- ұйым персоналының еңбек қарым-қатынасы және дамуы;
- экономикалық әсер (оның ішінде инновациялық технологиялар мен өндірудегі әзірлемелерді, еңбек өнімділігін, өндірілетін өнімнің сапасын көрсетілетін қызметтер); жергілікті қоғамдастықтарды дамытуға қатысу (түрлі әлеуметтік бағдарламалар мен қайырымдылықтың болуы);

- адам құқықтары (кемсітушіліктің болмауы және адам құқықтарын сақтау) [5].

Бірақ ірі компанияларға қолданылатын әлеуметтік жауапкершіліктің барлық көрсеткіштері шағын және орта бизнеске (ШОБ) тарала бермейтінін атап өткен жөн. Бұл, ең алдымен, ШОБ шектеулі ресурстармен (қаржылық және адами) және мінез-құлық ерекшеліктерімен ерекшеленетіндігіне байланысты, яғни шағын және орта бизнес қарқынды және ашық инновациялар болып табылады, ал ірі компаниялар қатаң. Сондай-ақ, ірі компанияларда әлеуметтік жауапкершілік оның стратегиясы мен құрылымында, ал ШОБ бекітілгенін атап өткен жөн. Сондықтан ШОБ әлеуметтік жауапкершілік саласында күшті және әлсіз жақтарды ажыратуға болады. Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі саласындағы ШОБ күшті жақтарына мыналар жатады:

- шағын және орта бизнестегі ірі компаниялармен салыстырғанда аз бюрократия байқалады, бұл басқару шешімдерін қабылдау процесіне әсер етеді;

- ШОБ субъектілері ірі компаниялармен салыстырғанда икемді және серпінді болып табылады, яғни қоғамның сұраныстарына тез жауап бере алады (мысалы, төтенше жағдайда көмек көрсету);

- инновацияларға ашықтық және оларды өндірістік қызметте пайдалану;- шағын және орта бизнестің шағын көлеміне байланысты ұйымдар ішіндегі, сондай-ақ сыртқы клиенттермен байланыс сенім деңгейінің жоғарылауына әсер ететін ресми және бейресми өзара әрекеттесулерге сүйене отырып жүзеге асырылады;

- шағын және орта бизнес иелері көбінесе жергілікті қоғамдастық мүшелері болып табылады, бұл олардың қоғам проблемаларына деген қызығушылығын растайды және ынталандырады, сәйкесінше, халықтың кәсіпорындарға деген қызығушылығы мен сенімін тудырады.

Күшті жақтардан басқа, ШОБ бизнестің әлеуметтік жауапкершілігіне қатысты әлсіз жақтарын да анықтауға болады:

- ШОБ бизнестің әлеуметтік жауапкершілік жобаларына бағытталуы мүмкін жеткілікті қаражат жоқ;

- шағын және орта бизнес қаражатының жетіспеуіне байланысты олар өз қызметіне бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі саласындағы мамандарды тарта алмайды;

- ШОБ адами ресурстары шектеулі болғандықтан, оларды бақылау және заңнаманың өзгеруіне және мемлекеттік бюрократияға жедел жауап беру өте қиын.

Әдебиеттер

1. Ульянова О.Ю., Яценко С.О. Государственно-частное партнерство в социальной инфраструктуре /Ольга Юрьевна Ульянова und Сергей Олегович Яценко. - М.: LAP LambertAcademic Publishing, 2019. - 164 с.
2. Матаев Т.М. Перспективы развития форм государственно-частного партнерства в Республике Казахстан/ Т.М.Матаев// Российское предпринимательство. - 2011. - Том 12. - № 12. - С. 187-192.
3. Есембекова Д.Б. «Мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті дамыту» Доклад ко II Конгрессу партнерства государства и бизнеса: Страновые возможности государственно-частного партнерства [Электронный ресурс]. <http://group-global.org>. - 11.09.2013 г.
4. Амуниц Д.М. Концессионная модель государственно-частного партнерства в сфере российской культуры: перспективы реализации /Д.М. Амуниц. - М.: Современная экономика и право, 2005.
5. Матаев Т.М. Типология рисков по проектам государственно-частного партнерства / Т. М. Матаев // Российское предпринимательство. - 2012. - № 3 (201). - С. 4-10.

ҒТАМР 06.52.13

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНА БАҒЫТТАЛҒАН ҚАРЖЫЛАРДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ ШАРАЛАРЫ

Нұрланқызы М., ГМУ-20-1м оқу тобының магистранты.

Муханова А.Е., э.ғ.к., қауымд. профессор.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан Республикасы

Аңдатпа. Қазіргі таңдағы ауылшаруашылығы саласына инвестиция тартудың маңыздылығын алға тарту арқылы ауыл шаруашылығы саласының белсенділігін арттыру шараларын айқындау. Ауылшаруашылық кәсіпорындарына жеңілдетілген несиелерді беру мүмкіндіктерін қарастыру қажеттілігі. Ауылшаруашылығы өнімдерін өндіру мен тиімді сату жолдарын қарастырады.

Кілт сөздер: ауылшаруашылығы экономикасы, инвестиция, инвестициялық климат, қаржыларды тиімді пайдалану, субсидиялау.

Аннотация. Определить меры по повышению активности сельскохозяйственной отрасли путем продвижения важности привлечения инвестиций в сельское хозяйство в настоящее время. Необходимость рассмотрения возможности предоставления льготных кредитов сельскохозяйственным предприятиям. Рассматривает пути производства и эффективной реализации сельскохозяйственной продукции.

Ключевые слова: экономика сельского хозяйства, инвестиции, инвестиционный климат, эффективное использование средств, субсидирование.

Annotation. Identify measures to increase the activity of the agricultural sector by promoting the importance of attracting investment in agriculture at the present time. The need to consider the possibility of providing preferential loans to agricultural enterprises. Considers ways of production and effective sale of agricultural products.

Keywords: agricultural economy, investment, investment climate, efficient use of funds, subsidies.

Ауыл шаруашылығы еліміздің экономикасында маңызды салалардың бірі болып саналғандықтан, көп жағдайда инвестициялық климатты бағалауда оның қолайсыз жақтарын айғақтайды, ал бұл өз кезегінде аймақтағы инвестицияның жеткіліксіздігі мен белсенділіктің төмендеуіне және жұмыс істейтін капитал салымдарының төменгі деңгейдегі тиімділігіне әсер етеді.

Сондықтан, нарықтық экономиканың ерекшеліктерін ескере отырып, ауыл шаруашылығында инвестициялық үрдісті қалыптастыруда әлемдік технологияларды және менеджмент пен маркетингтің озық әдістерін қолдануға негізделген, оның механизмдерін қалыптастыруда ең тиімді инвестициялық жобаларды нарықтық механизмдер арқылы дайындау ғылыми және тәжірибелік тұрғыдан өзекті мәселе болып табылады.

Бұл ауыл шаруашылығы жағдайларына талдау жүргізу, ауыл шаруашылығына қызмет ететін арнайы қызметтер және оның негізгі басымдықтарын бөліп көрсету, зерттелетін аграрлық секторда инвестицияның экономикалық тиімділігін бағалаудың басымдықтары, ауылшаруашылығындағы лизингтің тиімділігі, бағыттары мен механизмдерін жетілдіру жолдары жөнінде ұсыныстар жасап және оларды іске асыру туралы шараларды айқындауды талап етеді [1].

Ауыл шаруашылығы саласына инвестицияны тартуға үлкен мән берілуде. Сол себепті, ауыл шаруашылығына инвестицияны тартуды ынталандыруда отандық өндірістердің азық-түлік тауарларын нарыққа шығару мәселелерін шешу мен оның тиімділігін арттыру мақсатында механизмдерін дайындау керек.

Ауыл шаруашылығы саласының дамуына инвестицияны тартудың қазіргі жағдайын бағалау мен тиімді жұмыс істеуінің экономикалық механизмдерін жете зерттелмегендігі терең зерттеуді қажетсіне отырып, мәселенің ғылыми-тәжірибелік құндылығын айқындап және осы зерттеу тақырыбын таңдауға негіз қалайды.

Ауыл шаруашылық саласына инвестицияны тартуды белсенділендіруде әлеуметтік-экономикалық, қаржылық, ұйымдық-құқықтық, саяси, аймақтық және басқа факторлар жиынтығымен қарастырылатын инвестициялық ахуалға байланысты болып келеді. Инвестициялық климат жалпы экономикалық жағдай мен келешекте салаларды дамытудың маңызды бір индикаторы болып табылады.

Ауыл шаруашылығындағы инвестиция келесідей белгілері бойынша жіктеледі:

- қоршаған ортаны қорғау;
- материалдық-техникалық ресурстармен қамтамасыз ету жүйесі;
- ауыл шаруашылық өнімдерін кепілдендіру;
- мелиорация.

Бұдан басқа, ауыл шаруашылығында жүргізілетін жүйенің қажеттілігіне байланысты төмендегідей жіктелген қағидаларды бөліп көрсетуге болады:

- салалық - өсімдік, мал шаруашылығы және өнеркәсіп өндірісі қамтамасыз етілетін;
- технологиялық-машиналар, еңбек ақы, жерді өңдеу, тыңайтқыш, мал басын жаңарту.

Ауыл шаруашылық саласындағы кәсіпорындарда инвестицияны тартуда белсенділікті арттыру үшін кәсіпорындарға – инвестициялық ресурстар ұдайы өндірістің басты негізгі капиталы ретінде амортизациялық қорды қалыптастыру мен мақсатты қолдану жауапкершілігін қалыптастыру қажет. Демек, ауыл шаруашылық кәсіпорындарының салалық ерекшелігіне қарай қарыз құралдарын тартусыз қызмет ете алмайды.

Инвестициялық несиелеу белсенділігін арттыру үшін бірқатар жалпы экономикалық шараларды жүзеге асыру шарт. Оның ішінде тиімді ұзақ мерзімге капитал салымын салуда теңгенің айырбастылығы мен нақты тұрақтылығы; өндірісті қайта қалпына келтіру мақсатында келешекте қайта қаржыландыру ставкасын төмендету; лизингалық несиелеуді дамыту және инвестициялық жобаны бірлесіп несиелеуде банкаралық бірлестік; инвестициялық несиелеу бойынша кепілдік механизмін нығайту қажет [2].

Сондықтан, ауыл шаруашылық саласына инвестицияны тарту белсенділігін арттыру мақсатында келесідей ішкілер мен құралдар кешенін мына үлгіде ұсынуға болады, 1-кесте.

Көрсетілген кестеде жекелеген инвестициялық компоненттерді қолдана отырып, ауыл шаруашылық саласына инвестицияны тарту белсенділігін арттырудың негізгі жолдары болатынына сенеміз.

Ауыл шаруашылығына инвестицияны тарту белсенділігін арттыру үшін ең алдымен, өндірушілерге қолайлы экспорт-импорт өнімдеріне кедендік тарифті орнату, мемлекет тарапынан қаржы бөлу керек. Сол сияқты ауыл шаруашылық кәсіпорындарына жеңілдетілген несиелерді пайызсыз беру, бюджеттен дотация бөлу және салық жеңілдіктерін орнату қажет.

Нарық жағдайында мемлекет баға белгілеу саясатын емес, ауыл шаруашылық өндірісінің қажетті көлемде және қажетті мөлшерде дамуы үшін экономикалық жағдайлар құра отырып, азық-түлік нарығын реттеу саясатын жүргізеді. Баға мемлекеттік реттеу нысаны емес, құралы ретінде көрінеді. Мемлекет табыстылықтың берілген деңгейінде іс-әрекет жасау үшін қажетті мөлшерде ауыл шаруашылық өндірушілеріне нарықтық бағадан ауытқудың орнын өтейді.

Қазір Қазақстанда агроөнеркәсіп кешенін мемлекеттік қолдауға көңіл бөліне бастады. Әрі субсидия егіншілік, мал шаруашылығы, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта ұқсату сияқты салалардың бәрін қамтиды. Сондай-ақ, маусымдық дала жұмыстары мен лизингпен техника сатып алуға да әжептәуір қаржы бөлініп отыр.

1-кесте. Ауыл шаруашылығына инвестиция тарту белсенденділігін арттыру құралдары

Инвестицияны тарту белсенділігін арттыру құралдары	
Тікелей қатысты	Тікелей қатысты емес
<ul style="list-style-type: none"> ● Ауыл шаруашылық өнімінің жекелеген түрлеріне баға шектеулерін орнату ● Экспорт-импорт өніміне кедендік тариф орнату ● Мемлекеттік инвестиция ● Мемлекеттік бюджет саясаты 	<ul style="list-style-type: none"> ● Өндіріс үшін пайызсыз қарыз (ссудалар) мен жеңілдетілген несиелер ● Ауыл шаруашылық өнім өндірісіне қажетті республикалық және облыстық тапсырыстар ● Уақытша қажетті аймақтағы тиімсіз өндіріске несиелік ұйымдардың берілген несиелерін қайтару бойынша әкімшілік кепілдігімен инвесторларға дотация беру ● Кейбір аймақтағы инвесторлар өніміне баға компенсациясын беру ● Баланстық пайдада салықты төмендету ● Жоба конкурсын жүргізу және кәсіпорынның өндірген өніміне сауда ● Антимонополиялық саясат
* Ескерту: Әдебиеттер негізінде автордың құрастырулары	

Бұларайда, субсидиялардың мақсатты болуына басты назар аударылады. Мемлекеттік субсидия – аспаннан түсе қалған тегін олжа емес, керісінше оның қайтарымы болуы керек. Соңғы кездегі әлемдік рыногтағы ірі қара мал етінің сұранымы артуына орай сиыр етін өндіру және экспорттауға байланысты жаңа талаптар қойылуда.

Бұл ретте субсидиялауға қатысты берілген өтінімдер саны 22,7 мыңды құрады, ал инвестициялық субсидиялау бағдарламасын іске асыру басталғаннан бері, яғни бес жылдық езеңде 22,9 мың өтінім субсидияланды, бұл ауылшаруашылығының негізгі капиталына 501,6 млрд теңге (өсім 27%) сомасында инвестициялардың өсуін қамтамасыз етті, ал 2018 жылы инвестиция көлемі жалпы 395,6 млрд теңгені құрады. Қаржыландырудың қолжетімділігін арттырудың келесі тетігі - несиелер мен лизинг бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау. Бағдарлама ауылшаруашылығы техникасын, ауылшаруашылығы малдарын, негізгі құралдарды сатып алуға және құрылысқа арналған несиелер бойынша сыйақы мөлшерлемесінің 10%-ын, сондай-ақ айналым қаражатын толықтыруға арналған қарыз шарттары бойынша 5%-ын өтеуді қарастырады [3].

Сондай-ақ аталған бағыт бойынша «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы бойынша АӨК жобалары субсидияланады, онда түпкілікті мөлшерлеме негізгі құралдарға арналған несиелер бойынша 5%-ды және субсидиялауды есепке ала отырып, айналым қаражатына 6%-ды құрайды. 2019 жылы осы мақсатқа шамамен 21 млрд теңге жұмсалды. Бұл 9 мыңнан астам қарыз шартын субсидиялаумен қамтуға және салаға 372 млрд теңге қарыз капиталын тартуға мүмкіндік берді.

2019 жылдың басында «Еңбек» бағдарламасын жүзеге асыруға 44,7 млрд теңге бөлінді, ал 2019 жылдың шілдесінде қосымша 20 млрд теңге бөлінді. Шағын несиелеудің жалпы сомасы 64,7 млрд теңгені құрады. 2019 жылдың қорытындысы бойынша жалпы республика бойынша 64,7 млрд теңге немесе 100% игерілді, 16 181 шағын несие берілді, шамамен 18 мың жұмыс орны ашылды. Экономика салалары бойынша шағын несиелер: мал шаруашылығын – 75%-ға (43,6 млрд теңге сомасына 12 195 шағын несие); өсімдік шаруашылығын – 5%-ға (3,7 млрд теңге сомасына 735 шағын несие); ауылшаруашылығына қатысы жоқ бизнес түрлерін (сауда, шаштараз, монша, ТҚКС және т. б.) – 20% (17,6 млрд теңге сомасына 3 325 шағын несие) дамытуға берілді.

Инвестициялық белсенділікті арттыру үшін бірқатар мәселелерді шешу жоспарлануда: сақтандыру және қайта сақтандыру жүйесін дамыту негізінде экономиканың нақты секторын инвестициялау кезінде тәуекелді төмендету, жер нарығын қалыптастыру, шетел инвестициясын тартудың нормативті-құқықтық базасын жетілдіру және т.б.

Ауылдық аймақ үшін инвестициялық қызметті мемлекет тарапынан реттеу елімізде қоғамның экономикалық және әлеуметтік-саяси дамуының негізгі бағыттары болып табылады.

Сондықтан да ауыл шаруашылығында инвестициялық үрдісті мемлекеттік реттеу өте қажет және бұл инвестициялық белсенділікті ынталандыруда либералды және мемлекеттік реттеуші жанасулардың оңтайлы үйлесімділігін көздейді; еліміздің инвестициялық ресурстар потенциалын қайта бөлу бойынша мемлекеттің жүйелік қызметінің маңыздылығын арттырады.

Әдебиеттер

1. Михилев А. Инвестирование в агропромышленное производство // Экономика сельского хозяйства России. - 2011.- №8. - С.6.
2. Григоруков В.В., Григоруков А.В. Роль государства в развитии сельского хозяйства // Проблемы агрорынка. – 2018. - №3. - С.9-11.
3. <https://primeminister.kz/kz/news/reviews/2019-zhyly-k-azak-stannyn-auyl-haruashylyg-yn-damytuda-k-anday-na-tizhelerge-k-ol-zhetkizildi>

МРНТИ 06.52.13

РАЗВИТИЕ ИННОВАЦИОННЫХ КЛАСТЕРОВ В МИРОВОЙ ЭКОНОМИКЕ

Смагулова Ж.Б., магистр экономики.

Қызылординский университет имени Коркыт Ата, Республика Казахстан

Аннотация. В статье кратко раскрыты сущность и отличительные признаки инновационных кластеров (ядро кластера; наличие стартапов, бизнес-инкубаторов, технопарков; развитие многообразия связей между участниками кластера; партнерство и сотрудничество с организациями за пределами инновационного кластера; активное привлечение государственных и муниципальных органов власти для поддержки ядра и организаций кластера и др.). Рассмотрены принципы формирования и классификация инновационных кластеров в мире.

Ключевые слова: кластер, инновация, ядро кластера, типы инновационных кластеров.

Annotation. The article briefly reveals the essence and distinctive features of innovation clusters (the core of the cluster; the presence of startups, business incubators, technology parks; the development of a variety of relationships between cluster members; partnership and cooperation with organizations outside the innovation cluster; active involvement of state and municipal authorities to support the core and organizations of the cluster, etc.). The principles of formation and classification of innovation clusters in the world are considered.

Keywords: cluster, innovation, cluster core, types of innovation clusters.

Аннотация. Мақалада инновациялық кластерлердің мәні мен айрықша белгілері қысқаша ашылған (кластер ядросы; стартаптардың, бизнес-инкубаторлардың, технопарктердің болуы; кластер қатысушылары арасындағы байланыстардың алуантүрлілігін дамыту; инновациялық кластерден тыс ұйымдармен әріптестік және ынтымақтастық; кластер ядросы мен ұйымдарын қолдау үшін мемлекеттік және муниципалдық билік органдарын белсенді тарту). Әлемдегі инновациялық кластерлерді қалыптастыру принциптері және жіктелуі қарастырылған.

Кілт сөздер: кластер, инновация, кластердің ядросы, инновациялық кластерлердің түрлері.

Современные условия мировой экономики отличаются преобладанием процессов глобализации, результатом которых стала жесточайшая конкуренция на мировых рынках. Поэтому сегодня основной целью экономической политики государств является повышение конкурентоспособности национальной экономики и увеличение ее доли на мировом рынке. В основе такой политики лежит реализация инновационных стратегий разного уровня - национального, регионального и внутрифирменного. Особую роль здесь играют организационные структуры, позволяющие совместить и скоординировать все уровни инновационной политики. Речь идет об инновационных кластерах, так называемых «точках роста», которые обеспечивают концентрацию ресурсов и создание благоприятной среды, необходимых для экономического прорыва в виде инноваций, повышения конкурентоспособности и производительности хозяйствующих субъектов, отраслей, регионов и т. д.

Признанным родоначальником концепции кластеров является гарвардский ученый Майкл Портер. Согласно Портеру кластером является географически сконцентрированная группа взаимосвязанных компаний, специализированных поставщиков, поставщиков услуг, фирм в соответствующих отраслях, а также связанных с их деятельностью организаций (например, университетов, агентств по стандартизации, торговых объединений), конкурирующих, но вместе с тем ведущих совместную работу [1].

Кластер - понятие сложное и многогранное, поэтому существует много его разных определений. Однако с точки зрения экономической политики наиболее важным является понимание движущих факторов конкурентоспособности и роста, поэтому наиболее приемлемым здесь является следующее его определение: инновационный кластер - это группа независимых предприятий - инновационных стартапов, малых, средних и крупных фирм, а также исследовательских организаций - действующих в одном секторе и регионе и нацеленных на стимулирование инновационной активности посредством интенсивного взаимодействия, совместного использования мощностей и обмена знаниями, компетенциями, обеспечения вклада в трансферт технологий, создание сетей сотрудничества и распространение информации между субъектами кластера [2].

Другими словами, инновационные кластеры - это группа предприятий и организаций, работающих в одном секторе и расположенных рядом, которая достигла масштабов, достаточных для развития специальных компетенций, услуг, ресурсов и навыков.

Главными отличительными признаками инновационных кластеров являются [2]:

- географическая концентрация специализированных фирм, трудовых ресурсов, обладающих передовыми знаниями и умениями и поддерживающих институтов, которые обеспечивают рост потока знаний между членами кластера;

- нацеленность на предоставление спектра специализированных и специфических услуг конкретной группе фирм. Примером таких услуг могут быть обеспечение специальной высокоразвитой инфраструктуры, специальные вспомогательные бизнес-услуги, наставничество и обучение персонала и т. д.;

- наличие некой социально-организационной связи, которая держит разных участников инновационного процесса (университеты, бизнес и государственные органы) вместе. Ключевым является то, что в рамках инновационных кластеров обеспечивается динамичное и эффективное взаимодействие и сотрудничество внутри «треугольника знаний» - образования, исследований и инноваций, которое позволяет достичь конкурентного преимущества;

- интенсивные формальные и неформальные связи, доверие, обмен информацией, ноу-хау, техническими знаниями в пределах кластера, что ведет к появлению новых незапланированных сопутствующих технологий и неожиданных идей, продуктов, бизнес-концепций и т. д., которые обеспечивают повышение инновационной производительности бизнеса.

Природа инновационных кластеров определяет их способность предоставлять значительные преимущества их участникам. Они получают синергетический эффект, проявляющийся в повышении конкурентоспособности всей системы, благодаря эффективной комбинации кооперации и конкуренции внутри кластера.

В сравнении с индустриальными кластерами, неотъемлемыми элементами инновационных кластеров являются организации - генераторы новых знаний, среди которых исследовательские центры или университеты. Это дает возможность координировать усилия и финансирование для создания новых продуктов и технологий. Это также основа формирования завершенной технологической цепочки - начиная с НИОКР и заканчивая продвижением новых товаров на рынок.

Генерация инноваций в инновационных кластерах происходит на уровне технологий, товаров, маркетинга и организации бизнес процессов. Сетевая структура инновационных кластеров упрощает доступ к финансовым ресурсам, новым знаниям и технологиям, новым рыночным стратегиям, требованиям потребителей и рыночной информации [2].

В целом, как показывает опыт, наиболее значимыми предпосылками для создания кластеров являются:

- аккумуляция высококвалифицированных кадров;
- институциональные условия, благоприятствующие инновациям;
- связи и сотрудничество между компаниями;
- наличие центров знаний (университеты, НИИ и т. д.);
- государственная поддержка;
- предопределяющие события (исторические события, создание ведущей компании, принятие каких-либо государственных мер и т. д.) [2]

Отличительные признаки инновационного кластера:

- ядро кластера, как правило, представляет научную и/или образовательную организацию (например, крупный национальный университет);
- наличие стартапов, бизнес-инкубаторов, технопарков;
- развитие многообразия связей между участниками кластера;
- партнерство и сотрудничество с организациями за пределами инновационного кластера;

- активное привлечение государственных и муниципальных органов власти для поддержки ядра и организаций кластера;

- специфические формы государственной и региональной поддержки в виде льготного налогообложения инновационных проектов, обеспечения мобильности сотрудников, студентов, аспирантов (научного сообщества) на международном уровне;

- активная работа экспертных советов и групп специалистов в целях обучения, направления и развития основной деятельности участников кластера.

Одно из главнейших значимых отличий инновационного кластера от регионального заключается в том, что в момент возникновения ядром инновационного кластера является крупный классический университет либо масштабная научно-исследовательская

организация. Исторически ядром кластера Кремниевой долины в США является Университет Стэнфорда - крупнейший международный образовательный центр, один из мировых лидеров по числу нобелевских лауреатов и научно-исследовательских проектов. В Великобритании Кембриджский университет - центральное ключевое звено научно-технологического парка Кембриджа, специализирующегося в сфере биотехнологий, фармакологии и медицины [3].

В классификации, разработанной Организацией экономического сотрудничества и развития (ОЭСР), выделены основные типы инновационных кластеров, таблица-2 [4].

Таблица-2. Классификация инновационных кластеров (ОЭСР).

Кластер	Описание
Зависимый или усеченный	Состоит из звеньев технологически взаимосвязанных предприятий, иногда разрозненных территориально. Деятельность ограничена набором типовых функций (добыча ресурсов, обработка, отправка). Применяются современные, но не передовые технологии. Новые технологии поступают на производство в виде готового к использованию продукта
Индустриальный	Группа совместно работающих компаний, производящих типовые продукты или услуги. Использование новых технологий ограничено сферой контроля качества и управления персоналом
Инновационно-индустриальный	Группа совместно работающих компаний, производящих продукты или услуги, требующие постоянного обновления, улучшения качества, внедрения новых функциональных возможностей. Постоянные и устойчивые связи с научно-исследовательскими центрами, образовательными учреждениями
Проинновационный	Инновационный кластер компаний, нацеленный на скорейшее приобретение необходимых знаний и технологий с целью улучшения текущей конкурентоспособности
Инновационно-ориентированный	Кластер, определяющий промышленную, инвестиционную, социальную структуру региона. Создает динамичные группы компаний, использующие передовые знания и технологии, привлекает талантливые трудовые ресурсы со всего мира, является потребителем и генератором венчурного капитала, определяет и направляет научные исследования университетов и других образовательных учреждений
Примечание: источник литературы [4]	

Таблица-3. Принципы формирования инновационных кластеров в мире

Страна	Ядро кластера	Участник инновационного кластера	Государственная поддержка	Пример
США	Научный центр / университет	Крупные и малые промышленные компании	Значительная (государственные инициативы по кластерной политике, государственная	Техническая долина (TechValley, Олбани, Нью-Йорк), Силиконовая долина (Калифорния)

			поддержка)	
Страны ЕС	Национальные-исследовательские организации, институты, университеты	Крупные и малые предприятия, вспомогательные организации инфраструктуры кластера	Доминирующая: платформы (макроуровень); ассоциации (мезоуровень); объединения (микроуровень)	Биотехнологическая долина (Франция, Германия), фармацевтический кластер, Университета Луи Пастера (Франция)
Япония	Национальный университет / исследовательский институт	Крупные и малые промышленные компании	Значительная (государственные инициативы по кластерной политике)	Биотехнологический кластер (Хоккайдо), кластер нанотехнологий (Кансай)
Индия	Национальные институты, исследовательские организации	Преимущественно малые внедренческие фирмы	Значительная (государственные инициативы по кластерной политике)	IT кластер Kota (Раджастан), NoidaElectronics (УттарПратеш)
Израиль	Национально-исследовательский институт, отделы научно-исследовательских и опытно-конструкторских работ (НИОКР) в промышленных компаниях	Преимущественно крупные промышленные предприятия	Значительная (кластерные инициативы, законы для поощрения инвестиций)	IT кластер (Израильская Силиконовая долина), консорциум Remon
Китай	Национальные исследовательские институты	Крупные и малые компании, офисы лицензирования технологий при университетах	Значительная (государственный контроль за деятельностью кластеров)	Международный научно-технологический парк «Сужоу» (Suzhou, International S&T Park), Высокотехнологичный промышленный бизнесинкубатор (High-TechIndustrialIncubator, Шень-Жень)
Россия	Национальные университеты, исследовательские институты, ведущие промышленные предприятия	Крупные и малые компании	Доминирующая государственная инициатива	Кластер ядерно-физических и нанотехнологий (Дубна, Московская обл.), Инновационный центр «Сколково» (Москва)
Другие страны СНГ	Национальные университеты / исследовательские институты, ведущие	Преимущественно крупные промышленные компании	Доминирующая государственная инициатива	Кластер «Биотехнологии» (Львов, Украина), Парк информационных

	промышленные предприятия			технологий (Алатау, Казахстан)
Примечание: Источник литературы [3]				

Инновационная ориентированность является значимой особенностью кластера. Во многих странах уже используется кластерный подход к развитию экономики, так как именно в рамках кластера возрастает вероятность возникновения уникальной инновационной идеи, а также увеличивается скорость и эффективность процесса коммерциализации.

Можно выделить следующие общие принципы формирования инновационных кластеров. Инновационный кластер в сфере нанотехнологий (Олбани, США) является ярким примером эффективно развивающегося инновационного кластера: компании - лидеры в области высоких технологий и нанотехнологий, образовательные учреждения и научные центры, исследовательские организации и необходимые инфраструктурные подразделения - все это находится в Технической долине (TechValley, США). Формирование кластера происходило по принципу концентрации вокруг научного центра - центра нанотехнологий Колледжа нанотехнологий и науки (CNSE'sAlbanyNanoTechComplex), который представляет собой интегрированную систему исследования, развития и обучения, а также разработки и создания прототипов в сфере нанотехнологий и обеспечивает необходимую стратегическую поддержку крупным промышленным компаниям (IBM, Intel, GlobalFoundries, Sematech, TSMC, Toshiba, AppliedMaterials, TokyoElectron, ASML, NovellusSystems), и малые исследовательские предприятия нового поколения. Всестороннее внешнее сотрудничество обеспечивает активную помощь со стороны федеральных и региональных властей, инструментами поддержки являются система бизнес-инкубаторов, разработка пилотных прототипов, а также постоянное совершенствование технологий в рамках кластера [3].

В странах ЕС основополагающая роль в процессе формирования инновационных кластеров принадлежит государственным органам управления. Это проявляется на трех уровнях организации промышленных связей:

- макроуровень: организация и последующая координация европейских технологических платформ (EuropeanTechnologyPlatforms), последующее развитие совместных технологических инициатив (JointTechnologyPlatforms), построенных по сетевому принципу;

- мезоуровень: создание крупных государственных центров и ассоциаций, благодаря которым обеспечивается промышленное сотрудничество и взаимодействие на межгосударственном уровне в рамках ЕС;

- микроуровень: формирование объединений для поддержки научно-производственных связей на отдельных территориях и в конкретных регионах стран ЕС.

В странах ЕС при формировании инновационных кластеров значимую роль в контексте финансирования играют частные компании (более 50%).

Система формирования инновационных кластеров в Японии имеет практически такую же структуру, как в США: огромное значение имеет поддержка 14 крупных национальных университетов и исследовательских институтов. Однако малые предприятия, стартапы и поддержка региональных властей не столь значимы. Основополагающую роль играет Министерство экономики, торговли и промышленности, принявшее государственную инициативу по формированию инновационных кластеров, программу по развитию городских агломераций, а также проект по формированию промышленных инновационных кластеров. Важной чертой создания инновационных кластеров здесь является сотрудничество со странами ЕС (совместные проекты, организация конференций и форумов, обмен знаниями и технологиями, создание совместных комиссий независимых экспертов).

Активный рост инновационных кластеров также отмечается и в Индии. Большой вклад в данный процесс вносят государственные федеральные и региональные власти. Среди

участников инновационных кластеров преобладают малые предприятия и инновационные компании.

В Израиле в контексте создания инновационных кластеров активно развивается государственно-частное партнерство. С каждым годом увеличивается число международных компаний - участников кластера. Данному процессу содействует принятие и развитие государственной инициативы по активному привлечению ведущих международных промышленных предприятий, исследовательских институтов и научных организаций.

В Китае модель формирования инновационных кластеров строится на основе делового сотрудничества, руководящую роль взяло на себя государство. Приоритетными направлениями развития являются поиск и увеличение инновационного потенциала в уже существующих промышленных кластерах с опорой на экономические успехи государственных зон технико-экономического развития и других образований, имеющих льготы (технопарков, зон высоких технологий и др.).

В странах СНГ доминирующую роль играют государственные программы по формированию и поддержке инновационных кластеров: например, государственная программа по форсированному индустриально-инновационному развитию (Казахстан), концепция развития инновационного предпринимательства (Молдова), государственная программа по развитию науки, инноваций и содействию технологической модернизации (Казахстан). Очень важны отраслевая направленность и наличие необходимых научно-исследовательских организаций; во многих случаях инновационным кластерам присваивается статус специальной экономической зоны с льготным налогообложением. В последнее время в странах СНГ наблюдается значительный рост бизнес-инкубаторов. Огромное значение придается построению международного сотрудничества, в первую очередь с Россией. Однако в некоторых государствах (Беларуси, Молдове) понятие «инновационный кластер» введено совсем недавно, формирование кластеров происходит медленнее, причем на уровне государственных законопроектов и инициатив [3].

Литература

1. М. Porter. On competition. Harvard Business School Press, 1998, 855 p.
2. Сахариева А.С. Инновационные кластеры - региональный масштаб и глобальный эффект/Сахариева А.С. // Вестник КазНУ. – 2013. – С. 188-193.
3. Саяпина К.В. Формирование инновационных кластеров как инструмент эффективного экономического управления. Стратегические решения и риск-менеджмент. 2013. – С. 88-95.
4. Рутко Д. Зарубежный опыт развития инновационных кластеров. Наука и инновации №1 (155), январь 2016. – 343 с.

МРНТИ 06.52.13

ЕКІНШІ ДЕНГЕЙЛІ БАНКТЕРДІҢ ДАМУЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Казбекова Л.А., экономика ғылымдарының кандидаты, доцент,

Жақсылық Н.А., ЭК-20-1м оқу тобының магистранты.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан Республикасы

Аннотация. Мақалада Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банктерінің қазіргі даму жағдайы және перспективасы қарастырылған. Бұл мақаланың өзектілігі ауылдық, шалғай жерлерде тұратын тұтынушыларға мобильді қосымша арқылы, өзіне керекті қызмет түрін ұсыну болып табылады. Бұл

проблеманың туындауының негізі ауылдық жерлердің көбісінде банк бөлімшелерінің жоқтығы, тұтынушылардың қарапайым банк қызметтерін алу үшін қала орталығына келуі болып табылады. Туындаған мәселені шешу барысында келесі қызметтердің дамып келе жатқандығын көрсететін боламыз: мобильді қосымшаны жетілдіріп, күнделікті сұраныстағы банк қызметтерін онлайн форматқа көшіру, цифрлық технологияға бет бұру болып табылады.

Кілт сөздер: банк, мобильді қосымша, интернет банкинг, онлайн банкинг.

1. «Әлеуметтік– экономикалық даму тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша жоспар» мемлекеттік бағдарламасы. ҚР электрондық үкімет сайты www.government.kz.
2. Акимов В.В. Экономика отрасли (строительство): Учебник / В.В. Акимов, А.Г. Герасимова, Т.Н. Макарова [и др.]. — М.: ИЦ РИОР, 2018. — 286 с.
3. Андерсен Б. Бизнес-процессы. Инструменты совершенствования: пер. с англ. — 3-е изд. — М.: Стандарты и качество, 2005. — 271 с.

FTAMP 06.71.05

ҚҰРЫЛЫСТАҒЫ БИЗНЕС-ҮДЕРІСТЕРДІҢ ТИІМДІЛІГІ

Елпанова М.А., экономика ғылымдарының кандидаты, доцент,
Досқалиев А.А., ЭК-20-1м оқу тобының магистранты.

Коркыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан Республикасы

Аңдатпа. Мақалада құрылыс кешенінің тиімділігін бағалауда пайдаланылатын көрсеткіштер жүйесі сипатталған. Ұсынылып отырған жүйеде құрылыс кешенінің сыртқы және ішкі тиімділік көрсеткіштері қорытындыланған, жеке және факторлық болып бөлінген. Сыртқы және ішкі орта тұрғысынан қызмет тиімділігінің критерийлері аталған. Құрылыс тәжірибесінде негізгі капиталға қаржыландырудың тиімділіктерін анықтау формулары ұсынылды.

Кілт сөздер: құрылыс, бизнес-үдеріс, тиімділік, жүйе, жобалық шешімдер.

Аннотация. В статье описана система показателей, используемых при оценке эффективности строительного комплекса. В предлагаемой системе показатели внешней и внутренней эффективности строительного комплекса обобщены и разделены на частные и факторные. Определены критерии эффективности деятельности с точки зрения внешней и внутренней среды. Были предложены формы определения эффективности финансирования на основной капитал в строительной практике.

Ключевые слова: строительство, бизнес-процесс, эффективность, система, проектные решения.

Annotation. The article describes the system of indicators used in assessing the effectiveness of the construction complex. In the proposed system, the indicators of external and internal efficiency of the construction complex are generalized and divided into private and factorial. The criteria for the effectiveness of activities from the point of view of the external and internal environment are determined. The forms of determining the effectiveness of financing for fixed assets were proposed in construction practice.

Keywords: construction, business process, efficiency, system, design solutions.

Құрылыс саласында қабылданатын көптеген шешімдерінің жалпы сипаттамасын келесідей қылып анықтауға болады: әлеуметтік-экономикалық және технологиялық сипаттағы жоба; қысқа-, орта-, ұзақ мерзімді. Бұл үдеріс өте күрделі болып саналады және бірқатар процедураларды орындауда белгілі бір көлденендікті жібереді, егер жаңа ақпаратты берген ассоциациялар пайда болса. Онда алдындағы реттемелерді түзетіп және қосымшаларды қосуға мүмкіндік беру қажет.

Ең маңызды және жауапты кезең болып – бұл кешенді тәсілді пайдалануды талап ететін, әсіресе өндіру саласының объектілеріне маңызды болатын, соңғы нәтиже көптеген факторларға тәуелді болатын, оның ішінде кездейсоқ факторлар (өндірістің табиғи жағдайлары, қорлар мен деңгейлер мөлшерінің, өндеудің басқа қалған техникалық-экономикалық көрсеткіштерінің және т.б. ықтималдылық сипаты) шешім қабылдау кезеңі деп түсінеміз.

Бұл кешенді тәсілдеменің негізгі ережелері келесіде: құрылымдау, оңтайландыру және сипаттау арқылы есептердегі белгісіздікті азайту және негіздеудің кешенді әдістерін құру; оңтайлы шешімнің жалғыз емес болу мүмкіндігін ескеру; баламалы нұсқаларды салыстырмалы (ресми және бей ресми) бағалау негізінде шешімдердің сапасын өлшеу;

шешім қабылдау үдерісінде шешім қабылдайтын тұлғалардың қатысу қажеттілігі туындайды, себебі бұл тұлғалар өздерінің ілтипаты негізінде шешім қабылдап, негізгі рөлді атқарып барлық жауапкершілікті алады; сараптаушылардың тек қосалқы рөлін атқаруы (ақпараттың белгісіздігін азайту үшін ақпараттық және аналитикалық жұмыс).

Сонымен, құрылыс саласындағы жобалық шешімдерді қабылдауы мен экономикалық негізделуі осы сияқты кешенді тәсілді қабылдауға мәжбүр болуы жобалардың сапасын жасарту және нақты жағдайға максималды жеткізу мүмкіндігіне келтіреді. Бұл, өз ретімен қабылдау кезеңінде шешімдердің қорытындысы мен тиімділігінің сенімділігін жоғарлатады. Жобада бүтіндей бір объект белгілі бір табыс алу мақсатында жұмсалатын күрделі қаржының есебін жүргізеді.

Тұрақтылықты сипаттау аясында құрылыс өндіруші салада күрделі салымдарды келесідей түрлерге бөлуге болады: өндірістегі өндірістік қуаттың салыстырмалы аз өзгеруіне және құрылымдық өзгермелерге әкелетін салымдар; елдегі, жеке айтқанда аймақтағы (ірі құрылыс) экономикалық жағдайға әсер етуші салымдар.

Қазіргі уақытта зерттеу нысанына ұйымдастырушылық, техникалық, экономикалық, басқарушылық мәселелер жиынтығы ретінде қарастырылатын ең көп қызығушылық туғызатын жүйелілік тәсіл саналады. Жүйелік зерттеулер, спецификасы мен әртүрлілігіне қарамастан, түсінік пен қарастырылуда өте ұқсас бір бүтін болып табылады. Жоспарлау мен өндірісті басқаруда бұл тәсіл жалпы жүйелік байланыс пен критерийлер көзқарасынан қарағанда объектіге әсер етуші әр түрлі факторларды ескереді; өндірістің тиімділігін арттыру мақсатында оңтайлы ықпалдылық жолдарын белгілейді.

Сонымен, жүйе дегеніміз ортақ мақсатқа жетудегі мәліметтерді өңдеу, энергияны пайдалану, ақпаратты беру және материалдық өнімді алу үшін затты өңдеу арқылы іс-әрекеттің түрін немесе технологиялық үдерістің элементтер жиынтығын қарастырады. Жүйелік тәсілдің негізгі қағидалары болып: соңғы мақсаттарды қамтамасыз етудегі жобалардың мақсатты бағыттылығы қағидасы; селективті басқару қағидасы; жобаларды толық басқару циклының қағидасы; жобаларды басқарудың инвестициялық үдерістерінің кезеңділік қағидасы; инвестициялық үдерістерді ұйымдастырудың иерархиялық қағидасы; басқарушылық шешімдерді өңдеудегі көпнұсқалылық қағидасы [1, 123б.]. Олар өндірісін ұйымдастыруда, жоспарлауда және басқаруда нақты міндеттерді шешу және жобалық шешімдерді бағалау үшін пайдаланылады.

Әрбір жүйеге тиесілі келесі белгілерді нақтылауға болады: жүйені элементтер жиынтығы ретінде қарастыру; белгілі қасиеттері бар элементтерді айыру; элементтер арасындағы байланыстың болуы; нақты қасиеттері бар байланыстардың болуы; жүйенің бір тұтастылық ретінде анықталуы. Сонымен, жүйе келесі ережемен құрылу керек: ол өзінің құрамына кіретін элементтерінің қызмет етуі, әрбір элемент қызмет жасаған тиімділігінің қосындысынан да артық тиімділікті қамтамасыз ету қажет.

Құрылыс өндірісін ұйымдастыру, жоспарлау және басқару жүйенің ашықтығын талап етеді, және оған сыртқа шығу рұқсатын беріп және сырттан түскен ақпаратты пайдалану мүмкіндігін ұсынады; жүйенің тұрақтылығын бүкіл жүйені қарастырмай кателерді жою мүмкіндігін береді; ресурстардың толық қалыпқа келмеуі, оларды ағынды пайдалану мүмкіндігін ұсынып және тиімді әдістерін бірегей пайдалануы.

Құрылыс кешені күрделі динамикалық жүйе екендігімен, сондықтан инвестициялардың тиімділігін бір көрсеткішпен бағалау қиын деген көптеген ғалымдардың көзқарасымен [2-3] келісуге болады. Құрылыс қызметтің түрлі жақтарын бейнелейтін көрсеткіштер жүйесін қолдану қажет. Ұсынылып отырған жүйе құрылыс кешенінің сыртқы және ішкі тиімділік көрсеткіштерін біріктіреді, олар үш түрге бөлінген: қорытындыланған, жеке және факторлық.

Ішкі тиімділік көрсеткіштері қызмет саласы бойынша өндірістік, инвестициялық және қаржылық тиімділік көрсеткіштеріне, сонымен қатар қорларды пайдалану тиімділігі көрсеткіштеріне еңбекті, материалдық және техникалық болып бөлінген.

Сыртқы орта тұрғысынан алғанда құрылыс кешенінің қызметінің тиімділік критерийі болып анықталған мерзімде объекті пайдалануға беру табылады, мұнда келісілген баға сақталуы тиіс, оның мөлшері тендерлік сауда негізінде анықталады. Ішкі орта тұрғысынан алғанда құрылыста инвестициялық қызмет тиімділігінің критерийі қысқа мерзімді кезеңде құрылыс-монтаж жұмыстарын тапсырудан түскен табыс және өндіріс рентабелділігі, ұзақ мерзімді кезеңде - активтердің нарықтық құнының артуы. Сала көрсеткіштерін басқару мемлекетке ауысты, ол құрылыс мердігер-компанияларды жұмыс көлемдерімен қамтамасыз етеді.

Құрылыс тәжірибесінде негізгі капиталға салымдардың экономикалық тиімділігін анықтау үшін келесі формулалар пайдаланылады [4, б.245]:

$$\mathcal{E}_u = P / K \text{ немесе } T_{ок} = K / P \quad (1)$$

мұндағы:

\mathcal{E}_u - негізгі капиталға қаржыландырудың абсолютті тиімділігі;

P - негізгі капиталға қаржы салу нәтижесінде алынған табыс (бухгалтерлік, таза);

K - негізгі капиталға қаржы (күрделі салымдар);

$T_{ок}$ - күрделі салымдардың өтелу мерзімі.

Макродеңгейде негізгі капиталға қаржыландырудың тиімділігі келесі түрде анықталады:

$$\mathcal{E}_{H/X} = \Delta HД / K \quad (2)$$

мұндағы:

$\mathcal{E}_{H/X}$ - негізгі капиталға инвестициялардың тиімділігі;

$\Delta HД$ - капиталға инвестицияларды салу есебінен ұлттық табыстың өсімі;

K - негізгі капиталға инвестициялар.

Сонымен, жалпы құрылыс саласы өсуінің бірнеше катализаторын белгілеуге болады:

- кең көлемді банктік және қорлық қаржыландырумен қатар экономиканың және жалпы ішкі өнімінің негізгі көрсеткіштерінің өсуі;

- азаматтық құрылыста, мұнайгаз және тау-кен өнеркәсібі салаларындағы жобаларды мемлекеттік қолдау, әлеуметтік инфрақұрылымда көлемді бюджеттік қаржыландырумен жәрдемдесу;

- құрылыс саласының тартымдылығын жақсарту;

- тиімді жобаларды қолдану арқылы өндірістік қуаттарды жаңарту мақсатында құрылыс материалдары және құрылыс индустриясы кәсіпорындарына жағдай жасау және ынталандыруды қамтамасыз ету.

Құрылыс нысандарын бағалауда маңызды параметрлер болып келесілер болады:

-объектілердің негізгі өндірістік қорлардың физикалық қызмет ету мерзімінен анықталатын қызмет ету ұзақтығы, кезеңдері, табиғи ресурстарды тиімді пайдалануы және т.б.;

-жобаны іске асыруға арналған құрылыс сметалары, алынатын жабдықтың бағасы, өзіндік құнның калькуляциясы және т.б. негізінде анықталатын бірмерзімдік және ағынды шығындарының динамикасы;

-сату көлемінің, өнім бірлігінің бағасының, өнім өткізуден түскен табыстың болжамдық бағалау арқылы анықталған жобаны іске асыруда алынатын нәтижелер динамикасы;

- тиімділіктер динамикасы.

Әдебиеттер

1. Острикова С.В. Экономика строительства: учебное пособие. Изд-во: РИПО, 2019. - 345 с. <https://litgu.ru/knigi/biznes/468278-jekonomika-stroitelstva-2019.html>

2. Экономика строительства / Под ред. Бузырева В.В. - М.: Academia, 2018. - 352 с.
3. Акимов В.В. Экономика отрасли (строительство): Учебник / В.В. Акимов, А.Г. Герасимова, Т.Н. Макарова [и др.]. - М.: ИЦ РИОР, 2018. - 286 с.
4. Ефименко И.Б. Экономика отрасли (строительство): Учебное пособие / И.Б. Ефименко, А.Н. Плотников. - М.: Вузовский учебник, 2018. - 359 с.

МРНТИ 06.61.33

ЭКОНОМИКАНЫ ӘРТАРАПТАНДЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІН ЖҮЙЕЛЕНДІРУ

Ерняязова Ж.Н., экономика ғылымдарының кандидаты,
Туребаева А.Т., ГМУ-20-1м оқу тобының магистрант.
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан Республикасы

Аннотация. Мақалада экономиканы әртараптандырудың теориялық аспектілерін жүйелендіру үдерісі көрсетілген. Мұнда әдебиеттердегі әртараптандыру санатына анықтамаларды шолу жүргізу арқылы «өндірісті әртараптандыру», «аймақ экономикасын әртараптандыру» тұжырымдамалары берілген. Зерттеулер нәтижесінде өңір экономикасын әртараптандырудың жіктелуі жасалып, ұсынылған.

Кілт сөздер: әртараптандыру, экономика, өндіріс, өңір, үдеріс.

Аннотация. В статье представлен процесс систематизации теоретических аспектов диверсификации экономики. Здесь представлены понятия «диверсификация производства», «диверсификация экономики региона» путем обзора определений категории диверсификации в литературе. В результате исследований разработана и предложена классификация диверсификации экономики региона.

Ключевые слова: диверсификация, экономика, производство, регион, процесс.

Summary. The article presents the process of systematization of theoretical aspects of economic diversification. The concepts of «diversification of production», «diversification of the economy of the region» are presented here by reviewing the definitions of the category of diversification in the literature. As a result of the research, a classification of the diversification of the region's economy has been developed and proposed.

Keywords: diversification, economy, production, region, process.

Қазақстан Республикасы соңғы жылдары елдің негізгі секторларын әртараптандыру арқылы оның экономикасын дамыту саясатын жүргізуде. Бұл өнеркәсіп құрылымының өзгеруінде байқалады. Оның үстіне, экономиканың әртараптандырылуын іс жүзінде елдің әр түрлі салаларында және барлық өңірлерінде көруге болады.

«Экономиканы әртараптандыру» санатының өзі еліміздің индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын іске асырудың басталуымен Қазақстанда жиі қолданыла бастады. Қазақстан Республикасының экономикасын әртараптандырудың мақсаты – шикізат ресурстары нарығындағы әлемдік үрдістерге тәуелділікті төмендету үшін әлемдік озық технологияларды пайдалана отырып, өзінің бәсекеге қабілетті өндірістерін құру.

XX ғасырдағы технологиялық революциялар кезеңдерінің бірі 1950 жылдарға келеді, сол кезде экономиканы жаппай әртараптандыру жүргізілді-жаңа тауарлар өндірісі, өнім түрлерін кеңейту және жоғары мамандандырылған өндірістерді азайту тұрғысынан дамыған өнеркәсіптік елдердің экономикалық жүйелерін құрылымдық қайта құру басталған. Жаңа салалық нарықтар пайда болды, жұмыс істеп тұрған нарықтарда субъектілер санының кенейіп байқалды. Бұл өзгерістер жекелеген кәсіпорындардың (ірі бірлестіктердің) тиімділігіне де, сондай-ақ дамыған елдердің және олардың жекелеген өңірлерінің экономикасына да елеулі әсер етті [1].

Экономикалық ғылыми және оқу әдебиеттеріне шолу әртараптандыру анықтамасының кең спектрін көрсетеді, ол әрқашан бір мәнді анықтамаға ие бола бермейді. Негізінен, бұл тұжырымдаманың бүкіл мәні жеке кәсіпорындар да, ірі бірлестіктер де өндіретін өнімдердің,

тауарлар мен қызметтердің ассортименті мен номенклатурасын кеңейтуге негізделеді.

Экономикалық әдебиеттерге сәйкес әртараптандыру дегеніміз-кәсіпорынның негізгі қызмет саласын жаңа немесе байланысты бағыттарға ену арқылы кеңейту немесе оны қолданыстағы салалық нарықтарда бекіту [2, 524 б.].

Сонымен қатар, «әртараптандыру» ұғымының жалпы кеңейтілген анықтамасын ұсынуға болады. Осылайша, тұжырымдаманың экономикалық мәні әртараптандыру-бұл қосымша өнімдер шығару және жаңа нарықтарға шығу, салалық нарықтардағы күшті позицияларды табу үшін өндірісті дамыту арқылы өндіріс көлемін кеңейту. Кәсіпорын тұрғысынан, шаруашылық жүргізуші субъект ретінде, мұндай түсінік толығымен негізделген. Алайда, әртараптандырудың қазіргі жаһандық экономикалық ортада көптеген басқа аспектілері бар.

Қазіргі әлемдегі кәсіпорындар тек өндірістік емес, сонымен қатар зияткерлік ресурстарға ие бола отырып, өз қызметкерлеріне компанияның одан әрі экономикалық әлауқаты үшін жаңа инновациялық тәсілдерді іздеуге кәсіби дағдыларын көрсетуге мүмкіндік береді. Кәсіпорындар, сондай-ақ бәсекеге қабілетті өнім өндіре отырып, өздері жұмыс істейтін өңірде де бекітілуге тиіс. Сонымен қатар, кез-келген шаруашылық жүргізуші субъект жеке жұмыс істей алмайды, өйткені өндірістік қызметтің тиімділігі аймақтың да, елдің де макроэкономикалық көрсеткіштерінен көрінеді.

«Әртараптандыру» терминінің ұғымы өнім, тауар шығару және қызмет көрсету бойынша өндірістік үдеріспен айналысатын кәсіпорынның қызметімен өзара байланысты. Осы ұстанымға сүйене отырып, «әртараптандыру» және «өндірісті әртараптандыру» терминдерін өзара алмастырушы ретінде қарастырған жөн. Бұл бірнеше себептерге байланысты:

- әртараптандыру кезінде іс жүзінде, бірінші кезекте, негізгі өндіріс үдерісі өзгереді, өйткені жаңадан пайдаланылатын жаңа технологиялар мен технологиялық үдерістер кәсіпорындарды жаңа салаларға еруге және жаңа нарықтарға кіруге алып келеді, өнімдер (тауарлар, қызметтер) бұрын жұмыс істеп тұрған бизнеске қатысты жаңа болып табылады, қосымша инвестициялық ресурстарды пайдалана отырып, жаңа инвестициялық жобаларды іске асыру қажеттілігі туындайды;

- екіншіден, өндірісті әртараптандыру үдерісінде шығарылатын өнімнің (тауарлар мен қызметтердің) ассортименті кеңейеді. Компания бір-біріне тәуелсіз инвестициялық жобаларды жүзеге асыру арқылы өзінің экономикалық тәуекелдерін төмендетеді, онда бір өнімнің өмірлік циклі өздігінен жүреді. Кәсіпорын осылайша өзінің экономикалық өсуін қамтамасыз етеді. Компания мамандандыру бойынша жұмыс істеген жағдайда, ол өзінің тұрақты сатып алушылары бар олигополиялық немесе монополиялық нарықтарда жұмыс істейді. Бірақ жоғары мамандандырылған өнімдерді экономиканың басқа салаларында бұрын ерекше болмаған жағдайда, кәсіпорын әртараптандырылған өндіріс болып саналады.

Өндірісті әртараптандыру кезінде кәсіпорын тиімді басқару арқылы басқарудың жаңа тәсілдерін қолданады немесе қолданыстағы тәсілдерін жетілдіреді және осылайша өзінің түпкі мақсатына жету үшін өндірістік-экономикалық қатынастардың ысандарын өзгертеді – компанияның барлық ішкі және сыртқы ресурстарын қолдана отырып, өндіріс тиімділігін арттыру [3, 78 б.].

Кәсіпорынның өндірістік үдерісін әртараптандырудың артықшылықтары қандай? Өндірісті әртараптандыру кезінде кәсіпорын сыртқы жағдайларға тез жауап береді (нарықтық жағдай, оң өріс пен салық жағдайларының өзгеруі) және қайта құру мүмкіндігіне ие. Өндірісті әртараптандыру кезінде ішкі және сыртқы нарықтардағы басқа кәсіпорындармен (немесе компаниялармен) бәсекелесу үшін белгілі бір инвестициялық ресурстар қоржыны құрылады.

Өндірісті әртараптандыру қажеттілігінің себептерін анықтау қажет: қолданыстағы нарықтағы бәсекелестіктің өсуі кезінде әртүрлі тәуекел жағдайларының ұлғаю дәрежесі туындайды; болашақ кезеңдерде туындауы мүмкін кәсіпорынның қаржылық тұрақсыздығы;

өндірістік қуаттарды толық пайдаланбау; кәсіпорынның пайдасы мен өндіріс рентабельділігінің деңгейін төмендету мүмкіндігі; инвестициялық ресурстар портфелінің болуы; өндіріс ауқымын кеңейтудің жаңа жолдарын іздеу және кәсіпорынның қазіргі имиджін бекіту және т.б.

Жоғарыда келтірілген зерттеулерге сүйене отырып, өндірісті әртараптандыру міндеттерін анықтау қажет:

- кәсіпорын салалық нарықта, әсіресе, егер бұл нарық өсіп келе жатқан болса, бекіту міндетін қояды;

- сыртқы факторларға қарамастан кәсіпорын қаржы-экономикалық тұрақтылыққа ұмтылады;

- кәсіпорынның экономикалық және имидждік өсу моделін жетілдіруге ұмтылысы.

Өндірісті әртараптандыру кәсіпорынға бірқатар экономикалық артықшылықтар береді, бұл артықшылықтар 1-суретте көрсетілген.

Өндірісті әртараптандырудың мақсаты өндірістік үдерістің экономикалық тиімділігін арттыру аясында кәсіпорынды ұйымдастырушылық басқаруды жетілдіру.

Бүгінгі таңда өндірісті әртараптандыру - бұл экономиканың репродуктивті үдерісінің икемді бөлігі, онда кәсіпорындар сыртқы ортаның өзгеруіне сезімтал әрекет етеді, салалық нарықтардың жаңа қажеттіліктерін тез қабылдайды, сондықтан кәсіпорын жаңа нарықтарға, салаларға, жаңа аумақтық аймақтардағы жұмыстарға кіру үшін өндірістің технологиялық үдерістерін өзгертуге дайын.

Өндірісті әртараптандыру қазіргі уақытта нарықтық экономиканың негізгі институттарының бірі болып табылады, ол бәсекеге қабілетті өнім өндірісінің өсуіне және өңірлер мен тұтастай ел экономикасының тұрақтылығына мүмкіндік береді. Экономиканы әртараптандыруды енгізудің нәтижесі-әр түрлі өндірістердің синергиясы және ресурстардың барлық түрлерін бірлесіп пайдалану; салалық нарықтардың конъюнктурасын (сұраныстың өзгеруін) ескере отырып, өнімдердің кең спектрін шығарудың оңтайлы үйлесімі [4, 247 б.].

«Аймақ экономикасын әртараптандыру» категориясының негіздемесі қазіргі экономикалық әдебиеттерде оны жүзеге асырудың мультипликативті әсеріне қол жеткізетін жетілдірілген категорияға айналды және өзгертілді.



1-кесте. Өндірісті әртараптандырудың экономикалық артықшылықтары.
Ескерту: құрастырған автор.

Өңір экономикасын әртараптандырудың негізгі мақсаты - белгілі бір міндеттерді орындау үшін қолда бар ресурстармен оның тұрақтылығына қол жеткізу:


- жалпы өңірлік өнімнің тұрақты өсуі үшін жағдай жасау;
- өңірлердің ресурстық әлеуетін тиімді пайдалану;
- шикізаттық бағыттылықтан ауытқу;
- инновациялық технологияларды қолдану;
- қосылған құны жоғары өнім шығару;
- кәсіпкерлікті дамыту;
- өндіріс шығындарын азайту;
- жаңа қосымша жұмыс орындарын ұйымдастыру.

Өңір экономикасын әртараптандыру оны іске асырудың ұйымдастырушылық-экономикалық тетігін оңтайландыруға қол жеткізу мақсатында ресурстарды қайта бөлу айырмашылықтарын азайту құралы ретінде қарастырылады. Өңірлік экономика құрылымын оңтайландыру-тиісті өңірлік экономикалық саясатты әзірлеу негізінде жүргізілетін өңір экономикасын әртараптандырудың түпкілікті нәтижесі.

Өңір экономикасы нәр тараптандыру сондай-ақ мынадай түрлерге бөлінеді: байланысты (өңірдегі экономиканың қолданыстағы салаларына байланысты өнімдерді немесе нарықтарды дамыту) және байланысты емес (өңір экономикасының қолданыстағы салаларына байланысты емес жаңа өндірістер) әртараптандыру. Аймақ экономикасының байланысты әртараптандырылуы көлденең, тік және циклдік болып бөлінеді, 3-сурет.

Сонымен, әртараптандырылған экономиканы дамытудың ықпалы мынадай оң өзгерістерден көрінеді: экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру; адами капиталдың жаңа сапасын қамтамасыз ету; тиімді мемлекеттік басқаруды құру. Қазіргі уақытта

Қазақстанда әртараптандырылған экономикаға байланысты әлеуметтік-экономикалық жағдайлар мен факторлардың әлеуетін тиімді пайдалану экономикалық өсудің тұрақтылығы мен сапасына қол жеткізудің қажетті алғышарттарының бірі болып табылады.



3-сурет. Өңір экономикасын әртараптандырудың жіктелуі.
Ескерту: Құрастырған автор.

Әдебиеттер

1. Терминологический справочник «Казахстан-2030». -<https://strategy2050.kz/ru/book/>
2. Н. Г. Мэнкью, М. П. Тейлор. Экономикс: оқулық. ауд. Л. Ә. Бимендиева. - 4-халықаралық бас. - Астана: «Ұлттық аударма бюросы» ҚҚ, 2018. – 833 б.
3. Джуха В.М., Курицын А.В., Штапова И.С. Экономика отраслевых рынков. 3-е издание. Учебное пособие, -М.: Издательство «Проспект», 2017. - 212 с.
4. Елисеева И. Бизнес-статистика: учебник. –М.: Издательство Юрайт, 2018. -411 с.

FTAMP 06.01.29

Өңір экономикасын басқаруда цифрландыруды жетілдіру

Умирзакова М.А., экономика ғылымдарының кандидаты.
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан Республикасы

Аннотация. Бұл мақалада ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, цифрландырудың қалыптасуы, дамуы мен өңір экономикасын басқарудағы қажеттілігі, өңір экономикасын басқаруда

цифрландырудың мақсаттары туралы айтылған. Сонымен бірге, Қызылорда облысы бойынша цифрландырудың дамуы туралы қарастырылған.

Кілттік сөздер: цифрландыру, ақпараттық технологиялар, платформа, өңір экономикасы.

Аннотация. В статье рассматриваются становление и развитие информационно-коммуникационных технологий, цифровизация и необходимость управления экономикой региона, цели цифровизации в управлении экономикой региона. Кроме того, рассматривается развитие цифровизации в Кызылординской области.

Ключевые слова: цифровизация, информационные технологии, платформа, региональная экономика.

Abstract. The article examines the formation and development of information and communication technologies, digitalization and the need to manage the region's economy, the goals of digitalization in managing the region's economy. In addition, the development of digitalization in the Kyzylorda region is being considered.

Key words: digitalization, information technology, platform, regional economy.

Кіріспе. Ақпараттық технологиялар соңғы 5-10 жыл ішінде адам өмірінің барлық салаларына көптеген өзгерістер әкелді және бұл процесс қарқынды жалғасып келеді. Әлеуметтік-экономикалық қатынастар, жаңа формалар мен өзара қарым-қатынас түрлеріне ие болды, экономикада жаңа өнімдер, құрылымдар мен институттар пайда болды. Өзгерістердің түбегейлі және ауқымды болғаны соншалық, соңғы кездері «экономиканы цифрлық трансформациялау» ұғымы кеңінен қолданыла бастады.

Цифрлық трансформация - қазіргі кезде экономиканың әртүрлі салаларында әрқелкі жүріп жатқан өзгерістер мен процестердің негізгі бағыты.

Цифрландыру бірінші кезекте экономикалық өсу үшін үлкен әлеуеті бар салаларды: АӨК, энергетика, тау-кен өндіру және мұнай-газ секторы, көлік және логистика салаларын қамтиды. Болжамдарға сәйкес, цифрландыру жобаларын іске асырудың жиынтық әсері 2025 жылдан бастап ЖІӨ өсімінің 30% - на дейін қамтамасыз етеді, 2018 жылдан бастап 2022 жылға дейінгі кезеңде 300 мың жаңа жұмыс орны құрылатын болады.

Алдын ала есептеулер бойынша «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы іс-шараларының әсері 2025 жылға қарай 1,7-2,2 трлн.теңгеге дейін қосымша құн құруға мүмкіндік береді, осылайша инвестициялардың жалпы көлеміне 2025 жылға қарай 4,8-6,4 есе қайтаруды қамтамасыз етеді [1].


Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуы, интернеттің әсері қоғам өмірінің барлық салаларына қоғамдық байланыс кеңістігін сапалы өзгертуге мүмкіндік берді. Осының арқасында билік пен қоғамның коммуникативтік өзара әрекетін ұйымдастырудың жаңа мүмкіндіктері пайда болды.

Соңғы уақытта өңір экономикасын басқаруда цифрландыруды дамыту өзекті болып отыр. Азаматтарға тек мемлекеттік басқару қызметтері мен қызметтерін пайдалануға ғана емес, сонымен қатар аймақтық және жергілікті органдармен байланыс деңгейін арттыруға, сайып келгенде, басқару процесіне қатысуға мүмкіндік беретін платформалар құру идеясы толыққанды кең таралды.

Зерттеу материалдары мен әдістемесі. Басқару платформасы - бұл аймақтық және жергілікті органдардың сайттары, мәліметтер базалары, ресурстар мен қызметтердің жиынтығы, сондай-ақ ақпаратты сақтау, өңдеу, ұсыну және таратуды қамтамасыз ететін бағдарламалық жасақтама мен технологиялар жиынтығы болып табылатын ақпараттық жүйе ретінде анықталуы мүмкін.

Платформа деп әдетте пайдаланушыларға мақсатына жетуге мүмкіндік беретін технологиялар мен бағдарламалық өнімдер жиынтығын айтады, 1-сурет.





Е с к е р т п е – әдебиеттер негізінде автор құрастырған

1 сурет - Өңір экономикасын басқаруда цифрландырудың мақсаттары

Өңір экономикасын басқару платформаларының келесі түрлері бар:

- 1) уәкілетті органдардың ақпараттық сайттары;
- 2) мемлекеттік қызметтерді көрсететін порталдар: лицензиялау, салықтар, дәрігерлерге жазылу, жәрдемақы алуға көмектесу, айыппұлдарды төлеу және т.б.
- 3) облыстың ашық порталдары;
- 4) ақылды қалалардың цифрлық платформалары.

Қызылорда облысында азаматтардың өмір сүру сапасын жақсарту және жергілікті атқарушы органдар жұмысының тиімділік деңгейін арттыру бойынша «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде цифрландыру жобалары 2018 жылдан бастап жүзеге асырылуда.

Зерттеу нәтижелері және талдау. Өңірді цифрландыру «Цифрлық Қазақстан» Мемлекеттік бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысы) және Қазақстан Республикасының «Ақылды» қалаларының эталондық стандарты (Қазақстан Республикасының бұйрығымен бекітілген) шеңберінде жүзеге асырылады. (Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновация және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2019 жылғы 10 шілдедегі No 152 бұйрығымен бекітілген) [2].

2018 жылдан бастап Қызылорда облысында Smartcity компоненттерін енгізу бойынша 6,2 миллиард теңгенің 53 жобасы ғана іске асырылды.

2019 жылы Аймақты цифрландыруда 28 жоба жезге асырылды. Жобаны жүзеге асыруда 116 млрд.тенге қаржы жұмсалынды. Төмендегі 1 кестеде аймақта цифрландыру жүзеге асырылған салалар мен қаржыландыру көздері көрсетілген.

Білім беру саласында «Электрондық балабақша», «Канделик» (электронды күнделік), «Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған онлайн сабақтар», «IT IMAQORDA ресурстық-әдістемелік орталығы», «3D модельдеу» зертханасы, «Робототехника» жобалары зертхана іске асырылды.

Қоғамды цифрлық модернизациялаудың маңызды жетістіктерінің бірі - ақпараттық ресурстар мен биліктің қызметтеріне жедел қол жеткізу мүмкіндігі.

Қазіргі күні қарқынды дамып отырған цифрлық технологиялар, өнімдерді, технологиялық процестерді, ресурстарды, персоналды, бизнес-процестерді, қаржыларды, ұйымдарды және жалпы бизнесті басқару деңгейлері бойынша агробизнесті басқару жүйесін жетілдірудің зор мүмкіндіктерін береді. Олар бизнестің архитектурасын өзгертеді, бизнес-коммуникацияларды құруға және жаңа нарыққа шығуға мүмкіндіктер ашады, жаңа аграрлық экономиканы құруға мүмкіндік береді.

Кесте 1 - Қызылорда облысы бойынша цифрландырудың дамуы, 2019 жыл

№	Цифрландыру жүзеге асырылған салалар	Жобалар саны
Аймақты цифрландыру		
1	Білім	6
2	Денсаулық сақтау	2
3	Транспорт	3
4	Қауіпсіздік	4
5	Ауыл шаруашылығы	2
6	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	3
7	Қаланы басқару	6
8	Экология және әлеуметтік сала	2
Қаржыландыру көздері		
1	Жергілікті бюджет – 2,1 млрд. тенге	
2	Мемлекеттік жеке серіктестік – 9,1 млрд. тенге	
3	Жеке қаражат – 440 млн. тенге	
Е с к е р т п е - [3] әдебиет негізінде құрастырылған		

Азаматтар өздерінің қазіргі нұсқаларында лауазымды адамдардан кері байланыс алу үшін келесі мүмкіндіктерді ұсынады:

1) Интернет - қабылдаулар, оның көмегімен азаматтар облыс немесе қала әкімшілігінің кез-келген бөлімімен байланыса алады;

2) облыстың және қаланың әкімшілік бөлінісі, облыстың негізгі аудандары, сондай-ақ билік органдарының негізгі бағыттардағы қызметі: білім беру, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, спорт және туризм, әлеуметтік қамсыздандыру;

3) Билік органдарының қызметтерінің әр түрлі жақтарының тиімділігін анықтайтын онлайн-сауалнамалар;

4) Азаматтардың қала өмірін жақсарту жөніндегі ұсыныстарын жолдау.

Өңірлік мемлекеттік басқару платформаларын пайдалану процесінде әр түрлі жағымды эффект түрлері болжанады: әлеуметтік, басқарушылық, экономикалық.

Әлеуметтік:

- азаматтардың қол жетімді мемлекеттік қызметтер туралы хабардарлығын арттыру арқылы мемлекеттік органдардың ашықтығын арттыру;

- электрондық құжат айналымын енгізу арқылы көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру;
- бюрократиялық кедергілерді азайту және сыбайлас жемқорлық;
- Экономикалық:
 - халықтың уақытын үнемдеу және жәрдемақыны уақытында алу;
 - мемлекетпен өзара әрекеттесу үшін уақыт пен қаржылық шығындарды азайту, бизнес-процестерді ұйымдастыру тиімділігін арттыру;
 - қағаз тасымалдағыштардың құнын төмендету және ведомствоаралық өзара іс-қимыл, олардың қызметтерін автоматтандыру арқылы мемлекеттік қызметшілер санын азайту;
 - Басқарушылық:
 - мемлекеттік қызметтер көрсетудің ашықтығын қамтамасыз ету;
 - операцияларды автоматтандыру арқылы басқарушылық жұмыстың тиімділігін арттыру;
 - мемлекеттік шешімдердің сапасы мен тиімділігін арттыру [4].

Біздің ойымызша, болашақта өңір экономикасын басқаруда цифрландыруды дамытуда төмендегі жағдайлар ескерілуі керек:

- мемлекеттік органдардың ашықтығының және мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы ақпараттардың еркін алмасуының жоғары деңгейін қамтамасыз ету;
- азаматтық қоғамның мемлекеттік билік жүйесін дамытуға және мемлекеттік органдар жұмысының тиімділігін арттыруға белсенді қатысуын қамтамасыз ету;
- мемлекет ұсынатын қызметтердің қол жетімділігін, сондай-ақ биліктің үнемі жаңа (инновациялық) шешімдерді іздеу мен енгізуге бағытталуын қамтамасыз ету;
- азаматтық қоғамға билікті бақылау мүмкіндігін қамтамасыз ету.

Цифрлық технологиялар қоғамға да, бизнеске де жаңа мүмкіндіктер ашады. Олар бірқатар артықшылықтарды қамтамасыз етеді. Бұл қоғамдық және бизнес қызметтеріне қолжетімділікті жеңілдетеді, ақпарат алмасуды жылдамдатады, кәсіпкерлер үшін жаңа мүмкіндіктер пайда болады, жаңа цифрлы өнімдер және басқа да көптеген жаңашыл нәрселер пайда болады, сол себептен әркім заманауи технологиялар үрдісінде болуы керек.

Қорытынды. Қазақстан экономикасында цифрландыру қажеттілігі ең жоғары деңгейде және таяудағы жылдарда мемлекет үшін стратегиялық басымдық болып отыр. Осы мақсаттар үшін Үкімет «Цифрлық Қазақстан» деген атау алған жеке мемлекеттік бағдарлама әзірледі. 2022 жылға дейін бюджеттен жеке секторлық

инвестицияларды есептемегенде 141 млрд теңгеден астам қаражат бөлінеді. Бағдарламаны жүзеге асырудың соңына қарай 2022 жылы жоспар бойынша тау-кен өнеркәсібінде еңбек өнімділігінің 38,9%-ға, ал өңдеу өнеркәсібінде 49,8%-ға өсуін күтуде.

Бұл процесті «Индустрия 4.0» тұжырымдамасы шеңберінде Қазақстанның алдында тұрған цифрлық технологиялардың жаһандық трендтерін жақсы түсінудің көмегімен ғана жеделдетуге болады. Аталған тұжырымдаманы зерттеу нәтижесінде, «Индустрия 4.0» жетістіктеріне жету үшін келесі негізгі механизмдерді анықтауға болады:

- кәсіпорындардың операциялық тиімділігін арттырудың жаңа көкжиектеріне шығу;
- жаңа бизнес-модельдерді енгізу арқылы серпінді технологияларды дамыту;
- кәсіпорындар қызметінің толық цифрлық трансформациясы.

Біздің ойымызша, өңір экономикасын басқару саласында цифрландыруды дамытуда мемлекеттік басқару саласындағы келесі міндеттерді шешу қажет:

- әрбір сала бойынша икемді тәсілге негізделген, цифрлық экономиканы құқықтық реттеу жүйесін жасау;
- отандық әзірлемелер негізінде жаһандық бәсекеге қабілетті мәліметтерді тарату, өңдеу және сақтау инфрақұрылымын құру;
- біліктілігі жоғары кадрларды даярлауды қамтамасыз ету;

-жеке тұлғаның, бизнес және мемлекеттің мүдделерін қорғауға кепілдік беретін, мәліметтерді тарату, өңдеу және сақтау кезінде отандық әзірлемелер негізінде ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

-отандық әзірлемелер негізінде көбірек өтпелі цифрлық технологияларды жасау;

-мемлекеттік басқару және мемлекеттік қызметтер көрсету салаларында, оның ішінде жеке кәсіпкерлерді қосқанда, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері мен халықтың мүддесі үшін цифрлық технологияларды және платформалық шешімдерді енгізу;

-мемлекеттік және муниципалдық қызметтерді, функцияларды және сервистерді ұсыну процестерін оңтайландыру және стандарттау; азаматтар мен мекемелер үшін қолайлы жағдай жасауға бағытталған, мемлекеттік және муниципалдық қызметтерді көрсетудің жаңа принциптерін енгізу, оларды ұсынудың көп арналығы, проактивтілігі, экстерриториялылығы;

-азаматтарды мемлекетпен қарым-қатынас жасау үшін бірегей қол жетімділік орнымен қамтамасыз ету мақсатында «бір терезе» принципі бойынша бірегей платформа жасау.

Әдебиеттер

1. "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысы. // <http://adilet.zan.kz>

2. ҚР Премьер-Министрі А. Мамин өңірлерге «ақылды қалалар» эталондық стандартын сапалы енгізуді тапсырды.//: <https://www.primeminister.kz/kz/news/kr-premer-ministri-a-mamin-onirlerge-akyldy-kalalar-etalonдық-standartyn-sapaly-engizudi-tapsyrdy-1342716>

3. Қызылорда облысы«Ақпараттық технологиялар орталығы» мәліметтері.Қызылорда 2020 жыл

4. Лазаричева Е. С., Чукавин С. И. Электронные средства коммуникации на муниципальном уровне административного управления: привлечение граждан к участию в развитии города (на примере г. Ижевска). – Власть. – 2015. – № 1. – С. 60–66

МАЗМҰНЫ

ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗ 3

АРАЛ Өңірінің минералды-шикізат ресурстары: қазіргі жағдайы, негізгі проблемалары және оларды шешу жолдары 7

1 **Таңжарықов П.А., Амангельдиева Г.Б., Өткелбай Б.А.** Минералды ортадағы мұнай жабдықтарын коррозиядан қорғау 7

2 **Таңжарықов П.А., Байниязова А.Т., Тасқара Ш.Д.** Бұрғылау қондырғыларының көтеру жабдықтарын жоғарылату әдістемесі 14

3	Абдраимова Н.О., Демеуова А.Б., Нуржанова Д.Б. Использование полевой шины системы DELTA V для управления и контроля процессом	21
4	Юсупова Л.Е. Техногенді шашырау көзі ретінде титан-цирконий шикізаты ..	25
5	Таңжарықов П.Ә., Тлеуберген А.Ж. Күкірт қышқылы өндірісіндегі техникалық жүйелердің сенімділігін арттыру	32
6	Әбілдаев Н.Ә., Сұлтан Е.С. Сораптарға техникалық қызмет көрсету мен жөндеу жұмыстарының ерекшеліктері	41
7	Сулейменов Н.С., Сұлтан Е.С. Особенности формирования кольматационного экрана в призабойной зоне скважин с открытым забоем	45
8	Сулейменов Н.С., Тлеуберген А.Ж. Оптимизация гранулометрического состава наполнителя в буровом растворе с целью эффективного разрушения фильтрационной корки при освоении скважины	49
9	Жақапбаева Г.А., Бауыржанова Л.Б., Құрбанов Д.Т. Ғимараттарды басқарудағы ақпараттық технологиялар	51
10	Абдраимова Н. О., Сейфуллаұлы А., Тұрсынбек Б. Техникалық реттеудегі қауіпсіздік мәселелері	54
11	Бороздин С.О., Подгорнов В.М. Исследование влияния температуры и давления на величину межфазного натяжения на границе «нефть-вода» для определения оптимальной концентрации поверхностно-активных веществ в буровом растворе	59
12	Головин В.В., Литвинов А.В., Пищухин В.М. Ликвидация скважин и сопутствующие проблемы	65
13	Жанділдақызы М., Қазбекқызы А., Сабит Н.Ж., Байдосова А.Б., Кужамбердиева С.Ж., Абжалелов Б.Б. Ащысай кен орны аймағындағы топырақ және өсімдіктердің ауыр металдармен ластану мөлшерін анықтау	72
14	Қазбекқызы А., Жанділдақызы М., Сабит Н.Ж., Байдосова А.Б., Кужамбердиева С.Ж., Абжалелов Б.Б. Рекультивация загрязненной нефтепродуктами почв методом фиторемедиации	76
15	Аппазов Н.О., Аппазова З.Ж., Акылбеков Н.И., Еспанова И.Д. Применение сверхвысокочастотного облучения для получения аморфного диоксида кремния из рисовой шелухи	84
16	Канжар С.А., Базарбаев Б.М., Жаппарбергенов Р.У., Диярова Б.М., Аппазов Н.О., Акылбеков Н.И. Техногендік және ауылшаруашылығы қалдықтарын біріктіріп өңдеу арқылы қатты кеуекті сорбент алу	87
17	Жабағиев А.М. Инновационные методы устранения причин выхода из строя винтового штангового насоса на месторождении Арысқум	90
18	Сарабекова Ұ.Ж., Абилова А.К., Әлиясқар С.Е., Ильяс З.К. Мұнай-газ өндірісінің қатты қалдықтарын игерудің әдістемесі	99
КАДРЛАР ДАЯРЛАУДАҒЫ БІЛІМ, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІҢ ИНТЕГРАЦИЯСЫ		105
19	Тобжан П.С., Аскарова Г.Ш. Жаппай ашық онлайн курстарды (ЖАОК) дайындау әдістемесі	105
20	Ермахан Б.Е., Сулейменова Ж.Д., Балмаханов А.А. ВІМ және АЖЖ интеграциясын жобалау үдерісінде ұжымдық қолдану	109
21	Махамбаева И.У., Әміртаева Қ. С. VPN желісінде ақпараттың қорғалуы	114
22	Махамбаева И.У., Бекишева А. Криптографиялық әдіспен шифрлау жүйесін құру	117
23	Ермуханова Н.Б., Нуржанова Д.Б., Ташимова А.А. «Тіршілік қауіпсіздігі негіздері» пәнінен нақты жағдаяттарды талдау әдістемесі	120
24	Жанмолдаев Б.Д., Жанмулдаева А.Б. Математические методы решения	

	краевой задачи термовязкоупругости	126
25	Шегебаева Қ. Математика сабағында оқушылардың функционалды сауаттылығын арттыруда есеп шығарудың тиімді тәсілдерін қолдану	129
26	Арыстанова Г.А. Оқушылардың математикалық сауаттылығын қалыптастырудың тиімді жолдары	132
27	Джанысова Д.Д. Математикадан білім берудің тиімділігін арттыру тәсілдерінің бірі.....	136
28	Нурмаганбетова Г.М. Оқушылардың математикалық ойлауын дамыту жолдары	139
29	Тундыбаева Г.Ж. Математика сабағында оқушылардың математикалық сауаттылығын дамыту	143
30	Сыздыкова М.Б., Нурниязова Н.Е. Мүмкіндігі шектеулі жандарға әлеуметтік көмек көрсету мүмкіндіктері	149
31	Қанибайқызы Қ., Ермекбайқызы З. Заманауи білім - білім берудің көкжиегі.	155
32	Арқабаев У.Б., Рымбекова Д.Б. Жоғарғы оқу орындары студенттерінің тұлғалық және кәсіби дамуының қазіргі кездегі педагогикалық тәсілдері	159
33	Абжамалова З.А., Тлеуберген А.Ж. Мәтін есептерді шешу тәсілдерінің тиімділігін арттыру жолдары	162
34	Тобжан П.С., Джалбирова Ж.Т. Мәліметтерді өңдеудегі тәуелділіктердің статистикалық теңдеулері	165
35	Назарова Г.А., Орынбеков Д.Д., Абжамалова З.А. Білім алушыларды жаңартылған мазмұндағы биология курсы бойынша биологиялық есептерді эвристикалық әдіспен шығаруға дағдыландыру	169
Өңір Экономикасы: Заманауи Сын-Тегеуріндер және Даму Келешегі		
36	Талапбаева Г.Е., Тұрсын Б.Қ. Тұрғын үй нарығының және тұрғын үй құрылыс секторының ерекшеліктері	175
37	Талапбаева Г.Е., Сынасапова М.Т. Инвестициялық капиталды қаржы секторынан нақты секторға құю тетіктерінің шетелдік тәжірибесі	179
38	Талапбаева Г.Е., Тұрсын Б.Қ. Көлік тораптарының логистикалық инфрақұрылымын қалыптастыру үрдістері	184
39	Талапбаева Г.Е., Оразова А.Ж. Аумақтық экономикалық жүйелердің бәсекеге қабілеттілігін дамыту факторлары	189
40	Ерниязова Ж.Н., Данияр А.Т. Ұйымда персоналды басқару тиімділігін зерттеудің теориялық негіздері	194
41	Берикболова У.Д. Бизнестің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігін дамыту бағыттары	200
42	Нұрланқызы М., Муханова А.Е. Ауылшаруашылығы саласына бағытталған қаржыларды тиімді пайдалану шаралары	203
43	Смагулова Ж.Б. Развитие инновационных кластеров в мировой экономике	206
44	Казбекова Л.А., Жақсылық Н.А. Екінші деңгейлі банктердің дамуының қазіргі жағдайы	212
45	Казбекова Л.А., Елпанова М.А., Линь Яньбинь Разработка модели экономической эффективности управления нефтегазовым производством	216
46	Казбекова Л.А., Байділдаев Ш.А. Экономикалық дамудағы негізгі стратегиялық бағыттарды анықтау	219
47	Ким В.В. Особенности материального стимулирования и социального обеспечения государственных служащих в Республике Казахстан	222
48	Ким В.В. Возможность применения зарубежного опыта государственной службы в Республике Казахстан	227

49	Ыдырыс Е.Ж., Бисенова Р.А. Анализ финансовой деятельности АО СК «НОМАД ИНШУРАНС»	233
50	Ыдырыс Е.Ж., Бисенова Р.А. Аналитический обзор современного состояния страхового сектора Республики Казахстан	240
51	Макенова А.А., Сейткамал С.Н. Пандемиялық дағдарыс кезіндегі салықтық әкімшілендіру	245
52	Капанова Ш.А. Сейітжағыпарова Ш.Ж. Екінші деңгейлі банктердің активтері мен пассивтерін кешенді басқару	253
53	Айдосова Б.Х., Жунусова Э.Ж. Несиелік қоржынның тәуекелдерін айқындайтын факторлар	266
54	Айдосова Б.Х., Смайлов М.Ө. Экономикалық санат ретіндегі несиелік тәуекелдің ерекшеліктері	264
55	Бекхожаева А.К., Бекхожаев Д.Н. Қазақстан Республикасындағы көші-қон саясаты және еңбек көші-қонының қазіргі заманғы үрдістері	268
56	Бекхожаева А.К., Сейілхан А. Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік процестер және әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыру	272
57	Елпанова М.А., Исабай С.Ә. Мұнай-газ өндіруші компанияларда стратегиялық жоспарлау қажеттілігін негіздеу	277
58	Елпанова М.А., Досқалиев А.А. Құрылыс саласында үдерістік тәсілді пайдаланудың негіздері	282
59	Елпанова М.А., Досқалиев А.А. Құрылыстағы бизнес-үдерістердің тиімділігі	285
60	Ерниязова Ж.Н., Туребаева А.Т. Экономиканы әртараптандырудың теориялық аспектілерін жүйелендіру	288
61	Умирзакова М.А. Өңір экономикасын басқаруда цифрландыруды жетілдіру....	293